

# **Бабалар сөзі**

## **ЖҮЗ ТОМДЫҚ**

### **29 ТОМ**

Қытайдағы қазақ фольклоры

## **ТАРИХИ ЖЫРЛАР**

**“Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,  
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

***Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған***

**Томның редакция алқасы:**

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қорабай С., Елеукенов Ш.

**Қытайдағы қазақ фольклоры үлгілерін жинап, баспаға дайындаған: Егеубаев  
О.**

**Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған:**

Қосан С., *филология ғылымдарының кандидаты*, Егеубаев О., Тастанов Қ.  
(*жауапты шығарушы*).

Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2006.

29-том. Тарихи жырлар. 372 – бет.

“Бабалар сөзі” сериясының 29-томына “Абылай хан”, “Ер қормалы –  
Ер Абылай”, “Бөгенбай батыр”, “Кенесары”, “Қарақас – Кенесары”,  
“Ағыбай батыр”, “Есенкелді” атты тарихи жырлар енді.

© Әдебиет және өнер институты, 2006

© "Фолиант" баспасы, көркемдеу, 2006

## Құрастырушылардан

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Серияның жарық көрген жиырма сегіз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын дастандар мен тарихи жырларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он бір томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы және тарихи жырлардың екі томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Қазақ халқының рухани қымбат қазынасы – фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, халық эпосының үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

ОҒК және ӘӨИ Қолжазба қорларында сақталған көптеген фольклорлық мәтіндер ғылыми тұрғыдан сараланып, баспаға әзірлену үстінде.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 29-томы Қытайдағы қазақ фольклорының кезекті жинағы – тарихи жырларға арналып отыр. Бұл томға «Абылай хан», «Ел қормалы – ер Абылай», «Бөгенбай батыр», «Кенесары», «Кенесары – Қарақас», «Ағыбай батыр», «Есенкелді» атты тарихи жырлар енді. Олардың сюжеті негізінен, қазақ халқының сырт жауларға қарсы ұлы-азаттық күресіне арналған. Бұл шығармалардың мазмұнында дәстүрлі эпосқа тән әсірелеу аз, нақты оқиғаларға құрылған тарихи шындық көркем тілмен бейнеленген.

Бір айта кетерлігі, бұл томға кірген тарихи жырлардың біразы Қазақстан жерінде туып, жекелеген нұсқалары Шыңжаң қазақтары арасында таралғаны байқалады. Мәселен, аталған эпостар негізгі оқиғасы бұрыннан халық арасында айтылып келген және бұл шығармалар кейіннен Қытайдағы қазақ зиялыларының атсалысуымен «Қазақ қиссалары» сынды фольклорлық жинақтарда жарияланғандығы мәлім. Мәтіндерді жинап, баспаға дайындауға Қытай мемлекетінің мәдениеті мен өнеріне үлес қосқан ғалым, жазушы, ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі – профессор Оразанбай Егеубаев қастысты.

Том «Бабалар сөзі» сериясының ұстанымдарына сәйкес том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Бұларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, жырды жинаушылар мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі – 23 б.т.

# **МƏТИНДЕР**



## АБЫЛАЙ ХАН

«Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді»,  
Тамыры ізгіліктің үзілмейді.  
Батырды, данышпанды үлгі жайған,  
Шешендер, шежірелер бедерлейді.

Қазаққа хан боп өткен ер Абылай,  
Атағы жер жүзіне шыққан талай.  
Батырлық, данышпандық хандығынан,  
Азырақ сөз сөйлейін шынды бұрмай.

10 Шын аты Абылайдың Әбілмансұр,  
«Сабалақ» деп аталып болған бір сыр.  
Ұран сап «Абылайлап», жауын жеңіп,  
Кейінгі ұрпақтарға қалдырған жыр.

Ежелден ірге тепкен ата-баба,  
Қонысы болған екен Сырдария.  
Кейінгі дәурендеген заманында,  
Орта жүз, тұрған жері – Сарыарқа.

20 Ежелден қазақ, қалмақ жерге талас,  
Ел шауып, кісі өлтіріп жасаған қас.  
Жеңіліп кейде олар, кейде бұлар,  
Егестен ел ортасы таппай толас.

Әр істің өзіне сай себебі бар,  
Себепсіз жұмыр іс жоқ жан-жағы тар.  
Қозғайын артаманнан аз ғана сөз,  
Демендер мұның қандай мәнісі бар.

Шығыста бір хан өткен Шыңғыс деген,  
Қаһармен қан қақсатып ел билеген.  
«Аспанның астын түгел аламын» деп,  
Қан уыстап, жынын бүркіп дүрілдеген.

30 «Темучин» деп естиміз әуелгі атын,  
Моңғұл деп ұғынғамыз нағыз затын.  
Залымдық айла-шарғы, амал тауып,  
Асырған сайқалдықпен салтанатын.

«Шыңғыс» деп ататтырды өзін солай,  
Ірге жайып кеңейтті тауып орай.  
«Шығыста Шыңғыс деген ханмын, – деді, –  
Жер бетін мен меңгерем бұдан былай!»

40 Тапалап барған жерін басып алды,  
Ашығып барған сайын артық алды.  
Кетіріп берекесін бүкіл елдің,  
Құлаштап талай жерге жетіп алды.

Шыңғыстың төрт ұлы бар соңына ерген,  
Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле деген.  
Тіріде ат тұяғы тиген жерін,  
Өлерде осыларға бөліп берген.

Билемек болды бұлар тарап-тарап,  
Бөлісіп неше мыңнан шаңырақ санап.  
Көншімек көңілдері сонда ғана,  
Төрт бұрышын дүниенің алса торлап.

50 Билемек бірі оңды, бірі солды,  
Бар әлемге құлаштап созып қолды.  
Алтын орда, Ақ орда хандық құрып,  
Мал, байлық, алтын-күміс жиды қорды.

Жоңғарда құба қалмақ қоңтайжысы,  
Тұқымы осылардың – бір арысы.  
Индыдан келген жаудан сақтайтұғын,  
Тұратын барқыт белде қолбасшысы.

60 Тағы да бір бұтағы Ғалдан деген,  
Хан болып, ол да бір кез дәурендеген.  
Қан алып қадалғаннан қанғанынша,  
Табаны өрт қоздырды тиген жерден.

Ғалданның мұрагері Суанрабдан,  
Бейбіт елге бүлік сап қылған мақтан.  
Қасқып, боп, қандыбалақ, қойдай қырды,  
Қазақты Сыр бойында жайын жатқан.

Айырылып ұл атадан, қыз анадан,  
Бастағы үй, асқан қазан жұртта қалған.

Тау асып, қайың сауып, тыр жалаңаш,  
Арқаға қазақ ауды Сыр бойынан.

70 Кебінсіз, көмусіз боп өлгендері,  
Тірі қалды аш, арып сенделгені.  
Тән тозып, ілініп Құдай болды,  
Қарысып жаяу-жалпы жүргендері.

Суға кеп жаяу-жалпы жиылыпты,  
Ел ағасы қариялар былай депті:  
«Дүниеде құлақ естіп, көз көрмеген,  
Ақтабан шұбырынды күні кепті».

80 Өткен іс көзден ғайып, көңілде нақ,  
«Ақтабан шұбырынды» қылды қалмақ.  
Жас өсіп ержеткенде, жарлы байып,  
Ұрпақтар борыштарың кек қайтармақ!

Шыңғыс хан Жошы атты үлкен ұлын  
Билетті хандық құрып қазақ елін.  
Жошы ұлы Бату байтақ сахараға,  
Тігіпті Алтын орда хандық туын.

Ертістің екі жағы кең даласы,  
Орал тау, Арал теңіз айналасы.  
Каспи мен Сарыарқадан Тианшанда  
Жошы хан бола қалды елдің басы.

90 Жошының қазақ көнбес қалжағына,  
Түседі егерлесе ар жағына.  
Қазақ та хан боп өткен өз тұсында,  
Не айтар мүлги берсе аруағына.

Сол кезде ханның бірі Керей еді,  
Үш жүзге билік айтқан егей еді.  
Айдыны арыстандай сырттан батыр,  
Есе алып, елін елге теңеп еді.

100 Керей хан боп аталды алты алашқа,  
Ғаділдіктен тарқады әрбір нұсқа.  
Ханның ғадыл болғаны елдің бағы,  
Мінезі өзгермейді жазы, қыста.

Елдің басын құрады, ердің басын,  
Шақырып берекеге ықыласын.  
Ерте ойлап әрбір істі, алдын болжап,  
Кеңесіп пішуші еді істің басын.

Адамның арманы алыс, өмірі шекті,  
Дүние-ай тұрағы жоқ ол да өтті.  
Керей хан дүниеден қайтқаннан соң,  
Орнына хан көтерді ел Жәнібекті.

110 Жәнібек хан боп тұрды орнын басып,  
Өнері Керей ханнан тұрды асып.  
Ел жігін, жердің шетін қолына алып,  
Халқына ғадылдікпен үлгі шашып.  
Не қиын мәселеге жауап тапты,  
Ақылдың бітіп жатқан көзін ашып.

Артынан ізін басты Мұрындық хан,  
Үш жүзге билік айтып келтірген сән.  
Қасымхан, Мамаш, Тахир, Бұйдаш, Тоғым,  
Хақназар хан боп өткен Шығай, Сәлім.

120 Хан өтпес әділдікте Қасым ханнан,  
Атадан арналғандай озық туған.  
Аталып «Қасым ханның қасқа жолы»,  
Мұра боп кейінгіге содан қалған.

Елеулі ел ішінен ерді жиып,  
Үлгі айтып берекелі елді сүйіп.  
Жау болса сырттан келген жаза беріп,  
Тәуекел хан кесірді жүрді тиіп.

130 Шындықты сөйлеу керек білген кісі,  
Сөйлеуге жаңа келді сөз жүйесі.  
Артық қайрат, ақылды зейінімен,  
Хан боп өтті Есім хан деген кісі.

Ел айтар: – Еңсегей бойлы ер Есім деп,  
Алыстап терең ойлар ел қамын жеп.  
Әр елдің хан сайланған жақсылары,  
Мін тауып айта алмады мынау кім? – деп.

Жан емес Есім хан да қарапайым,  
Әр істің даналықпен білген жайын.  
Тілі өткір, ойы зерек, іске шебер,  
Жаратқан оны артық бір Құдайым.

140 Жүргізіп «Қасым ханның қасқа жолын»,  
Жасаған «Есім ханның ескі жолын».  
Өзі ойшыл, өзі зерек – бұл бір дәулет,  
Бірталай дәурен сүрді теуіп орын.

Болжайды жасы жетіп қалғандығын,  
Баласы Салқам Жәңгір алған тағын.  
Әкесі Есім ханның жолын қуып,  
Жәңгір хан да келтірді тағы сәнін.

150 Жәңгір хан алған екен екі қатын,  
Бірі қазақ, біреуі қалмақ затын.  
Екеуі екі ұл тауып азан айтып,  
Өз Тәуке, Уәлибақы қойған атын.

Жәңгірдің бұл екеуі өз баласы,  
Жалғыз-ақ шеше бөлек айырмасы.  
Өз Тәукенің шешесі қалмақ қызы,  
Бәйбіше тоқалымен жоқ бақталасы.

Жәңгір хан екі ұлына көңілі толған,  
Ер жетсе, мұрам, – дейді, есен-аман.  
Саңы ауып, біреуіне алсам дейді,  
Құштар боп, нағашысы қолқа салған.

160 Қайып хан Уәлидің нағашысы,  
Ол дағы ел аузында жақсы кісі.  
Қыз-қырқын балалары болғанымен,  
Жоқ еді мұра болар ұл баласы.

Жәңгір хан Уәлиді берген солай,  
Қария батагөй деп көңілін қимай.  
«Өзіме басқа ұлдарым жетеді», – деп  
Ержеткенде келмей ме қалса сыймай.

Уәлиді алып қайтты нағашысы,

Арманға жетті бітіп бар жұмысы.  
«Ұлды – арқау, қызды – бояу» дейді қазақ,  
170 Қыз қонақ, ұл байлаулы боп ырысы.

Жәңгір хан бергеннен соң өзі қиып,  
«Балам» деп айта алған жоқ аузын тиып.  
Жәңгір хан дүниеден өткен кезде,  
Өз Тәуке хан боп қалған таққа мініп.

Аталып Тәуке хан боп ел биледі,  
Айырмай жарлы, бай деп тең биледі.  
Артық қайрат, тапқыр ой болғандықтан,  
Ешкім деп айта алған жоқ кем биледі.

Ер жетті Уәлибақы нағашыда,  
180 Артық боп өз теңінен бағасы да.  
Еліне құрметтінің бірі болды,  
Ханы да аялайтын, қарасы да.

Нағашы, қайын да жұрт – ер жігітке,  
Тиымды болса егер төңірекке.  
Сол елді бауыр басып мекен етті,  
Қорған боп Уәлибақы кем-кетікке.

Бірталай мықты болып дәурен сүрген,  
Тойтарған талай жауды шеттен келген.  
Соғысқан қазақ, қалмақ бір қырғында,  
190 Қапыда Уәлибақы жаудан өлген.

Бар еді жалғыз ұлы, жетім қалды,  
Туғанда «Абылай» деп атын қойды.  
Жігері жетімдікті елеткен жоқ,  
Жасынан асқан тентек, содыр болды.

Болғанмен елге тентек, жауға қатал,  
Жау десе жалғыз өзі бұзар қамал.  
«Қанышер Абылай» деп ел атапты,  
Қатуланса жаны ашып демейді обал.

Жау десе топтан озған болған батыр,  
200 Алдымда өлім бар деп қылмас сабыр.  
Бір томар жүйрікке де дегендейін,

Қалмақпен бір соғыста өліпті ақыр.

Атақты батыр еді ел қорғаған,  
Келед деп ойламайды ажал қайдан.  
Соғыста ажал жетіп өліп кетіп,  
Жалғыз ұл қалған екен Абылайдан.

210      Өлгендердің артынан өлу қайда,  
Ержетіп ұл да жетті осы жайда.  
Ат қойған «Уәли» деп әтей арнап,  
Жүрсін деп әкем аты шықпай ойда.

Естіген жүруші еді күлімсіреп,  
Әке атын баласына қойған не деп.  
Ел қойды лайықтап бір қосымша ат,  
Десек те Көркемуәли болады деп.

Өзі де атқа лайық көркем еді,  
Бір жақсы адам болар артқы тегі.  
Арыста алты алашқа жол бермейтін,  
Бастайтын қалың қолды серке еді.

220      Қараса Шаһизада көркемдігі,  
Жігіт боп, ол да жетті сегіз қырлы.  
Тұқымы қаракөктің бір дегдар деп,  
Таңырқап тамсанады көрген елі.

Қолбасшы әрі батыр жауға шабар,  
Егессе есе алады жаудан нелер.  
Қалмақ, қазақ соғысқан бір қырғында,  
Қайыспай Көркемуәли жаудан өлер.

230      Қалмақтан қазақ көрді қиын істі,  
Қырылып ашаршылық күйге түсті.  
Жау талап, жап-жадағай жұрты қалып,  
Жан-жаққа жаяу қаңғып тентіресті.

Соғыста Көркемуәли өліп кеткен,  
Жас әйел жесір қалып қаңғып кеткен.  
Жас әйел, өзі сұлу отыра ма,  
Біреуге Тәшкен жақта тиіп кеткен.

Болмаған соң қормалы – әмеңгері,  
Қалмаған соң баспана, күн көрері.  
Қалса да іште алты айлық хан ұрпағы,  
Өлмеу үшін күйеуге тиген еді.

240 Баяғы іште қалған бала туып,  
Сол жақта мекен етіп қалды тұрып.  
Деп қойды «Әбілмансұр» оның атын,  
Ержетіп ол да он төртке келді жуық.

Күн бермей өгей әке табашы боп,  
Сүйелдей көз алдында жарасы боп.  
Сөз шықты әрбіреуден күңкілдеген,  
«Қазақтың жетім қалған баласы» деп.

Сипаты бұл баланың елден бөлек,  
Бала жоқ сол бір елде айтар тең деп.  
Сабырлы, терең ойлы, сөзі батым,  
250 Көрген жан таңырқайды мынау кім деп.

Әкесі қазақ десе қайран қалар,  
Бұл қазақ қай жерде деп болар құмар.  
Сұрау сап әке жөнін шешесінен,  
Бір күні бала боздап салады зар.

Шешесі баян етті білгендерін,  
Бұл жаққа қалай қаңғып келгендерін.  
Әкесі, атасы мен бабасы да,  
Соғыста қалмақтардан өлгендерін.

*Шеше айтты:*

260 Арғы тегін білмеймін деп,  
Естігем Сарыарқада мекені деп.  
Қатпаған қабырғаң да жас сәбисің,  
Ел-жұртты сен қаңғыма іздеймін,— деп.

– Ей, шеше, мені бұлай алдамасаң,  
Тоғыз ай көтердім деп зарламасаң.  
Ержетіп, ес білгенде тастады деп,  
Бермесең теріс бата, қарғамасаң.

Бұл жерде тұра алмаймын қойсаң байлап,  
Қойса да Түркістанға сұлтан сайлап.  
Арман жоқ өз елімде ұлтан болсам,  
270 Жүргенше зығырданым күнде қайнап!

Шеше – тай, қал демеші мұнда тұрып,  
Жетімге іргелі елде тимес құрық.  
«Ел-жұртсыз, әкесіз» деп, «сүйексіз» деп,  
Бұл жерде жүре алмаймын сөзден сынып.

Кетемін не болса да сол ел жаққа,  
Кім таласар Тәңірім берген баққа.  
Кегімді тірі жүрсем кетіrmеспін,  
Өлтірген үш атамды сол қалмаққа.

Шешесі қайырып сөз қыла алмады,  
280 Баласы кету ойын бұра алмады.  
Жағалап елден-елге кетті жүріп,  
Анасы қайтып хабар ала алмады.

Тоқтамай Әбілмансұр кеткен жүріп,  
Жыла қонақ жүріспен ел қыдырып.  
Біlmекке елі жөнін келе жатыр,  
Ұлы жүз Төле биді алған тауып.

Көрмеген, естімеген Төле биді,  
Біреуден жайын жүрген сұрап білді.  
«Би болса елдің жайын біледі»,– деп  
290 Үйіне іздеп келіп, сәлем берді.

Балаға би қарайды көзін тіктеп,  
Туған жан жай адамнан бұл емес деп.  
Кигенмен көне тымақ, жыртық шапан,  
Көзі отты, жігері артық жас түлек деп.

Құс болса ақ сұңқардың балапаны,  
Адам болса заты артық асыл жаны.  
Ержетіп аман-есен атқа мінсе,  
Ел-жұрттың болатындай арыстаны.

– Шырағым, қарамысың, төремісің,  
300 Атың кім, ата тегің білемісің?

Қайда туып, қайда өстің, қайдан келдің?  
Сен тексіз болсаң өстіп жүремісің?!

Шашы өсіп кетсе дағы құлақ басып,  
Кең маңдай отты көзге тұр жарасып.  
Жанары жалт-жұлт етіп сескентеді,  
Жүргендей әлдекіммен бақ таласып.

310 – Би-еке, жаһан кезген мен бір сорлы,  
Әкем өліп, шешеміз қорлық көрді.  
Білдірер оны маған туысым жоқ,  
Атымды мен білмеймін не деп қойды.

Туған жер біле алмаймын, қай елімді?  
Көп сұрау әуре болар білмегенді.  
Белгісіз өзіме де аты, затым,  
Тілеймін өзіңізден ат қоюды.

– Байқасам назар салып ажарыңа,  
Жетпейді көзім іске жарарыңа.  
Кетіпті шашың өсіп шудаланып,  
Дәп лайық «Сабалақ» ат бұл жайына.

320 Бала да жоқ демеді қақты иегін,  
Емес деп би ойлайды мынау тегін.  
Аһ ұрар қайғыланып анда-санда,  
Шығармай одан өзге ешбір жөнін.

Ойы жоқ бұл ат маған ар дейтұғын,  
«Сабалақ» десе болды «а» дейтұғын.  
Көрген күліп, естіген таң қалса да  
Сиқына Сабалақ ат дәл дейтұғын.

330 Баланың ойы алыста, көңілі ерек,  
Сыр шертіп еш адамға айтпас дерек.  
Төлеге қолғанат боп жүре тұрды,  
Басқаны ес жиған соң кейін көрмек.

Күші артық, ақылы дария жас басынан,  
Әр істе артық тұрды құрбысынан.  
Патшаның шаһизада шын бейнесі,  
Байқасаң әрбір белгі нұсқасынан.

Малшы боп, таяқ ұстап қойын бақты,  
Кеш жатып, ерте тұрып отын жақты.  
Бұйырған әрбір істі көңілді істеп,  
Байыпты мінезімен биге жақты.

340 Қойдан өтіп, онан соң бақты түйе,  
Нені бақса сол малға болып ие.  
Отын алып, жүк артып, іркіт пісіп,  
Құлын байлап, сауғызды жиып бие.

Би дағы бұл балаға көңіл бөлер,  
Құпия әрбір істе сынап көрер.  
«Тапса егер өз қатыным осындай ұл,  
Құдайдан болмас ед,- деп,- басқа тілер».

350 Сабалақ істер істен жалықпайды,  
Кезіксе қиын іске тарықпайды.  
Істеген істерінің бәрі бапты  
Елден ерек ісінің парықтары.

Сабалақ қатты ұйықтайды мейірі қанып,  
Жастығын басқа жаннан биік салып.  
Екі аяқ екі жаққа кетер алшақ,  
Қос қолы екі жақта құлаш жайып.

Жоғары басын неге тартады екен?  
Төрт жақта төрт борбайы жатады екен.  
Ұйқысы, жатуы да жаннан бөлек,  
Біле алмай Төле басы қатады екен.

360 Бір жерде сол күндері той болыпты,  
Барсам деп бала тойға ой бөліпті.  
– Мал иен, ауыл да иен, сен де кетсең, –  
Би: «Барма, сарқыт әкеп берем», – депті.

Той қылған бір бай адам салтанатты,  
Төлеге той малының басын тартты.  
Бір кесіп езуінен табаққа сап,  
Қалғанын орамалға орап апты.

Сарқыт деп, Сабалаққа бермек бопты,

- 370 Төле би тағы сынап көрмек бопты.  
Қасына еріп барған атқосшыға,  
«Сарқыт деп Сабалаққа апар»,— депті.
- Сарқыт деп апарып бер Сабалаққа,  
Назар сал қимылына сол бір шақта.  
«Естіген-көргеніңді маған кеп айт,  
Өтірік бір ауыз да қосып айтпа.»»
- Мынау деп той сарқыты алып барған,  
Сабалақ малдан келіп ұйықтап қалған.  
Төрт жақта төрт борбайы, басы биік,  
Керіліп жатысына қайран қалған.
- 380 Сабалақ оянғанда сасқалақтап,  
Қарайды төңірекке көзі алақтап.  
— Қорықтың сонша неге? — деп сұраса,  
Былайша жауап берді сөзін баптап:
- Көп қалмақ келіп қапты елді басып,  
Мен жүрмін қалмақтармен жағаласып.  
Өнім деп атып тұрсам, түсім екен,  
Ояндым сол себептен сасқалақтап.
- 390 Атқосшы би жіберген басты берді,  
— Сарқыты тойдан берген осы, — деді.  
Алды да бұлақ барып бетін жуып,  
Шақырды құрбы-құрдас, серіктерді.
- Сарқыт же, — деп шақырды жолдастарын,  
Тоймасаң да ауыз ти тойдың дәмін.  
Би-екем тойдан сарқыт деп әкелді,  
Бармасаң да содан біл тойдың жайын.
- Олар да кеп отырды тізелесіп,  
Көз, құлағын оларға берді кесіп.  
Қалғанын өзі мүжіп, миын жеді,  
Болсын деп той-мереке тең күлісіп.
- 400 Атқосшы қайран қалды Сабалаққа,  
Жетімге жарасымсыз мырзалыққа.  
Өзің тоймай жүргенде елге бердің,

Өзіңе бұл жомарттық лайық па?!

– Бірі көз, бірі құлақ болар маған,  
Адамға берген жақсы қолда бардан.  
«Ел таны асың барда беріп жүріп»,  
Деген сөз бұрынғыдан бізге қалған.

Замандас олар маған серіктерім,  
Болған соң бұлар жанда зерікпедім.  
«Адаммен адам күні» болады екен,  
410 Жалғыз өмір сүрген жан көріп пе едің?!

Атқосшы таңырқады көргеніне,  
Татымды жауап айтып бергеніне.  
Көргенін, естігенін бұлжытпастан,  
Жеткізді Төле бидің енді өзіне.

Төле би көптен бері назар салған,  
Айтқаны атқосшының емес жалған.  
«Елге тұтқа бір адам болар» дейді,  
Дүниеде тірі жүрсе – өлмей аман.

Төрт жаққа төрт борбайын кергендігі,  
420 Меңгерем төрт тарапты дегендігі.  
Қасқайып басы оның биік жатса,  
Ел-жұрттың болар ма екен кемеңгері.

Бір жұмбақ бұл баланың қылықтары,  
Шығады қандай өнер жуықта әлі.  
Сыр беріп бала пәлен демегенмен,  
Төле би онан ғажап сыр ұққан-ды.

Түйеден өтіп бала жылқы бақты,  
Жаратып баптап мінді әсем атты.  
Тимеген жүген-құрық асауларды,  
430 Шыңғыртып жуасытып нөқта сапты.

Төле би өзі берген рұқсатты,  
Бағады жігіт жылқы парасатты.  
Міне бер көңіліңе жаққандарын,  
Жорға-жүйрік, жүріскер тұлпарларды.

Жылқыны қыста барар отарға айдап,  
Ауылда жазда жүрді бие байлап.  
Қалмақтар Шарыш бастап елді шапты,  
Қазақты алмақ болып түгел жаулап.

440 Аттанды атқа мінген жігіт қалмай,  
Тоқтамас намысты ер шепке бармай.  
Сайланды Сабалақ та барамын деп,  
Сен барма, жассың деген сөзге ұнамай.

– Сен жассың, жағаласар жауға барма?  
Кетерсің жемтік болып найзаларға.  
Тең болар соғысқанмен ауылда боп,  
Сақтасаң ит-күс, жаудан малды аманда.

Дегенде бала қатты ойланады:  
«Жетсе ажал қашқанмен кім қалады?!  
Іздеген ата жауым келгенде өзі,  
450 Шайқаспай жаным қалай төзе алады?

Шешемді кегім үшін қиып келдім,  
Жанымды шүперекке түйіп келдім.  
Алмайтын ата-баба қанды кегін,  
Қалмаққа құл болуға туып па едім?!

Бола ма желкілдеген тудан қалсам,  
Елімнің ер қосыны – дудан қалсам.  
Болмайым ба елге – күлкі, ерге – намыс,  
Қояндай желден қорыққан бұға қалсам».

460 Жөнелді жапа-жаяу содан былай,  
Мінуге көлік етер ат сұрамай.  
Төле би ат, азық та ал деген жоқ,  
Кетті деп барма деген сөзге ұнамай.

Би ойлады: «Есейсе ер болар еді,  
Күш-қайрат, ақылы да толар еді.  
Қатпаған бұғанасы сәби қалпы,  
Қиылып қыршынынан солар ма енді?

Есейсе елге септік қылмас па еді,  
Ер мінер елден бір тай тумас па еді.

470 Тіл алса он мың жылқы соныкі ғой,  
Бір тайын би атасы қимас па еді.

Тіл алмай кетем десе өзі білсін,  
Мінбесін бір тай ұстап, я мінсін.  
Ат, қарусыз тойшылап барғандай боп,  
Барам десе жауына барып тұрсын».

Сабалақ сол кеткеннен кетіп қалды,  
Арқалап талай азап көп сандалды.  
Мінер ат, киер киім, қаруы жоқ,  
Ел кезіп, соғыс жаққа құлақ салды.

480 Ынтасы қалмақпенен бір соғыспақ,  
«Ежелгі ата жау»,— деп кегін алмақ.  
Астында ат, қолда қару болмаса да,  
Әйтеуір жау бар деген жаққа бармақ.

Ол ойын Сабалақтың кім біледі,  
Кім бұған қару іліп, ат береді.  
Ел кезіп бас-аяқсыз келе жатса,  
Алдынан бір бай ауыл кез келеді.

490 Ауылдың келе жатып сыртын жанап,  
Біреуден ат суарған алды сұрап.  
— Ауылы Темірбайдың,— деген еді,  
Бұрылды кетейін деп бір сусындап.

Байыппен үйге кіріп сәлем берді,  
Отырған бәйбіше мен байды көрді.  
Жас бала танымайтын сырты кірбең,  
Темірбай: — Мен көрмеген бұл кім? — деді.

Темірбай сәлем алып жөн сұрады,  
Әкесі, елі-жұртын тең сұрады.  
Барасың қайдан келіп, қайсы жаққа,  
Атың кім, баян етші деп сұрады.?

*Бала айтты:*

500 — Жаһан кезген мен бір жетім,  
Білмеймін қайда екенін елі-жұртым.

Кісіні есіркеген жақыным деп,  
Ел кезген жетімекпін, осы сиқым.

Білмеймін әкем атын пәленше деп,  
Атымды ел айтады «Сабалақ» деп.  
Ат па екен әкем қойған, ел қойды ма?  
Білмеймін бұл жерін де әлі тектеп.

Басымнан кім сипаса сол боп әкем,  
Алайып қабақ шытса қорқып кетем.  
Алда аға, артта іні жанашыр жоқ,  
510 Жандаймын бұл өмірге туған бөтен.

Темірбай қайран қалды сөздеріне,  
Жарқ еткен нажағайдай көздеріне.  
Қайырмай қайта жауап аз кідірді,  
Балаға қарай беріп көңіл бөле.

– Жоқ болса жанашырың паналайтын,  
Жұмысың болмаса елді аралайтын.  
Тамақ та, киім де бар саған жетер,  
Мал да бар шамаң жетсе баға алатын.

Қонақ бол бірнеше күн демінді алып,  
520 Тұрақтат барар жерді есіңе алып.  
Сен үшін қазан асып, от жақпаймыз,  
Жаяулап келіп қапсың ашып-арып.

Сабалақ бас изеді ұнағандай,  
Ой соқты аялдайды бір жұмадай.  
Сездірмей Сабалаққа бай, бәйбіше,  
Құпия сөйлеседі елге жаймай.

– Тоғыз ай екіқабат болсаң жүкті,  
Баланы таба алмассың мұндай тіпті.  
Адамның асылы екен мына бала,  
530 Бала ғып бағып алсақ неміз кетті.

Бала жоқ бір шыр еткен кіндігімнен,  
Көрмесем кімнен көрем Тәңірімнен.  
Өзіңнен туса бала бұдан артпас,  
Байқасам бұл баланың тұрқы бөтен.

Бәйбіше байдың сөзін қайырған жоқ,  
Баланы көрген сайын көңілі тоқ.  
Көктен тілеп жүргенім өзі келді,  
Артыма қалар болса осы ие боп.

540 Қуанды бәйбіше де ұл тапқандай,  
Баланы мейірі түсіп ұнатқандай.  
Темірбай көп әңгіме аяғында,  
Бастады май тамызып сөзді мұндай:

– Ей, бала, көңілім толды сені көріп,  
Балаға бір шыр еткен едім жерік.  
Жанымда туыстарым аз да емес,  
Шықпайды бірақ бірге үйден еріп.

550 Айтатын бұйымтайым мынау саған,  
Бала боп тұрып қалсаң қайтед маған?  
Мал-жанға менен кейін сен иесің,  
Өлсем қой таза арулап жүрсең аман.

Бөтен ой Сабалақ та білдірген жоқ,  
Темірбай бәйбішемен қалды мәз боп.  
Соғысқа барар ойы тағы да бар,  
Деп түйді сәті түссе ерте-кеш жоқ.

Сонымен Темірбайға бала болды,  
Темірбай бұл балаға пана болды.  
Басқарып ақылменен әрбір істі,  
Сабалақ дәл он сегіз жасқа толды.

560 Бәйбіше, Темірбайдың тоқалы бар,  
Жамағат ел-ағайын кейде іші тар.  
«Сабалақ тоқалменен көңілдес»,– деп  
Көре алмас күншілдердің өсегі бар.

Бұл өсек байға жетті еміс-еміс,  
Бар десіп Сабалақта суық жүріс.  
Естіпті Сабалақ та бұл өсекті,  
Әр жерде сөз қылысқан сыбыс-сыбыс.

Сабалақ шыдамады мына сөзге,

Көп түспей намысы кеп ел көзіне.  
Долданып белін буып кетейін деп,  
570 Құлақ естіп, көз көрмес алыс жерге.

Ауыздан шыққан сөзді жию қиын,  
Тарап кеткен өсекті тию қиын.  
Аузым бар деп сөйлейді кейбіреулер,  
Олардың аузын жіппен тігу қиын.

Бір күні былай деді Темірбайға:  
– Сіз әке, мен бала боп жүрдім мұнда.  
Соғысып қазақ, қалмақ жатыр екен,  
Келеді менің барғым соғыс жайға.

Жалада қалдым бекер сөзге ілініп,  
580 Ақта деп кімге барам мен жүгініп.  
Ас беріп, ат мінгізіп ардақтадың,  
Туысың көре алмады іші күйіп.

Қалмақтың тұр қазақтан күші артып,  
Қазаққа соғыс сайын тісі батып.  
Қумаған ел намысын ер бола ма,  
Сабыр қып тұра алмадым үйде жатып.

Жаным бар жау дегенде жалындаған,  
Қалмақта кегім ауыр алынбаған.  
Не өліп, не өлтіріп оралайын,  
590 Ей ата, рұқсат бер енді маған.

Темірбай төмен қарап ойлады көп,  
Бір қаяу көңіліне келді ме деп.  
Өсегі от басының түгемейді,  
Ағайын көре алмады-ау, белдеу жау боп.

– «Ағайын бағың артса, көре алмайды,  
Қолда жоқ болса, бөліп бере алмайды».  
Естіп ем, еске кірмес суық өсек,  
Туысым бізді бөлмей тұра алмайды.

Сен маған бала болдың Құдай қосып,  
600 Боп жүрдік ата-бала құрметтесіп.  
«Бас құрап, енші беріп, отау тігіп

Берейін»,– деп жүр едім, мезгіл тосып.

Ариды ат тұяқтан, ер құлақтан,  
Өсегі көп жаманның жанға батқан.  
От жағып арамызға бөлекші екен,  
Безгендер адамдықтан, ар-ұяттан.

Арманға жете алмадым ойлағанмен,  
Бармадым бұдан ары болжағанмен.  
Сөз еріп, өсек қаулап сағың сынар,  
610 Тұрмассың енді мұнда зорлағанмен.

Бір күнде бала бол деп қалағанмын,  
Туғанға тумасаң да балағанмын.  
Алып кет мал-дүниеден қалауыңды,  
Есінде тірі жүрсең мен болармын.

Кетуге ниет бұрдың, қайт демеймін,  
Айналып қайта келсең жат демеймін.  
Алып кет керегіңді тағы өтінем,  
Қолыңды еш нәрседен тарт демеймін.

– Ей ата, тумасаң да мейірің тәтті,  
620 Араға өсек сөнбес отын жақты.  
Әуелі батанды бер – рұқсат ет,  
Сұраймын сонан кейін сарбесті атты.

Үйретіп өз қолыммен нөкта салғам,  
Аңсарым көп жылқыңнан соған ауған.  
Дейтұғын ер жігіттің ат – қанаты,  
Ешнәрсе қаламаймын басқа содан.

Сабалақ батасын ап атқа мінді,  
Қолына жарқылдатып қару ілді.  
Жас батыр жалаңдаған арыстандай,  
630 Соғысқан қазақ, қалмақ жерге келді.

Үш жүзден барлық қазақ жиналыпты,  
Қабанбай Орта жүзден қол жиыпты.  
Бөгенбай ұлы жүзге қолбасшы боп,  
Ортаға Әбілмәмбет ту тігіпті.

Орта жүз Кіші жүзбен бірігіпті,  
Сан батыр бар бірінен-бірі мықты.  
Жақын жер деп деңгейін әтей қалап,  
Сабалақ Бөгенбайды іздеп кетті.

640 Бөгенге сәлем берді Сабалақ кеп,  
Ер Бөген жалт қарады мынау кім деп?  
Жас жігіт, жаңа өспірім сары ат мінген,  
Ізет қып тұра қалды көлденендеп.

– Сабалақ сұрасаңыз менің атым,  
Аулынан Темірбайдың мінген атым.  
Ел кегі, ер намысы үйде қоймай,  
Қалмақтан кек қайтару – аманатым.

650 Бөгенбай қайта жауап қайырған жоқ,  
Болғандай жауабына көңілі тоқ.  
Сөзіне, мінезіне, келбетіне,  
Ажарлы айбатына қарады көп.

– Ей, қарак, құп болады маған ерсең,  
Көңілім толды саған байқап көрсем.  
Келбетің жауға жасыл түсіргендей,  
Жауымнан мен разы есе әперсең.

Әуелі атымды ұстап қасымда жүр,  
Кей жігіт қара сөзде болады дүр.  
Жасымас, жаудан қайтпас сыртқы бейнең,  
Сонда да соғыс жайын көзіңмен көр.

660 Сабалақ естуші еді Бөгенбай деп,  
Көрмеген мұндай жақын қасына кеп.  
Таңданып өрлі-қырлы қарай берді,  
Барады екі көзі Бөгенді жеп.

Бөгенбай дәу кісі екен ұзын бойлы,  
Қарасұр, қыр мұрынды, ойлы көзді.  
Иегі ұзын, көзі өткір, биік қабақ,  
Кесек дене көргеннен көзге толды.

Салалы жұмыр келген ұзын саусақ,  
Ауыр жүк зор денесі атқа салмақ.

670 Айбарлы дауысынан жер сілкінер,  
Шақырса ұран салып «Маянбайлап!»

Бәрі бар батырлықтың мүшесінде,  
Олқы жоқ өзі істеген әр ісінде.  
Астында Нар қызыл ат алған баптап,  
Топта жоқ мұндай жылқы мінген пенде.

Сабалақ атқосшы боп жүрді жанап,  
Алған соң атшылыққа өзі қалап.  
Бөгенбай Сабалаққа көп қарайды,  
Деп ойлап бір зор іске қалар жарап.

680 Соғысқан екі-үш жылдай қазақ, қалмақ,  
Жеңе алмай бірін-бірі жүрген арбап.  
Тынығып бірнеше рет соғысса да,  
Қазаққа қиын болды қалмақты алмақ.

Қалмақты бастап жүрген Ғалдан Серен,  
Өзі хан, өзі батыр айтсаң тегін.  
Қазаққа жарлық айтқан Әбілмәмбет,  
Оның да таба алмайсың кемтік жерін.

690 Қалмақтың ең батыры Шарыш деген,  
Ғалден хан оны ерекше құрметтеген.  
Жиылып қалмақ, қазақ көз жіберсе,  
Шарышқа тең келер жоқ жалпақ елден.

Зор дене, түсі суық, шойын қара,  
Байқасаң жүз кісілік бардай шама.  
Білектей белге ораған айдары бар,  
Ұқсайды дулығасы мұнараға.

Күші мен әдіс-қайла тең келгендей,  
Мың бұттық қара тасты өңгергендей.  
Асып тұр мың сан қолдан кесер басы,  
Тұтқасы болса жерді иіргендей.

700 Зор туған қалмақ екен жуан кеуде,  
Жан шықпас тең айтар бұған мүлде.  
Мақтанып ескектейді желденгендей,  
Соқтырған сом алтыннан бәрін нақтап.

Таңдаулы бес қаруы өзіне сай,  
Қандай жан қатуланса құтылмас жай.  
«Жекпе-жек»,— деп топтан шығып айғайласа,  
Қалың қол бір толқиды адам таппай.

710 Көп шыққан жекпе-жекке қазақ жақтан,  
Бәрін де қалмақ жеңіп қылған мақтан.  
Батырмыз жүз кісілік деп жүргендер,  
Түйреліп найза ұшында құлады аттан.

Бөгенбай, Қабанбайлар қолдың басы,  
Әбілмәмбет ханының ақылдасы.  
Батыр Бөген жекеге шығам десе,  
Ұнамай Әбілмәмбет болды қарсы.

Жоқ жосық басшы жеке шығам деуге,  
Адам сайлап, ту ұстап тұрам белде.  
Қолбасшысы жығылса ту жығылар,  
Жеңілгендік белгісі көрер көзге.

720 Бөгенбай сұп-сұр болып, түсі қашты,  
Ояңдап отты көзін қабақ басты.  
Шарышқа жекпе-жекке шықпақ болды,  
Қорлығы бұл қалмақтың жанға батты.

Ұнамай Әбілмәмбет қатаң тұрды:  
— Сен өлсең ту жығылып қол құриды.  
Тобыңда ер кезекке жоқ па жігіт,  
Бар болса таңдап содан шығар бірді.

730 — Ең мықтыңды шығар, — деп, Шарыш тұрды, —  
Кеш қылып тұрамысың ерте күнді.  
Болмаса туыңды жық, жеңілдім де,  
Сені тосып атымның белі талды.

Бөгенбай шықпақ болды кезегіне,  
Ұнамай Әбілмәмбет хан сөзіне.  
Сұрады сонда рұқсат мен барам деп,  
Сабалақ Бөгенбайға кеп жүгіне.

— Ей, бала, сен шықпайсың жасың кіші,

Он есе сенен артық оның күші.  
Көрмеген бұрын соғыс жас баласың,  
Ол сайқал көп соғыстан бар әдісі.

740 Қаласың бекер өліп жеңе алмайсың,  
Мен қалам қайғы тартып келе алмайсың.  
Әуелі мен барайын, сен тұра тұр,  
Туды ұстап, мен келгенше қозғалмайсың.

– Мен өлсем, бір бала өлер, көп қолыңнан,  
Өлмесем, серпілтермін азабыңнан.  
Сынап көр, Сабалақты бұл майданда,  
Кегім бар түгемейтін төрт атамнан.

Тамам жұрт жалт қарады бір бұрылып,  
Сабалақ шығамын деп, тұр жүгініп.  
Қатпаған қабырғасы жас баланы,  
750 Ер Бөген жібермей тұр көзі қиып.

*Біреулер айтты:*

«Рұқсат берсеңіз деп,  
Қайратын жас қыршынның көрсеңіз деп.  
Ершікеш, өжет мінез бала екен,  
Шықпас ол өз басына өлім іздеп».

Бөгенбай рұқсатты болды бермек,  
Қалың қол тамашаны енді көрмек.  
Адақтап бес қаруын баптап алып,  
Мініп ап Сарбестіні болды жүрмек...

760 Сабалақ топтан шықты «Абылайлап!»  
Шарышты қайдасың деп көзі жайнап.  
Паңсынып Шарыш тұрды көзіне ілмей,  
Келед деп бір баланы ажал айдап.

– Ей, бала, – деді Шарыш, – қалжақтама,  
Мұндай әдет жоқ біздің қалмақтарда.  
Жоқ па еді жанашырың аялайтын,  
Саған ерте соғыспақ, ойлап қара!

Оқиды сендей бала молдасында,

- 770 Тай мініп жарысады үй қасында.  
Тобыңнан жігіт шықпай, бала шықты,  
Қалғаны еркек емес, ұрғашы ма?
- Қазаққа сендей бала жазалы ма,  
Болмаса маған қылған мазағы ма.  
Мойныңды шылша бұрап лақтырайын,  
Тұрғанда шыдай алмай ғазабыма.
- Ей, Шарыш, баласынып қапыл қалма,  
Мені аяп жастығымды есіңе алма.  
«Танымас күш атасын» есінде ме,  
Жете ме көзің тірі қаларыңа?
- 780 Мен өзім он сегізге келдім жаңа,  
Өлтіремін деп тұрмын бері қара.  
Бойдағы құдіретіңді түгел жұмса,  
Айтамын тағы қайта: «Қапы қалма!»
- Ей, бала, соғысам деп өлмеймісің,  
Соғыссаң ержеткенде келмеймісің.  
Топ көрмеген баланы соғысқа айдап  
Отырған ел мінезін жөн деймісің.
- Япырай, мені қазақ қылды мазақ,  
Өтпес-ау дүниеде бұдан азап.  
Кезекті алдыменен саған берем,  
790 Онан соң мойыныңды үзем, шылша бұрап.
- Ей, Шарыш, қалмактікі кезек бұрын,  
Ол жолды ертедегі бұрма қырыс.  
Айтып қал арманыңды, сен өлесің,  
Тосып тұр, не десең де ажал бүгін.
- Ей, бала, көне алмаймын қалжағыңа,  
Түсесің сөз сөйлесең ар жағыма.  
Соғыста он тоғыздан болдым шебер,  
Ақырсам шыдамайсың зардабыма.
- 800 Етекке тудың басы құлағандай,  
Ұтылған сөзден Шарыш шыдай алмай.  
Атына қамшы басып тұра ұмтылды,

Күшті қол өткір найза сынағандай.

Түкіріп екі қолға күшін жанып,  
Қызарып екі көзі оттай жанып.  
Бетке алып өндірішекті келе жатыр,  
Шығармақ ту сыртынан бір-ақ жарып.

810 Қатты қол, төніп келген өткір найза,  
Жарқ етті ақ сауытқа қадалғанда.  
Өзіне – өзі сенбей қалды тұрып,  
Найзасы дәл ұшынан майырылғанда.

Сабалақ «Абылай!» деп ұран салды,  
Найзаны майырылған жұлып алды.  
Құлаштай Сарбестіге қамшы басып,  
Ағындап шауып келіп кезек алды.

Ұмтылды Сарбестімен шоқтай болып,  
Атылған сары мойнақ оқтай болып.  
Желкеден өткір қылыш сарт еткенде,  
Шарыштың басы түсті доптай болып.

820 Шарыштың басы түсті әуел жерге,  
Көз жетпей сене алмай тұр, көрген пенде.  
Мұқыл терек секілді дене қалды,  
Дулыға жерге түсіп жарқ еткенде.

Тездікке жоқ ешкімнің көзі жеткен,  
Сағымдай неткен тездік болып өткен.  
Дулыға жарқ еткенде аттан төмен,  
Толықсып дию дене құлап кеткен.

830 Шарыштың көрді екі жақ құлағанын,  
Өкіріп қалмақ жағы жылағанын.  
Ағындап кеткен атын қайта бұрып,  
Сабалақ көрді Шарыш сұлағанын.

Еңкейіп ат үстінен ілді басты,  
Айдардан тақымына мықтап басты.  
Аттан! – деп «Абылайлап» қолды бастап,  
Қалмаққа шалқар түсте араласты.

Сырылып қалмақ қашып жөнеледі,  
(Қолынан қашпағанмен не келеді?!)  
Кес-кестеп қазақ тосып алдын алса,  
Серкесіз қой секілді бөгеледі.

840 Қалмақтар сол қашқаннан қаша берді,  
Жеткеннің қазақ қанын шаша берді.  
Бұқпалап кейбіреулер өлген болып,  
Жабыттап сай-жыраны жата берді.

Қалмақтар қаша берді тоқтай алмай,  
Бір жерге басын құрап топтай алмай.  
Әркімге өз тірлігі тәтті болды,  
Кім өліп, кім қалғанын жоқтай алмай.

850 Қалмақтар сол қашқаннан кетті қашып,  
Артына бір бұрылмай қатты сасып.  
Батысын Тарбағатай көктей өтіп,  
Айналып барқыт белге жөнелді асып.

Өкшелеп қашқан жауды қазақ қумас,  
Ежелгі ата жолы әркім бұзбас.  
Қалмақтың әбден көріп мына сиқын,  
Деп қайтты енді бізге жау бола алмас.

Қазақтар жауын жеңіп қайтып келді,  
Басына бір төбенің жиылды енді.  
Кім өліп, кім қалғанын сұрастырып,  
Тәуба ғып, бір Аллаға сиынды енді.

860 Хандары Әбілмәмбет жиды бәрін,  
Қадірлеп, қастерледі батырларын.  
Шақырып Бөгенбайдан сұрап отыр,  
Сары атты жеке шыққан кім деп жайын?

– Ол батыр, – Бөген айтты, – «Сабалақ» деп,  
Әкем жоқ, өзі айтады жетіммін деп.  
Атқосшым жанымдағы ертіп жүрген,  
Айтпайды ата жөнін білмеймін деп.

Білмек боп Әбілмәмбет ата жөнін,  
Жан емес мына бала жүрген тегін.

870 – Шақыршы атқосшыңды, Бөген батыр,  
Көрейін сары аттының өзім бетін.

Сабалақ шақырған соң жетіп келді,  
Қазандай қара басты тастай берді.  
Білектей айдары бар құлаш жетпес,  
Сескеніп көрген адам бетін бұрды.

Шарыштың басын көрді алған кесіп,  
Байланған қанжығадан берген шешіп.  
Қайран қап бұл баланың ерлігіне,  
Аялдап Әбілмәмбет тұр кеңесіп.

880 – Ей, бала, ұраның не «Абылайлаған!»  
Елде жоқ мұндай ұран таптың қайдан?  
Кім өзі Абылайың, ұғындыршы,  
Ұранға естімеген қалдым қайран.

Өзің бір жас баласың жаңа талап,  
Таңғалып ерлігіңе тұрдым қарап.  
Атың кім, әкең аты, елі-жұртың?  
Разы болдым саған, бер баяндап.

*Бала айтты:*

890 – Абылай деген үлкен әкем,  
Атақты өзі батыр, жауға бекем.  
Соғыстың қасиетті бір пірісі,  
Шақырдым деп жауымды жеңер ме екем.

Сол бабам батыр екен елден шыққан,  
Егескен талай жауын жерге тыққан.  
Жасқанып жалтақтамас жау дегенде,  
«Қанышер Абылай» деп елден ұққам.

Ол өзі бір соғыста жаудан өлген,  
Жалғанда қысқа ғана өмір сүрген.  
Өзі атын өзі ұрандап шақырмайды,  
Сондықтан бұл ұранды ел білмеген.

900 Дейді екен Уәлибақы арғы атамды,  
«Қанышер Абылай» дер бергі атамды.

Өз әкем Көркемуәли деген кісі,  
Деп қойған Әбілмансұр өз атымды.

Бұлардың бәрі түгел болған батыр,  
Соғыста әрбіреуі мыңға татыр.  
Әкем, ата, бабамдар жаудан өліп,  
Ішімде түгемейтін қайғы жатыр.

Баланың Әбілмәмбет сөзін тыңдап,  
Бас изеп айтқан сайын отыр шындап.  
Бір ұрпақ Уәлиден бар деуші еді,  
910 Сол тұқым осы екен деп тұр мойындап.

Балаға былай деді Әбілмәмбет:  
– Атайды арғы атаңды Есім хан деп,  
Ертеде Есім ханнан Жәңгір туған,  
Жәңгірден Уәлибақы, Әз – Тәуке деп.

Тәукеден Әбілқайыр, туды Болат,  
Болаттан Сәмеке мен Әбілмәмбет.  
Әбілмансұр сен маған бауыр болдың,  
Есіңе ал ата жөнді ұмытпай жат!

Киіпсің кебін кимей кебенекті,  
920 Білген жақсы тегінде ата текті.  
Бауырына бауырым деп, қатты басып,  
Көзінен сорғалатып жасын төкті.

Сипатың, ерлігің де тамаша екен,  
Туылып өскен жерің алаш екен.  
Жасында нағашысы алып кеткен,  
Немере үлкен ағам баласы екен.

Екен ғой қабымыз бір, сабымыз бір,  
Қарағым, көрген ісің бір үлкен жыр.  
Құланның түзде туған құлынындай,  
930 Келіпсің туып-өсіп елден қиыр.

Мен өзім Әз – Тәукенің немересі,  
Сен болсаң Уәлибақы шөбересі.  
Уәлибақы, Әз – Тәуке бірге туған,  
Берейін мен тағымды, бол иесі.

Жеткенше жас, ақылың қасымда тұр,  
Тағылым ап, танып-біліп тілімде жүр.  
Аяйтын менің сенен ешнәрсем жоқ,  
Онан соң өзің бас боп тағымды құр.

940 Тартынбай жауға шаптың «Абылай!» деп,  
Ойлап ем, бұл жас бала не қылар деп.  
Бұқадай мұрындықсыз тиген жаудан  
Қыршын жас намыс үшін құрыды-ау деп.

Ат қойдым енді саған деп «Абылай»,  
Сабалақ, Әбілмансұр қалсын былай.  
Атаңның Абылай деген аты сөнбей,  
Жайнасын аспандағы от жұлдыздай!..

950 Сабалақ содан Абылай аталыпты,  
Жасы үлкен қариялардан бата алыпты.  
Аңыз боп ат-атағы елден-елге,  
Ерлігі бүкіл елге таралыпты.

Абылай деген даңқы кетті шығып,  
Ерлігін сайыпқыран түгел ұғып.  
Шарыш өліп, көп қырғын көрсе дағы,  
Қалмақтар қалғаны жоқ мүлде бұғып.

*Қалмақтар:*

«Жоғалтсақ, дәп Абылайды,  
Қазақта бізге қарсы кім шыдайды?!  
Деп ойлап өзі жас, өзі батыр,  
Сол өлмей бізге сірә күн тумайды».

960 Көп қайла Ғалдан Серен ойлап әр күн,  
Шарыштың алмақ болып өлген кегін.  
Үйірлеп төрт түліктен мал айдатып,  
Өлтірсе Абылайды бермек тегін.

Біреу оңда болғанда, біреу солда,  
Дүние кімді салмас бұраң жолға.  
Арын сатып, күн көрген әлдекімнен,  
Тұрыпты тіл алысып анда-санда.

Бірталай аралықта заман өтті,  
Қалмақтар Шарыш өліп болған кекті.  
Сол кекті қайта барып қайтарам деп,  
970 Ғалдан хан адам жиып көп жінікті.

Жіберді көрнеу адам, жасырын да,  
Іздетіп Абылайды әр порымда.  
Солардан әйтеу бір күн тіл алыпты,  
Кетті деп Абылайды бүгін аңға.

Абылай жас күнінен аңға құмар,  
Бүркіт сап қансонарда аңға шығар.  
Қуалап түрлі аңды қызық көріп,  
Кей кезде тіпті алыстап елден шығар.

Бір күні Өтегенмен аңға кеткен,  
980 Аң қуып елден алыс бір жұма өткен.  
Салбурын шаршаған соң ен далада,  
Дем алып, ат оттатып, қалғып кеткен.

Жантайып, атты тұсап, жатып қапты,  
Ұйқыға әбден келген қатып қапты.  
Қалмақтың жиырмадай жасауылы,  
Бас салып осы жерде байлап апты.

Әкетіп Абылайды байлап мықты,  
Алдына Ғалдан ханның алып жетті.  
Әкетті Абылайды деген хабар,  
990 Ілезде бүкіл елге тарап кетті...

Естіген Әбілмәмбет сұм хабарды,  
«Үһілеп» хан ордада қайғыланды.  
«Өлтірмей не алса да қайтарсын»,– деп,  
Ғалданге әтей арнап елші салды.

Елшіден сөз байлапты екі түрлі:  
«Жиырма ерге берсек құнды.  
Тұрамыз сертімізде табан тіреп,  
Қанша мал алам десе айтсын шынды.

Тағы бір сөзім мынау сертім сынды:

- 1000 Бермесе соғысатын айтсын күнді.  
Біткенше еркек кіндік соғысамыз,  
Кім білер кім жеңіліп, кім жеңеді.?
- Тоқтасын екі серттің біреуіне,  
Болмаса, айтсын қояр тілегі не?  
Ғалдан хан, жеті атаңнан хан боп өттің  
Білерсің ел тыныштық тілерін де.
- Бермесең Абылайды тірі қолға,  
Айналар істің арты шыны зорға.  
Шақырам хан басыңды жекпе-жекке,  
1110 Ел жайын өз жайыңмен қосып ойла».
- «Сертіңе, – депті Ғалдан баса алмаймын,  
Соғыссаң келе бергін, қаша алмаймын.  
Қырылып бүкіл қалмақ түгесе де,  
Топан су қаптатсаң да тайсалмаймын».
- Ғалдан хан жатып алды көнбеймін деп,  
Өлтірем, тірі қайтып бермеймін деп.  
Шарыштың құны қалай жиырмалық?  
Құнына мың кісінің тең деймін деп.
- Қарысып жатып алды Ғалдан Серен,  
1120 Әбілмәмбет сарғайып жұтты шерін.  
Жан-жаққа жарлық айтып хабар салды,  
Құтқару Абылайды болды қиын.
- Ғалдан хан Абылайды ұстап алған,  
Мақтанып маңайына дауырық салған.  
Шынжырмен қол-аяғын тас қып байлап,  
Жер қазып тірідейін көрге салған.
- Абылай біраз заман көрде жатты,  
Болғанда бес-алты күн бір дәм татты.  
Зынданы жерден қазған темір есік,  
1130 Көруге болмаушы еді адамзатты.
- Бір күні зынданынан алып шықты,  
Сайлауыт қоршағандар түгел мықты.  
Алдына Ғалдан ханның бас игізбек,

Көрсетіп өлтірмекші бар қорлықты.

Көп қалмақ Абылайды ортаға алған,  
Бекітіп қол-аяққа кісен салған.  
Күн көрмей жер астында үш ай жатып,  
Сарғыштап кесек дене солғындаған.

1140 Сондықтан ажары артық қатуланған,  
Артық тұр зор денесі тұрған жаннан.  
Кіргенмен көзі ішіне отша жанып,  
Көп қалмақ мүсініне қайран қалған.

Сымбатты сұлу дене, ірі сүйек,  
Тұлғасы жұмыр біткен бейне діңгек.  
Бірі алдынан жетелеп, бірі итеріп,  
Кіргізді хан ордаға әрең сүйреп.

1150 Ордасы Ғалдан ханның он төрт қанат,  
Келтіріп сәнмен тіккен бір салтанат.  
Үй іші торғын-торқа оюлатқан,  
Үзігі кестеленген қызыл манат.

Ғалдан хан дәл төрінде тағында отыр,  
Бір тілмаш, екі уәзір жанында отыр.  
Ханымы Ғалдан ханның қызыл шырай,  
Маңызды бір бәйбіше бабында отыр.

Байқаса бір азамат ұлы бардай,  
Кішілеу Абылайдан жасы бардай.  
Енді ғана бойжеткен бір қыз отыр,  
Хан, ханым, бір ұл, бір қыз – төрт адамдай.

1160 Ордаға тұтқынды алып төртеу кірді,  
Қалғаны қылыш алып сыртта тұрды.  
Бас қою хандарына парыз екен,  
Кіргендер тоңқаң қағып басын иді.

Біреуі Абылайды нұқып қалды,  
Дегендей ол немене жалт қарады.  
Басыңды иі, сен де ханға дегені ме,  
Білсе де білмеген боп тұрып алды.

- Орда жым-жырт, дыбыс жоқ ызың еткен,  
Кіргендер аузын ашпай бұйрық күткен.  
Әуелі хан кеңес бастамаса,  
1170 Құрметсіздік болар деп айып кескен.
- Осылай хан орданың ережесі,  
Кімнің тең болмақ ханмен терезесі.  
Шартты бұзған пендеге жендеттердің,  
Дайын тұр қылыш пен дар, жеребесі.
- Қиылып хан қарады Абылайға,  
Кезігіп көрмегендей мұндай жанға.  
Қаймығып арыстандай айбатынан,  
Лайық-ақ ер екен деп мақтағанға.
- Шашы өсіп, киім кірлеп, жүдеу тартқан,  
1180 Жаралы қоры – аяғы кісен қаққан.  
Сонда да сағы сынбай жайнаңдайды,  
Еместей шымбайына қайғы батқан.
- Кімсің сен? – деді Ғалдан, – жауым қазақ,  
Мойныңа салынып тұр біздің тұзақ.  
Өлтіріп Шарышымды, елді қырдың,  
Көрсетіп өлтіремін саған тозақ.
- Қалмаққа неге болдың сонша дұшпан,  
Ит қазақ ажалың ғой сені қысқан.  
Өлімнің босағасын тұрсың аттап,  
1190 Біз саған қыла алмаймыз енді бостан.
- Шарыштың сені өлтіріп кегін алам,  
Ойлама деп бұл жолы тірі қалам.  
Құнына мал есептеп отырмаймыз,  
Бірге бір, әуел сенің басыңды алам.
- Арызсыз сен өлтірдің Шарышымды,  
Жал-құйрық, алға ұстар арысымды.  
Біздің жол – өлтірерде тілек сұрау,  
Айт қане айтатұғын арызыңды!
- Тоқтады осыны айтып Ғалдан Серен,  
2000 Бергендей Абылайға сөз кезегін.

Тыңдай тұр жалықпасаң естігендер,  
Сөйлейін Абылайдың не дегенін.

– Есім хан алтыншы атам хан боп өткен,  
Үзілмей тұқым қуып бізге жеткен.  
Әбілмансұр, Сабалақ бұрынғы атым,  
Қазір ел Абылай деп атап кеткен.

2210 Сарыарқа қасиетті туған жерім,  
Қандасым Әбілмәмбет асқар белім.  
Өз әкем, ата-бабам жаудан өліп,  
Қалмаққа сол себептен асқан кегім.

Шарыштың өзі шығып жекпе-жекке,  
«Бірің шық!» деп айғайлап тұрды көпке.  
Намысқа шыдай алмай содан шықтым,  
Көне кек араласып жаңа кекке.

Ол алып әуел кезек найза салды,  
Найзасы майырылып батпай қалды.  
Мен алып кейін кезек қылыш шаптым,  
Домалап басы алдыма түсіп қалды.

2220 Соғысты ол майдандасып арманы жоқ,  
Соғыста ешбір қапы қалғаны жоқ.  
Мені ұйықтап жатқанда байлап алдың,  
Кетеді-ау осы жерің арманым боп.

Ұрлықпен ұйқы үстінде байлап алдың,  
Арманым алыса алмай қапы қалдым.  
Мал тонап, ел бүлдірген кінәм да жоқ,  
Қалайша Ғалдан маған қатуландың?

2230 Еліме пәле тілеп Шарыш барды,  
Шарыштың менің елім несін алды?!  
Шақырып жекпе-жекке күші жетпей,  
Қан тілеп, қанын төгіп өліп қалды.

Күйзеліп бара жатыр қалың елім,  
Ойға қала сала алмай, тауына егін.  
Болмаса сен қалмақтың шабуылы,  
Көркейіп қайран елім, байыр едім.

Келеді орындалмай ойда арманым,  
Шапқан соң, жылда елімді сендей жауым.  
Ойымда орны толмас өкініш сол,  
Сен жауды жоғалту ед ойлағаным.

2240 Жай түскен жалғыз ағаш селкілденіп,  
Тамырсыз құримын ғой кетсем өліп.  
Зардабын жалғыздықтың тарттым қатты,  
Осыған қайғыланам тағы өкініп.

Жалғызбын төрт атамнан бері қарай,  
Мені өлтірсең құриды тұқым қалмай.  
Кетпедім қатын алып, бала сүйіп, –  
Дегенде хан ханымы қалды қарай.

2250 Ханымы былай деді сөзді бөліп,  
Төрт ата келген екен жалғыз болып.  
Тұқымың сенің дағы құрымай ма,?  
Жалғыз ұл Әмірсана қалса өліп.

Дегенде Ғалдан Серен қалды ойланып,  
Бір қарап ханымына көзі аларып.  
Абылай орынынан ұшып тұрды,  
Ханымның қалмақша айтқан сөзін ұғып.

– Орныңнан, – Ғалдан айтты, – тұрдың неге?  
Қуанба жалғыз ауыз айтқан сөзге.  
Мен сені өлтіруден қайтқаным жоқ,  
Ол бос сөз қатын айтқан медеу кімге.?

2260 – Ақылды жан деп қалдым ханымыңды,  
Түсінді зеректікпен айтқан шынды.  
Тең болды босатқанмен ханым сөзі,  
Теңеді мен жалғызға жалғыз ұлды.

Күштілер тау көтерер, тас көтерер,  
Өлезге қайрат бітпес бас көтерер.  
Ақылды тау көтерген күшті бөгеп,  
Мұзға гүл, тас бетіне алтын егер.

Қара күш адамдағы ол бір айбар,

- 2270 Алыстан ақыл деген бір-ақ арбар.  
Білек жуан болғанда бірді жығып,  
Білімді иландырып мыңды жығар.
- «Қол қойдым мынау сөзі тегін емес,  
Мың батпан, оңай-оспақ жеңіл емес.  
Өлтірмей бұл қазақты қоя берсек,  
Қайталай меніменен қылар ма егес.?
- Бар деген үш арманым сөзі де нақ,  
Ол арман екеуі де маған ортақ.  
Қапыда қалдым деген бір арманы,  
Болатын батырларда бұрыннан-ақ».
- 2280 – Екенсің сен де жалғыз төрт атаңнан,  
Келемін мен де жалғыз төрт атамнан.  
Жалғыз ұл жар дегенде Әмірсана,  
Ол өлсе белгі қалмас ұрпағымнан.
- Өлімге енді сені қия алмаймын,  
Қастандық жалғыздыққа қыла алмаймын.  
Дос боп өт, өлгеніңше жалғыз өлмен,  
Бұл серттен қайта мойын бұра алмаймын».
- 2290 Ғалдан хан Абылаймен көп кеңесті,  
Тоқтатып сөзді ақылға көп теңесті.  
Өлімнен Абылайды шын құтқарып,  
Алғашқы қатуланған қойды егесті.
- Ғалдан хан көп сұрады ел жағдайын,  
Емініп ішкі-сыртқы көп мән-жайын.  
Өртүрлі түйінді сөз сөйлеп отыр,  
Жеткізіп өзінің де армандарын.
- Абылай Ғалдан ханға ұнап қалды,  
Елінде қой көп пе деп сұрап қалды.  
Абылай қойымыз көп деген еді,  
Қайырып Ғалдан мұндай ойға салды:
- 3000 – Қой деген төрт түлікте көптің бірі,  
Қойшысы өтірікші, қойы – ұры.  
Елінде ұсақ жанжал басылмайды,

Мұндай ел болмас еді берекелі.

Ғалдан хан: – Көп пе,– деді,– сиыр, жылқы?  
– Төрт түлік еліміздің түгел мүлкі.  
Болмаса төрт түлігі қатар өскен,  
Болмайды салтанатты елдің сиқы.

*Хан айтты:*

3310 – Жылқы бағып қымыз ішкен,  
Төрт түлік малды бағып, іркіт піскен.  
Келеді еңбексіздеу ондай халық,  
Алыстау берекелі ортақ істен.

– Елдерің, – Ғалдан айтты, – сала ма егін,  
Абылай деді: – Егін сап төкпес терін.  
Тыныштық сенің елің бермеген соң,  
Әр жерде толқып жүріп көрген күнін.

Ғалдан хан Абылайды сынап көрді,  
Жерлерден көңілге алған сұрап көрді.  
Ақыл мен алып күші тең тоғысқан,  
Білімді, терең ойлы бір жан еді.

3320 Ғалданның Абылайға көңілі түсті,  
Сырласып өткізді олар талай кешті.  
Екі елдің ортасында егер болса,  
Кеңесіп шешпекке уәделесті.

Сонымен Абылайдың соты тынды,  
Абылай өмір жолын қайта құрды.  
Ғалдан хан жалғыз қызы Гүлдежауды,  
Өмірлік Абылайға қоспақ қылды.

3330 Абылай аман-есен елге қайтты,  
Құр қайтпай ханның қызын алып қайтты.  
Алдынан Әбілмәмбет өзі шықты,  
Басынан кешкен істі түгел айтты.

Келген жоқ қара күшпен бұзып қамал,  
Әр іске ақыл-айла тапқан амал.  
Күш – тентек, қазан бұзар, ақыл аға,

Күшке сенген ақылға болар доғал.

Отқа салса күймейтін, суға батпас,  
Құдықта қырық жыл жатса, тат та баспас.  
Қырық жыл су түбінде жатса иесіз,  
Нақ алтын сары түсін құбылта алмас.

3340 Сол кезде Әбілмәмбет – ханның басы,  
Қуанды жасарғандай хан ордасы.  
Үш жүзге тұтас түгел хабар жолдап,  
Айтылды ұлан-асыр той жобасы.

Үш жүзге ат шаптырып жиды бәрін,  
Айтыпты сырт елге де той қыларын.  
Ай бұрын қос атпенен алдырыпты,  
Елдегі ұлы қария, жақсыларын.

3350 Үш жүздің жиып алды жақсыларын,  
Айтпаққа хандық тағын тапсырарын.  
Той қылып Абылайға бата сұрап,  
Хан сайлап, халқы атынан бақ тілерін.

Айтады жасы алпыстан өткендігін,  
Азайып ақыл-қайрат кеткендігін.  
Хан бол деп, Абылайға айтқан серттің,  
Мөлшерлі күні бүгін жеткендігін.

– Төрімнен көрім жуық енді менің,  
Кенелттің тірі келіп, толды кемім.  
Тірі күнде берейін өз қолыммен,  
Мінеки, хандық мұрам болсын сенің!

3360 Өзімнің ұлым да бар, қызым да бар,  
Бола алмас бірақ олар бір саған пар.  
Ел-жұртым разы болсын, әруақ та,  
Тегіннен бабаңызға қарызым бар.

Баламды Құбайдолла бердім саған,  
Болады ол да өзіндей сайыпқыран.  
Артта іні, бауырыңда балаң болсын,  
Білінбес жалғыздығың болса аман...

- Хан тағын сөйтіп берді Әбілмәмбет,  
Абылай хан боп қалды алып міндет.  
3370 Арысы алты алаштың разы боп,  
Жасады Абылайға үлкен құрмет.
- Абылай хан боп өтті содан былай,  
Керемет ақыл тапты талай-талай.  
Ақылдың бітіп жатқан көзін ашты,  
Жақсымен жақын жүріп жанасалай.
- Қол жиып еліндегі батырлардан,  
Қорғады елін келген сыртқы жаудан.  
Арманы отырақтап қала салып,  
Топтасып жер емшегін болмақ сауған.
- 3380 Керейден жанға тартты Жәнібекті,  
Туысы жаннан бөлек, заты текті.  
Нұсқасын көрген жанның көзі тояр,  
Шой желке, шойын дене, жуан мықты.
- Есіктей кең кеуделі кере құлаш,  
Кең иық, қақпақ жауырын, тайқазан бас.  
Қол-аяқ бұлшық еті бөлек-бөлек,  
Қол тисе білінеді бейне бір тас.
- 3390 Қап-қара кішкене көз, жалпақ бетті,  
Қыр мұрын, шықшыты кең қалың етті.  
Аппақ тіс қолдан тізіп қалағандай,  
Селдір мұрт, қалың ерін, сақалды епті.
- Атқосшы жастайынан батырларға,  
Бақыршы атаныпты ол тағы да.  
Қара ұлан, қара бала деп те айтады,  
Өз атын жау алдында жасыруға.
- Мінері – көк дөнені таңдап малдан,  
Қолқа сап нағашыдан сұрап алған.  
Салқы төс, орақ мойын, томаға көз,  
Жоқ еді көңілі қалған жануардан.
- 4000 Шелек танау тау желін тартса жұтар,  
Ысқырса екпінінен үй құлатар.

Кең сала, бауыры жазық, жұмыр тұяқ,  
Жан шықпас шауып кетсе оған шыдар.

Желіп кетсе басады желмаяны,  
Өр, еңіс талғамайды тау, даланы.  
Адыр-адыр таулардан шауып өтсең,  
Терді қойып, білінбес бусанғаны.

Мінсе мықты жануар жуан, жуас,  
Адымы аттағанда алты құлаш.  
4410 Жан серігі жасынан жанға жайлы,  
Жәкеңе дөненінен болған сырлас.

Тағы бар қанжығалы Бөгенбайы,  
Үш жүзге белгілі еді оның жайы.  
Қолбасы ұлы жүзде дәуірлеген,  
Ақырса қамал бұзар әр нысайы.

Бөгенбай ер атанған он сегізде,  
Таңдандар ерліктері естігенде.  
Адамды тік қараса сескентеді,  
Тік біткен қара қасы едірейе.

4420 Бақандай саусақтары сала-сала,  
Бұлшық ет жуан сіңір дара-дара.  
Тұтқасы болса жерді иіргендей,  
Мықты бел, қарулы қол елден ала.

Қарасұр адам екен түсі суық,  
Айбаты шошытардай келсе жуық.  
Күшіне ақылы сай тым кемеңгер,  
Атадан жаралған ол үздік туып.

Ел шеті тыныш болса жайын жүрер,  
Жау десе ұран салып атқа мінер.  
4430 Белінде бес қаруы қашанда сай,  
Жауына қамал бұзып жалғыз кірер.

Жауына жекпе-жекке талай шыққан,  
Жапырып мың сан қолды жерге тыққан.  
Ұран сап «Маянбайлап!» жауға шапса,  
Дұшпаны жапырылып жерге бұққан.

Пар еді нарқызыл ат, шымқай жирен,  
Жылқыдан он сегіз мың таңдап мінген.  
Қанатты құстай еді қуса жетер,  
Ақылды иесінің ымын білген.

4440 Абылай көп кеңесер Бөгенбаймен,  
Ел жайын, жау жайын да тани білген.  
Құрметтеп Бөгенбайды хан Абылай,  
Атайтын «Үкі батыр» ол тегіннен.

Батырлық, серілікпен жүреді екен,  
Әсемдеп жорға-жүйрік мінеді екен.  
Атанған сол себепті «Үкі батыр»,  
Үкілеп басқа тымақ киеді екен.

Батырлар атақтысы ер Қабанбай,  
Қаракерей, ұраны: «Төлегетай».  
4450 Ат алған «Қоңыр әулие» соғысында,  
Хан батыр, сыңғыр батыр, дара боздай.

Сом дене, орта бойлы, алып күшті,  
Бүркіт көз, қараторы, жылы түсті.  
Тапқыр ойлы, намысқор, алды болжар,  
Абылай көп кеңесер ортақ істі.

Тобылғы торы аты бар көңіліне тоқ,  
Ондай мал көп таңбалы найманда жоқ.  
Салпы ерін, орақ мойын, томаға көз,  
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.  
4460 Дейді екен Қабанбайдың Қубас аты,  
Тыңдасаң бұл туралы ертеке те көп...

Алтай мен Ақтамберді, ер Есенбек,  
Атақты малайсары, ер Шыныбек.  
Бұлар да Абылайдың батырлары,  
Әйгілі ел қорғаған елден ерек.

Кеңгірбай, Боранбай би ел үлгісі,  
Ізбасты, Бұхар жырау сөз үлгісі.  
Дұғагөй шақшақ Жәнібек тағы да бар,  
Жан досы Абылайдың молда кісі.

4470 Осылар міне есімде қалғандары,  
Батыры әр рудың бағландары.  
Тағы сан би мен сұлтан, серкелер бар,  
Хан орда қолғанаты – тарландары.

Ордасы Абылайдың Орта жүзде,  
Тең орта Ұлы жүз бен Кіші жүзге.  
Ұлы жүз, Кіші жүздің хан мен биі,  
Қондырған әтей арнап осы өңірге.

Орданы сәнмен тіккен он төрт қанат,  
Ақ боз үй дөдегесі ойған манат.  
4480 Терме бау маржан көзді, жақұт жиек,  
Күн мен ай шағылысып көзді шағад.

Бастарын керегенің жапқан күміс,  
Желбауы жез шаңырақ күрең пүліш.  
Есіктен төрге дейін жайған кілем,  
Шилері шым жібектен түгел шырыш.

Бау сандық, маңлық көрпе қойған жиып,  
Құс жастық құшақ жетпес жүкке мініп.  
Хандықтың алуан түрлі белгілерін,  
Алтынды адалбақанға қойған іліп.

4490 Бір жақта сүйек төсек оюланған,  
Жолбарыс тарланынан тері жайған.  
Асулы бес қаруы ірге жақта,  
Бірқатар ретімен ыңғайланған.

Кестелі орман ішік ілулі тұр,  
Кіселі күміс белбеу өзі бір тұр.  
Жалпақтау арғын тұмақ төрт төбелі,  
Тақия алтын зерлі жанында тұр.

Орданың сырты қоршау қадаланған,  
Түн болса қада басы панар жанған.  
5000 Тігілген Абылайдың ала туы,  
Желбіреп күндіз-түні алау жайған.

Жан еді жазық маңдай, дөңгелек көз,

Ат жақты, қыр мұрынды, алкүрең жүз.  
Ат тісті, қара қасты, қою сақал,  
Қайраттың белгісінен бетінде із.

Қабакты қатуланып түйсе кімге,  
Кіреді я інге, я дінге.  
Батырдың азығы ет, сусыны құрт,  
Ішпейді қызыл шайды ұқсап бізге.

5510 Білмейтін ел болмады Абылайды,  
Бәрі де әділдікке жорғалайды.  
Қамалға қару алып қарсы шапса,  
Қызыл қан қылышынан сорғалайды.

Сөйлесем құба қалмақ заманынан,  
Белдеуден ат кеткен жоқ, қару жаннан.  
Сонда да қазақ елі жомарттықпен,  
Шілдеде қонағына тайын сойған.

Қазақтың осы кезде аруағы асты,  
Маңына жолай алмай «шайтан» қашты.  
5520 Тентекті тезге салып иландырып,  
Момынның зар жылаған көзін ашты.

Ханымы Абылайдың – Ғалдан қызы,  
Елде жоқ асып туған бір қырмызы.  
Жарасып ханымменен ынтымағы,  
Айналды анасына елдің де ізгі.

Гүлдежау аты өзгерді Қарақызға,  
Сай келді күн боп, ай боп ханымызға.  
Жанда жоқ сұлулығы бір асылзат,  
Құрметі артып тұрды, ел мен жұртқа.

5530 Қарақыз ханым болды асып туған,  
Ақылы дариядай тасып туған.  
Құдайым пиғылына бақыт беріп,  
Кешікпей жүкті болып, бір ұл туған.

Ол бала сол заманда асып туды,  
Көңілін дұшпандардың басып туды.  
Қарнынан анасының қан шеңгелдеп,

Қызартып екі көзін ашып туды.

Балаға Қасымхан деп қойды бір ат,  
Болмаған алты алашта бір асылзат.  
5540 Абылай баласына көңілі толды,  
Ел-жұртқа болады деп бір қолқанат.

Сол кезде қазақ-қалмақ соғыспады,  
«Дауды қыз, суды – деген шым ұстайды».  
Елге ұйытқы Абылай хан жарлығымен,  
Қазақ та қала салып қоныстанды.

Абылай оң мен солға барып жүрді,  
Алалық болса жөнге салып жүрді.  
Береке мен бірлікті өсиеттеп,  
Барған жерге ақылын жайып жүрді.

5550 Әр іске күні бұрын болжау қыпты,  
Қазақтың келешегін еске алыпты.  
Егіс сал, өнерге өрле, қалалы бол,  
Сен кімнен қор едің деп, жар салыпты.

Өнеге, кеңес айтып билеріне,  
Қарайды жылы шырай жүздеріне.  
Абылай ортадағы алтын қазық,  
Құп тыңдап құлақ салар сөздеріне.

Тең басқын ел алдында үзеңгіңді,  
Боласың алаласаң елге мінді.  
5560 Аулақ бол өтіріктен, өсекке ерме,  
Жауға тар, елге кең қыл пиғылыңды.

Парақор, ұрлық, зорлық, қиянаттан,  
Алыс жүр пайдасы жоқ жаман аттан.  
Байыпты, байсалды бол, көреген бол,  
Әр кезде аттамаңдар ар-ұяттан.

Айтатын тағы да бір сөзім мынау:  
– Қалмақ, қазақ, қырғыздар болмаңдар жау.  
Өзгерер болды кезі деп ойлаймын,  
Жер үшін, жесір үшін барымталау.

- 5570 Ежелден бөлінбеген туысымыз,  
Бір таудың мекендеген бұғысымыз.  
Киіз қалқа жамылып, шекпен киген,  
Кең жайлау, сахараның серісіміз.
- Үш туыс берекемен тең боп өтсек,  
Жауласпай, жағаласпай ел боп өтсек.  
Жау болса сырттан келер, қырғын салар,  
Таптатпас соларға елді дөң боп өтсек.
- Келеді бір жау төніп, темір ноқта,  
Мойныға салам дейді ойда жоқта.  
5580 «Чиң» атты шығыс жақта хан бар дейді,  
Кең тұсау, ұзын арқау елге тұтқа.
- Сол ханға сүйенейік қылмай қауіп,  
Бара алсақ алыс емес жолды тауып.  
Одақтас, тату көрші, дос болайық,  
Қақпасын олар дағы алмас жауып.
- Кеңесіп ел, биімен ақылдасып,  
Ақсарбас айтып сойып мақұлдасып.  
Елшіге адам сайлап жіберіпті,  
Қолына қағаз беріп, мөрін басып.
- 5590 Осындай жүргенінде арман өрбіп,  
Шығуға бір биікке көңіл бөліп.  
Жұлдызы аспандағы ағып түсті,  
Қасымхан жалғыз ұлы қалды өліп.
- Бұл қайғы Абылайға қатты батты,  
Төрт ұлы Қасымханның жетім қапты.  
Келіні жас Қарақас жесір қалып,  
Бурылдап қос қабағын қырау жапты.
- Қайғыны қайрат басып жаңылған жоқ,  
Қайғының тұйығына қамалған жоқ.  
6000 Хандықтың салтанатын тұрды асырып,  
Алты алаш билікке мін таға алған жоқ...
- Абылай өз ойына болған мықты,  
Алтындай бір арманды ойға бүкті.

Үйсінді бір айналып келейін деп,  
Ертіп ап Избастыны жолға шықты.

Кідірмей содан әрі жүріп кетті,  
Бірталай ел айналып күндер өтті.  
Айналып Самарқанға барған түні,  
Бір қызып, бір суынып ауырыпты.

6610 Жөтелсе қан төгілді ауызынан,  
Байқады ауруының беті жаман.  
«Дәм-тұзым дүниеден таусылды»,— деп,  
Сол күні-ақ күдер үзді шыбын жаннан.

Өткізді сұлқ жатып екі-үш күнді,  
Сөзден қап, төртінші күн тіл күрмелді.  
Жұмада бесінші күн ұлы бесін,  
Келмеске кетті сабаз – жұмды көзді.

Ешкімнің аузы бармай өлді деуге,  
Қазылған қара жерге көмді деуге.  
6620 Алаштың алты арысы үһіледі,  
Сумаңдап суық хабар елден-елге.

Абылай өтті сөйтіп көзден ғайып,  
Артына өшпестей қып үлгі жайып.  
«Өлім қайда болғанда топырақ сонда»,  
Бір тауға Самарқанда қойды апарып.

Шыбын жан бір-ақ ұшты бу секілді,  
Жығылды алтындаған ту секілді.  
Қылған іс, өткен өмір көңілде анық,  
Жоқтады бүкіл елі жыр секілді.

6630 Келіпті бауырым салып би Боранбай,  
Жиналды ел жақсысы тұтас қалмай.  
Қалыпты Бұхар жырау келе алмаған,  
Избасты естіртуге кетті солай.

Үйінде жатыр екен Бұхар жырау,  
Жасы асып, болғаннан соң жүзге таяу.  
Избасты сәлем беріп кірген кезде,  
Селк етіп көңіліне түсті қаяу.

– Ассалаумағалейкум, Бұхар жырау,  
Бермеуші ең тірі жанға сөзден бұрау.  
6640 Жорып бер, бір түс көрдім өте жаман,  
Боғы деп түс түлкінің бұрма шынды-ау!

Бар еді бір бәйтерек биік өскен,  
Мәуелеп биіктігі көкке жеткен.  
Миуалы бұтақтары түгел жеміс,  
Саясын барлық елім көлеңке еткен.

Түсімде сол бәйтерек кетті құлап,  
Тұрмастай қара жерде жатты сұлап.  
Ей, Бұхар, жорып берші бұл түсімді,  
Қарамай көңіліме мені сынап.

6650 – Арғында Ізбасты едің атың шыққан,  
Жаныңа жақын келген өнеге ұққан.  
Айрылып Абылайдан қалғанбысың,  
Қайғылы түсің жаман қабақ шытқан.

Абылай елге біткен бір бәйтерек,  
Халқына асқар таудай болған тірек.  
Ерлігі ел қорғаған – көлеңкесі,  
Миуасы – дана ақылы болса керек.

Бұхар жырау жырлады,  
Жырлап тұрып жылады.  
6660 Нұры кеткен көзінің,  
Көлдетіп жасын бұлады.  
Аппақ қардай сақалға,  
Нөсер боп жас құяды.

– Кешегі жүрген ханым-ай,  
Келтірген хандық сәнің-ай.  
Елге тұтқа болып ең,  
Разы етіп бәрін-ай.  
«Абылайлаған» ұраннан,  
Қайта қашты жауың-ай.  
6670 Егескеннен есе алар,  
Табушы едің жолын-ай.  
Бір шипасын таппадық,

Бір шыбындай жаныңа-ай.  
Сен өлгенше мен өлсем,  
Разы едім бәріне-ай.  
Тоқсан бес жасқа келгенде,  
Айрылдым сенен ханым-ай!

6680 Жас түсті беліме,  
Қайғы түсті еріме.  
Иесіз мал бақтырмақ,  
Болып едің еліме.  
Қалыңсыз қатын алдырмақ,  
Болып едің теңіне.

Жете алмай қалдың қайтейін,  
Арманның алғы өріне.  
Егін сап, қала құрмақшы ең,  
Көктем мен күзеу жеріме.  
Дәулетке елді кенелтер,  
Келмей де кеттің кезіне.

6690 Кеттің ханым арманда,  
Армансыз жан болған ба?  
Алдыңнан шықсын періштең,  
Қияметке барғанда.  
Кезігейік ханым-ай,  
Ұжмақта Мақшар таңында.

Тәңірдің ісін кім бұзбақ,  
Әуелде солай жазылмақ.  
Сендей батыр, данышпан –  
Хан бізге қайдан табылмақ.

7000 Таң қалып едім көргенде,  
Төле биде жүргенде.  
Сабалақ сары бала едің,  
Түркістаннан келгенде.  
Разы болдың оған да,  
Сабалақ ат сіңгенде.  
Атқосшы бала атандың,  
Бөгенбайға ергенде.  
«Абылайлап» жөнелдің,  
Жекпе-жек қалмақ дегенде.

- 7710 Сөзден ұттың қалмақты,  
 Сен емес теңім дегенде.  
 Бір Құдайдан тіледім,  
 Шарышқа кезек бергенде.  
 Сағымдай тездік істедің,  
 Шарышқа таман төнгенде.  
 Денесінен айырып,  
 Желкеден басын бөлгенде.  
 Дулығасы сыныпты,  
 Басын жерден ілгенде.
- 7720 Әбілмәмбет қуанды,  
 Жауды жеңіп келгенде.  
 Жас алған еді көзіне,  
 Туысқанын білгенде.  
 Елді жиып той қылды,  
 Галденнен аман келгенде.  
 Разы болды барлық ел,  
 Хан тағын саған бергенде.  
 Айрылып қалдым өзіңнен  
 Жетпіс үш жас кезінде.
- 7730 Елге болдың бір шырақ,  
 Ақылың дария, бір бұлақ.  
 Сендей батыр үлгі айтар,  
 Хан қайдан бізге табылмақ.  
 Әуелде солай жазылса,  
 Әмірін Алла кім бұзбақ.  
 Басы жұмыр пендеге,  
 Ақыры өлім бір болмақ.  
 Разы бол еліңе,  
 Торқаң болсын топырақ!
- 7740 Жаннатқа жаның барғанда,  
 Дүлдүлден мін бір пырақ.  
 Алдыңнан Алла жарылқап,  
 Бейіштен берсін бір тұрақ.  
 Бұхар жырау тоқтады,  
 Солқылдап, өксіп көп жылап.
- Қайғырды би мен сұлтан жерді құшып,  
 Батырдың белі босап, қабақ түсіп.  
 Мұңайды шешен менен шежірелер,  
 Зар-мұңды домбыра, қобыз күйге қосып.

Бірталай содан бері өткен заман,  
Жас өсіп, жарлы байып, ел жаңарған.  
Жыр ертек, ертең жыр боп бірден бірге,  
Қиссасы Абылайдың бізге қалған.

Болады көзден ғайып өлген дене,  
Мұхитқа секілденіп шөккен кеме.  
Қашанда үлгілі іс елмен бірге,  
7757 Дене өлсе, өнегені өлді деме!

## ЕЛ ҚОРМАЛЫ – ЕР АБЫЛАЙ

Өмірге ғасырлардан ғасыр жалғап,  
Зуылдап өтіп жатқан жылдарға арнап.  
Сөз қозғап, ой толғасаң сан дәуірдің  
Тағдырын тебіренесің бірден толғап.

Еліңнің ерлігіне сүйінерсің,  
Қан кешкен тақсіретіне бүгілерсің.  
Ой салып тебіrentетін қасиеттерін  
Талпынып танымасаң не білерсің?!

10 Бұл дүние талабы көп, талдауы аз,  
Күлгенге бір күн ойнап боламыз мәз.  
Ұрпаққа бабалардай қайғырмасаң,  
Болмай ма елдігің аз, артың таяз?

Көшпелі ел өмір кешкен жазиралы,  
Жаратылыс байлығы – қазыналы.  
Аспаны ән шырқатып, сән түзеткен,  
Көз тартқан қысы-жазы аққу-қазы.

20 Жағасы бал қамысты, нулы құрақ,  
Еншісі, көк еркесі тапқан тұрақ.  
Өсіріп көгілдірін көл бетіне,  
Жүздіріп өсіретін, қауырсын сап.

Құстар ғой көлдің көркі, әлем көркі,  
Самғаса көк жүзінде өзінде еркі.  
Менің көркем ортамның қымбаттысы,  
Әйгілі күллі әлемге құдіреті.

Тау-далам, асау өзен ақ өркешті,  
Гүрілі тынған емес ерте-кешті.  
Су бүркіп, алабына тірлік беріп,  
Санаңа сәуле құйған сан үлесті.

30 Жатқан ел мекенді жер күй алқалап,  
Өзінше құрған түзеп сән-салтанат.  
Түрленіп көгалалы көк бөктері,  
Жамылып жататұғын жасыл манап.

Көшпелі ел – қазақ халқы өскен солай,  
Замана жетсе дағы сан солақай.  
Тұрағы ұлан-байтақ Орта Азия,  
Алысқан мекені үшін талай-талай.

40 Асты кен, үсті орман, қыры киік,  
Кең қоныс ырыс толы жатқан үйіп.  
Тасы алтын, түгі торқа, өрісі мол,  
Бабалар қоныстаған таңдап сүйіп.

Сегіз бен және оныншы ғасырлардан,  
Бар шығар (мен білмеймін) онан да арман.  
Ел еді ірге бүтін, жері даусыз,  
Тыңдасаң шежіреден, тарихтардан.

Адамзат кейде олай, кейде былай,  
Замана жаугершілік туды талай.  
Дәуірдің сан толқыны соқса дағы,  
Бұл қазақ тартты өз көшін ауытқымай.

50 Еліне ерлігі сай, ата салты,  
Куә оған ата тегі, бүгінгі арты.  
Ежелден тілі, ділі бірлігімен,  
Әлемге момын елдің жетті даңқы.

Осылай толықсытып толғау жайын,  
Шындықтың бір мысалын қолға алайын.  
Елі үшін еңіреп туып, ер боп өткен,  
Мәңгілік еске алады ел Абылайын.

60 Астында ашық аспан сағым салған,  
Айдын көл алабынан мұнар шалған.  
Өскен ол осы ортаның естісі боп,  
Қазақтың туын ұстап, мұра қалған.

«Бұрынғы құба қалмақ жылдары» деп,  
Соғатын шежірелер талай ертек.  
Қан кешу ғасырларды көктей өтіп,  
Ерімен Абылайдай жиды ел етек.

Алтайдан, Көкшетаудан, Алатаудан,  
Бабалар жеңіс алды талай жаудан.

Елдігі мен ерлігін өнеге етіп,  
Осы ұлын сонда өзінің ұйытқы қылған.

70 Шапқыншы жоңғарларға дөп келгенде,  
Қапия халық қалды боп шерменде.  
Жағдайын осы жайдың баяндайын,  
Бұл өзі тыңдарманға көп серменде...

XII-XIII ғасырларда дәуірлеген Шыңғыстың немересі Бату қазақ даласын басып алып, Алтын орданы орнатты. XIV ғасырда Алтын орда хандығы құлап, қазақ даласында Әбілқайыр ханның билігі тіктелді (ол тұста өзбек, қазақ болып бөлінбеген.) Шыңғыс ұрпақтары билеген жерді олл тұтас өткізіп ала бастады.

Орта Азиядағы Ташкент, Самарқан, Бұхар, Хиуа қатарлы көптеген қала арт-артынан Әбілқайыр ханның қолына өтті. Қала маңындағылар отырықтасып егіншілікпен, қолөнер кәсіппен шұғылданды. Халықтың бір бөлімдері көшіпенділер атана бастады. Сөйтіп отырықшылар «өзбек» аталып, көшіпенділер «қазақтар» атанды.

1448 жылы Әбілқайыр өлді. Орнына таққа отырған Мұхаммед Шайбани болды. Қазақ сұлтандары Жәнібек пен Керей оған байұсынбай, Шу өзенінің бойында дербес тұрды. Содан қазақ сұлтандары мен өзбек хандары арасында қырғи қабақтық өмір сүріп, Түркістан өлкелері араларында қақтығыстар болып тұрды. Алайда, өзбек, қазақ хандары тұқым жалғаған билігін жалғасты жүргізе берді.

Жәнібек сұлтан әз Жәнібек хан атанып, қазақты баса биледі.

Мұрындық хан Керей сұлтанның баласы, әрі жаугер, ақыл-парастты болғандықтан «Қырдың құдіретті ханы» атанды. Әз Жәнібектен кейін Қасым хан болды. «Қасым ханның қасқа жолына» мұрагерлік етушілер болып Мамаш хан, Таһыр хан, Қақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, әз Тәуке хан шықты. Жәңгір хан өлгенде хандық тағын моңғұләйелінен туған ұлы әз Тәукеге берді. Осыған өкпелеген үлкен ұлы Уәлибақы Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханның әскерін басқаратын сардар болды. Ол соғыста қолға түскендерді жәбірлеудегі қатыгездігімен «қан ішер Абылай» атанады. Қан ішер Абылайдан Көркем Уәли туылады. Көркем Уәли жас өліп кетеді де, одан жалғыз ұл Әбілмансұр қалады.

Сол тұста Үргенішті жау шауып, Көркем Уәлидің бір адал құлы ептеп жүріп 12 жастағы Әбілмансұрды Ұлы жүз еліне аман жеткізіп салады.

Ұлы жүздің Төлесі –  
Ел қамқоры, ел есі.  
Ұлы жүздің айдары,  
Төремен тең төбесі.

- Досына ашық құшағы,  
Жауына жүрдек жебесі.  
Онсыз шешім болмаған,  
80 Бүкіл қазақ кеңесі.  
Сол Төле би бір жолы,  
Келе жатып сапардан,  
Сахарада татарған,  
Құлазыған құла түз,  
Құлан жортпас атанған,  
Бір бейбаққа кезікті,  
Осы иен жапаннан.
- Ми қайнаған ыстықта,  
Күйіп жатыр айнала,  
90 Құм үстінде шалқадан,  
Ұйықтап жатыр сары бала.  
Сары баланы көргенде,  
Тізгін тартты таңдана.

*Би айтты:*

- Әй, жарандар, жарандар!  
Бұл балаға қараңдар!  
Кісі болар кісіні,  
Кісесінен таныңдар.  
Ат болатын құлынды,  
Мүшесінен таныңдар.  
100 Бұл баланың бойында,  
Лапылдаған жалын бар.  
Бұл баланың ойында,  
Жанып тұрған сағым бар.  
Төрт тарапқа көсілген,  
Қол-аяғын қарашы!  
Менікі деп жатқандай,  
Көк пен жердің арасы.  
Көңілінде жатыр-ау,  
Күйігі мен наласы...  
110 Сала-сала сүйріктей,  
Саусағына қарашы!  
Мынау жалған өмірге,  
Бересі де аласы,  
Бар сияқты таласы.

Қара шағыл, қара сор  
Тілімдепті табанын.  
Бұта, бүрген, тораңғы  
Жалбыратып балағын.  
120 Ауыр жолдың бұл бейбақ  
Аз тартпаған азабын.  
Жастайынан көріпті  
Жалған дүние мазағын.  
Сонда да ала алмапты  
Алпамыстай ажарын.  
Мен ойласам, мен білсем,  
Біздің қазақ халқының  
Осы бала білемін,  
Кәдесіне жарарын.

130 Оятыңдар баланы,  
Қатты сөйлеп шошытпай.  
Сипай-сипай сауырға,  
Тарта келіп бауырға,  
Ап жүріңдер ауылға...

Би ертесі баланы  
Ордасына алдырды.  
Астына сырмақ салдырды,  
Жаман тонын қалдырды.  
Өн бойына сәп салып,  
Жанарына қарады.  
140 Балаға көңіл толады,  
Жөн сұрап сөз салады:

– Есімің кім?  
– Білмеймін.  
– Руың кім?  
– Білмеймін.  
– Әкеңнің аты?  
– Білмеймін.  
– Шешеңнің аты?  
– Білмеймін.  
150 – Білмейсің бе, бұл қалай?  
– Ес кіргелі жетіммін,  
Ата-анам жоқ, панам жоқ,

Оны ойланар санам жоқ,  
Ақыл берер бабам жоқ,  
Өмірім өткен алаң боп.

- Аты-жөнің білмесең,  
Ата-анаңның жоқтығы.  
Ата тегің білмесең,  
Шығады ердің көп міні.  
160 Күн артынан күн туар,  
Жетімдігің ұмытылар.  
Жыл артынан жыл туар,  
Ата тегің бір шығар.  
Атыңды мен қояйын,  
Бейнеңе қарап бағалап.  
Әзірше болсын «Сабалақ»,  
Айтқаным емес табалап.  
Жақсы болсаң шығарсың  
Бүкіл елді ағалап.  
170 Жаман болсаң жүрерсің  
Жер ошақты жағалап.  
Батыр болсаң шығарсың  
Тұлпарыңды тағалап.  
Осы елге де керек қой  
Сен сияқты азамат.  
Өз ауылың – ос ауыл,  
Өз мекенің – осы жер.  
Осы жерде өскен ед  
Талай-талай есіл ер.
- 180 Төле би мен Сабалақ  
Осылайша келісті.  
Бірі – әке, бірі – ұл,  
Уағдасын берісті.  
Сабалақ өсе бастады,  
Ат жалында алысып,  
Құрбылармен қағысып,  
Шекісіп те, табысып,  
Есе бермей басқаға,  
Өз ісінде қарысып.  
190 Әрі өжет, әрі өткір,  
Жас болғанда жалынды.  
Бесті асаудай арынды,

Тасқын судай ағынды.  
Жан-жағын жалт қаратып,  
Жамағатқа танылды.  
Мұны көріп Төле би  
Кей ісіне бағынды.  
Сонда бидің әйелі  
Ой түбінен ойланды,  
200 Ойланды да толғанды.  
Өскен сайын өр шалқып,  
Бой көрсетіп толғамды,  
Бас ұрмайтын ешкімге,  
Ақылды жетім боп алды.  
Билігін алып Төленің,  
Түбінде елін билеймін –  
Деп жүрмесін осы деп,  
Әйелі оймен түнерді.  
Мынау елді билесе,  
210 Салауатын арттырар.  
Бар баламды қомсынып,  
Ел ішінде шарқ ұрар.  
Төле би қайда, ұл қайда?  
Есеге сонда кім тұрар?  
Бәйбішенің көңіліне  
Күншілдік кірді, жын кірді.  
Тарғыл мысық – іштарлық,  
Жүрегін жалап үлгерді.  
Биге де айтып, сөз салып,  
220 Берекені бүлдірді.  
Мұны естіген Сабалақ,  
Не қылдым деп бұл құрлы,  
Ренжіп іштей, жай жүрді.

Орта жүзде – арғында  
Темір атты бай бопты.  
Құдай берген дәулеті,  
Төрт түлігі сай бопты.  
Бермесе Құдай амал жоқ,  
Бір балаға зар бопты.  
230 Алса дағы үш әйел  
Құрсақтары тар бопты.  
Он мың жылқы Темірде  
Иесіз жатқан мал бопты.

Ойласа Темір осыны  
Ішкен асы зәр бопты.  
Күрсінгенде көкіректен  
Күйікті лебіз шығыпты.  
Тіпті кейде қасіретпен  
Бас көтермей бұғыпты.  
240 Бала жоқтықтан өле ме,  
Күңірене жүріпті.  
Төле биде «иесіз  
Жетім бар», – деп ұғыпты.  
Ұғысуға бименен,  
Жоралғымен шығыпты.  
Жолдасымен жолшыбай  
Жолына шатыр тігіпті,  
Балаға бопты үмітті.

250 Торғын тоны күлбіреп  
Төле би тұрды қыратта.  
Самал шайқап сақалын  
Күн салып қарады ұзаққа.  
Қос-қос атты қосарлы  
Жолаушы келеді жырақта.

Бидің тұрған қасында  
Топты жігіт көз салды.  
Ат деренің қасынан  
Қонақтарын қарсы алды.  
Төле мен Темір құшағын  
260 Кере жайып көрісті.  
Иыққа-иық айқасып,  
Кеудеге-кеуде тиісті.  
Алақанға-алақан –  
Қолдар ыстық қабысты.  
Кеш самалы шайқаған  
Ақ сақалдары келісті.  
Ордаға кірді аяңдап,  
Бәйбішеменен көрісті.  
Амандық сұрап, танысып,  
270 Ата-текті білісті.

Ат соғып келген Темірге  
Орданың төрі жайланды.

Көрпе, жастық қос қабат  
Бәйбіше қойды қормалды.  
Бай менен би аздан соң  
Әңгімеге айланды.  
Түнімен кеңес қозғады,  
Сөйлескен сайын қоздады.  
Батырдан сөзді бастады,  
280 Бірі айтып, бірі қостады.  
«Заман солай өтті!» – деп,  
Күрсініп кейде тоқтады.  
Балуанды сөз ғып мақтасты,  
Жүйрікті де қозғап тастапты.  
Осының бәрін айтса да,  
Темірдің көңілін ашпапты.  
Түнді таңға жалғады,  
Таңды кешке оздырып.  
290 Айтыла берді әңгіме  
Бірінен-бірін қоздырып.  
Темір отыр жетімге  
Көз қырын салып, байқастап.  
Бәйбіше отыр орайда  
Жетімді кекей, ойқастап.

Бай бір күні мұң шақты,  
Мұңында терең күй жатты.  
– Биеке, баста мұңым көп,  
Тыңдаңыз, – деп үн қатты.  
300 Иен мал көп, ие жоқ,  
Қасіретім сол қатты.  
Жетіміңді маған бер,  
Тонды бала қылайын.  
Өсірейін кемітпей,  
Қасіретім шықсын иләйімі!  
Үш әйел алдым бала үшін,  
Бір шыр еткен көрмедім.  
«Тәңірдің ісі», – деп қана,  
Күңіреніске әбден көнгенім.  
310 Балуан да едім, батыр да,  
Сол болды ақыр көргенім.  
Иен мал жатыр далада,  
Жомарттығым – бергенім.  
Бар болып маған көрінбес,

Дүниедегі тергенім.  
Алдыңа осы, биеке,  
Мұнымды шаға келгенім.

320 Темірдің мұңын би танып,  
Толғанып отыр ойланып.  
Әйел сөзі есінде  
Айтылған талай сұрланып.  
Жетімін де байқады,  
Кейістеу жүрген мұңданып.  
«Берейін», – деп ойланды,  
– Жетімегім! – деп сөз салды, –  
Мына байға бала бол!  
Бала болсаң дана бол!  
Баласы жоқ бай екен,  
Өзіңдей жасқа зар екен.  
330 Жоқтығынан баланың  
Заманасы тар екен.  
Риза болсаң баруға,  
Қалмасаң деймін налуда.  
Мен берейін батамды,  
Ұмытпассың атанды!

Төле бидің алдына  
Сабалақ келіп жүгінді.  
Жүрегінде сақталған  
Айтпақшы болды бір сырды.

340 – «Әбілмансұр» еді нақ атым,  
Сол атымды атап беріңіз.  
Ризамын сізге, би ата,  
Еркін болды төріңіз.  
Шертпедің мені маңдайға,  
Осы еді нақты шынымыз.  
Екі жыл қандым мейірге,  
Ұмытылмас ата мұныңыз.  
Қайда-қайда барсам да,  
Темірге бала болсам да,  
350 «Бірге өтіп жатыр» деп білем,  
Түніміз бен күніміз,  
Мен әлі сіздің ұлыңыз...

Ата-бала қоштасты,  
Орта жүзге жол тартты,  
Қала берді Ұлы жүз.

Ер еді Темір көреген,  
Ашық қолды – береген.  
Досына достай үйірілген,  
Дұшпанын қойдай иірген.  
360 Ақ болат сауыт бөктерген,  
Жасында жауды көп көрген.  
Халқының мұңын ескерді,  
Ойына орай – дес берді.  
Көңіліне жаққан бір ұлды  
Тәңірі оған кеш берді.

Еліне жетті қуанып,  
«Ұл таптым», – деп уанып.  
Қалжасы деп қой сойды,  
Қысыр емген тай сойды.  
370 Баршаға хабар жеткізіп,  
Өткізді үлкен бір тойды.  
Көл-көсір пейілі кеңіпті,  
Қасіретті ойын жеңіпті.  
Елі, жұрты жиналып  
Шашуын шашып беріпті.  
«Темірдің тонды ұлы» деп,  
Танысып бәрі көріпті.  
Салмақты – сабаз, байсалды,  
Керме иық, кербез, көрікті,  
380 Салалы саусақ, бұлшықты,  
Жауырынды, төстек, иықты,  
Денелі, сандал, жұп-жұмыр,  
Сымбал бойлы – тұрықты,  
Кең маңдайлы, қалың қас,  
Көрінді елге орнықты.

Бірі дос байға, бірі жау,  
Өмір ғой солай жұлысқан.  
Темірді біреу қолдаса,  
Бірі онымен ұрысқан.  
390 Кімдер жоқ дейсіз дүниеде,  
Іші тар көп қой тырысқан.

Баласы жақсы болған соң,  
Бос қалды көп сөз, көп дұшпан.

Жекеде жаумен сайысқан,  
Қабырғасы қайысқан.  
Тілеуі Темір дұрыс кеп  
Әбілмансұрмен табысқан.  
Ұлғайған шақты құшағы,  
«Балам!» деп қатты қабысқан.

- 400 Туған ұлдай көріпті,  
Билігін түгел беріпті.  
Елі-жұртын қабылдап,  
Дегеніне көніпті.  
«Тонды ұлы» елге дегізбей,  
Әбілмансұрге сеніпті.  
Он бес жасқа шыққанда  
Әбілмансұр аттанды,  
Отарға айдап он мыңды,  
Қос басы болып баптанды.
- 410 Қару-жарақ асынып,  
Сақадай сай саптанды.  
Жылқышыларын ширатып,  
Жаңалап жұмыс атқарды.  
Құла серік ат мінді,  
Ат кекілін шарт түйді.  
Оймақ ауыз, күлім көз,  
Қыпша белден жар сүйді.  
«Жау жоқ», – деп жүрмей жадағай,  
Жау-желеңнен сақтанды.
- 420 Алыстан шолып торуға  
Жылқышыдан топ құрды.

- Осылай еркін тұрыпты,  
Сейіл-серуен құрыпты.  
Қылыш-найза үйірген  
Жылдар ғой бұл да бүлікті.  
Күндердің бір күнінде  
Қосында бейғам жатқан-ды.  
Асығыс тұрды орнынан  
Алыстан естіп «Аттан!»-ды.
- 430 Құлагерге ер салып,

Әбілмансұр да аттанды.  
 Жортуыл – қырық қарақшы,  
 Айғайы алып алапты.  
 Жылқыға тиіп, шетінен  
 Еңсере қуып барады.  
 Жылқышылар айқасқан  
 Шетінен саптан қалады.  
 Үстем болып қарақшы,  
 Қан жоса етті даланы.  
 440 Шұрқыраған жылқының  
 Жер жарып дүбір-табаны.  
 Қою шаңды үйіріп,  
 Төңкеріліп барады.  
 Күшіне сенген жортуыл  
 Елуге жуық адамы.  
 Артында барад дәу қара,  
 Кере құлаш садағы.  
 Топ құрап жеткен жылқышы  
 Қуғынның алдын орады.  
 450 Айғай-шу, ұран, дүбірі,  
 Оңай ма оның бораны.  
 Қуғыншы мен қарақшы  
 Айқасуға таяды.  
 «Жеке!» – деп шапты дәу қара,  
 Қолында жау жарағы.  
 Кім шыдар екен «Келсін!» деп,  
 Жылқышыларға қарады.  
 «Қан құсасың келсең!» – деп,  
 Ақырып айғай салады.  
 460 Әбілмансұр мұны естіп,  
 Булығып қатты қалады.  
 Садағын іліп қарына,  
 Қорамсаққа қол салады.  
 Жаны ашып жасқа, жалғызға,  
 Жалтақтап достар қарады.  
 Дәу қара көзге ілмеді  
 Он бестегі баланы.  
 Қайтар емес жасқанып  
 Ашынған жастың ажары.  
 470 Толғана тартқан адырна,  
 Иіліп садақ барады.  
 Суырылып шыққан сұр жебе –

Дәу қараның ажалы.  
Көздеп тартқан қол мерген,  
Кеңірдектен қадады.  
Бейбіт жатқан бейуаздан  
Қайтты жаудың ажары.  
Жортуылшының сенгені –  
Дәу қара аттан құлады.

480 Он төртінде сөз ұстап,  
Он бесінде жау алды.  
Темірдің мына «тонды ұлы  
Жігіт болар түбінде  
Бұзатұғын қамалды», –  
Деген сөз елге таралды.

Кезінде қазақты ойсырата жоюға аттанған Дабатси бастауындағы 30 мың қолды атақты салқам Жәңгір хан жоңғар қақпасында меңдете жеңіп, айдап салған еді. Бұл 1680 жылдар шамасы болатын. Осыдан соң жоңғарлықтар бас көтере алмай, екі ел арасы тыныш тұрған.

ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегінің алғашқы жылдарына дейін моңғұл-қазақ ортасында ұсақ-түйек қақтығыс болмаса, халық тарихына дақ салған жойқын жорық болмаған-ды.

Бұл тұстарда ішкі жағынан дәуірлеп жатқан Жоңғариядағы шораштарды, қошуттарды, дөрбіттерді, торғауыттарды, ұранқайларды құрамына алған 95 сұмыннан құралған ойраттар хандығы жоңғар (сол қанат немесе сол қол) хандығын құрған еді. Олардың жер көлемі көп, күші мығым болды да, жан-жағына шабуыл жасаумен атын шығарды. Әсіресе, хандық басына шыққан Бату Қуаң тәйжі, Сінгі Рабдан, Халдан Серен, Әмірсана қатарлы бірнеше ұрпақ 1723 жылдарға дейін қазақ даласына арт-артынан шабуылдап, қырғынға ұшыратып, халық басына қасіретті күндер туғызып келді.

Сол дәуірдің алтын айғағындай еліміздің жүрегінде мына әндер сақталған-ды.

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Жетім тайлақ боздаған көшке ереді.  
Бауырластан айырылған қиын екен,  
Қара көзге мөлдіреп жас келеді.

490 Мынау заман қай заман – қысқан заман,  
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.  
Шұбырған ізіңнен шаң борайды,

Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мынау заман қай заман – бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман?  
Қарындас пен қара орман еске түссе,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын...

Халдан Серен ханның өсіп-жетілу желігі көтерілді. Әскерінің саны елу мыңның үстіне шықты. Қолбасшы батыры, әрі күйеу баласы Шарыш өз заманының қаһарлы, бет алдынан жауы жасқанатын салауаттысы болды.

Шарыш жекпе-жекке шықса, «Мен барамын» деп шығатын моңғұл, қазақ, қырғыз, тіпті түрік тұқымдастарынан ешкім болмады.

Моңғұл, қазақтың аңызында сақталғанындай:

- Кесер басы қазандай,  
Ақырса тауды бұзардай.  
500 Айдары желі тоқпақтай,  
Жауырыны қақпақтай,  
Кеудесі кең есіктей,  
Иығы керген төстіктей.  
Тұлғасына қарасаң,  
Болаттан құйған кесіктей.  
Осқыртып тұлпар мінгенде,  
Тұрмайды жауын сескентпей.  
Қару мен майдан алғанда,  
«Жеке!» деп айғай салғанда,  
510 Айдынынан жасқанып  
Шықпаған ешкім майданға.  
Сыртынан жауы жасқанып  
Қаруын тастай салғанда,  
Қойша иіріп әскерін,  
Алдына ханның барғанда,  
Халдан Серен қасқарып  
Жау тағын тартып алғанда,  
Қалың қолға танытып,  
Сиғызбай мақтап жалғанға:  
520 «Біз алмас жау жоқ, – дейтұғын, –  
Шарыштай батыр тұрғанда».

Орта жүз алты арыстың ханы Әбілмәмбет тұсында әбден желіккен Халдан Серен енді қазақ даласына жойқын жорық жасап, оларды бүкілдей өзіне бет қаратпастай жеңіп, құлдануға қалың қолын Шарышқа басқартып, өзі көзбен көруге бірге аттанады. Бұл жойқын жорықты алдын-ала естіген

Әбілмәмбет хан Орта жүз алты арыс баласына жар салып, шабармандарын шаптырып, қос-қос атпен аттандырады.

Қол бастап әрбір тайпа, ұлыстардың батырлары келуін бұйырады. Бас қоса алмай қырғындалған 1721-1723 жылдардағы «Ақтабан шұбырындыдай» болмауды ескертеді.

Ханның жарлығы жеткен елдің басшылары мен батырлары дайындық көріп, арт-артынан Әбілмәмбеттің тобына қосыла береді.

Тек қана хабарлана алмаған мойны қашық қоңырат тайпасы келе алмайды.

Көршілес-қоныстас отырған Кіші жүз, Ұлы жүздің басшылары мен батырлары аттанып, Әбілмәмбет ханның үстіне жиналып болғанша, Халданның қалың қолы да жетеді.

Қазақтың туын тіккен батырлары,  
Сап түзеп жауға қарсы жатыр бәрі.  
«Жеке!» деп батыр Шарыш аттанғанда,  
Майданға шабар екен қайсылары?

Шарыштан «Жеке!» деген айғай шықты,  
Майданға көрсетіп тұр өктемдікті.  
Қазақтың алғаш шыққан батырларын,  
Шыдатпай арт-артынан түсіріпті.

530 Қазақтың арындаған алыптары –  
Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Малайсары.  
Қызынып қарт Бөгенбай сұп-сұр болды,  
Майданның қоздырғандай қарт аруағы.

«Жеке!» деп Шарыш батыр әруақтанды,  
Төрт-бесін қазақтардың найзалады.  
Қаһарлы Қабанбайдай, Бөгенбайдай  
Батырлар өз тобында қаруланды.

Майданда Шарыш батыр жалғыз қалды,  
«Жеке! Жеке! Жеке!» деп атой салды.  
540 «Келе бер ажалыңа асыққаның», –  
Деп тағы қаһар шашып қатуланды.

«Жекеге кім шығар?» – деп Әбілмәмбет,  
Айнала әрбір топқа көзін салды.  
Алдына «Алдияр!» – деп бір жас келді,  
Жетелеп шылбырынан құлагерді.

Иілді рұқсат сұрап «Хан ие! – деп, –  
Батаңды бер, майданға тартам», – деді.  
Жалт қарап Әбілмәмбет жас жігітке,  
От шашқан көз нұрынан үміттенді.  
550 Бір қарап көпшілікке, қолын жайып:  
«Аруағы батырлардың қолда!» – деді.

Құла жирен, құлан жал,  
Қаз мойын тұлпар мінгені.  
Ақ берен асыл топсалы,  
Жеңсіз сауыт кигені.  
Рұқсат алған жас батыр,  
Жауына тұрды жүргелі.  
Ақырып тұрған Шарыштан  
Именуді білмеді.  
560 Қабанбай және Бөгенбай  
Жақын келді көргелі.  
Қайратына сүйініп,  
«Жарайтын жас қой ер!» – деді.

Атылып шықты тобынан,  
«Абылайлап!» – ұрандап.  
Көз тікті шыққан батырға  
Қазақ та қалмақ – екі жақ.

Қаз мойынын создырып,  
Тұлпардың бүйірін қыздырып,  
570 Ұзақтан қайта оралды,  
Шарышқа найза үйіріп.

«Кезегім бер!» – деп ақырды,  
Кезегіне шақырды.  
Шарыштың атқан найзасын,  
Айбалта ұрып сындырды.

Садақтарын тартысып,  
Тауысып болды жебесін.  
Ырғай-ырғай адырна  
Қанатты қолдың көбесін.  
580 Тұлпарлары қарғысты,

Найзалы қолдар қарысты.  
Айбалтамен қағысты,  
Жібермеді намысты.

«Теңдесті», – деді қазақтар,  
Сыртынан қарап аяндап.  
Қарт Бөгенбай ақырды,  
Аруағын қозғап «Маян!»-дап.

Қазақтан шыққан жас батыр,  
Көрсетті талай әдісті.  
590 Асқынып тұрған Шарыштың.  
Айласын әбден тауысты.

«Жеке!» леп бесті түсірген,  
Теңдесім жоқ деп лепірген,  
Қабанбай мен Бөгенбай,  
Шығады деп жекеге,  
Кетпеуші еді есінен.  
Жекеге шыққан жас берен,  
Сайысқан сайын есілген.  
Шарыш та байқап батырды,  
600 Тәубасын еске түсірген.

Бұрханына сиынды,  
Аруағын бойға үйірді.  
Сан рет қозып, сан шатынап,  
Арыстандай ақырды.  
Тына қалды атырап,  
Баршындай берді дауысы.  
Тұлпарының қарғуы  
Барған сайын бәсеңдеп,  
Төменшік тартты шабысы.

610 Жас батырдың білегі,  
Жолбарыстай жүрегі.  
Үсті-үстіне үстеме,  
Үдеген сайын үдеді.  
«Абылай!», тағы «Абылай!»,  
Үн қосты оған көп айғай.  
Қол бастап келген батырлар –  
Тайлақ, Саурық, Райымбек,

Бақай, Малай, Олжабай,  
Қонақкелді, Қойкелді,  
620 Байсейіт, Есен, Ерсатай,  
Малайсары, Қыстық батыр, Ержантай,  
Көкжал Барақ, Қабанбай,  
Қарт Бөгенбай – қас батыр,  
Әруақты ұран – Маянбай,  
Әруақтарын қоздырды.

«Абылай!» десті, «Абылай!»  
Құла жирен, құлан жал  
Сауырынан шыққан ақ көбік  
Тірсегіне ақты тамшылай.

630 Жас періге қазақтар  
Сүйіне берді әруақтап.  
Жау желігі сәлденді,  
Сөзінің қалмай дәрмені,  
Жүрегі барад қалтырап.  
Майданға түгел көз тікті,  
Екі жақ түгел жамырап.

Шапқан жері ор болған,  
Тұяқтары күректей.  
Тұлпарлар да бұрлықты,  
640 Азу тісі білектей.  
Кеудемен де соғысты,  
Арыстан жүрек – құдіреттей.  
Арандай ашты ауызын,  
Тік шапшыды теректей.

Айбалталар кетілді,  
Найзалар да шетілді.  
Екі батыр егескен  
Екі алып дәу секілді.  
«Теңдесті»,– деді батырлар,  
650 Жас батырын бағалап.  
«Абылай!» десті, «Абылай!»,  
Ұранын қозғап ағалап.  
Айбалта тиді Шарышқа  
Дәл кеуденің өзінен.  
Топсалы сауыт қақырады

Балтаның асыл жүзінен.  
Айналып найза шаншылды  
Айбалта жыртқан ізімен.  
Үш қырлы найза қадалды  
660 Қақ жүректің тұсынан.  
Ат сауырына мінгізіп,  
Үрейін жаудың қашырған.  
Әкіреңдеген мықтыдан  
Қуатын батыр асырды.  
Суырғанда найзасын  
Атының жалын құштырды.  
Қылышпен шауып мойнынан  
Кеудеден басын ұшырды,  
Шарышты аттан түсірді.

670 Халданның қолы төгілді,  
Жер жүйесі сөгілді.  
Қазақ пен қалмақ айқасып,  
Қара жер қанға бөгілді.

Құйылды солдан Бөгенбай,  
Қалың қол бастап Қабанбай.  
Шапырашты Наурызбай,  
Жұрынтай би, Боранбай,  
Қаз дауысты Қазыбек.  
«Көрсетем, – деп, – құдірет!»  
680 Арғында Шақшақ Жәнібек,  
Шұбырынды болған ежелгі,  
Көңілінде ескі кек,  
Бердіқожа, Шанышқұл,  
Ақтамберді, Ершонек.  
Шыңқожадан Райымбек,  
Ер Қосай, тағы Жобалай.  
Қолбасы – ер Қасабай,  
Қаптағайдан Қара Шоқай.  
Жәдіктен келген ер Жантай,  
690 Байтайлақ және Бұқарбай.  
Ұрандап шапты керейлер,  
Жеңістің жолы осылай.  
Жұмықтан ер Дәулетбай,  
Батырлары қазақтың  
Еліне тұтқа болғандай!

«Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды».  
Жағадан сауыт айырылып,  
Найзалар сынды майырылып.  
700 Айбалта қалды қайырылып,  
Қайсыбір нашар жасақтар,  
Өз санынан айрылып.  
Ақырзаман болғандай,  
Күңіренді жер жаңғырып.  
Адасқандай есінен,  
Кейбіреу қапты мәңгіріп.  
Жебелер қалды үйіліп,  
Адырна қалды қиылып.  
Ат тұяғы қан болды,  
710 Өліктен тұлпар сүрініп.

«Абылай!», тағы «Абылай!»  
Жер күңіrentкен көп айғай.  
Жауды алға салады,  
Қос бүйірден алады.  
Қою шаң басып кең даланы,  
Көшкіндей жөңкіп барады.  
Жебедей жерге шым батты,  
Асқынған жаудың араны.  
Қалмақты ұран қуғандай,  
720 Көтеріп еңсе тұра алмай,  
Жосыды, солай жосыды,  
Атының мойнын бұра алмай.  
Қаһарлы Халдан ашулы,  
Ашумен қабат сасулы.  
«Абылай!» деген ұраннан  
Қалайда бүгін жасыды.  
Қатарда жүрген Шарыш жоқ,  
Басқасын көзге ілмеді.  
Қорғаушылар ханына  
730 Не істерін білмеді.  
Абылайлаған көп ұран  
Құлағын ханның шулатты.  
Шарыштың өлім құшқаны  
Жүрек қанын мұздатты.  
«Абылай көктен түсті ме?» –

740       Деп әркімге тіл қатты.  
               Ызалы кекті үнінде  
               Мың батпандай зіл жатты.  
               Қолға түскен жасағы  
               Топ-тобымен айдалды.  
               Бір жағында аттары,  
               Қос тізгіннен байланды.  
               Төбе-төбе үйді әкеп,  
               Найза, қанжар – сайманды,  
               Қазақтың батыр ерлері,  
               Олжаны қостан байланды.  
               Асқынған Халдан жүрегі,  
               Тосылып, қатты ойланды.  
 750       «Қазақты жеңем», – деген ер  
               Болды да қалды ойранды.  
               Кеудесінен нас басып,  
               Өз қанына оранды.  
               Құлағандай тақ-тәжі  
               Тұлданды Халдан, тұлданды!

Әбілмәмбет хан тағына отырып, жауын жеңген батырларын қарсы алды. Оң жағында Қабанбай, сол жағында Бөгенбай қатарлы әруақтыларға жалғасқан шапырашты Наурызбай, Жантай бастаған батырлар тобы алқақотан хан сарайында бас қосты.

Мұнысы қалың жауынгер қосынына кешегі топ жарған атойшыл жас батырды көрсету еді.

«Абылайлап!» шауып, Шарышты қан майданда мерт еткен жасты тауып келуді бұйырды. Тұтқауылдың топ-тобы әр тарапқа шапқылады. Ақыры олар Әбілмансұрды Орта жүз қосындарының ішінен тауып келді.

«Алдияр!» – деп хан алдына келген 18 жастағы Әбілмансұрдың қалың қасы мен кере қарыс мандайы көрушілерге салған жерден ұнады.

Шомбал денелі, алшаң төс, кең иық-жауырын, кесек тұлға сардарлар мен қалың жауынгер сарбаздарды баурап әкетті.

Кім екені, қалай, қайдан келгенін есту көпшілік үшін ынтықты істің бірі болды.

Қабанбай, Бөгенбай қатарындағы даңқты батырлардың Әбілмансұрды анықтап көруі де осылай басталып отыр.

Әбілмәмбет хан Әбілмансұрға батырлар қатарынан орын көрсетіп, отыруға бұйырды.

– Қайсы тайпадан шыққан баласың, ата тегің кім? – деп сұрады.

– Арғы атам Жәңгір ханның үлкен ұлы Уәлибақының шөбересі, яки төртінші ұрпағымын, атым Әбілмансұр, – деп таныстырады өзін.

– Абылайлап ұран көтеруің қалай?

– Үлкен бабам Уәлибақының жалғыз ұлы – Абылай нағашысы Үргеніштің Ғайып ханы қолында тұрғанда, барлық әскеріне бастық болып, қол бастап жауына аттанғанда, жеңімпаз батыр салауатымен танылып, қарсы келген дұшпанына дес бермеген екен, сондықтан «Қанішер Абылай» атаныпты. Мен соғыста жолы болған сол жойымпаз атамның аруағын шақырдым, – дейді.

Әбілмәмбет хан:

– Өз бауырым екенсің ғой, – деп хан сарайына алып, қолбасы батыр етіп баулиды. Абылай Әбілмәмбет ханның сарайында шебер ұйымдастырушы, парасатты басшы, халық қормалы болып таныла береді. Осыдан бастап оның «Сабалақ» аты сыпырылып, «Әбілмансұр» аты да халық ойында сақталмай, «Абылай» аты жұрт жүрегіне ұялайды. Тіпті басқа тайпалар мен ұлыстарға да таныла бастайды. Әсіресе, жоңғарлықтарға ерекше сесті, кекті түрде әйгіленеді. Оның тізесі осы бір жолғы шайқаста Халдан Серенге қатты батқан. Ол қасірет жұтып ұйқыдан, күйік тартып күлкіден қалады.

– Абылайды өлтіріп, қазақты құртпай Шарыштың қайғысы көкірегімнен шықпайды, – деп ел-жұрты алдында жарлық шашады.

Халдан Серен еліне,  
Қан құса боп жетеді.  
Айырылдым деп Шарыштан,  
Қасірет шерін шертеді.  
Бұл рет көрген қорлығы  
760 Сүйегінен өтеді.  
Құсадан құса – құсалы,  
Төсегіне жатпады.  
Бір ауыз сөз айтуға  
Қолбасылары батпады.  
Тағына да мінбеді,  
Күйзелді солай, түнерді.  
Әр қосынның басшысы  
Тақсырлап келіп қасына,  
Мелшиген түрін көрді олар.  
770 Жастанып найын басына,  
«Қазақта мұндай күш бар», – деп,  
Ойына да кірмеген.  
«Шарышқа батар жан жоқ», – деп,  
Асқынып әбден дүрленген.  
Қошындар келді «Тақсыр, – деп,  
Жұмысты бізге тапсыр, – деп.

Еліңді жина, белің бу,  
Әскердің санын арттыр, – деп.  
Талай-талай батыр бар,  
780 Тайынбас жаудан асыл, – деп.  
Жаңадан өскен жастар бар,  
Шетінен көкжал, қасқыр», – деп.

Елінің сөзі Халденді  
Қасірет шерден сергітті.  
Сол сөзге Халден қосылды,  
Әскердің санын арттырды.

«Жеті жайсаң»<sup>1</sup> құрыпты,  
Жеті орында тұрыпты.  
Қазаққа жорық жасауға  
790 Мықтап жоспар құрыпты.  
Әр жайсаңда он мың қол,  
Жетпіс мың қол болыпты.  
Есесін бір алуға,  
Халданның көңілі толыпты.  
Батыр Холон, Долондай,  
Доржыдай ноян болыпты.  
Аттануға сақа-сай,  
Бұйрық күтіп тұрыпты.

Орта жүздің ханы Әбілмәмбет (1734-1791) 54 жасында науқастан өлер шағында алты арыс баласына хабарлап, тоқсан биді жинап, ақыл алып, жау-жалаң өршіген, осы бір тиімсіз жағдайда әскери қолбасшылықты Абылайға беріп, өзінің баласы Әбілпейізді оған ақылшы қойғанын жариялайды. Сөйтіп, жоңғар шапқыншыларына Абылай төтеп бере алады деп сенеді.

Әбілмәмбеттің бұл ұйғарымын бүкіл алты арыс елі, тіпті үш жүз баласы қолдайды. Осыдан соң Абылайдың сұлтандығы мен Шарыпты өлтіріп жоңғар халқының елу мың қолын ойсырата жеңген батыр даңқы қазаққа да, қалмаққа да ерекше танылады. «Абылай» ұраны бүкіл алты алашқа жайылады.

---

<sup>1</sup> Жайсаң – он мың әскерді басқаратын «ноян», яғни батыр. Жеті жайсаңы 70 мың әскер. Оны қазақ халқының әрбір тайпа, ұлыстарының өкпе тұсынан орналастырған. Шығыс Қазақстанның Жеменеймен шекарасында да Жоңғарияның бір жайсаңы тұрған. Жайсаң деген сөз кейін келе әскери атау болып қалған.

«Қазақтың ханы Әбілмәмбет өліпті» деген хабарды естіген Халдан Серен хан осы орайда үш жайсаң қолына тұтқиыл бұйрық түсіріп, Әбілмәмбеттің елін шабуға аттандырады.

Бұйрық алған қолбасы батыр Холон мен Доржы, Долондар – үш жайсаң қазаққа қос бүйірден тиіп, шапқан жерін ықсыратып, күйретіп отырады. Жау жеңгенінен хабар тапқан Абылай мен Әбілпейіз уаң еліне тосқауылдар шапқызып, жасақ жиғанша, жоңғардың үш жайсаңы жойымпаздығын аяусыз жүргізе отырып, бір орында бас қосады.

Холон, Долон, Доржы: «Осы жойғанымыз жойған», – деп таниды.

Абылай батыр, Әбілпейіз уаң екеуі хан ордасы атынан қос-қос атпен хабаршы – жаршыларын аттандырады.

- Жаршылар жыры:
- 800 Жау жетті елдің шетінен,  
Қуғындап жатыр бетімен.  
Аттаныңдар, азамат,  
Өз ерікті бетіңмен.  
Топшаққа ерік беріңдер,  
«Аққа жақ Алла», сеніңдер.  
Асқынған жаудың сазайын,  
Тарттырып – жеңіп келіңдер.  
Абылай сөзі – ақиқат,  
Жеңіс біздің ісіміз.
- 810 Ел мен жерді қорғаймыз,  
Сол үшін қаптал күшіміз.

Әйелдер қалмай аттансын,  
Ауылда кемпір-шал қалсын.  
Құрсанған ер де, әйел де  
Қариялардан бата алсын.  
Батыр ата-бабаның  
Әруақтарын жат алсын.  
Ат жалын тартып мінген жас,  
Үйде қайтіп жата алсын?!

- 820 Жаршыдан хабар тапқан жер  
Тұлпарға бап-тап мініпті.  
Ер қайратты қыз-келіншек  
Шаштарын топтап түйіпті.  
«Ер өліп, ел жеңіліп,  
Қалмаққа пенде болғанша», –  
Деп сапқа келіп тұрыпты,

Орындап солай бұйрықты.

830 Қолбасшылар қол бастап,  
Абылайға қосылды.  
Жиналған ел түс-тұстан,  
Қата етпеді жосынды.

Абылайлаған ұраны  
Көтерілді асқақтап.  
Мақсат, тілек, арман бір,  
Қорыққан жан жоқ қалтақтап.  
Қалмақтар тізе батырды  
Жиналғанша бас-аяқ.  
Алты арыс содан бас қосты,  
Бірі қалмай тай-таяқ.

840 Теңдесті жиналған соң қазақ қолы,  
Қарасы жоңғарларға теңдес болды.  
Елінің санаулы ері түгел келіп,  
Сарбазға Абылайдың көңілі толды.

Десе де, қағыс жасап күндіз-түні,  
Ықсырып бір күн оны, бір күн мұны.  
Елірді он неше күн Холон, Долон,  
Ол үшін бет алған боп істің оңы.

850 Абылай ойлап бір күн кеңес құрап,  
Қабанбай, Бөгенбайдан ақыл сұрап:  
«Қорғалық атқа мінген азаматты,  
Болалық қай кезде де сабырлырақ.

Ауылды шапқыншыдан алдық қорып,  
Жау бізге зорланып жүр жасап жорық.  
Тұралық тарықтырып, бітсін әлі,  
Жініксің өз күшінен өзі солып.

Орайы келген шақта тап берелік,  
Іріктеп қолды ыңғайлы меңгерелік.  
Қабакөң барлық күшті сараласын,  
Сарбаздар алсын міндет дөп келерлік.

860 Бізге күш келіп жатыр арт-артынан,

Жау жақтың жері алыс өз халқынан.  
Аты арып, тоны тозсын – уақыт өтіп,  
Оларды түлен түртіп, сор сағынған.

Біздікі әділет іс – ел қорыған,  
Жаудікі әділетсіз ел жаншыған.  
Сүйем жер табанына бастырмаймыз,  
Сүмелек аш қасқырға қой торыған...»

870 Батырлар осылай деп баяндады,  
Үш-төрт күн майдан тартпай аялдады.  
Қарсы жақ «қорықты» деп қате жорып,  
«Лап қойсақ қашады» деп қиялдады.

Дүрлігіп атқа қонды Холон-Долон,  
Үш жайсаң сарбаздары тобыменен.  
Қазақтан аз ғана топ қарсы аттанып,  
Қашқақтап соғысып жүр жолыменен.

Абылай мініп жүрген арғымағы,  
Шабыстан кешке дейін баршындады.  
Жәнібек көк дөненмен келді ызғыртып,  
Абылайға бірер жауап сөз салғалы.

880 Түсе қап көк дөнелін алға тартты:  
– Мініңіз, тұлпарыңыз шаршап қапты.  
Бір қарап жас жігітке ер Абылай:  
– Сен өзің қайтесің? – деп жауап қатты.

– Мен өлсем қазақтан бір ұл туады,  
Сен өлсең жоңғарға тең кім туады?!  
Ұраның Абылайлаған ел қорғаны,  
Сен өлсең ұлы ұран жоғалады...

890 Абылай көк дөненге мінді дағы,  
Ойнатып жау алдында тұрды тағы.  
Жәнібек жолдасының атын мініп,  
Бір талап Абылайға қойды тағы:

– Рұқсат ет, «жекеге» тартам, – деді,  
Жас жанды елден аяп қайтем, – деді.  
Абылай жеке өзі жауап бермей,

Бөгенбай, Қабанбайға тағы келді.

«Жекеге» Қабанбайдан бата алды,  
Майданға аттануға дайындалды.  
«Жеке!» деп шыға шапты қалың топтан,  
Қалың қол Абылайлап ұран салды.

900 «Жекеге» қалмақ жақтан Долон шықты,  
Нояны бір жайсаңның ол да мықты.  
– Айқасып ерсі-қарсы сайысқанда,  
Шаңдатып майдан жерді жүндей түтті.

Жәнібек айбалтаны ала шапты,  
Әдіспен қарақұстан ұрды қатты.  
Қоздырған көк перісі қарулы қол,  
Ұрған соң Долон ноян жерді қапты.

910 «Жеке! Жеке! Жеке!» деп ұрандады,  
Қалың қол екі жақтан сыр аңдады.  
Біреуі Абылайлап, Қабанбайлап,  
Ал бірі Бұрханды айтып шыр айналды.

Кезекке жоңғар жақтан шықты Холон,  
«Қолда!» деп шуласты ол да әруақ жолын.  
Денесі кесек екен, дабысы зор,  
Барлаған батыр екен оңын-солын.

Долонның өлгеніне ашулы еді,  
Азуы қазақ десе басулы еді.  
Халдан хан Шарыштан соң сенім артқан,  
Қазіргі сардарының асылы еді.

920 Ұраны Жәнібектің аяқтай-ақ,  
Ешкімге ақыл сөзге қаратпай-ақ.  
Сұп-сұр боп шыға келді қанын тартып,  
Аты да тұр жануар жалақтап-ақ.

Холоннан батыр еді ол қаруы артық,  
Болмаған оны жұрттың тануы артық.  
Жарқ етіп салған жерден садақпенен,  
Жәкеңнің Холон қалды атын тартып.

Ат құлап, Жәнібек ер жаяулады,  
Тұрған жоқ қолдан келсе аянғалы.  
930 Садақпен бұл да тартты, атты көздеп,  
Күшіне ел екі алыптың қайран қалды.

Бетпе-бет қылыштасып, арпалысты,  
Найзаласты, тіресті, көп сайысты.  
Біреуі қалқан тосып, бірі ұрғанда,  
Қанжарласты, айла іздеп дағдарысты.

Босаңсып бара жатты әл-дәрмен де,  
Оңай ма көпе-көрнеу жан бергенге?!  
Жасағы екі топтың тықыршиды,  
Лап етіп кім тайса да дүр берменге.

940 Бір кезде Холон алған қанжар ұшты,  
Өзі де оң жамбастан қатты түсті.  
Сонан соң апыл-ғұпыл сілкілескен,  
Қалың қол болып кетті майдан үсті.

Тағы да қазақ, қалмақ қанға батты,  
Қансырап жаралы боп өлік жатты.  
Ер құлап, найза-қылыш тиген аттар,  
Сүйретіп ер-тоқымын иен шапты.

Жәнібек бір қалмақтың атын мініп,  
Ықсырып бет келгенін шықты түріп.  
950 Қонғандай көк перісі түнеріпті,  
Айбынмен түсті көзге найза үйіріп.

Майданда Абылай хан тағы көрді,  
Таныды жау-жаламда қайратты ерді.  
Жарқ етіп қысылғанда тыныс берген,  
Білуге ер жігітті құмар болды.

Сардары бір жайсаңның ноян Доржы,  
Әскерін иіріп кеп оңды-солды.  
Соғысқа айдап салып ақырып жүр,  
Абылай іштей аңдап, ойға түйді.

960 Ол бірақ тағат қылмай тұра шапты,  
Қолбасы ақыл ойлап, жолын тапты.

«Басы лай су-тұнымас» деген болар,  
Доржыны күрегейлеп, шетке қақты.

Қазаққа қанды майдан дес бергенде,  
Дәт қылар қандай жүрек сескенбеуге?!  
Абылай ат тебініп шайқағанда,  
Дулыға бас домалап түсті жерге.

Ыдырап сонымен Халдан қолы,  
Шашылып бет-бетімен ойран болды.  
970 «Қатын би қашқан жауға» деген бар ғой,  
Тапты жау өз басына қалың сорды.

Қазақтың аруағы зор батырлары,  
Қабанбай, Жантай, Барақ, Бөген кәрі.  
Және де Малайсары, Өтеген би  
Риза боп, бата-тілек етті бәрі.

Осылай екінші рет жауын айдап,  
Қазақтар жеңіс тапты туын сайлап.  
Бұдан соң жойқын жорық жасай алмай,  
Жоңғарлар жатып қалды бұқпантайлап.

Жау кетіп, соғыс тоқтап тыныққан соң жеңіс алған Абылай ақылшы ағасы Әбілпейізге: « Ерлігімен танылған батырларды сарапқа алып, қалауын орындап отыралық», – деп ақыл қосты. Бұл ойды қарт батырларға айтты. Сонымен тынысы кең, тіректі елі бар, осы жолғы жеңістің көрнекті батыры, жас жігіт – Жәнібек сарбаздар алдында елден ерек әйгіленді.

Сенің қан майдан үстінде ат бергендігіңнен сөз бергендігің тартымды еді. Бұл жолғы жеңістің жемісі сенікі болсын. Хан ордасына қоятын талабың болса айт, – деді Әбілпейіз уаң орда атынан бұйыра сөйлеп.

– Сұрасаңыздар айтайын, мен жаспын. Елім-жерім танымаған, орталарыңа бүгін қосылдым, орда босағасынан жаңа аттап отырмын. Сондықтан талабым көп болса да біреуін айтайын. Оным орындалса екінші онан соң айтылады, – деді Жәнібек.

– Айт, көп тыңдасын, – деді Абылай.

– Әскери қолбасымыз Абылай оң тізесінен орын берсе деймін, тақсыр...

– Ал, ал, орын берейін, басқа не сұрайсың? – деді Абылай.

– Керей деген елім бар, иелігім жоқ, сарбаз ұстап, қолбасы болып елімді де, өзімді де танытсам деймін.

Абылай отырған батырларға қарады.

Қабанбай мен Бөгенбай бір-біріне бас изеп, күле қарасты.

– Елім-жерім бар, оған сұқтанған жауым бар. Қорғаныс жасап, қарсы тұрар күшім болса деген ерге, кім ықыласын бермесін? – дейді батырлар.

– Ендігі талабың ше?

– Түскен төбеме, шыққан тауыма, жасаған жорығыма, бет алар сапарыма жетекші болар туымды белгілеп берсеңіз, – дейді.

Сол жолы қалың қолдың алдында Абылай үш құлаш қаратамақ найзаға шапталған, ені төс жара, қызыл сары жібек шашақты, қытай торғынынан жасалған туды ұсынды. Ақбоз атқа мініп, сауытының сыртынан далбай кіреуке жамылып, ыждағатпен туды қолына алған Жәнібек игі жақсылар алдында тебірене толғанды:

980        – Балқан менен Бұланай,  
              Жау шапқанда қуалай,  
              Екі тауды бетке ұстап,  
              Жосып қазақ тұра алмай,  
              Құба қалмақ тұсында,  
              Өмірі өткен осылай.  
              Сан ғасырды сапырдық,  
              Шашылып тозып тарыдай.  
              Кім келсе содан шабылдық,  
              Басымыз бірге құралмай.

990        Мекенді тастап кездік кеп,  
              Күл төккен жерде тұра алмай.  
              Қаңырап тұр ғой жеріміз –  
              Тарбағатай, ұлы Алтай,  
              Ерентау – анау үш ақ бас,  
              Қар жамылған кәрі тау.  
              Түркістанның шығысы,  
              Қақ жарып өткен Ұлытау.  
              Қашқария, Жоңғария делініп,  
              Елінен алған ат – алқау,

1000       Ертіс, Іле – екі өзен,  
              Шалқыған жайлау көлімен.  
              Суы-балық, тауы-орман,  
              Сәнді мекен тегіннен.  
              Кіндік кескен, күл төккен,  
              Бадам өскен жерім ең.  
              Жау жатыр бүгін жайланып,  
              Соны айтпақпын бәріңе,  
              Мекеніме тартамын,  
              Қолдаңдар әулие, әмбие! –

1110   Деп Жәнібек тұрғанда,  
          Қостады мұны Абылай.  
          Қостады мұны Қабанбай,  
          Қостады мұны Бөгенбай,  
          Қостады түгел батырлар,  
          Істің жайы осылай...

Жоңғар шапқыншылары жоғарыда баяндалған екі зор жеңілістен соң қазақ даласына жорық жасаудан тіксінді. Бұған басты себеп болған іс – Қабанбай батырдың бастауында Тарбағатай тауы мен Қара Еміл, Сары Еміл өзенін бетке ала отырып, қазақтың түп қотарыла жылжуы болса, екінші жақтан, қазақтың тағы бір тобын ертіп Жәнібектің Алтай тауының батыс алқабын ала, Ертісті іргелей отырып қоныс тебуге ұмтылуы еді. Бұл ырғын көш жорығы «Абылай» ұраны астында жүрілді.

Керей елінің Қалба тауында тұрақтауы 1774 жылдар шамасында Абылайдың ақылшы ағасы Әбілпейіздің ұлы Көгедайды төрелікке сайлап, Бейжіңнің хандығы – Манчин империясынан «гүң» деген мансап алып, иығын сүйеп, тіл айқастыра бастауынан есептеледі. Осы орайларда Абылай империяға жалғастырып, Жоңғария шапқыншыларына «жаза жорығын» жүргізіп, елдің бейбіт өмір күйін қорғауын өтініп жатты. Ал, Халдан Серен хан еліне жасырын бұйрық таратып, «Қазақтың Абылай батырын кім ұстап әкеліп берсе, бір қызымды беріп, хандық тағыма тартамын», — деп жарлық шашады. Мұны естіген елінің батыры Жалпы белсеніп шығып, үш жүз мықты палуанды таңдап алып, жолсыз жерден жан жол жасап, Абылайдың аң аулап жататын бейғам жайын бағып, ұстап әкелуге уағда жасайды.

          Қулықтан туған құбақан,  
          Ат боларын кім білсін?!  
          Сұмдықтан шыққан сұр жебе,  
          Тап боларын кім білсін?!  
1120   «Жекеге» киген ақ сауыт,  
          Тат боларын кім білсін?!  
          Жанында жүрген жан достың,  
          Жат боларын кім білсін?!  
          Асқынған ойдың бір кезде,  
          Мат боларын кім білсін?!  
          Ашынған Халдан хан ойы  
          Сәт боларын кім білсін?!  
          Аңдып келген Жалпының  
          Бассаларын кім білсін?!  
1130   Өлік ұйқы астында,  
          Байланарын кім білсін?!

Зынданында қалмақтың  
 Қорланарын кім білсін?!  
 Кісен түсіп аяққа,  
 Зорланарын кім білсін?!  
 Қапылыста жазым боп,  
 Долданарын кім білсін?!  
 Барлық қазақ қайғырып,  
 Қамданарын кім білсін?!  
 1140 Өшкен үні Халданның,  
 Жанданарын кім білсін?!  
 Соғыстың туы желбіреп,  
 Байланарын кім білсін?!  
 Қара тамақ найзалар  
 Қадаларын кім білсін?!  
 Жарқылдаған ақ семсер  
 Қан жаларын кім білсін?!  
 Қазақ, қалмақ қаншасы  
 Домаларын кім білсін?!  
 1150 Екі алыптың қайсысы  
 Жоғаларын кім білсін?!

Қазақ халқының қаһарман батыры Халдан Сереннің тұтқынында, жоңғарлардың зынданында жатыр деген сөз бүкіл қазақ даласына жайылды.

Абылайдың ағасы Әбілпейіз, Әбілмәмбет ордасы атынан батыс жақта Николай патшалығына, шығыс жақта қытай хандығына хабар жеткізіп, нақақтап ұрлап, ұсталып кеткен қолбасшысын қорғап, құтқарып беруді өтінді. Қазақтың ұлыстары мен байларына, батырлары мен билеріне тұтқауылдар аттандырып, сауын айтып, үрейлі жырмен хабар таратты.

Абылай кетіп қолдан,  
 Халданның айы туды оңнан.  
 Абылай босатылмаса,  
 Тайынбаймыз соғыстан.  
 Арналды мал-жанымыз,  
 Аттандық қазақ бәріміз.  
 Айырылып Абылай батырдан  
 Кетті дей бер сәніміз.  
 1160 Жетісуда Халдан тұр  
 Бүкіл елді шапқалы.  
 Абылай нақақ ұсталып,

Қанымыз жатыр аққалы.  
Аттан, сарбаз, батырлар,  
Арымыз тағы тапталды.  
Іле, Ертіс, Еміл, Ерентау,  
Сыр бойы, Жайық, Шудағы –  
Қалың жұрт, атқа ерің сал,  
Зобалаң күн тұр туғалы!..

Тұтқауылдар үрейлі сөзді осылай жеткізді. Жоңғарияның бұрынғы жорығы кезінде хабар жеткізе алмаған ұлы қорғанның терістігіне ең жақын жерді мекен еткен, ерте заманғы Алпамыс батыр жасаған қоңырат тайпасының биі Тай шешеннің еліне де, қара қыпшақ Қобыланды батыр жасаған 92 баулы<sup>2</sup> қыпшақ тайпасына да жете хабарланды. Кіші жүз Алшын ұлының атақты батыры Жалаңтөс қаһарманға да, шекті еліне де, Ұлы жүздің сары үйсін, шапырашты, албан, суан, жалайыр, дулат ұлыстарының билеріне де бұл зарлы сарын түгел жетіп үлгерді. Би Ақтамбердіге өзінің батыры Өтегеннің де Абылаймен бірге тұтқындалғандығы айтылды. Бұл тұста орыс патшалығы қазақ даласына алғашқы отарлаушы әскери күшін кіргізе бастаған кез еді. Генерал Тлеско Милер деген офицерін Халдан Серенге елшілікке аттандырып, қазақ батыры Абылайды босатуын өтінеді. Қытай хандығы да Абылайды өлтірмеу тілегін айтып, орда мөрін басып жолдайды.

- 1170 Қазақ жағы қаһарлы,  
Тітіретіп жаһанды.  
Қабат қату, түс суық,  
Әлекедей жаланды.  
Қара керей Қабанбай,  
Соқтығар теңін таба алмай,  
Сардарын күн-түн саралап,  
Тұғырдан биік салды айғай.  
Майданның туын көтерсе,  
Ұлы әруақ қайтсін дарымай.
- 1180 Бөгенбай кәрі дұға оқып,  
Қол бастап шықты Сарыбай.  
Арғыннан Шақшақ Жәнібек,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Кәртейсе де жатпапты,  
Қоздырып кегін күдірет.  
Тоқсан екі баулы қыпшақтар

---

<sup>2</sup> Тоқсан екі ру мағынасындағы сөз.

- Тоқсан мың сарбаз қол жиды.  
Қара қыпшақ Қобыланды  
Қызылбасқа<sup>3</sup> аттанып  
1190 Көбіктіні өлтірген  
Жорықтан да мол жиды.  
Шығыста жатқан қоңырат,  
Көрмеген шебі қобырап.  
Тас түйін боп сайланды,  
Хабар алған сол күні-ақ.  
Ұлы жүз албан, суандар,  
Жалайыр, дулат қырандар,  
Шанышқылы, сары үйсін:  
«Мыңдап қосын құрдық, – деп,  
2000 Ат құйрығын будық, – деп,  
Бес қаруды түгендеп,  
Үзеңгіде тұрдық», – деп  
Тұс-тұс жақтан ұрандар.
- Алшында батыр Жалаңтөс,  
Қазаққа бұрын болған ес.  
Сардарын сайлап елімен  
«Аттандық, – депті, – қалмай кеш».
- Қабанбай батыр көреген,  
Туған ғой асып өреден.  
2210 Ғапыл іске келгенде,  
Жүйрік-ақ шіркін не деген?!
- Зорлыққа да қорланды,  
Ашумен де долданды.  
«Өлтіріп тастар ма екен? – деп, –  
Абылайды» күн-түн ойланды.
- Халданға тез бармаққа,  
Араға елші салмаққа,  
Ақылды да тапты өзі,  
Хабар беріп жан-жаққа.
- 2220 Сөзді бірден байлады,  
Алған беттен таймады.

---

<sup>3</sup> Бір кезде Шыңғыс хан әскері қызыл бөрік киіп, ел шауып, қолы жеткен жерге билік жүргізген. Оны ел «қызылбас» атандырып кеткен.

Ұранқайды елшіге,  
«Ең епті» деп сайлады.

*Елиіге тапсырма:*

– Үш жүз мың жасақ үш жүзден,  
Аттанбақ қалмай бұл күзден.  
Исі қазақ жиналды,  
Хабарым әдей білгізген,  
Өтірік емес, – дегейсің.

2230 Тау бұзардай керемет,  
Біздегі ұран – әділет!  
Абылайды босатсын,  
Айтсын шартын, не керек?  
Таптап өтер күшім бар,  
Хақ жақтайтын ісім бар,  
Тілге келсін, – дегейсің.

2240 Түспесін деп сор-қайғы,  
Қазақтар жерін қорғайды.  
Басқаның жерін баспайды,  
Тіленіп соғыс ашпайды.  
Ел-жерін тастап қашпайды,  
Анты бұл елдің, – дегейсің.

2250 Арасанға ат айтып,  
Қорасанға қой айтып,  
Аруағына ат шалып,  
Жаратқанға мың налып,  
Үш жүз мың қол еліңе,  
Басып кірсе жеріңе  
Оңай емес, – дегейсің.  
Ел-жұртының бағына,  
Отырам десе тағына.  
Жауласпауға келісіп,  
Шықсын ақыл жағына.  
Ерлік, ездік – екі ұдай,  
Келді алдына егей сын.  
Тез жауабын бермесен,  
Құрыдың, Халдан, – дегейсің.  
Ұранқай бәрін ұғынды,

Жүруге белін буынды.  
Серт айтысып, қол алып,  
2260 Елші боп жолға бұрылды.

Абылай батыр қапияда тұтқындалғанын ешкімнен көрмеді. «Өзімнен болды», – деп таныды.

Зынданда алты айға жуық жатты. Тамақшы Доғыл деген баламен танысты. Оның шешесі Жұрша олжаға түскен қазақ әйелі екен. Оның бірінің қазақша аты – Тұғыл, тағы бірінің қазақша аты – Хадиша болып шығады. Олар сырттың еміс-еміс естілген хабарын Абылайға жеткізіп тұрады.

Бір күні Абылай Халданның ордасына келтірілді. Не шешім боларын білмеген ол жасауылдардың «отыр» деген жеріне отырмай, аңтарылып тұрып қалады. Сонда қолды боп келген батырдың бірі Өтеген:

– Әй, Абылай! Хан алдында ханша сөйлесер тұғырың болмай қорланып тұрсың-ау. Ол хан болса, сен де қазақтың ханысың. Тұғырың біз едік қой. Кел, менің арқама отыр, – деп екпетінен жүгіне қалады.

Халдан осыдан соң Абылайды жайғастырып отырғызып:

– Қолды болғаныңды білесің, нендей ойға келдің? – деп сұрайды.

– Қайсыбірін айтайын. Көкейімді тескен үш арманым бар еді. Жаныма сол батады, – дейді Абылай.

– Ал, айтшы.

– Мал емшегін емген жұртымды жер емшегін еметін етсем деуші едім; Бақыр басты ұлдарға қалың малсыз қалыңдық әперсем деуші едім; Неше атадан жалғыз едім, ұрпақ сүйсем деуші едім. Бүгін бәрі де сенің қолыңда тұр. Майдан-шептің ішінде жекпе-жекте өлген батырдың не арманы бар?! сен Шарыш үшін мені өлік ұйқыдан ұстап келіп, басымды алмақ болып отырсың. Бұл өкініш қой! – дейді Абылай.

Халдан Серен жан-жағына қарап, қозғалақтап, «Естідіндер ме?» дегендей қоразданып:

– Менің Әмірсанам секілді бұл да жалғыздың бірі екен ғой! – деп қалады.

Жауабын бағып тұрған Абылай мұны естігенде, дереу қол қусырып:

– Алдияр хан, үкіміңізге құлдық! – деп кішілік білдіреді.

– Билік айтылған жоқ қой, бұл не?

– Өз ұлың Әмірсанаға теңегенің мені құтқарғаның деп білем. Жалғызды өлтірсең жалғызыңа да зауал барлығын аңғарғаныңыз емес пе?! – дейді.

«Досың да ер болсын, дұшпаның да ер болсын!» – дегендей, осыдан соң-ақ шешім жасалып, қолға алынған батырларымен бірге Абылай зынданнан босатылады. Елдің тілегі ме, ердің тілегі ме, немесе екі жақта тұрған екі империяның емеуіріні ме, бұл ешкімге мәлімсіз еді.

Халдан мен Абылай қазақ-қалмақ арасын жауластырмауға келіседі. Өмірсанамен Абылай қол алысып, достасады. Кетерінде тату-тәтті көрші өтудің куәшісі ретінде Халдан хан Гүлдежау деген қызын Абылайға ұзатады. Ел іші тынышталады.

Қазақтың байтақ даласы,  
Түркістан, Саурат қаласы.  
Шығысы мен батысы,  
Айшылық жол арасы.  
Көктен ұшып жетті ме,  
Желмен ұшып жетті ме,  
Хабар дүп-дүп етті ме,  
Шуласты қазақ баласы.  
«Босайды, – десті, – Абылай,  
2270 А, Құдай! – десті, – А, Құдай!»

Өтеген би, көп батыр,  
Аман-сау шығып жайнапты.  
Қос-қос атты күймені,  
Түймелетіп айдапты.  
Жауласпауға бұдан соң  
Қазақ, қалмақ,  
Өмірсана, Абылай  
Достыққа ант байлапты.  
Мұны естіген ел-жұрттың  
2280 Тай-тулағы қалмастан,  
Ақ тілек, ақ жолына  
Жоралғы мол арнапты.  
Қыз-жігіттен жолдас қып,  
Өнерлісін сайлапты.  
Халдан хан бір қыз тартыпты –  
Гүлдежау атты айтулы.  
Хадишаны қосыпты,  
Еліне аман қайтуға.

Ауыл басы төбеде  
2290 Ақсақалдар отырған.  
Шашуын шашты бәйбіше  
Дастарқанын толтырған.  
Сүйіншілеп келгендер  
Қуаныш көңілі құлпырған.  
Тай жетелеп, қой алып,

Болды қазақ дыр-думан.  
Отардағы жылқышы  
С үйіншілеп шабысты.  
3000 Қосбасы да, қоңсы да  
Қуанып қарсы алысты.  
Құрбы-құрдас қунақы,  
Құшақтасып қалысты.  
Бала-шаға мәз болып,  
Тыраңдасып алысты.  
Қатын-қалаш, қыз-қырқын  
Бұлаңдасып қалысты.  
Қазы-қарта, жал-жая  
Қазанға арнап салысты.  
3310 Күні-түні әңгіме,  
Сыр арнасып қалысты.  
Ерлік, елдік санатқа  
Жыр арнасып қалысты.

Олжалы боп Абылай,  
Баяғынша сағымдай,  
Салтанатты сән құрып,  
Ел ішінен табылды-ай.

Еділ, Жайық, Сырдария,  
Шу, Ертіс, Іле, күз-қия,  
Ұлы дүбір той бастап  
3320 Болды да кетті қым-қия.  
Түйе қазан, тай қазан,  
Үй басы оты көселіп,  
Қалы кілем, жай кілем,  
Масаты кілем төселіп,  
Кестелі сырмақ, текемет  
Шешіліп теңнен қағылып,  
Қазаққа тән байлықтың  
Қайдағысы табылып,  
Төбе-төбе дастарқан  
3330 Ойға-қырға жайылды.

Кең сахара, кең өріс  
Көтеріп бұл дабылды.  
Берекесі жер жарып,  
Оң мен солға танылды.

Сырлаулы адалбақанда  
Алтын қамқа тон тұрды.  
Әр орданың ішінде  
Бір ғана емес, мол тұрды.  
Алты алашқа би, бекке  
3340 Ұсынатын жол тұрды.  
Батыр, балуан, күйшіге,  
Бәйге, жырау, бишіге  
Сауға-сыйлық толтырды.

Бата-тілек баста айтып,  
Қасқа тісін қасқайтып,  
Айыр бөркін алшитып,  
Кеуделерін шалжитып,  
Ата салтын әйгілеп,  
Үш жүз түгел бәрі кеп,  
Абылайын қарсы алып,  
3351 Қақ жарылып ел тұрды.

Абылай осындай батыр, ардақты хан еді. Ол II Екатеринаның іріткішілігі мен қақпайын ерте сезініп, кең қолтық қытай елін тыныс көруді мұрат санап келді. Сол үшін қыруар еңбек сіңірді. Бұл «Абылай» жырының келесі тақырыбы болмақ.

## БӨГЕНБАЙ

### I

Қыз Зейнеп

Өтіпті біздің қазақ жақсы жайдан,  
Естіген тамашалап қалар қайран.  
Жасаған Құба қалмақ заманында,  
Сөйлейін қанжығалы Бөгенбайдан.

Өтіпті қанжығада қарт Бөгенбай,  
Кезінде сонау ерте хан Абылай.  
Елін, жерін, мекенін жаудан қорғап,  
Көрсеткен ол ерлігін елге талай.

10 Бөгенбай батыр екен ақ ту алған,  
Дүйсенбі Сәтім дейтін жауымды алған.  
Жеңіліп жоңғар-қалмақ құба жонда,  
Қазаққа көпке дейін жау болмаған.

Аталып қанжығалы қарт Бөгенбай,  
Жауын жеңген қазақтың талай-талай.  
Көп жері Құба жонның тынышталып,  
Ақтабан шұбырынды елі болмай.

20 Қара сұс адам екен, түсі суық,  
Ашуланса, келмейтін ешкім жуық.  
Биік қабақ, қыр мұрын, тым келбетті,  
Еңселі, жауырынды, бір кең иық.

Ат, садақ, қылыш, найза, сауыттарын,  
Ер қаруы – бес қару алған бәрін.  
Әр елдің батырымен одақтасып,  
Өштескен жеңетұғын барлық жауын.

Сол кезде қазақ ханы – Абылай хан,  
Бүкіл қазақ даласы осыған тән.  
Жау тиіп ел шетіне қауіп төнсе,  
«Айыр» деп көмек сұрар Бөгенбайдан.

30 Бөгенді кейбіреулер хан деп айтар,  
Атағы, абыройы ханнан артар.  
Естілсе жау дыбысы атқа мініп,

Жау болмаса сайрандап үйде жатар.

Шағатай нәсілінен арғы атасы,  
Қанжыға өз руы – бергі атасы.  
Әкесі әруақ қонған ер Маянбай,  
Шетқурай, Көксуқияқ мекені осы.  
Жетпіс алты жасында дүние салған,  
Сол жерде Маянбайдың зират тасы.

40 Атаке деп атайды Маянбайды,  
Осы әруақ қолдайды Бөгенбайды.  
Ықыласпен қол жайып, дұға қылған,  
Кісіні әруақ тағы қор қылмайды.

Маянның кіндігінен үш ұл, бір қыз,  
Өзі де қос егіздің бірі дейміз.  
Жоянбай, Егінбай мен ер Бөгенбай,  
Халифа қыздың аты дейтұғынбыз.  
Қос-қостан егіз туып өскендіктен,  
Тұқымы Қостуғанның дейтінбіз біз.

50 Алты ұл бар Қостуғаннан Жоянбайда,  
Аналықтай ақылды ана қайда?  
«Жеңеше» деп атайды бар туысқан,  
Ұйтқысы ол берекенің сол ауылда.  
Қасқабай мен Қалбек сонан туған,  
Батыр ғой қамал бұзған Қасқабай да.  
Малға кедей болғанмен балаға бай,  
Он жеті ұл болған екен Егінбайда.  
Бір шыр еткен бала жоқ Маянбайдың,  
Туын алған кенжесі Бөгенбайда.  
60 Туысқанның баласын баққанменен,  
Дариға-ай, өз балаңдай болған қайда?!

Қос-қос қатын алатын ата салты,  
Мұра қып ата жолын жүрген арты.  
Немереден немере санағанда,  
Болыпты еркек кіндік тоқсан алты.

Қатындар айтады екен «Қостуған» деп,  
Егіз-егіз, егізден жұп туған деп.  
Үлкенді – аға деп білер, кішіні іні,

Бір әке, бір шешеден бір туған деп.

70      Ұраны шақыратын ер Маянбай,  
Маянның туын алған ер Бөгенбай.  
Бәрінің алдындағы алтын қазық,  
Ер еді жауға шабар, ақылға бай.  
Жау десе жабырқамай тұрар жайнап,  
Аттанар еркек кіндік адам қалмай.

80      «Кенжем» деп атайды екен жеңгелері,  
«Кенже ағалап» іні мен келіндері.  
Алтын тұғыр секілді тұр алдында,  
Құрметіне разы қалың елі.  
Ер өліп, ел күйзелген қиын істе,  
Ортадан ақыл табар Бөген ері.

Ерлікпен Бөгенбай да тартыпты күй,  
Сол кезде қанжыға елі тоғыз мың үй.  
Бағынбай ешбір жанға дара жүріп,  
Сол елге өзі болған хан менен би.  
Соғыста қасына ерген ерлеріне,  
Олжасын шабындының қылыпты сый.

90      Білмейтін қазақ болмас Бөген атын,  
Әкесі Маянбайдан туған затын.  
Қан кешкен соғыстарда жаяу қалған,  
Беріпті жолдасына мінген атын.  
Бірақ сол Бөгенбайдың баласы жоқ,  
Алса да бір бала үшін он төрт қатын.

«Бөгенбай әкем деп, кім мені айтар,  
(Иесіз дүниесі үшін басы қатар)  
Өзім өлсем түтінім өшеді-ау» деп,  
Тұнжырап ауық-ауық ойға батар.

100      Бұл жылы қоян наурыз кірген жылы,  
Өз халін Бөген байқап білген жылы.  
Көңіліне бала деген қайғы түсіп,  
Бойында қалмап еді ерлік сыны.

Көзіне көрінбейді дүние бәрі,  
Төрт түлік соншалық көп жиған малы.

«Артымда бір шыр еткен болмады-ау», деп  
Бала үшін Бөгенбайдың қылған зары:

110 «Бөген деген атымды,  
Кім білмейді затымды.  
Бір шыр еткен бала үшін,  
Жидым талай қатынды.  
Көз жасым ақты көл болып,  
Бөгенбайдың ұлы деп,  
Кім атантар атымды?

Он сегіз мың жылқым бар,  
Басқа дүнием соған пар.  
Бәрін жисам бола алмас,  
Бір балаға барабар!

Үйімде жоқ базарым,  
Бетімде жоқ ажарым.  
Жер ортаға келгенде,  
Таусылып отыр амалым.

120 Ұйқыда көзім ілінбей,  
Отырмын тірі көмілмей.  
Елу жыл өтті басымнан,  
Бір күнгідей білінбей!

Он төрт қатын алғаным,  
Он төрт сайға қонғаным.  
Қанамады пұшпағы,  
Сонша әуре болғаным.

130 Иесіз малым қала ма,  
Қуайын ба далаға?!  
Туысқанда бала көп,  
Өз баламдай бола ма?!

Көп дәулетке жолықтым,  
Қай дұшпаннан қорықтым?!  
Елуге жасым келгенде,  
Дүниеден торықтым.  
Талайды қырған сұм басым,  
Не қарғысқа жолықтым?»

- 140        Соны айтып ер Бөгенбай жатты үйде,  
             Жылайды баланы ойлап күндіз-түнде.  
             «Жалынып, жалбарынып кімге барам,  
             Құдайым салғаннан соң мұндай күйге.
- Жайлауым – айлық көшер Көксуқияқ,  
             Қалмады Бөген сенде ерлік сияқ».  
             «Енді атқа мінбеймін», – деп ант етті,  
             Артынан ермеген соң жалғыз тұяқ.
- 150        Басынан толық дәурен өтіп кеткен,  
             Түбіне бұл дүниенің кімдер жеткен?!  
             Жау келіп жапан түзді қаптаса да,  
             Ілмеуге бойға қару ант еткен.  
             «Байлық пен батырлықтан түк пайда жоқ,  
             Опасыз жалған еді мынау неткен!»
- 160        Қайғырды осылайша Бөген қарты,  
             Кім білер не боларын істің арты.  
             Бөгеннің бірге туған бір ағасы,  
             Егінбай аталатын оның аты.  
             Өз басы малға жарлы болғанымен,  
             Болыпты бала-шаға қолғанаты.  
             Бар екен он жеті ұлы аз да болса,  
             Сарыбай кенжесінің деген аты.  
             Біреу малға, біреулер басқа жарлы,  
             Бар екен мал дегенде жалғыз аты.
- Баласы бәрі толық, бәрі бағлан,  
             Арыста, той, ойында жүлдені алған.  
             Бөгенбай Сарыбайды жақсы көред,  
             «Осы батыр болад», – деп туымды алған.  
             «Өзімнің ұлым түгіл, қызым да жоқ,  
             Мұраға ие болар менен қалған!» –
- 170        Деп ойлап ер Бөгенбай жүреді екен,  
             Бар болса не қажеті береді екен.  
             Мал мен басы бөлінбеген еншілес боп,  
             Бірге жылап, бірге ойнап күледі екен.  
             Сауықты, салтанатты көшін артып,  
             Келіндер ылғи жорға мінеді екен.

Осы іс Егінбайға қатты батты,  
Деп ойлап, бұл қайғыдан өледі екен.  
Балалар, бұрынғыдай ат мінбеңдер,  
Деп ойлап Бөген ағам береді екен.

180 «Қауіпсіз, қайғысыз-ақ ер еді ғой,  
Жоқ болса ат пен киім береді ғой,  
Үйі басқа болғанның көрі басқа,  
Шын тарылса көңіліне келеді ғой.  
Жүрейік алысырақ, балаларым,  
Қиналса-ақ жоқшылықтан көреді ғой».

Соны айтып Егінбай да жүреді алыс,  
Сонда да үзілген жоқ келіс-барыс.  
Айтайын бір әңгіме Хиуадан,  
Іс болар кейінірек сәлкем-шалыс.

190 Сол елде бір ру бар төре деген,  
Тегінде дулат-төре бір ел екен.  
Белгісіз қайсы жақтан, қашан келді,  
Қазақ боп сол өңірде жүреді екен.  
Көп естіп, көпті көрген қариялар:  
«Сарт төре» деп оларды күледі екен.

Алдыңғы Маянбайдың заманында,  
Төреге төрден орын береді екен.  
«Хан сайлап, қанжыға елін билейміз»,— деп,  
Бөгеннен көп ерегес көреді екен.  
Қару тастап Бөгеннің қайғырғанын,  
Теп-тегіс дулат-төре көреді екен.

200 Тым шалғай екі рудың арасы бар,  
Байы мен батыр, басшы, данасы бар.  
«Хан сайлап, қанжыға елін билейміз»,— деп,  
Бөгенмен көптен бері таласы бар.

Кісіге кісі сөзі таң бола ма,  
Дүниеде еш күнәсіз жан бола ма?!  
Ант етіп аттан түскен кәрі Бөген,  
Қайтадан атқа мініп хан бола ма?!

Ел билеп, орда тігіп, тақ мінбесе,  
Батырлық пен байлықта сән бола ма?!

210 Құлжабек пен Есімбек бірге туған,  
Екеуі төре ішінде мықты рудан.  
Жиылып төре-дулат бас қосқанда,  
Хан бол деп, Құлжабекті көп ұйғарған.

Бек сұлу Құлжабектің бір қызы бар,  
Көрген жан әттең-ай деп қылады зар.  
«Шіркін-ау, қандай жанға жар болар»,— деп,  
Көп жігіт қанжығада аңыз қылар.  
Қасқабай сол жігіттің біреуі еді,  
Жасынан бір әдеті қызға құмар.  
220 Егерде төре қызын берер болса,  
Қасқабай Бөгенбайға қарсы тұрар.

Ол қыздың өзі сұлу, Зейнеп атты,  
Жас құлындай мүшелі тым сымбатты.  
Тілдессе көндірмейтін адамы жоқ,  
Бір сайқал, өзі шешен, діні қатты.

«Тендесім осы елде сіз ғана»,— деп,  
Бір күні Қасқабайды іздеп тапты.  
Тіктіртіп көк майсаға ақ шатырды,  
Көрсетті неше алуан салтанатты.

230 Қасқаның сипатына халық қайран,  
Көргенде жан болмады таң қалмаған.  
Екі иықтың арасы кере құлаш,  
Бөгеннен артылады деп ойлаған.

Туысы слұлу еді сұңқар қабак,  
Айдыны Бөгенбаймен барабар-ақ.  
Өзіне тума біткен бір мінезі,  
Өрт мінез, аңғал еді, батыр бірақ.

Сол жылы жиырма төртке келген жасы,  
Сом дене, оқшау біткен бой-тұлғасы.  
240 Мың сан адам жиналса бір жазыққа,  
Бәрінен асып түсер, кесер басы.

Тұтқасы болса жерді айналдырам  
Дейтұғын күші де бар елге мәлім.  
Асынған сауыт-сайман бес қаруы,  
Айбатын арттырады беріп сәнін.

Он бес жаста батыр деп ел мақтады,  
Он сегізде қару ап жауға аттанды.  
Талай қырғын соғыста дара шығып,  
Жекпе-жекте Қасқаға жан Батпады.

250 Дәйім мініп жүреді қасқа атына,  
Мінсе толмас тақымы басқа атына.  
Он екі мың жылқыдан таңдап мінген,  
Жануар лайықтасқан ер атына.  
Алтын-күміс ертоқым айшықталған,  
Жарасар күрең қасқа ту сыртына.

Бөгенбай Қасқабайға сүйенеді,  
Ерлігін, батырлығын жөн біледі.  
Менменшіл, сыңар езу мінезіне,  
Кей кезде қабақ салып түрінеді.

260 Бай қызы өзі сұлу Зейнеп өктем,  
Қасына салтанат қып нөкер ерткен.  
«Тендесім осы елде сіз болған соң,  
Шақырдым әтей арнап сол себеппен».

Зейнептің Қасқабайға айтқан сөзі,  
(Алаяқ кәпір еді қыздың өзі).  
«Басқа елден сұлтан, төре іздемеймін,  
Еліңнің құмар қылды егіздері.

Мінеки жасым келді он сегізге,  
Көңілім түсіп кетті батыр сізге.  
270 Антпенен сізге қатын болмақпын мен,  
Әуелі бір тілек бер, батыр бізге.

Атаңа лайықпын болсам келін,  
Елде жоқ батырлыққа сенің теңің.  
Ішкі егес, сырттан келген жаудан қорғап,  
Әкеме бір билетсең қанжыға елін.

Екі сөз айта алмаймын бұдан былай,  
Қорлықта әкем, ағам жүрді жылай.  
Кірме деп, шеттен келген біздің елді,  
Тырнағын батырыпты Бөген талай!»

280 Қасқабай көктен іздеп, жерден тапты,  
Сөзіне қыздың айтқан ере қапты.  
Деп ойлап: «Елден таңдап қыз алсам да,  
Алмаспын мұндай бір қыз лайықты.

Бөгенбай өз жайына бара берсін,  
Иесіз қалың малын баға берсін.  
Мен бармын бүлік шықса екі арада,  
Әкеңіз хан ордасын тіге берсін.  
Жайлауға – Шетқурайға біз кетейік,  
Ермесе Бөген кәрі қала берсін!»

290 Бекітті бұлар сөйтіп уағданы,  
Тең түсті екі жақтың қуанғаны.  
Бел шешпей Қасқабай да жүрді дайын,  
Қорғайтын қолбасшы боп хан орданы.

Бұл істен хабарсыз боп Бөген қапты,  
Ел жыпжып жайлауына көшін артты.  
Жау талап жап-жадағай болғандай жұрт,  
Екі күнде үдере кетіп қапты.

Жеті мың үйді елден бөліп алып,  
Қасқабай Шетқурайға кетті салып.  
300 Мінер ат, киер киім болмаған соң,  
Егінбай жан сақтамақ ойда қалып.  
Отыз күн Бөген көшіп тоқтамастан,  
Белгілі айтқан жерге қонды барып.  
Басына Сарышоқының Бөген шығып,  
Қарайды төңірекке көзін салып.  
Көп күтті арттағы елді, көрінбейді,  
Отырды бұл қалай деп аң-таң болып?  
«Серт етіп аттан түскен жайымды ұғып,  
Қалған ба кейінгі елді жауым алып?!

310 Дұшпанға талай еткен ісім бар ед,  
Шіркін-ай, әкетті ме кегін алып?!»

Қайғысы саналы ердің күнде артады,  
Аузынан «аһ» дегенде күй тартады.  
Бұрынғы «бала» деген қайғыменен,  
Екеу боп қайғы жағын ұзартады.

Қайғыны күннен-күнге Бөген табар,  
Бұрынғы қайғысына қайғы жамар.  
Қасқабай, Сарыбайдың біреуі жоқ,  
Алатын жер кездіріп елден хабар.

320 Көмілді ер Бөгенбай көрді қазбай,  
Кімге айтсын иендегі қайғы аз ба-ай!  
Бір хабар кейінгі елден болар ма деп,  
Жатыпты Көксуында ала жаздай.

Бөгенді екі қайғы бірдей жықты,  
Жылайды жер бауырлап Бөген мықты.  
Төре ауылы Шетқурайға көшіп барып,  
Хан орда деп Құлжабек үйін тікті.

330 Қыз Зейнеп көңілі толды өз басына,  
Тіктірді қонақ үйді қыр басына.  
Жібектен керме тартып қойды былай,  
Жаптырды қызыл манат ордасына.

Батыр бар Қасқабайдай қолбасында,  
Қасында бар талай ер жолдасы да.  
Бағынып қыз Зейнептің әміріне,  
Билік жоқ Қасқабайдың өз басында.

Аналық зар жылайды мұны көріп,  
Тұрған жоқ Қасқабайға ерік беріп.  
Үйінде Жоянбайдың көк бедеу бар,  
Ат еді ер мінетін жанға серік.

340 Бір үйде арнап тіккен тұр көк бедеу,  
Бола алмас қыл құйрықта оған теңеу.  
Арда емген алты жылдай ауыздықсыз,  
Болған жоқ тоғыз жылда бір күн жүдеу.  
Қайырған желмаяны бір жел тұяқ,  
Ел аузы аңыз қылар деп: «Ерге медеу».

Қасқабай көк бедеуге міне алмады,  
Мінбек түгіл қарасын көре алмады.  
«Кенжемнің көңіліне алған тұл аты» деп  
Аналық оны қиып бере алмады.  
350 Үш айдың жүзі болып бара жатыр,  
Бір-бірін бөлінген ел көре алмады.

Жатады төре ордасын тігіп алып,  
Хандықтың түбі соғар неге барып.  
Әкесі – хан, қыз Зейнеп – бас уәзір,  
Аналық еңірейді күйіп-жанып.

Сондағы Аналықтың қылған зары:  
«Төренің ел бүлдірді-ау мына қары.  
Қарғайды Қасқабайды өспегір, деп,  
Сартқа ердің қалмады ғой беттің ары.  
360 Қан төкпей, қайғы қыспай, көріспессің,  
Белгілі Қостуғанның аюлары.

Бермейді не қылсаң да төре қызын,  
Төренің баспа деймін басқан ізін.  
Жер көрсін қызығынды, ей, антұрған,  
Таусылып бұл жалғаннан дәм мен тұзың.

Шалқыған, үйрек қонған көлім қайда?  
Құт қонған Қостуғандай елім қайда?  
Қазаққа басшы болып олжа салған,  
Қарағым Кенжетайдай ерім қайда?  
370 Құрағы алты ай жазға таусылмайтын  
Көрем бе, Көксуқияқ жерім қайда?

Қарағым, жандай менің бауырым-ай,  
Құт қонған берекелі ауылым-ай.  
Келген жаудан ірге жау жаман екен,  
Қарай көр, туысқанның жаулығын-ай!

Сауармын ақ сүтімді көкке қарап,  
(Қарағым Кенжетайым, қалқам манап).  
Қасқабай, туғаныңды сартқа саттың,  
Жүресің ел бетіне қайтіп қарап?»

380 Соны айтып жата берді жылай-жылай,

Көл қылып көздің жасын бұлай-бұлай.  
Алдаумен қыз қолына түсіп алған,  
Қайрылып қараған жоқ ер Қасқабай.  
Маңайын өзге бала баса алмады,  
Кенже ұлы бірге жылар Қалыбек-ай!

Бір ер бар қаракерей елден шыққан,  
Бөгеннің бірге жүріп сөзін ұққан.  
Қабанбай деген батыр оның аты,  
Соғысып талай жауын жерге тыққан.

390 Сейілде жүрді, алпыс жолдасы бар,  
Жол аузы Шетқурайдан келіп шығар.  
Ежелден ел жүрмейтін құба түзден,  
Алдынан жер қайысқан мал ұшырар.

Қабанбай малды көріп қалды таңға:  
«Бұрын ел болмаушы еді осы маңда.  
Жау болып қапылыста қап жүрмендер,  
Оңтайлы қару-жарақ болсын қолда!»

400 Сонымен жүре-жүре малға жетті,  
Бұл жерде ел барлығын естімепті.  
Қай ру, қайсы жақтан келді екен деп,  
Білуге ел шетіне батыр кетті.

Аралап келе жатыр қалың елді,  
Сәулетті хан ордасын көзі көрді.  
Білуге орда иесін, аты-жөнін,  
Жақындап хан ордаға батыр келді.

410 Сәулетті хан ордасы манап жапқан,  
Тәрізді түзге құрған қанды қақпан.  
Қолында күміс таяқ қыз кезікті,  
Басында үкісі бар бұлғақ қаққан.  
Астында алтын жабдық, күрең жорға ат,  
Сөйлесті жолаушымен түспей аттан.

– Жарқыным, айтшы кімнің бұл ордасы,  
Қай бектің, қай төренің бұл қордасы?

Біле алмай елдің жөнін келіп тұрмыз,  
Келген бе Абылай ханның қазынасы?

– Қолыма ұстағаным күміс таяқ,  
Тұрсың ба біздің бастан хандықты аяп?  
Ордасы Құлжабектің, – деді Зейнеп,  
Ел жөнін білмейтұғын неткен саяқ?!

420 Қабанбай қыз сөзіне ширығады,  
Құбылып жайдары өңі бұзылады.  
«Кешегі Құлжабекті мен білемін,  
Дәрежең қашан бар ед хандық сәнді!

Япыр-ай, мынау хандық сайлауын-ай,  
Бөгеннің жүруші ең ғой айдауында-ай.  
Сөзінде артықтық бар, ей, шырағым,  
Ұзаққа бара ала ма хандығың-ай!»

«Жарайды, ер Қабанбай айтқан сөзің,  
Ерсің ғой құн жоқтайтын сенің өзің.  
430 Егесsem пар келмейсің салмағыма,  
Басыма бақыт қонған осы кезім».

«Көріп пе ең Бөгенбайды балам өзің,  
Баласың жап-жас қана, қалай сөзің?  
Сен бүгін Бөгенбаймен жау екенсің,  
Төрт болар бәлем әлі-ақ екі көзің!»

«Тұр екен қаның қайнап жолдасыңа,  
Ит Маян болсын-ақ би үй басына.  
Жонында Көксуқияқ қалды өліп,  
Сәлем айт Бөгенбайдай қу басыңа».

440 Қабанбай қыз сөзіне ашуланды,  
Әдепсіз неткен қыз деп қатуланды.  
Қылуға қызбен ұрыс тартынбай-ақ,  
Қылышын қынабынан суырып алды.  
Еркіне Қабанбайдың қоя бермей,  
Жолдастары: «Сабыр» деп ұстап алды.

Қыз-дағы ашуына мініп алып,  
Жіберді «Ел жинал!» деп айғай салып.

«Битке қылыш суыру жарамас», – деп,  
Батырды жолдастары кетті алып.

450 Жанжалсыз, жала таппай кетті жүріп,  
Тұрса да қыз сөзіне іші күйіп:  
«Қазаққа басшы болған қайран Бөген,  
Қызға мазақ болдың ба әруақ ұрып?!

Опсыз еді неткен мынау жалған,  
Ер Бөген талай елге олжа салған.  
Шыр еткен бір баланың жоқтығы ғой,  
Қыз екеш қыд ба бүгін шықты алдан!»

Соны айтып кете берді жылай-жылай,  
Толықсып ат бауырына бірде құлай.  
460 Бөктерлеп Шетқурайды жүріп кетті,  
Іздемең Бөгенбайды содан былай.

Қыз сөзі еске түссе сағы сынып,  
Іздеді Бөгенбайды күн-түн жүріп.  
Төтелеп бір қырқаны асқан кезде,  
Кеш батып, көз байланған болды ымырт.

Батырдың қыз сөзіне сынды сағы,  
Желге ұшып күл болғандай Бөген бағы.  
Бұл ара жау бекінер бір қиын жер,  
Белгілі Қабанбайға жердің шағы.  
470 Жан-жаққа көз жіберіп келе жатса,  
Ат дүбірі естілді саладағы.

Саладан жалғыз атты шыға келді,  
Кісіні жалғыз атты бұлар көрді.  
«Елмісің, жаумысың?» – деп жалғыз өзі  
Анадай жерден келіп дыбыс берді.

Қабанбай: «Кімсің?» – деді және оған,  
Көп қой деп қарамады жалғыз бұған.  
«Қырамын жау болсаңдар, – деді және, –  
Айтпаңдар алдау сөзді, сірә, маған».

480 Байқаса сұңғақ бойлы бір жас бала,  
Бекініс шыққан жері қиын сала.

Астында желқом салған көк аты бар,  
Дейтіндей білмегендер: «Күшін қара».

Баланың сөзіе жұрт аң-таң қалды,  
Қабанбай сипатына көзін салды.  
Білеміз Бөгенбайдан енді хабар,  
Көрдім бе тұқымынан бір көкжалды».

– Біз бейбіт жолаушымыз жайға жүрген,  
Сен жалғыз сірә кімсің сайда жүрген?  
490 Сұрасаң арғы атамды қаракерей,  
Жерім жоқ жауды көрсем бір мүдірген.  
Білмесең менің атым ер Қабанбай,  
Қалмақ та қазақ түгіл, түгел білген.

– Білемін Қаракерей екенінді,  
Бейуақта неге кездің мекенімді?  
Жау болып, жазым етіп алдап жүр ме,  
Бермеспін көп болсаң да мен кегімді?

– Ей, балам, сөзің жаман арындаған,  
Көпке аздың күні бар ма жалынбаған?  
500 Атаңды бабаңменен айтып берші,  
Шырағым, жан екенсің жалындаған.

– Егінбай, әкем аты, Сарыбай атым,  
Қанжыға Маянбайдан туған затым.  
Ақырса ағам Бөген жауды алған,  
Жерім жоқ жауға болған, сірә, қатын.

Бөгенбай төр жайлауға кеткен шалқып,  
Біз қалдық ойды жайлап, жатақ жатып.  
Аң аулап шығып едім кешке таман,  
Үйреніп қылыш шауып, садақ атып.

510 – Жарайды, балам Сарыбай, білдім сөзің,  
Жас білек ер екенсің сенің өзің.  
Бөгенді қыз бен қатын мазақ қып жүр,  
Шықты ма оны көрмей екі көзің?

Көзбе-көз естіртейін мұны саған,  
Тумағыр өтірік ер болма маған.

Арысым, қайран ерім өзі қайда,  
Тірі ме, бар ма өзі Бөген ағаң?

Бұны естіп бала Сарыбай келді жақын,  
Сырнайшы, сыбызғышы, әрі ақын.  
520 Батырды үйіне әкеп қонақ қылды,  
Ойлайтын кісі екен деп жолдас хақын.  
Құрметтеп күндіз-түні Қабекеңді,  
Сөйлесті бастан-аяқ сөздің нарқын.

Қабанбай айтып берді бастан-аяқ,  
Жолдағы көргендерін тастамай-ақ.  
Бөгенді «қу бас» деген сөзді естіп,  
Егінбай өз басына салды таяқ.

– Жоқтаңдар, Бөген қанын түгел қазақ,  
Болды ма есіл сұңқар қызға мазақ?  
530 Жалғызым дақ тимеген мұндай бопты,  
Түсті ме аяғыма шын-ақ тозақ.  
Ел бөлініп, кетіпті берекесі,  
Хабарсыз біз қалыппыз жатып жатақ.

Егінбай талып қалды жылай-жылай,  
Шынымен болды ма деп заман былай.  
Құрып ап төре хандық елді айдады,  
Баянсыз ауыспалы сұм дүние-ай.  
Есі кірсе айтады қарғап-сілеп:  
– Керекке жарамадың өңшең ұл-ай!

540 Әкемнің аруағы жоғалды ма,  
Шынымен қашқын төре оңалды ма?  
Жер көргір қызығыңды он жеті ұлым,  
Көрінбей бәрің жоғал көз алдыма!

Төбемнен жаңа білдім ұрғандығын,  
Дүниенің бізден бетін бұрғандығын.  
Жараса он жеті ұлым керегіңе,  
Иләһи болсын сенің құрбандығың.

Сарыбай түрегелді сұрап бата:  
«Тірлік болмас деді үйде жата.  
550 Бұл жолға құрбандыққа мен барайын,

Беріңіз батаңызды батыр ата!»

Осы жол ажал жетсе өлейін деп,  
Төренің әуселесін көрейін деп.  
Әруақ қолдап тілекті берген болса,  
Жазасын қыз Зейнептің берейін деп.

Қабанбай қолын жайып бата берді,  
Сарыбай «әмин» деп түрегелді.  
Бата алып желқом ермен атын ерттеп,  
Бет қойып Шетқурайға жүре берді.

560 Жол жүріп дәл сегіз күн тыным алмай,  
(Жүрістен жауыр көк те келед талмай).  
Болғанда дәл тоғыз күн сәске мезгіл,  
Шұбалған ән естіді бала Сарыбай.

Таң қалды ән салғанға бала Сарыбай,  
Бұл әнде бір мағына болды бардай.  
Жүк артқан жүз түйеге сұлу Зейнеп,  
Келеді күншілікке өзін жырлай.

Қолына сұлу Зейнеп сыбызғы алған,  
Сегіз қыз салтанатпен әнге салған.  
570 Екенін сұлу Зейнеп Сарыбай танып,  
Сөйлесіп қалайын деп қарсы барған.

Қыз-дағы Сарыбайды көрді танып,  
Бойына қорқу кірді шымыр қағып.  
Далада иен-тегін кез болған соң,  
Ойлады кете ме деп қырғын салып.

– Арасы екі елдің ел ме, жау ма,  
Сарыбай, аманбысың, денің сау ма?  
Қадірлес, түсің өзге замандас ең,  
Әңгіме айт, біраз ғана көңіл аула. –

580 – Қыз Зейнеп, төре қызы, сен бір ерке,  
Болды ма әкең бүгін елге серке?  
Ордаңды жүз түйеге артып алып,  
Көшкенің үріккенің бе бүгін ерте?

– Үркетін қорқыныш жоқ біздің баста,  
Сарыбай, мұндай кесел сөзді таста.  
Қаңғырып ойда қалған сорлы кедей,  
Денсаулық, жан аманын көңілге ұста.

590 – Келіп ем мен бір хабар салайын деп,  
Еліме бөлек жатқан барайын деп.  
Теңдесім сұлу Зейнеп сен болған соң,  
Келіп ем қатындыққа алайын деп.

– Мен мақұл болар ма екем сендей жасқа,  
Мініпсің кедей байқұс бір қақпышқа.  
Маянның бұрынғы көп желігі жоқ,  
Қолымда саған қарсы батыр Қасқа.

– Алармын Қасқа түгіл, алаңды да,  
Тау түгіл ойрандармын салаңды да.  
Бойжеткен өзің түгіл, кәрің менен  
Қырғынға бір салармын балаңды да.

600 – Қадірлес сөзің қайда сыйласыңа,  
Кесел қып бөгеу салма қимасыңа.  
Үңгеріп ескі әруақты жүр екенсің,  
Бөгендей сәлем айтқын қу басыңа.

– Әй, Зейнеп, саған мәлім менің атым,  
Болады Маянбайдан туған затым.  
Екенін кімнің қу бас бір көресің,  
Өзіңді кемшілікке қылсам қатын.

610 – Сарыбай, саған айтам белгілі сөз,  
Қапия көш жөнекей болдың ғой кез.  
Ордама ертең кеште Қынаменде,  
Келіп қайт күтіп алам естісеңіз.

Той болар Қынаменде ордамызда,  
Көресің сый-сияпат ортамызда.  
Келмесең өзің жолық аруағыңа,  
Тапсырып мен қосамын дәм мен тұзға.

– Ордаңды сәнмен тіксең бие байлап,  
Ордаңа мен барамын Маянбайлап.

Таныдым сөз төркінін айтпасан да,  
Мені алмақ сенің көңілің жіпсіз байлап.

620 Көр қазба біреуге деп, сұлу Зейнеп,  
Өзіңнің қап жүрмесін сорың қайнап.  
Аруағы Маянбайдың жоқ болмаса,  
Бәлем сарт, түсірермін Тәшкенге айдап.

– О, бәле, қызығыңа молығайын,  
Сен келсең көңілім тынып толығайын.  
Келмесең өз аруағың өзіңе ғой,  
Күтпесем қатын болып жолығайын.

– Қарасаң кімің бар ед жан-жағыңа,  
Егесем жан пар келмес салмағыма.  
630 Амалың қырық есекке жүк болса да,  
Түспеспін тоқсан екі қармағыңа.

Екпінім қыз ойлайды желдей ессе,  
Сарыбай келіп қалар ажал жетсе.  
Арманым сонда менің болмас еді,  
Қасқабай Сарыбайдың басын кессе.  
Туғызсам алауыздық арасына,  
Кетер ед берекесі өңшең кешше.

Бұларды көрген адам аң-таң қалған,  
Уағданы не де болса байлап салған.  
640 Ертең кеште келмекке серт айтысып,  
Сарыбай кейінгі елге кетті арман.

Сарыбай ойлап барад: «Мынау қалай,  
Бұл жерден сау шықпағым екіталай.  
Баласы ең бір егіздің бірге туған,  
Барайын Аналыққа жанасалай.  
Аналық ақылы көп даңғыл еді,  
Қалмай ма мені жаудан арашалай.

Қасымда жолдасым жоқ, атым жаман,  
Басыма түсер екен қандай заман.  
650 Хан, қараны көндірген Аналық ед,  
Барайын мұңымды айтып соған таман».

Аналық бәйбішесі Жоянбайдың,  
Шешесі Қалыбек пен Қасқабайдың.  
Жүретін мал-жанымен бір ауыл боп,  
Жеңгесі Егінбай мен Бөгенбайдың.

Көшіпті хан ордасы күні бұрын,  
Көшкен жоқ арттағы ел, отыр жиын.  
Жол жүріп көк шолақпен тыным алмай,  
Жетіпті қалың елге кешкіқұрым.

660 «Көп жылқы көгалалы жер қайысқан,  
Иесі болар ма екен маған дұшпан.  
Көрермін не болса да ертеңгі күн,  
Әйтеуір бір ажал бар бізді қысқан».

Аралап көп жылқыны келе жатып,  
Кенеттен Қалыбекке жолығысқан.  
Қалыбек Сарыбаймен немерелес,  
Баласы бір егіздің бір туысқан.

Келді де Қалыбекпен амандасты,  
Сарыбай екі көзден төкті жасты.  
Жүгірді аттан түсе Қалыбек те,  
670 Інісін бауырым деп қойды басты.

– Сарыбай, аманбысың, қарағым-ай,  
Жау десе артта қару-жарағым-ай.  
Егермен екі жаққа кеттік көшіп,  
Ой, дәурен, күн болар ма баяғыдай?

Құт болған Кенже ағатай жүр ме аман?  
Баруға шама да жоқ оған таман.  
Байқаусызда Қасқабай бастап кетті,  
Болады-ау, осы істің арты жаман!

Сарыбай қорлық көрген көп жылайды,  
680 Бар сөзін Қалыбекке деп жылайды.  
«Аға-еке естідің бе мына сөзді?  
Кенжені Қубас депті», – деп жылайды.

– Мен келдім өзім жалғыз, сөзім баяу,  
Астымда көк шолақ ат жүрмін жаяу.

Бауырлас туысқан ең, ей, аға-еке,  
Ажалға ертеңгі күн болдым таяу.  
Берсеңіз көк бедеуді үмітім бар,  
Көңілімде қалмас еді биттей қаяу.

690 Қалыбек мұны естіп көп жылайды,  
Ол дағы Кенже қамын жеп жылайды.  
Жеңешеңмен екеуміз кейіп жүрміз,  
Қарғыс атқыр Қасқабай деп жылайды.

Жылаулы жеңешеңінің екі көзі,  
Ерте-кеш «Кенжем» дейді айтар сөзі.  
Жерім деп Көксуқияқ жылағанда,  
Ішқұста былайғы адам болады өзі.

Көк бедеу менде де жоқ бүгін, жаным,  
Сенен ат аяғаным не қылғаным.  
Сұрасаң жеңешеңнен бермес пе екен?  
700 Ұнатпас әруақтың жығылғанын.

Сарыбай айтты қызбен сөз байлағанын,  
Бір пәле қыз Зейнептің сайлағанын.  
Астыма мінер атым болса егер,  
Сол қыздың келтірмес ем ойлағанын.

Зейнеп қыз салып тұр ғой, бізге қармақ,  
Егізді бір-бірімен шағыстырмақ.  
Ертең кеш ордасына бармақшымын,  
Болса да көтеріп ап, ауыр салмақ.  
Алмақшы төре қызын елді сатып,  
710 Қасқабай қыла алмайды бізге ынтымақ.

– Қасқабай азып кетті бізден өзі,  
Қыз десе қызарады екі көзі.  
Тура айтса жеңешеңе қарсы шығар,  
Қан төкпек осы күнде бар мінезі.

Көк бедеу байлаулы тұр үйде бүгін,  
Мінбек тұр ғой, көрмейді ешкім түрін.  
Күніне бес биенің сүтін ішіп,  
Тұрады ойнақ салып иен-тегін.

720 Шідер бар төрт аяққа қойған салып,  
Қасқабай міне алмай жүр бедеуді алып.  
Алам деп неше нәубет<sup>4</sup> қолын созып,  
Бұл күнде тоқырап тұр көңілі қалып.

Әйтеуір тірі жүрміз өлмеген соң,  
Кенженің алтын жүзін көрмеген соң.  
Құтыртты ер Қасқабай елдің бәрін,  
Ерікті әрең жүрміз бермеген соң.

Бір үй бар көк бедеуге тігіп қойған,  
Жеңешен жаңылған жоқ ақыл-ойдан.  
Аман боп Кенжетайды көрсем дейді,  
730 Өлім ғой айрылғаным жалғыз тайдан.

Басына нөқта салып ойнақтатып,  
Үш мезгіл жер шөбінен тұрар татып.  
Кешке әкеліп бағады үйге байлап,  
Ешкімге бере алмайды жайтаңдатып.

Жеңешен кеше маған ақылдасқан,  
(Бала да жалғыз маған жақындасқан).  
Жыласа ертелі-кеш жан шыдамас,  
Қасқабайға емшегінің сүтін шашқан.

Өзіңе айтатұғын бір ақылым:  
740 «(Деймін ғой жолы болмас бұзақының).  
Ауыздан шыққан сөзді шығармалық,  
Қоймасын бірі біліп қияңқының.  
Балалық қылма, Сарыбай, ей, қарағым,  
Бөтен деп ойлай көрме, мен жақының.

Сұрасаң жеңешеннен атты бермес,  
Тіліне еш адамның ерер емес.  
Әуелі ел жайынан хабар беріп,  
Көрісіп жеңешенмен бар да тілдес.  
Көресің көк бедеуді қазір барсаң,  
750 Көк бедеу ымырт болмай үйге кірмес.

Қапысыз жабдығыңды ал түгел жайлап,

---

<sup>4</sup> Нәубет (парсыша) – кезек, рет деген мағынада.

Баба шал көк бедеуді жүрер байлап.  
Белгілі көк семсер мен ақ сауытты,  
Ала шық ер тоқыммен тағы сайлап.

Түн бола аттан салсам қапы қалма,  
Осындай қайламен ал, сұрап алма?  
Аттандаған кезімде міне алмасаң,  
Айырылдың көк бедеуден амал бар ма!

760 Далада мен жүремін жылқы бағып,  
Айтарсың жеңешеңе мұңды шағып,  
Жөн сөзге ат беруі екіталай,  
Жеңешең білмей қалсын, жүрміз нағып».

Сарыбай елге таман жүріп кетті,  
Кеш бола Аналыққа келіп жетті.  
Аналық Сарыбайды көргеннен соң:  
«Сағынтқан қарағым!» – деп зар еңірепті.

770 Сұрайды жылап тұрып елдің жайын,  
Сарыбайдың айтатын сөзі дайын.  
– Қазаққа басшы болып олжа салған,  
Қарағым, аман ба екен Кенжетайым?

Қайғыда жүрегім қан күнде менің,  
Келгенің жақсы болды-ау, қалқам сенің!.  
Жалғзым не күйде екен, о, дүние-ай,  
Бала еді қайғырғаны сол Кенженің!.

Қайғының бәрін айтып отыр қозғап,  
Түйедей ботасы өлген отыр боздап.  
Аздан соң үйге кіріп сусын берді,  
Сарыбай алар істі отыр болжап.

780 Қалың ел бейғам жатыр сақтанбаған,  
Жігіт жоқ қанжығада мақтанбаған.  
Кеш болып, көз байланған мезгіл еді,  
Естілді қатты сүрен аттандаған.

Шу етіп жұрттың бәрі үдірейісті,  
Құлаққа түнгі дауыс қандай күшті.  
Өзіне керектісін жинап алып,

Сарыбай сыртқа қарай құстай ұшты.  
Дауысқа аттандаған елеуірлеп,  
Шал менен көк Бедеу де арпалысты.

790 Сарыбай жетіп барып атқа таман,  
Ер салды үш айылды болмай шабан.  
Айыл тартып мінуге мұрса келмей,  
Секіріп мініп алды ол жалма-жан.

Үстіне бедеудің тез мінді барып,  
Бір шоқтық, бір сауырға тиді барып.  
Көк бедеу шыққан әлгі айғай жаққа,  
Адамдай тартып барад тура салып.

800 Кідіріп айыл тартып мінді жайлап,  
Барады жүрген сайын көзі жайнап.  
Дауысты аттандаған келіп тапты,  
Сол жерде ер-тұрманын алды ыңғайлап.

Қалыбекпен екеуі кетті жүріп,  
Ел бейбіт, мал жайылып, қалды тынып.  
Бір бетке жан жүрмейтін шығып кетті,  
Бармаққа ертең қызға сөз пісіріп.

810 Сарыбай болды разы жолдасына,  
Біледі қас қылмасын өз басына.  
Зейнеппен сөз байласқан уақыты сол,  
Бармақшы кешке ханның ордасына.  
Бәрі жау ондағының Сарыбайға,  
Кірмекші сөйтсе дағы ортасына.

Бекініп тауда жатты кешке дейін,  
Жеңістен тұр алдыда қауіп бейім.  
– Қалыбек алда жалым, ей аға-еке,  
Тыңдаңыз бір кеңесті мен сөйлейін:

820 «Бұл ісім – тілегенім өз басыма,  
Барамын кешке ханның ордасына.  
Қол бұлғап ажал маған тұрса дағы,  
Отырам қыздың барып оң қасына.  
Ордадан аман шықсам өлмей егер,  
Жоқ болса қарызым кімде, ат қасымда?»

Қалыбек мұны айтқан соң еңірейді зар,  
– Қарағым, айналайын бала сұңқар,  
Ордадан шыққан кезде ат бермесем,  
Қалайда сенің қаның мойнымды алар.

Осылай бұл екеуі серт етісті,  
Сарыбай бойға жиды барлық күшті.  
Қаупі жоқ ат, қарудан бүгінгі күн,  
Көрсетпек хан ордада қиын істі.  
830 Астында екеуінің екі тұлпар,  
Бет қойып хан ордаға құйылысты.

Ордаға таяу келіп аяндаған,  
Ханымыз ардақты деп аянбаған.  
Орданың қарсы алдында жанған от бар,  
Мәнісін бұлар да жоқ баяндаған.

Келеді жанған отқа аң-таң қалып,  
Қыз тұрды неше түрлі қайла салып.  
Орданы сегіз қанат тұр сыртынан,  
Жаяулап сансыз кісі қамап алып.

840 Бәрінің қолдарында қаруы мол,  
Өтуге мүмкін емес топты жарып.  
Екі ер жол үстінде кеңеседі,  
Ат басын тартып біраз тұра қалып.

Қалыбек ақыл айтты інісіне,  
(Өзінің бірге туған жынысына).  
– Қарағым, ажал айдап барасың ба,  
Төренің мына сансыз қылышына?

– Осы ма маған қарсы құрған қармақ,  
Қолдаса серпіп шығам қонған әруақ.  
850 Қайтемін тірлікте бұл аяп жанды,  
Әйтеуір бір өтеді дүние бейбақ.

Не қылам бұл тірлікте аяп жанды,  
Бармаққа не де болса дайындалды.  
Бөгенді «Қубас» деген сөзге бола,  
Оған құрбан қылмақшы шықса жанды.

Үстінде ақ сауыт бар, қолда семсер,  
Қорамсақ бәрі толық айбынды ер.  
Күші алып, адуынды, түсі суық,  
Соғысқа жас күнінен болған шебер.  
860 Жері жоқ қауіп ойлап өкінетін,  
Қаруы бір басына әбден жетер.  
Тізгінін көк бедеудің түре салып:  
«Қалыбек аға, – деді, – батаңды бер!»

Қалыбек жалынады атасына,  
Інісі қолын жайды батасына.  
– Жаратқан жалғыз Алла бір оңғарсаң,  
Адамның түзетуші ең ғой қатасын да.

Сарыбай, тілеп тұрсың міне батам,  
Қолдасын әруақ қонған Маян атаң.  
870 Жол берсін қырық шілтен, Ғайыперен<sup>5</sup>,  
Ондасын Тәңір бастап болса қатаң!

Бата алып бала Сарыбай қадам басты,  
Сол кезде он алтыға келген жасы.  
Үш жүздей қылыш алған адам бар ед,  
Аяңдап соған барып араласты.

Көреді қызды төре Тәңіріндей,  
Ол айныса бейне Алла әміріндей.  
Қолына қылыш алған жесекшілер<sup>6</sup>,  
Жаусырап аңсап тұрған бәрі бірдей.

880 Сарыбай келе жатыр қадам басып,  
Жендеттер бірге жүрді қатарласып.  
Ұр демей қылыш ұрмас ешқайсысы,  
Тұр пісі қыз Зейнептің сондай асып.

Атта тұр екі жүзден артық кісі,  
Ол дағы істеп қойған қыздың ісі.  
Бәрінің қызсыз қимыл етері жоқ,  
Көрінбек ақыр қыздың бір белгісі.

---

<sup>5</sup> Қырық шілтен, Ғайыперен – діни нанымда айтылатын ізгі адамдарды жебеуші әулие-машайықтардың аты.

<sup>6</sup> Жесекші – жасауыл.

Қарай көр Маянбайдың баласына,  
Әскердің жаяу кірді арасына.  
890 Зейнеппен серт айтысқан уақыты сол,  
Кірмекші ханның сұсты ордасына.

Келеді бала Сарыбай үйге таман,  
Болар деп, бүгін басқа қандай заман.  
Бір ауыз жөн сұрайтын адам да жоқ,  
Төренің жаусыраған түрі жаман.

Ортасын көп төренің аралайды,  
Бетіне бір адамның қарамайды.  
Кешегі ойнап жүрген жас бала еді,  
Көп адам Сарыбайды танымайды.

900 Жан-жақтан жаяу кісі тұрған бағып,  
Келеді бала Сарыбай қайқаң қағып.  
Самсаған сары қолдың арасында,  
Келеді қорқынышсыз бала нағып?

Аттыны алыс қойған анадайға,  
Біреу жоқ сонша топтан тұрған жайға.  
Ордаға ойран-ақ деп кіріп кетті,  
Мұндайда жігіт сөзін қыз сынай ма?

Сарыбай қалар емес сөзден тайып,  
Қолдайды ата Маян, Еренғайып.

910 Ордаға сән-салтанат құрған екен,  
Тастапты есік, төрге кілем жайып.  
Бір қарап Сарыбайға сұлу Зейнеп,  
Қалады қажымас деп ол азайып.

Қолына сұлу Зейнеп сыбызғы алған,  
Қасында көп қыз отыр әнге салған.  
Бірі де көп әскердің үйге кірмей,  
Бәрі де сыртта қалды қылыш алған.

Қарайды сұлу Зейнеп ерге таман,  
Сарыбай кеп отырды төрге таман.  
920 Жайнаған алтын тудай айбаты бар,

Қорқыныш көңілінде жоқ, түрі жаман.

*Сарыбай қызға айтады:*

– Келдім саған,  
Неңдей сый бермекші едің келсем маған.  
Мен өлсем артымда бар сансыз егіз,  
Сен өлсең жетер ме екен тайға бағаң?

– Сарыбай, ей, бейшара, кедей сорлы,  
Басыңа жинап келдің ажал торды.  
Ішіне хан орданың кіретұғын,  
Бар еді не жұмысың әлде о ғұрлы?

930 – Бір ойран келіп едім салайын деп,  
Ордаңды дәл ортадан жарайын деп.  
Теңдесім сұлу Зейнеп сен болған соң,  
Келіп ем тоқалдыққа алайын деп.

– Мен сендей жан көргем жоқ әуре-сарсаң,  
Қыз алмақ екенсің ғой ойда қалсаң.  
Бетіңе мен дегенің таңба болар,  
Жарайды мені қойып, шешенді алсаң.

940 – Зейнеп-ау, білемісің мен Сарыбай,  
Мен саған кете алмаймын бір дарымай.  
Болсын-ақ сені алмасам шешем қатын,  
Болсын ба маған тисең Құлжабек бай?

– Көңіліңді кедей сенің жай қылайын,  
Басыңа іздеп келсең қайғы дайын.  
Қаңғырып ойда қалған сорлы кедей,  
Әкемді саған тисем бай қылайын!

– Ауылым көшіп қонды кеңшілікке,  
Қыз Зейнеп сені алмаймын теңшілікке.  
Қайлақы ел бүлдірген дүзқара деп,  
Алармын бұрымыңды кесіп кемшілікке.

950 – Садаға кет сен менің ар жағыма,  
Лайық жазаң да бар қалжағыңа.  
Басыма бағым қонған осы кезім,

Сен түгіл Бөген жүрмес зардабыма.

Қаңғырып ой мен қырды кезіп келіп,  
Ілініп отырсың ғой қармағыма.  
Асыққан ажалына сорлы кедей,  
Жете ме көзің тірі қалмағыңа?

960 – Жөн саған мән-жайымды алсаң ұғып,  
Жау десе Маян жатпас үйде бұғып.  
Шашыңды кесіп, тіліп табаныңды,  
Еліңді мен шабармын ойнап-күліп.

Екпіні Сарыбай есіп тұр,  
Көңілі қаулап өсіп тұр.  
Айтқан сөзі қыз көңілін,  
Қылыштай бейне кесіп тұр.

970 «Қарағайдай көп төре,  
Қайғы көрсем өлмексің.  
Айғай салып шақырсам,  
Әміріме көнбексің.  
Қораға кірген қоянның,  
Тез ажалын бермексің!

Төрелер кірді жыпырлап,  
Босаға кетті сықырлап.  
Апыр-топыр көпшілік,  
Кіріп жатыр тыпырлап.  
Алдыменен Бекетай  
Келіп кірді сыпылдап.

980 Бала Сарыбай байқайды,  
Жаудан неге тайсайды.  
– Ей, жігіттер, бүйтпеңдер, –  
Деп төр жаққа тайқайды.  
Туысың бірге замандас,  
Қызға ерме, – деп, қалпайды.  
Асығып кірген Бекетай,  
Ашумен басын шайқады.

Сарыбай семсер суырды,  
Апшысын жаудың қуырды.

Алдымен кірген Бекетай,  
Оның көңілі суынды.

990 Төреге салды күдерді,  
Ажалға бермес шідерді.  
Хан орданың ішінде,  
Суырып алып семсерді,  
Үш-төрт бұлғап жіберді.

Біреулер қалды өкіріп,  
Біреулер жатты секіріп.  
Қан шыққан соң, қайратқа,  
Сарыбай алды бекініп.  
1000 Төр жабықты қылышпен,  
Быт-шыт қылды екі ұрып.

Секіріп құстай ұшады,  
Қайратпен қылған ісі еді.  
Айтылған сөзде қапы жоқ,  
Өзі де шапшаң кісі еді.  
Ордадан сыртқа секіріп,  
Тиындай ырғып түседі.

Сарыбай шықты ол жаяу,  
Жатпаған әлі жұрт ояу.  
Қандай күйде болад деп,  
1110 Қалыбек те тұр таяу.

Қажымас ол да ер еді,  
Сарыбайды көреді.  
Жетелеген бедеуді,  
Көлденең әкеп береді.

Сарыбай атқа мінеді,  
Қалыбек сонда күледі.  
Таң мезгілі ай туған,  
Ат маңдайын дәл қойып,  
Айға таман жөнелді.

1120 Атты әскер хабар сонда алған,  
Айғайлап ұран қыз салған.  
Астында қасқа тұлпар бар,

Қасқабай батыр із шалған.  
Ер қаруы – бес қару,  
Түзетіп алып аңғарған.  
Желіп кеткен екеуге,  
Таяу келді жандәрмен.

1130 Сарыбай артқа қарайды,  
Қайрат пен күшке балайды.  
Жаудан беті қайтпаған,  
Жақындап Қасқа жанайды.  
Мұндай емес толғаулы,  
Көрген батыр талайды.  
Түн ішінде көрсоқыр,  
Сарыбай білмес бұл жайды.  
«Атымды ұста, Кәке», – деп,  
Қалыбекке қарайды.

1140 Жау жақындап таянды,  
Шақырды әруақ Маянды.  
Өңмендеп қуған төреге,  
Оқ атуға таянды.

Секіріп аттан түседі,  
Тәуекел деген іс еді.  
Қасқабайды айдаған  
Ажалдың азу тісі еді.

Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда мол салды.  
Сегіз қайың, бір шойын,  
Тоғыз оқты қолға алды.

1150 Шағындап салар кісі емес,  
Жетпейтін оның күші емес.  
Тоғыз оқты қабаттап,  
Түгел салып тартады,  
Аянар жері бұл емес!

Табандап тұрып тартады,  
Жас қайраты артады.  
Қараңғы түннің ішінде,  
Көмескілеп дарытады.

- Зымырап оқ кетеді,  
1160 Қасқа атты ерге жетеді.  
Қынаптан шыққан шойын оқ,  
Төңкеріп тастап өтеді.  
Тағы да арман кетеді,  
Ажалдыға жетеді.  
Қабаттап шапқан көпшілік,  
Он сегіз өрден өтеді.
- Осыған тағдыр бастапты,  
Қынадай қырып тастапты.  
Иесіз шауып бос келген,  
1170 Таныды Қалыбек қасқа атты.
- Тоқта, Сарыбай, қарағым,  
Бұлғанды қанға балағың.  
Жеңешенің қарғысы-ай,  
Қарашы жалған шолағын.  
Орының болсын жәннаттан,  
Бар қанша басқа амалым!
- Айырдың, қалқам, жағанды,  
Сілейтіп аттың ағанды.  
Жалғанда кегім бір бітпес,  
1180 Қандырдың төре табанды.
- Кетірімін сыныңды,  
Көп қылармын күніңді.  
Ой, бауырым Қасқабай,  
Бір қасқаға жүзбенен,  
Бітірімін құныңды.
- Тоқта, Сарыбай, тарт қолды,  
Болдық бүгін қан жолды.  
Елді жиын қылайық,  
Бөгелмей енді неғұрлы.
- 1190 Соны айтып мінгізді атқа Сарыбайды,  
Атқан оқ Сарыбайға дарымайды.  
Тоқтамай сол жүргеннен жүріп барып,  
Көксудан іздеп таппақ Бөгенбайды.

Шықты да былай таман ақылдасты,  
Кетуді жөн білдіріп мақұлдасты.  
«Жеңешең бұл хабарды біліп қалсын,  
Хабарсыз қалса артымыз оң болмас-ты».

2000 Соны айтып елге таман келді жетіп,  
Кетпекке Аналыққа хабар етіп.  
Аналық ұйқылы-ояу жатыр екен,  
Тұсына жетіп келді дүбірлетіп.

Тоқтады жетіп келіп үйге таяу,  
Қан жұтқан екеуінің көңілі қаяу.  
– Қан төгіп, біз қайғыны тауып келдік,  
Жеңеше, жатырмысың ұйқылы-ояу.

Аналық: – Бұл кім, – деді, – келіп тұрған,  
Еркіндеп тұлпар атпен желіп тұрған?  
Қан төктік дегендерің не деген іс,  
Оңай ма кісі өлтіру, ой, антұрған?!

2210 Айрылып көк бедеуден қалдым кеше,  
Болған жоқ өлтіргенің елге есе.  
Қаншасын өлтірсең де пайдасы жоқ,  
Қасқабай мен ит төре ел билесе.

Сөйлейді екеу барған елден саяқ,  
Айтады істегенін бастан-аяқ.  
– Өлгенін неше кісі білмей қалдық,  
Өзіміз аман келдік жемей таяқ.

2220 Табылар айтпағанмен сөздің шыны,  
Қылышты сыйғызбай тұр қанды қыны.  
Қан толып екі көзге көрмей қалдық,  
Өлгені нешеу екен, әлде кімі?

Қасқабай өлді бірақ жазым тауып,  
Соғыста тұра алмадық қылмай қауіп.  
Қарғысың сол бейбаққа дәл келіпті,  
Қарғап ең, ықыласпен емшек сауып.

Айтпаңыз бұл хабарды басқа жанға,

Ертең кісі салыңыз төре ханға.  
Қыз берем деп, ұлымды өлтірдің деп,  
Іргеңді бөлек сап, ал ертең таңда.

*Аналық деді сонда:*

2230 – Жүрегім-ай,  
Қасқабай, қайран ұлым, тірегім-ай.  
Аруағы атакемнің аман қоймас,  
Қарғап ем, келген екен тілегім-ай!

Сілесі әруақтың аман қоймас,  
Ежелден тұқым едің қанға тоймас.  
Сөзінсіз Кенжетайдың іс қылмандар,  
Тез барып сол сабазбен әбден ойлас.

Мұндағы жұрттың аузын тыйғызамын,  
Төрені бір қауызға сыйғызамын.  
2240 Таң ата Құлжабекке кісі салып,  
Мал-жанын құрбандыққа қиғызамын.

Екеуі қош деп, түнде кетті жүріп,  
Тұрмады бұл өңірде аз кідіріп.  
Жол жүріп сегіз күндей тыным алмай,  
Белгілі Сарышоқыға кетті кіріп.

Отыр ед Сарышоқыда қарт Бөгенбай,  
Кейінгі ел шабылды ма, мынау қалай?  
Елдің қайда екенін білген жан жоқ,  
Көрер ме бұдан былай екіталай.  
2250 Үміттей осы кезде елбең етіп,  
Қырқаны шықты екі атты жан асалай.  
Жас түлек ерлері бар бірге отырған,  
Селт етіп кәрі-жасы қалды қарай.

Екі адам келе жатыр бүлкететіп,  
Қарайды отырғандар елең етіп.  
Елеулі көзі өткір ед Бексұлтанның,  
Таныды көк бедеуді көзі жетіп.

- Таныдым Қалыбектің шын екенін,  
Білмедім көк бедеуді кім мінгенін.  
2260 Бір хабар кейінгіге елден енді болды,  
Кәрі аға, білдік елдің қайда екенін.
- Бөгенбай мұны естіп еңірейді зар:  
– Болғанға жаным құрбан елден хабар.  
Тек емес кейінгіге елдің қап қалғаны,  
Әйтеуір үлкен сойқан бір сұмдық бар.
- Дегенше анау-мынау келді жетіп,  
Астында екі тұлпар екпіндетіп.  
Хал-жайдың көрген-білген бәрін айтты,  
Жыласып болғаннан соң көріс етіп.
- 2270 Айтады істелгеннің бәрін қоймай,  
Кеткенін тағы айтты қанға тоймай.  
Өлгенін Қасқабайдың естіртіп ед,  
Бөгенбай: «Ой, бауырым!» – деп салды ойбай.
- Ішіне қарт батырдың қаптады шер,  
Маңайын жинап алды Бөгенбай ер.  
– Төренің осы күнін көп қылайын!  
Бұларды қысқан екен бір арам тер.
- Елінің ат шаптырып бәрін жиды,  
Қайратын, ашуланып кәрін жиды.  
2280 – Хан болған Құлжабектің қылығына,  
Ақыл тап енді елім бәрің, – дейді.
- Балалар алып келген елден хабар,  
Кім болсын сізден басқа ақыл табар.  
Қалғанша қасықтай қан көріп алдық,  
Бір жан жоқ жарлығыңнан тыста қалар.
- Қайтарып елді бастап келесіңдер,  
Қарсыласса жазасын бересіңдер.  
Ол дағы толып жатқан аталы жау,  
Барған соң ақылдасып көресіңдер.
- 2290 Маянбай бейітіне тілеу тілеп,  
Бата алып содан былай жүресіңдер.

Ақ туын Маянбайдың алсын Сарыбай,  
Артынан басқаларың ересiңдер.

Бейіті Маянбайдың он бес күндік,  
Жігіттер атқамінер қалмасын түк.  
Бұл төре хандық құрып, ел бүлдірді,  
Шулатып қалың елді, мені күндеп.  
Өлгені Қасқабайдың екі жара,  
Төренің бұл қылғаны бітпейтін кек.

3000 Сол күнде Маянбайдан жеті кенже,  
Үлкені Сарыбай мен Бексұлтан-ды.  
Тұманбек, Жұманбек пен ер Айдарқан,  
Әрбірі мың кісілік жауынгер-ді.  
Аттарын жетеуінің түгел айтсақ:  
Садырбек пен Тынысбек енді екеуі.

Он бес пен жиырмада бұл жетеуі,  
Сарыбай он жетіде ең шебері.  
Сағымдай садақ жетпес қайла-әдісі,  
Ақылшы, жол табатын кемеңгері.  
3310 Бәрінің алдындағы алтын қазық,  
Ақылмен кеңес берер Бөген ері.

Барлығы бір Маяннан жалғыз текті,  
Қай-қашан егескенге бермес кекті.  
Мал айдап, қосын артып, бастап қолын,  
Бейітіне Маянбайдың жүріп кетті.

Көксуда жайын жатқан бие байлап,  
Аттанды мыңдай кісі «Маянбайлап»;  
Бетке алып дүйсенбіні – сәтті күнді  
Күзекке көп жылқыны жүрді айдап.

3320 Жаратты қос-қос тұлпар жас батырлар,  
Ішінде Бөген сұңқар ақыл табар.  
Жылқыдан Нарқызылды ұстатады,  
Мақтаған төл аты еді жаны құмар.

Мінгізіп Нарқызылды Сарыбайға,  
Ақ туын Маянбайдың беріп қолға.  
Қайтарып көк бедеуді Қалыбекке,

Байырғы мал тұқымы деп, қол тума.

Жаратты Бексұлтан жас Ақкекілді,  
Жануар ер мінетін ат секілді.  
3330 Құнанында елу түйе беріп алған,  
Ер мініп жауға шапса бап секілді.  
Маянның саңлақтары жиылып ап,  
Төреге салмақ болды бір өкімді.

Жоқ екен келгендердің бірер жаты,  
Келсін деп күтіп жатты күннің сәті.  
Әкесі Маянбайдан бері қарай,  
Сәт тұтқан дүйсенбіні Бөген қарты.

Төрт боз ат төрт дінгекке қойды байлап,  
Сайланды сегіз батыр қару сайлап.  
3340 Ақ туын Маянбайдың жерге шаншып,  
Бөгенбай ұран салды: «Маянбайлап!»

Мойнына кемер белбеу тұрды салып,  
Кейде есін жиып алып, кейде талып.  
«Ата-екем, аруағыңмен бер шарапат,  
Бұл күнде балаң, – дейді, – болған ғарып».

Күн ыстық, әуе қайнап дуылдаған,  
Халық көп қоршап сырттан шуылдаған.  
Бөгенбай көп зарланып жылағанда,  
Жайқалып, ту созылып суылдаған.

3350 «Жасаған берді дейді тілегімді,  
Дұшпаннан қайтармасын жүрегімді.  
Көп барсаң қолға байлау боласыңдар,  
Сегізің тоқтатыңдар жүрегінді».

Байлаулы төрт боз атты айтып сойды,  
Жиылған жұрт қымыз бен етке тойды.  
Басшысы сегізінің Сарыбай боп,  
Белгілі Шетқурайға бетті қойды.

Бөгенбай бата берді балаларға,  
Сақтаса жалғыз Алла пәле бар ма?!  
3360 Не жаман көп жаманды көмекке ертіп,

Ажалың жетіп тұрса шара бар ма?!

– Ақылың өссін, ырысың,  
Білінсін жауға дыбысың.  
Сарыбайға қарсы келмеңдер,  
Қарсы келген адамның,  
Тұқымы өспей құрысын!  
Жауға шапса турайтын,  
Ұстаған қолға қылышың.  
Сегізің барып төренің,  
3370 Бітіріп қайт жұмысын.

Сегізі тұлпарларын мінген баптап,  
Найзасын, болат қылыш алған саптап.  
Батасын қарт Бөгенбай бергеннен соң,  
Бейіттен тура шапты әруақтап.  
Бәрінің тілегені осы болды,  
Аман-есен қайта кеп, дәм-тұз татпақ.

Серпіліп топтан шығып түзеледі,  
Көрем деп жауды қашан кезенеді.  
Суыт жүріп жау бейғам шақты ұтпақ,  
3380 Сарыбай ақыл табар көзел еді.

Жол жүрді дамыл алмай Шетқурайға,  
«Қолда» деп, жалынады Маянбайға.  
Бауыры Шетқурайдың Қарабастау,  
Белгілі сегіз күнде түсті сайға.

Қостарын тікті жайлап келген артып,  
Байлады тұлпарларын керме тартып.  
Болғанша Маян сәті сонда жатпақ,  
Жас түлек өңшең батыр қайраты артып.

Жеті күн сол бастауда жатты жайрап,  
3390 Керекті жауға лайық қару сайлап.  
Ақ туын Маянбайдың жерге шаншып,  
Сарыбай ұран салды «Маянбайлап!»

Ел жатыр Шетқурайдың биігінде,  
Қасқаны құзғын жеген күйігінде.  
Жиылып төре-қара ақылдасар,

Бір ақыл таппақ болып күндіз-түнде.

Аналық оған күнде салған хабар,  
– Ел бұздың, ерім өлген құным да бар.  
Берем деп төре қызын алдап барып,  
4000 Оқ атып, лайық па қылыш шабар.

Өлгенін Қасқабайдың төре біліп,  
Кімнің қылған ісі деп аң-таң қалар.  
Аналықтың ақылы жаннан артық,  
Қан қызды деп іргесін бөлек салар.

Төрені жиып алып қыз кеңесті,  
«Егіздер тапқан екен нан жеместі».  
Інісі Бекетайдың Бекбау деген,  
Қолбасшы осы адам болад десті.

Ол дағы қару-жарақ жиып жатыр,  
4410 Дүрілдеп өз әлінше болды батыр.  
Бекбау да қызды алмаққа сөз байлады,  
Болса да айырылмасқа заман ақыр.  
Өзінің ортасында батыр еді,  
Екі ұдай ерегесте жауға татыр.

Шетқурай деген биік бір үлкен тау,  
Тап-тату ел боп кетті осынша жау.  
Сөзі де Аналықтың батып барад,  
Болды әйтеу бір сайыспай бітпейтін дау.

Күн жылжып жексенбінің күні болды,  
4420 Қыз Зейнеп ақыл ойлар оңды-солды.  
Жылқыны бие ағыта айдап шықты,  
Аңдамақ Көксу жақтан келер жолды.  
Атын тастап биікке шыға келіп,  
Көрді ол бауырдағы дайын қолды.

Дүниенің жақын екен кең мен тары,  
Зейнептің ойға түсті қайғы-зары.  
Таныды тауда тұрып ердің бәрін,  
Жас түлек Маянбайдың балалары.

Ішінен танып көрді Қалыбекті,

- 4430 Бірі ойдан, біреулері қырдан кепті.  
Адамның құты қашқан соң оңала ма,  
«Құдай-ау енді қайда барам?» — депті.
- «Белгісіз қанша адамды ажал қысты,  
Ақылмен болған егіз ішті-пысты.  
Еркек болсам ел тауып кетер едім,  
Құдай неге жаратқан қыз байқұсты.»  
Зейнептің тұрған жерде буыны құрып,  
Үстіне бір жалпақ тас міне түсті.  
Ешкімнен көретұғын жұмыс емес,  
4440 Бастаған өзі еді ғой бұл жұмысты.
- Отырды сонда Зейнеп аз тыйылып,  
Өлімге өзін арнап, жанын қиып.  
«Жалғыз мен қайғырғанмен не табармын?!  
Бір ақыл табар, — деді, — жұрт жиылып».
- Дүйсенбі ертеңгі күн Маян сәті,  
Кермеде байлаулы тұр тұлпар аты.  
Бөген «қу бас» болса да арты мол ғой,  
Жетпегір жеткен екен қолғанаты.
- 4450 Қыз Зейнеп жаяу жүрді атқа таман,  
Болар деп ертеңгі күн қандай заман.  
«Тілге келсе көрмеспін кемшілікті,  
Сөйтсе де істің болды-ау арты жаман.
- Алты мың, әкеме көп жылқы біткен,  
Қыз болсам не етер едім бойды күткен.  
Қырғын келгір Маян-ай, неткен елсің,  
Тастүлек балапандай арттан жеткен».
- Зейнеп сонда жылайды,  
Өзінен-өзі мұңайды.  
Жайнаған жауды көрген соң,  
4460 Қайтіп сорлы шыдайды.
- Баршамен<sup>7</sup> белін байлаған,  
Жылқысын мыңдап айдаған.

---

<sup>7</sup> Барша — ширатпалы алтынмен не күміспен кестеленген мата.

Қайғысы түсіп ішіне,  
Бұлбұлдай Зейнеп сайраған:  
– Желіккен жауға кез болдым,  
Болмады-ау ісім ойлаған.  
Жау қолына кеттің бе?  
Қаракөк түсті көп жылқым,  
Шырақтай көзің жайнаған.

4470 Ордамды ойран қыла ма?  
(Сорлы Зейнеп жылама!)  
Ауыспалы дүние-ай,  
Үнемі қолда тұра ма?!

Алды-артым бірдей жау,  
Қайда бардым япырым-ау!  
Тең тұсым да жетер ед,  
Бөгенге тисіп нем бар-ау!

4480 Жылқысын Зейнеп айдап үйге жетті,  
Сақтаныңдар, жау бар деп, хабар етті.  
«Бауырында Шетқурайдың қаптап жатыр,  
Білмедім қанша екенін көрдім», депті.

Ел жиылып қайратқа мінді бәрі,  
Дуылдасып сөйлесіп жас пен кәрі.  
Ақыры не боларын қайдан білсін,  
Құтырды төре Дәулет – батырлары.

Иірді жесек салып жылқы малды,  
Мінерлік атын ұстап дайындалды.  
Асынып қару-жарақ белсенеді,  
Сақтамақ жауға бермей мал мен жанды.

4490 Осылай жата тұрсын Дәулет төре,  
Болады ертеңгі күн қандай өре?  
Мал сойып еліне жинап күтіп жатыр,  
Тамағы ішкен-жеген атаукере.

Сарыбай ат күзетті жатпай өзі,  
Ертең-ақ жауға шабар келер кезі.  
Таңертең атты әкеліп байлап қойып,

Ұйқыға біраз кеткен болды кезі.

5000 Ішеді жас түлектер тамағын қып,  
Күресіп бірін-бірі жүрді жығып.  
«Жігіттер, ат ертте!» – деп ұшып тұрды,  
Сарыбай Маянбайды түсте көріп:

– Түс көрдім жаңа ғана жатқан жерде,  
Түсімде көрдім, – дейді, – Маян ерді.  
Басшы боп осы жолы барамын деп,  
Ата-екем маған келіп хабар берді.

Бексұлтан да атамды көрдім дейді,  
Ат-жөнін әбден байқап білдім дейді.  
Кісі екен айыр сақал, ұзын бойлы,  
Көруге қарағымды келдім дейді.

5510 Келіп ем қарағымды көрейін деп,  
Дәрежең үстем болсын мерейің деп.  
«Маяндап» тынышымды кетірдіңдер,  
Келіп ем, енші бөліп берейін деп.

Үстінен ақ сауытын берді шешіп,  
Жоқ екен өн бойында ешбір тесік.  
Қолындағы қамшыға көп қызықтым,  
Қамшысын бермей кетті халым нешік.

5520 Қылышы көрініп тұр қынабында,  
Ата-екем не себепті келді мұнда?  
Астында маңғыл қасқа торы аты бар,  
Ойлаймын шыға ма деп түсім шынға.

*Тыныбек сонда айтады:*

– Мен де көрдім.  
Орнымнан қуанғаннан түрегелдім.  
Қарағым енші берем дегеннен соң,  
Қылышын маған берді, бер деп едім.

Жасаған берді дейді тілегінді,  
Дұшпаннан қайтармасын жүрегінді.  
– Қамшысын маған берді, – деді Қалыбек, –

Орады бүлдіргесі білегімді.

5530 – Бұл жолы жау қалмайды біз алмаған,  
Ер емес тау тұрса да бұза алмаған.  
Ат ерттеп, ұран шақыр «Маянбайлап»,  
Айтайын ақылымды енді саған.

Қалыбек сегіз қос ат алып қолға,  
Ту алып мен шығайын құба жонға.  
Алтауың аянбастан жауға шапсаң,  
Қосшылар түйеменен қалсын мұнда!

Жарлығын Сарыбайдың қабыл алды,  
Аттарға әруақтап ерді салды.  
5540 Қалыбек қосарларды ап жөнелгенде,  
Қосшылар тапжылмастан мұнда қалды.

Туын ап ер Сарыбай шықты тауға,  
Белсене аттанады алтау жауға.  
Дүйсенбі – Маян сәті атқа мінді,  
Сұм төре қыла ала ма жанын сауға.

Ұраны көкке шықты «Маяндаған»,  
Соғыстан өңкей жастар аянбаған.  
Бет қойып сол арадан тура шапты,  
Бір таңлақ тигізем деп төре саған.

5550 Жұтынып Ақкекіл ат мойнын созып,  
Жөнелді шапқан жерден Сұлтан озып.  
Тұлпар ат неше күндей бапта келген,  
Тарта алмай алақаны кетті тозып.

Бұрқ етіп бір кезеңнен ол да асты,  
Бесеуі арт жағынан қатарласты.  
Тақымын созып келген тұлпар аты,  
Самсаған сары қолға араласты.

Қарай көр Маянбайдың баласына,  
Жау көп қой, біз азбыз деп қарасын ба?!  
5560 Есіктей кірген жері болып кетті,  
Шетқурай өлік сыймай саласына.

Талайлар өліп кетті қаза тауып,  
Жау десе батыр жатпас қылып қауіп.  
Кез келсе найзаменен түйреп тастап,  
Келеді қалыңдаса қылыш шауып.

Атына батыр Бекбау қамшы басып,  
Кетіпті жан сауғалап таудан асып.  
Тауда тұр ер Сарыбай туын алып,  
Өнері алты жастың барады асып.  
5570 Тыныбек бір уақытта жетіп келді,  
(Сарыбай көрмей қапты қара басып).  
«Жұрт шапқан, ел бүлдірген, кісі өлтірген,  
Барад, – деп, – ойбай, Зейнеп әне қашып».

Ту алып Тыныбек қалды сонда тұрып,  
Сарыбай жөнep берді атын ұрып.  
Қылт етіп бір кезеңнен ол да асты,  
Барады қыз сорлының буыны құрып.

Артына қарай-қарай қыз да қашты,  
Сарыбай Нарқызылға қамшы басты.  
5580 Серпінмен адырнадан<sup>8</sup> шыққан оқтай,  
Зымырап ә дегенше кеп айқасты.

Жалт етіп Сарыбайды көрді танып,  
Тұрған жоқ қашқанменен сөзден қалып.  
Ұмтылды ұрысуға тәуекел деп,  
Қанжарын күміс сапты қолына алды.

Заты әйел ұрысуға жарамады,  
Сарыбай қылышына қарамады.  
«Жан жүрмес зардабыма деп едің ғой,  
Қашқаның қалай қыз», – деп табалады.

5590 – Зейнеп-ау, сертің қайда маған айтқан,  
Адам боп жүре ала ма серттен қайтқан?  
Екі елді егер етіп қан төктірдің,  
Жұрт бұзып, ел бүлдірген сен бір сайтан.

– Сарыбай, қорлығыңа көне алмаймын,

---

<sup>8</sup> Адырна – садақтың оқ салып тартатын қайысы.

Ажал жетпей зорланып өле алмаймын.  
Теңдікке теңестіріп алмас болсаң,  
Өлсем де айтқан серттен безе алмаймын.

6000      Сен Маян, мен ханзада, атам төре,  
Жүргенбіз жақсылықты біз де көре.  
Жақсы аттың жалында осы өлтірмесең,  
Жүрермін кемісем де кәсіп көре.

– Болмайды сертім екі айтқанымнан,  
Өлгенім жақсы серттен қайтқанымнан.  
Тілемін табаныңды, Зейнеп, сенің,  
Кем көрем малдың қасаң байталынан.

Зейнептің кетті шын-ақ үрейі ұшып,  
Едемде тақымына ердің түсіп.  
Дауысы анда-санда бір шыққанда,  
Сарыбай қояды оны қысып-қысып.

6610      Шабылған елге қайтты аялдамай,  
Келеді Арқызылмен аяңдамай.  
Зейнепке өлім қаупі білініп тұр,  
Бұдан тірі қалмағы екіталай.  
Тапсырды Қалыбекке Зейнепті әкеп,  
Бұл сайқал қашпасын деп, бұдан былай.

Қырылып, қирап жатқан елге келсе,  
Шабылған төре ауылы әсіресе.  
Бексұлтанға жабысып жалынып тұр,  
Күндігін қолына алған бір бәйбіше.

6620      – Қарағым, айналайын, Бексұлтан жас,  
Адамға қаза тапқан кейіп болмас.  
Едің ғой кіндік балам айналайын,  
Еліңді қырғындатпа, ей, гауһар тас?

Құрысын төре хандық құрғандығы,  
Құдайдың білініп тұр ұрғандығы.  
Ажалды жан өлімнен құтыла ма?  
Өлгендер елдің болды құрбандығы.

Көнейін не десең де сөзді байла,

- Өлген жан тірілетін дәурен қайда?  
6630 Бір келген қырғын шығар біздің басқа,  
Қылмады Зейнеп қызым елге пайда.
- Түсіп тұр ел шабылып жанған өртке,  
Елінді салма деймін ұзақ дертке.  
Еркектен әйел ісі жаман болды,  
Әуелі мен тоқтайын айтқан сертке.
- Осы екен Құлжабектің бәйбішесі,  
Қырғыннан шықпапты әлі оның есі.  
Бір қыздың қыздырмалы тіліменен,  
Өз елін өзі Бөген шапқан несі?
- 6640 Не дерін біле алмай тұр Сұлтан батыр,  
Кемпірдің айтқан зары толып жатыр.  
Жас жігіт түк көрмеген, түк білмейді,  
Әйтеуір қырған істі біледі ақыр.  
Сөйлескен екеуінің сөзін тыңдап,  
Аяңдап Сарыбай да келе жатыр.
- Аз ғана сөзді тыңдап аял етті,  
Зарлы мұң өңменінен келіп өтті.  
Серт байла деген сөзі әбден жөн ғой,  
Берейік бір серт байлап, Сұлтан, — депті.  
6650 Тірі жан көшін артсын ертең ерте,  
Сертіміз алыс емес болар шекті.
- Ертең ерте көшпеген жан болмасын,  
Бірі жылап, біреулер таң болмасын.  
Ұл атадан айырылып, қыз анадан,  
Көнбеймін деп, тағы да қан болмасын.
- Ризамын бұл сертке қалқам, Сарыбай, —  
Кемпір жерге бас қойды сонда жылай.  
Қырғындатып біреуі әлі де жүр,  
Тоқтат деп, сонда Сарыбай тартты керней.
- 6660 Қырғынға төре-дәулет қалған батып,  
Өлтірген бірін шауып, бірін атып.  
Басында көнбеймін деп қарысқанмен,  
Соғыстың біраз дәмін қалды татып.

Жеңген жақ қыр желкеден неғып түссін?  
Айдамақ ертең ерте дауылдатып.  
«Қатын би қашқан жауға» деген осы,  
Болмайды дей алмайды ешкім батып.  
Қыз қылығы екі елді егестірді,  
Хандық құрмақ қиялы енді ескірді.  
6670 Екі болып айтқаным кетпесін деп,  
Сарыбай шашын оның бір кестірді.  
Есімбек, Құлжабектің сегіз қызын,  
Түйеге екі-екіден міңгестірді.  
«Осының бәрі сенің кесірің», – деп  
Зейнепті жаяу айдап ілестірді.

Кеш бола ер жоқтауға шықты бұлар,  
Орны Қасқабайдың қашан толар?!  
Жоқтауға Қасқабайды «бауырымдап»,  
Ауылына Аналықтың тартты олар.  
6680 Аналық отыр екен жолды күтіп,  
(Жүктерін артып қойған көш күзетіп).  
Ерлерге келе жатқан қарсы шықты,  
«Балалар, тоқтандар» деп жарлық етіп.

– Жоқтауға ерлерінді жерің қайда?  
Таппайсың бұл жылаудан ешбір пайда.  
Көксуға қонып алсақ жарасар ед,  
Жылауың, ер жоқтауың сондай жайда.

Тоқтандар, жылауды қой, қарақтарым,  
Жасаулы жауға жайлы жарақтарым.  
6690 Бұл дағы толып жатқан аталы ел,  
Жазым боп жарылмасын қабақтарың.

Жарлығы Аналықтың жанға жайлы,  
Бұл сөзі Сарыбайға құп ұнайды.  
Көш-көштің астына алып түре айдап,  
Қайта кеп төрелерге бұрқырайды.  
Жау алып көңілі өскен өңкей саңлақ,  
Жебесі<sup>9</sup> ел үстінен сырқырайды.

---

<sup>9</sup> Жебе – садақтың оғы.

- 7000 Көшінің алдын бастап кетті Аналық,  
Мұратқа көңіліне алған жетті Аналық.  
Сегіз ұл серпіліп кеп елді шапқан,  
Қылған жоқ бұл соғыста еш балалық.
- Есімбек, Құлжабектер кеткен қашып,  
Шабынды көрген елдер қалған жасып.  
Жабуға кіріп кеткен талайлар бар,  
Жан сақтар жер таба алмай қара басып.  
Есімбек, Құлжабектің сегіз қызы  
Жылайды қара салып қатарласып.
- 7710 Келеді кек Зейнепті іштей тесіп,  
Ешкіммен сөйлесе алмас көңіл шешіп.  
Сарыбай бұйрық етпей тек ол үшін,  
Басқа ешкім жуи алмас пәлен десіп.  
Еттері ақ мамықтай күнге күйіп,  
Келеді құр сүлдері көшке ілесіп.
- Күн ыстық, сорлы Зейнеп жүрді жаяу,  
Торлапты бұрынғы айдай нұрды қаяу.  
«Мұндайын тіршіліктің көрсеткенше  
Не етер жаратпасаң бір құдай-ау!»
- 7720 Өзінің не болғанын біле алмады,  
Ызамен ажал жетпей өле алмады.  
Екі бұрым кесілген, жалаң аяқ,  
Сарыбайға шындап пар келе алмады.  
Тілге келсе мұндай іс көрмес еді,  
Тіс жарып еш адамға дей алмады.
- Келеді сорлы Зейнеп өлмеген соң,  
Не керек күші қарсы келмеген соң.  
Мөрі тамған жүзінен лай тамды,  
Бет-аузын шаң басып терлеген соң.
- 7730 Зейнептің ат-атағы кетті шығып,  
«Егерді ушықтырды жатқан бығып.  
Жаяулап сорлы Зейнеп кейін қалса,  
Сарыбай кезіккенде қояды ұрып.
- «Кім қу бас, сұлу Зейнеп, білдің бе анық?

Қап жүрме бұдан былай сөзден танып.  
Маған тисең қылмақшы ең әкеңді бай,  
Сол сөзіңді жүргейсің есіңе алып.

Бұл істің жайын естіп білді Аналық,  
Тумасын деп ойлады елде алалық.  
«Сарыбай кісі ұруды қойсын, – деді, –  
Жарамас мұндай қылса, бұл – балалық».

7740 Ілгерілеп ер Сарыбай кетті озып,  
Жылайды Зейнеп сорлы табан тозып.  
Тілге келсе иімейтін адамы жоқ,  
Жаралған сөз дегенде топтан озып.

Бір кезде Бексұлтанға кез боп қалды,  
Бір ауыз сөзбен Зейнеп арбап алды.  
Бұлтты айналдырар тіл-жағы бар,  
Ерлердің ортасына бүлік салды.

Сөйлейді сонда Зейнеп қайғы-зарды:  
– Көңілімде, ей, Бексұлтан, мұңым бар-ды.  
7750 Мал беріп елден таңдап қыз алсаң да,  
Алмассың дәл лайық мендей жанды.

Құтқарсаң Сарыбайдың қорлығынан,  
Қатыгез, шапағатсыз зорлығынан.  
Қарағым, айналайын, ей, Бексұлтан!  
Қалмайын не десең де жарлығыңнан.

Жас түлек қызға ынтыға қарады енді,  
Жүгіртіп Сарыбайға барады енді.  
– Бір қызбен мұнша егесіп неге керек,  
Атын беріп, киімін кигіз, – деді.

7760 – Бексұлтан, мына іске келме жақын,  
Ойласаң туысқандық тәңір хақын.  
Зейнепке айтқан сөзден қайта алмаймын,  
Болмақшы мен жеңбесем шешем қатын.

Азғаның жарамайды, Сұлтан, сенің,  
Балалық қылмай, ойлан сөздің жөнін.  
Зейнепке айтқан серттен қайтқанымнан,

Болғаны жақсы менің жаныма өлім.

– Сарыбай, жалғыз сен бе елді шапқан,  
Ел шауып, кісі өлтіру несі мақтан?!  
7770 Зейнепке айтқанымды мен істеймін,  
Сарыбай, құптамасаң енді сақтан!

Бұл сөзге Сарыбайдың келді ашуы,  
Ішіне кіріп кетті қыздың уы.  
Садағын мойнындағы жұлып алды,  
Тігілді екі ортаға сайтан туы.

– Бексұлтан, күшің артық менен сенің,  
Бұл жерде көрсетейін күштің кемін.  
Зейнепке айтқан серттен қайта алмаймын,  
Тірі жүрсем жалғанда бітпес кегім.

7780 Бұрылып Бексұлтан да тұра қалды,  
Садағын ол да жұлып қолына алды.  
Қырағы қыз кәпірдің қиынын-ай,  
Ортаға жаяу жүріп пәле салды.

Айдарқан өздерімен бірге туған,  
Сабалап мұны көріп келіп қалды.  
– Ей, Сәке, сабыр айла, тоқтатыңыз, – деп  
Келді де Бексұлтанды салып қалды.

– Деп тұрсың ел мен жаудың көзі қайда,  
Қылғандай не жазып ең жауға пайда.  
7790 Бексұлтан, ақылыңнан адастың ба,  
Кенженің үйдегі айтқан сөзі қайда?

Бір жақтан Тыныбек те жетіп келді,  
Батырлар хабарланып жиылды енді.  
Басына Бексұлтанның қамшы жауып,  
Көп жаза туысқаннан берілді енді.  
Аналық та көк жорғамен келіп жетті:  
– Жаным-ау, сендерге не көрінді енді?

Айтады сылтауратып балалықты,  
О да тәуір көрмейді алалықты.  
8000 Бір-бірден мұңын шағып зар еңіреді,

Көрген соң сонда Сарыбай Аналықты.

– Өлгенім жақсы еді ғой менің бүгін,  
Жеңеше-ау, білуші ең ғой сөздің жөнін.  
Долданып алқымыма сыймай кетті,  
Кеткенше өлсем едім қызға кегім.

Бәрі де бір Маяннан туған затым,  
Бексұлтан, Тыныбектер қолғанатым.  
Сертім бар Зейнеппенен байлап айтқан,  
Қыз жеңіп, болмақ па еді шешем қатын?

8810 Тұрады Сарыбайды қамап алып,  
Шақыртты Бексұлтанды кісі салып.  
«Құрысын балалығың, жаным-ай», – деп,  
Аяққа жықты ініні өзі барып.

Осындай ортасында бір іс туды,  
Тоқтады қыла жаздап айғай-шуды.  
Бексұлтан қаталығын мойнына алып,  
Көзінің жасыменен бетін жуды.

Зейнеп қыз Тыныбекке душарласып,  
Бөгелді сөз айта алмай аузын ашып.  
8820 Тыныбек сонда айтады: – Сұлу Зейнеп,  
Айрылдың ақылыңнан қара басып.

Жаңылдың қара басып ақылыңнан,  
Айырмақ болдың тағы жақынымнан.  
Ортаға шайтандығың жүрмей қалды,  
Тоқтаттық біз екі ерді апырымнан.

Сен сорлы Сарыбайға жалынсаңшы,  
Батырға кемшілікпен бағынсаңшы.  
Өзіне ол сабаздың кемімесең,  
Жақсылық саған болмас жалғыз тамшы.

8830 – Бұрынғы еркін, ерке күнім қайда?  
Қарағым, бұл сөзің де маған пайда.  
Көнейін не десең де айтқаныңа,  
Иіліп ақыл айтшы Сарыбайға.

Ел шапқан еді атаң бұрын жүріп,  
Алыпты талай әйел олжа қылып.  
Сөйтсе де үлкендерден сұрап көрші,  
Көндірген бар ма ішінде әйелді ұрып.

8840      Үстімде киімім жоқ, аста керік,  
Сарыбай бермей тұр ғой маған ерік.  
Ел шапқан бұрын талай ата-бабаң,  
Әйелді алып па еді өстіп көріп.

Токтаймын мен ерлердің жорасына,  
Қылмадым тек қайғының қорасына.  
Ел шапқан төре елінде біреу де жоқ,  
Атаңның жүгінейін мұрасына.

Батырдың түздегісі үйге бармас,  
(Баласы Маянбайдың сен жеті алмас).  
Жолына батырлардың мен түсемін,  
Сарыбай мұны айтты деп басымды алмас.

8850      Күнәм бар, ол да менің есімде тұр,  
Бұл сөзге, ей, Тыныбек, мойныңды бұр.  
Алдына Бөгенбайдың жүгінеді,  
Күнәлі болса дағы Зейнеп құрғыр.

Жас бала түк көрмеген білсін нені?  
Көрінді қызда бардай ақыл кені.  
«Не білем ата-ананың жобасынан,  
Сұрайын Аналықтан мұны», – деді.

8860      Атының басын бұрып кетті жүріп,  
Сөйлейді Аналықты байқап тұрып.  
– Әйелді шабындыда қайтеді екен,  
Жүргендер болған ба екен әйелді ұрып?

Жеңеше-ау, сіз білмейтін ақыл бар ма,  
Әйелді біздер ұрсақ мақұлдар ма?  
Жобаға ерлер салған түсем дейді,  
Кессе де тілін құрғыр тақылдар ма!

Бұрылып тұра қалды сонда Аналық:

– Естісе ұят екен бүкіл халық.  
Шырағым, ей, Сарыбай, айтар сөзім,  
Бойына Ұлы судың тоқталалық.  
8870 Әйелге таңдау, ерік беретұғын,  
Кәпірдің тілін кесіп сөз салалық.  
Бұрынғы бабаң салған жосын осы,  
Қылмаңыз бұдан кейін сіз балалық.  
Сөзіне Аналықтың мақұл деді,  
Көнбейтін бұл сөзде жоқ еш алалық.

Қыздарын ханзаданың жиып алды,  
Ерлерден таңдау ал деп ерік салды.  
Мұндай күн біздің басқа туа ма деп,  
Қыз Зейнеп қуанғаннан айтып қалды.

8880 – Балам-ау, бұрын талай өткен деймін,  
Талайлар тілегіне жеткен деймін.  
Бұрынғы ерлер салған жоралғы осы,  
Әйелге таңдау беріп кеткен деймін.

*Зейнеп айтты:*

– Таңдауды мен алмаймын,  
Көңілімде таңдау сөзге сене алмаймын.  
Сарыбай білер болса ата жолын,  
Еріксіз қорқытуға көне алмаймын.

Аналық Сарыбайға айтады сөз:  
– Сарыбай, Зейнеп сөзін естісеңіз!  
8890 «Серт тұрмас қылыш үстінде» деген сөз бар,  
Бұрынғы серттескенді қоямысыз.

*Сарыбай:*

– Қойдым, – дейді, – серттің жайын,  
Қарысып бұл итпенен не қылайын.  
Бұрымын шолақ аттай кесіп алдым,  
Зейнептің кемшілігі жұртқа дайын.

Әуелі таңдау кімге деді тұрып,  
Бұлбұлдай Зейнеп сөзге кетер жүріп.  
Қыздары ханзаданың қара салған,

Отырды бір-біріне бетін бұрып.

9000 – Әуелі, сұлу Зейнеп, таңдау саған,  
Көңіліңді кемге санап болма алаң.  
Айтса қайтпас сөзінен ердің бәрі,  
Тайынба, жабырқама енді, балам!

– Сарыбай, сен алдың ба, мен алдым ба?  
Құтылдым қатындықтан көз алдында.  
Кімге таңдап тисем де ерік өзімде,  
Бұрынғы айтқан сертте тұра алдым ба?  
Сен қайтқан соң сертіңнен, мен де қайттым,  
Отырған кәрі-жастың тап алдында.

9910 – Зейнеп-ау, сен бір қызсың өзің зерек,  
Бір айтқанды қайта айтып неге керек?  
Кімге тисең тие бер өзің біліп,  
Әйтеуір кемшілікке түссең керек.

Зейнеп сонда орнынан түрегелді,  
Сарыбай назданып күле берді.  
– Шашым тұр ғой, басымды кессең дағы,  
Сен өлтірсең арман жоқ мені, – деді.

Сарыбай, сенен басқа кісім бар ма?  
Ұмтылып мен қайтейін балаларға?!  
9920 Қиядан түлкі ілетін қыран едің,  
Қор қылып көзді шұқыр қара қарға.

Қыз кәпір тауып кетті тиер жөнін,  
Садақтай иіп айтты иер жерін.  
Отырған кәрі-жасты таңғалдырды,  
Маянның таңдап тиіп кемеңгерін.

Бұл іске Аналық та бәле-ай деді,  
Келді ғой істің міне сәті-ай деді.  
Жаман болса жол таппай сандалар ед,  
Істеген істерінің дәлі-ай деді.

9930 Екі қыз таңдап тиді Бексұлтанға,  
Артқы қыз түсер екен қандай ханға.  
Алмаймын төре қызын дегенменен,

Бола ма ереже сол қай-қашан да.

Тыныбек келмей қойды бармаймын деп,  
Бабамның жобасына нанбаймын деп.  
Мал беріп, елден таңдап қыз аламын,  
Қыздарын шабындының алмаймын деп.

9940 Үйге де кірмей қойды кірмеймін деп,  
Жобасын бұрынғының білмеймін деп.  
Елін шауып, қыздарын тартып алған,  
Шапағатсыз бұл жолда жүрмеймін деп.  
Таңдаса тиер еді бірнешеуі,  
Мазалар бірін-бірі күндеймін деп.

Әрбір қыз әр адамға тиіп жатыр,  
Өзінің қалағанын сүйіп жатыр.  
Қалыпты аралықта жалғыз-ақ қыз,  
Таңдауға көне алмай тұр осы кәпір.

9950 Басқадан қамалаған сөзге келді.  
Басына қара мұның ойы өзге келді,  
Амал жоқ шапан жамылып ап,  
Бұл өзі бір адамды көздеп еді.  
У екен бұл кәпірдің іші толған,

*Зейнепті тұра сала сөзге іледі:*

– Зейнеп-ау, әуелде сен қылдың қалай,  
Демедің ел билемек екіталай.  
Кеселді келмейтұғын шақырып ап,  
Істерің мынау қылған болды қалай?

9960 Тием деп, Қасқабайға елді жидың,  
Өлімге оны ақыры көзбен қидың.  
«Аға өлсе жеңге мұра» деген қайда,  
Атаның жол-жобасын неге бұздың?

Қасқабай мен Қалыбек бірге туған,  
Сарыбай немере еді бөлек туған.  
Ағаға іні мұра орнындағы,  
Тимейсің Қалыбекке неге антұрған?

Қазақтың қалдырдың-ау мазағына,  
Бізді де ортақ қылдың азабыңа.  
Маяннан басқа жанға тиген қыздар,  
Құдайдың кете ме екен тозағына?  
Төріне жеті тозақ кетсем дағы,  
9970 Таңдаудың түсе алмаймын тұзағына.

Кетірдің қанжығалы елдің жайын,  
Өкініп өткен іске не қылайын.  
Ер көрмей бұл жалғаннан өтсем дағы,  
Қосаққа қыстырылып жүре алмаймын.  
Жобаны жол бойынша апармасаң,  
Таңдамаймын, алсаңдар басым дайын.

Сүйінді Аналық та қыз сөзіне:  
– Еріксіз таңдатуға болмайд сізге.  
Әзірше қара салып тұр осында,  
9980 Тынышталған соң қайтарам үйіңізге.

Ұялтты Зейнеп қызды мұны айтып,  
Қыз Зейнеп босана алсын енді қайтып.  
Өз мінін өзі танып тұнжырады,  
Кетті ғой әлгі қыздың сөзі батып.

Төренің жеті қызы орындалды,  
Зейнептің айтатын бір сөзі қалды.  
Тынығып мал да, жан да дамыл алған,  
Көшуге ертеңінде ел қозғалды.

Аналық неткен даңғыл ақылды ана,  
9990 Өзі де көпті көрген көңілі дана.  
Алдына оңашада барды Зейнеп,  
«Айтатын мұңым бар, – деп сізге ғана».

*Зейнеп айтты:*

– Бармаймын елді көріп,  
Таңдаттың разымын ерік беріп.  
Күнәм бар Бөгенбайға тіл тигізген,  
Жұртта қалам, жесем де қоңыз теріп.

Қарт еді қасиеті бар, аруағы зор,

- 1000 Бермесе ол ықылас боламын қор.  
Болмаса қаңғып өлсем маған лайық,  
Алдымда құрулы тұр темірден тор.
- Сарсу ап қайғы басты жүрегімді,  
Тілеген беремісіз тілегімді?  
Үйдегі қарт бабадан ықылас алмай,  
Кетіріп жүре алмаймын сүреңімді.
- Берсеңіз тілегімді бір сөзім бар,  
Кәрі-жас баршаңызға қыламын зар.  
Алдына Бөген қарттың жығыламын,  
Күнәмді кешер ме екен сонда сұңқар?
- 1110 Аналық мына сөзді қабыл алды,  
Шақырып Сарыбайды ақыл салды.  
«Қанеки, тілегіңді тілеші», – деп,  
Зейнепті жылы сөзбен қарсы алды.

*Зейнеп айтты:*

- Тілекті берсең жарар,  
Сүйінші деп Бөгенге берем хабар.  
Ел шауып інілерің келді деймін,  
Қайғыма сонда менің шипа табар.
- 1120 Сөзімді ағат айтқан кешер ме екен,  
Ей, балам, кештім күнәң десер ме екен?  
Ардагер қартқа албаты тіл тигізіп,  
Мен сорлы ақылы жоқ есер ме екем?!
- Қасыма жолдас ертіп атымды бер,  
Алмасам қарттан ықылас көңілім шер.  
Ол менің ойнайтұғын теңім емес,  
Жолықтым не пәлеге Тәңірім шебер.
- Қарт еді қадалғаны қата кетпес,  
Бөріге ит қарғысы сірә жетпес.  
Сүйіншілеп алдына барсам өзім,  
Асыл ер ықыласын бермей кетпес.
- Аналық ат пен киім бермек болды,

- 1130 Қасына бір басшы адам ермек болды.  
Басына келіншектің салы жауып,  
Алдына қарт Бөгеннің кірмек болды.
- Жорға мініп, торқасын алды киіп,  
Бұрынғы түрге түсті қыз құбылып.  
Жалғыз-ақ шашын кескен кемдігі бар,  
Жөнелді салтанатпен тым гүлденіп.
- Жол жүріп бір-екі күн келіп жетті,  
Келін боп үй сыртынан сәлем етті.  
– Мен келген бейшара едім сонша жерден,  
1140 Сүйінші, ерлер аман келді! – депті.
- Бөгеннің бәйбішесі сыртқа шықты,  
Зейнептің келген жайын, сөзін ұқты.  
Адамды сөзге келсе ерітетін,  
Мінезі сондай артық – қыз қылықты.
- Күнәм көп мен бейшара батыр ерге,  
Жолыққан жағдайым бар қарғыс, шерге.  
Апажан, алдыңызға келіп тұрмын,  
Қаратып қайтармаңыз қара жерге.
- Сүйінші алатұғын дәл өз басым,  
1150 Көп еді қыз да болсам елде қасым.  
Сұрайтын басқа менің дәнемем жоқ,  
Қарт ата берсін арнап ықыласын.
- Келін боп келіп тұрмын ауылыңа,  
Апажан, жақын тартсаң бауырыңа.  
Алдыңғы күнәм үшін тарттым азап,  
Батырдың душар қылма дауылына.
- Қолынан бәйбіше алды сонда ұстап,  
Бір жүрді Зейнеп сұлу аққуға ұқсап.  
Иіліп сәлем етті анадайдан,  
1160 Кәдімгі бұрын түскен келінге ұқсап.
- Айтады Бөгенбайға келген жайын,  
Елінің ерегесте өлген жайын:  
– Тышқан кеп, қыран құспен ойнай ма екен,

Балалық болды менде, не қылайын?!

Бар еді бір тілегім менің сізден,  
Жақсыға жалыныштан күдер үзбен.  
Әкем менен ағамда түк күнә жоқ,  
Өтті, ата, ағат істің бәрі бізден.

1170 Сондықтан көрінгенге жегізбесең,  
Келген ел шабындыдан дегізбесең.  
Қондырып төре ауылын өз жұртына,  
Тең-тұсың мына отырған егіз десең.

Алса екен құдаласып үйден барып,  
Келгенге шабындыдан көңілім ғаріп.  
Берсеңіз тілегімді түгелдеп бер,  
Жөндесін кейінгі елді кісі барып.

1180 Бөгенбай айтып салды шын жүрегін,  
Берді ол келінінің бар тілегін.  
– Күнәң бар елді бұзған, кештім бірақ,  
Тоятын толық алған тастүлегім.

Еш кемдік жүргізбесін араларға,  
Қыранмен енді ойнамас қара қарға.  
Кешпейтін сүйіншіге дәнемем жоқ,  
Құдайым жол берген соң балаларға.

Жіберді ел алдына басшы адамнан,  
Табылар пайдасыз іс қас наданнан.  
«Қолқа жоқ сөз тапқанға» дегендейін,  
Екенін қыз көрсетті асыл адам.

1190 Ел болып егерліктің күйін жойды,  
Құдаласып алмаққа қылды тойды.  
– Білетін, сегіз қырлы келінім, – деп,  
Бөгенбай Зейнеп басын мақтап қойды.

Осымен қанжыға елі жатты жайға,  
Бағынды төре-дулат Бөгенбайға.  
Аталып жеті кенже бұл сапарда,  
Кетіпті ат-атағы әлдеқайда.

Дүбірі жеті кенже жерді жарған,  
Қайдағы қиын жауға іздеп барған.  
«Бұрынғы бабам салған жол осы», – деп,  
2000 Қазақ түгіл қалмақтан талайды алған.

Мінгені жас түлектің өңкей тұлпар,  
Жау десе жабырқамай бұлар құмар.  
Қос тігіп, жаусырасып шығып кетер,  
Алдырмас ешбір жауға болды қырқар.

Маянды басып жатыр жылқы мен қой,  
Ауылы Бөгенбайдың күнде ұлы той.  
Туғанда еркек құлын ат шаптыртар,  
Жорасы Бөгенбайдың міне осы ғой!

### *Екінші бөлім*

#### **Сырға сапар**

Жаусырап жеті кенже жерді кезген,  
2210 Жау бар десе мал-жаннан мүлде безген.  
Сағымдай Сарыбай деген басшысы бар,  
Адамның ішкі ақылын оймен сезген.

Алшында қаптаған жау қалмақ еді,  
Қырғыннан нелер қиын қалмап еді.  
Қос атпен алшын елі Бөгенбайға,  
Айыр деп, кісі салып зарлап еді.

Соған да ер Бөгенбай жіберіпті,  
(Болмайды барамыз деп сірә тіпті).  
Аттанған Ақай деген бір жас бала,  
2220 Он төртте, қалыпты ерден, болған мықты.  
Аруағы Маянбайдың көтеріліп,  
Алшынды шапқан жаудан құтқарыпты.  
Қырғындап келген жауды тұмсыққа ұрып,  
Ат-тонын, ер-қаруын олжа қыпты.

Асырған барқыт белден арман айдап,  
Олжалап талайларын алған байлап.  
Жау алып көңілі өскен өңкей саңлақ,  
Алты айда аман келген оттай жайнап.

2230 Бір жылдай тыным алды үйде тұрып,  
Жаусырап тағы дағы жүр құтырып.  
Ар жағын Сырдарияның арман қылды,  
Сол жақты бір көрсек деп, әттең, жүріп.

Бұл жайды Кенже ағаға ақылдаспақ,  
Деді де Бөгенбайға кетті кіріп.  
Жөндерін барар жақтың бірі білмей,  
Отырды қайтеміз деп аз кідіріп.

Бөгенбай сөз сұрайды балалардан:  
– Ел жаудан аман ба, – деп, – алалардан?  
2240 Кісі сап Әбілмәмбет жатыр маған,  
Ертендер айтып қалар сол хабардан.

– Не керек Әбілмәмбет сірә сізге?  
Хан-төре бағынып тұр өзіңізге.  
Бармақшы бір сапарға көңіліміз бар,  
Кенже аға, бата берсең енді бізге.

Бер жағын Сырдарияның араладық,  
Ар жақта жау бар ма деп қарамадық.  
Басыңда бақыт-дәулет тұрған шақта,  
Бата бер, Сыр ар жағын аралалық.

2250 Ол жақта қазақтан да ел бар дейді,  
Естиміз, қалмақ алып күнде жейді.  
Мінеки, наурыз айы жаңа туды,  
Біз соған рұқсат болса барсақ дейді.

– Сарыбай, туыңды әкел, мен көрейін,  
Рұқсатты ту сөйлесе мен берейін.  
Тиіспе ақ безенген жұртқа бекер,  
Дәрежең үстем болсын жол-мерейің!

Ақ туды Бөгенбайға әкеп берді,  
Қарашы қасиетті Бөген ерді.  
2260 Мойнына кісі салып, ту көтеріп,  
Бөгенбай зарлықпенен еңіреді.

Әруақты ту әркімді қыздырады,

Бөгенбай туға қарап зар қылады.  
Желпініп өзінен-өзі сонда ақ ту,  
Суылдап көкке қарап созылады.

*Бөген айтты:*

– Ей, Сарыбай, тыңда сөзді,  
Ту бұрынғы толқудың түрін бұзды.  
Тілесен рұқсат беріп жіберейін,  
Шырағым, баса көрме жаман ізді.

2270 Ол жақтан аман қайтсаң жерін көріп,  
Қызықтырған біреуге кетпей еріп.  
Сапар жүрген жолыңда кім де болса  
Құрметтер жөніңді айтсаң сыйын беріп.

Түсерсің арамдық пен назалыққа,  
Сарыбай, баста жаным тазалыққа.  
Жай жатқан бейпіл елге тисемін деп,  
Кезігіп жүре көрме кек-шоқ шаққа.

2280 О жақта жүріп алмай, тез қайт, жаным,  
Таяу тұр Барқыт белде жау да мәлім.  
«Ер кетсе ел иесіз қалар» деген,  
Ойлаңдар, қайда болсын елдің қамын.

Жарайт деп, батаны алып, жүрмек болды,  
Аттанып дүйсенбі күн баспақ болды.  
Жүк артып төрт түйеге қосын теңдеп,  
Бұл жолға аттанғаны он бес болды.

Бата алып Бөгенбайдан жүріп кетті,  
Бір төртеу жолдас болып бірігіпті.  
Еліне сыртқы қорған барамыз деп,  
Бұларда таныс адам заты шекті.

2290 Жөнелді Сырға таман тура бастап,  
Он бесі Сыр бойынан арман аспақ.  
Сыр деген Арал теңіз болу мүмкін,  
Кім білед бола ма екен суы жалпақ?

Төрт шекті өз бетімен жүріп кетті,

Елге қайта барғанда амандаспақ.  
«Жол болсын, олжалы бол»деп тілесті,  
Аман-сау үйге қайтып дәм-тұз татпақ.

3000 Көрмеген Сырдарияны туып сірә,  
Қарамыс дейтін жерге кепті тура.  
Қарауылдап бір кезеңнен қарап еді,  
Бұл жердің байқап білді ені қысқа.

Көкше мұзы<sup>10</sup> бар екен жалғас біткен,  
Сол жерден өтеміз деп жүріп кеткен.  
Екі күн мұз үстінде тынбай жүріп,  
Ақыры Сырдариядан аман өткен.

Ар жаққа шығып алып тікті қосын,  
Ел жөнін сұрамай-ақ үлгі-жосын.  
Екенін қайсы бір ел қайдан білсін?  
Әйтеуір айтылуы қазақ болсын.

3310 Үш күндей Сыр ар жағын аралады,  
Ешкімге байыз қылып қарамады.  
Бір қалың жылқы жатыр бір түбекте,  
Үйдегі айтқан сөзді санамады.

Қас қарай айғыр салған тоқпышақтан<sup>11</sup>,  
Бір қалың жайын жылқы қаптап жатқан.  
Қызығып бұл жылқының өң-түсіне,  
Үй жаққа айдамаққа мақұл тапқан.

3320 Жылқының мыңға таяу қоймай тайын,  
Тек жатқан елдікі еді бейпіл, жайын.  
Жылқыны Сырдариядан айдап өтті,  
Үйдегі сөзін қойып Бөгенбайдың.

Кәрінің сөзі түгіл, өзін ұмытты,  
Мөлшері мыңдай жылқы айдап өтті.  
Биенің құлындаған мезгілі еді,  
Бер жаққа он бес күндей аял етті.

Қуғыншы келер деген ойында жоқ,

---

<sup>10</sup> Көкше мұз – өзен, көл бетіне жаңа қатқан мұз.

<sup>11</sup> Тоқпышақ – жылқының шөлге шыдамды жүйрік тұқымы.

Батырдың қайраттары көңіліне тоқ.  
Аздырмай адам ұлын не ғып қойсын,  
Алдаған сапырынды дүние боқ.

3330 Бір байдың Алтай деген балалары,  
Малға толған бұл Сырдың салалары.  
Бәйбіше тоқалменен егер тауып,  
Сол жылы ашылған ед аралары.

Алтайда бәйбішеден тоғыз ұл ед,  
Тоқалдан үшеуі ұл, бір қыз еді.  
Дейтұғын Қанышайым қыздың аты,  
«Мырза» деп ат қойылған бұлбұл еді.

3340 Кенжесі он екі ұлдың Қанышайым,  
Біледі бұл үйсіннің түгел жайын.  
Сол күнде он сегізге келген жасы,  
Бұл елдің менсінбейтін мырза, байын.

Сол елде бір құл бар ед өзі асқан бай,  
Әр жылы боталайды жүз түйесі-ай.  
Жылқысы, қой мен сиыр толып жатыр,  
Сол жылы қатыны өліп кетеді жай.

Алтайдың үлкен ұлы Қопа батыр,  
Қопаға барлық үйсін салады ақыл.  
Құл байқұс Қанышайымды аламын деп,  
Берер мал көп, сөйлесуге келе жатыр.

3350 Қопамен тоқтасыпты қалыңмалға,  
Жүз түйе бермек бопты қарғыбауға.  
Бұл істі ақылдаспай өзі істеді,  
Аяғы тоқтар екен қандай жайға?

Ер Қопа жүз түйе алып үйге келді,  
Мұны естіп Қанышайым күйзеледі.  
Алтай бай, шешесімен осы қыздың,  
Сорлы боп алдыңғы жыл күзде өледі.

Тоқалдың Орда деген баласы бар,  
Болған соң екі қатын арасы бар.

- 3360 Құлға мен қарындасым бермеймін деп,  
Билеуге екі жақтың таласы бар.
- Бұрын сен қарындасыңды бердің байға,  
Құл емес, аталы ұлдан бердің жайға.  
Үйі сынық құлға құда боламын деп,  
Бетіңе, Қопа, сенің арың қайда?
- Сен сірә, билеме де баспа ізімді,  
Айтамын қайда барсам бұл сөзімді.  
Қызықсаң құлға малы көп екен деп,  
Бере бер дәл бойжеткен өз қызыңды.
- 3370 Екеуі осыменен араздасты,  
Бұрын Қопа билейтін мал мен басты.  
Баласын төрт үйсіннің жиып алып,  
Еншіге бұл екеуі көп таласты.
- Қопаның бар тілегі басқа бөлмек,  
Немере, кәрі менен жасқа бөлмек.  
Екі қатын баласы – екі ру ел,  
Екіге бөлемін деп Орда елірмек.
- Үйсіннің ат шаптырып жиды бәрін,  
Айтады екеуі де ойда барын.  
Алтайдың ұл-зықына малды бөліп,  
3380 Бере алмай немереге ата малын.
- Бөліп ап Орда малын кетті көшіп,  
Қорғанға көшіп барды ел бөлісіп.  
Қалың ел Қопаменен қала берді,  
Ордамен сегіз жүз үй кетті ілесіп.
- Бір жерге Қорған деген барып жетті,  
Жер екен өзі берік, жайлауға епті.  
Басынан Сырдарияның көктей өтіп,  
Өзінің ата жерін тастап кетті.
- Бір құл бар Байсал деген Алтай байда,  
Еншілес ұлдай болған осы жайда.  
3390 Еншілес ұлдарымен көп жыл бопты,  
Ие боп кәрі үйіне тұрад сонда.

Үлкен үйде шал мен қыз бірге отыр,  
Ордадағы мал-жанға ие болар.  
Қыз демей, «Мырза» дейді Қанышайымды,  
Алтайдың кенжесі деп сірге жияр.

Шал менен Қанышайым кәрі ордада,  
Ол дағы бірге көшіп келген мұнда.  
Арасы екі ағайын қатын жау боп,  
Барымталап жылқы алысад анда-санда.

4000 Қопаның бар тілегі қызды әпермек,  
Көпшілік өз жағында, бойы сергек.  
Жас жігіт Орда батыр көнер емес,  
Ызамен бойын жеңген ашу кернеп.

Бұл іске тура келген ер Сарыбай,  
Жылқысын айдап кеткен түгін қоймай.  
«Бұл малды Орда алды»,– дейді сонда Қопа,  
Алғанын сырттан жау кеп білмеді ойлай.

Баяғы бірге шыққан сол төрт кісі,  
Өрлеген Сырдарияны болып ісі.  
4410 Қонақтап аты жеткен ауылына,  
Бұл жолда аял болар жоқ жұмысы.

Тоқтамай кетіп барад бұл төрт жігіт,  
Олжа мал құдандалыдан қылған үміт.  
Үйіне Алтай байдың келіп қонды,  
Жолаушы барамыз деп алысқа шет.

Күн батар – қоналқы іздер уақыт болды,  
Малы көп бір ауылға жақын келді.  
Біз жүрген алыс жердің адамы едік,  
Осында қонамыз деп хабар берді.

4420 Келгені Алтай байдың кәрі ордасы,  
Үйде еді жалғыз ғана қыздың басы.  
«Қонақ келді, тез шығып ат байла»,– деп,  
Жұмсады Байсал шалды қыз баласы.

Бір бай үй – қонар үйі сегіз қанат,

Байлығы көрініп тұр сән-салтанат.  
Жалғыз ие – қыздан басқа көрінбейді,  
Астында шағи көрпе неше қабат.

Мамырдың жазғытұрым туған айы,  
Бола ма көшкен елдің сірә жайы.  
4430 Әкеліп төрт кісіге сойған малы –  
Қысырдың бір шұп-шұнақ жирен тайы.

Қонақтар жатып алып кеңеседі,  
О, Бәле, байлығың да жөн деседі.  
Шіркін-ай, басы бос па мына қыздың,  
Алам деп қандай адам теңеседі?!

Мұндай қыз болар ма екен халайықта,  
Секілді сипаты бар алтын тақта.  
Шіркін-ай, Маянбайдың батырлары,  
Сол ауылға кез болар ма осы уақытта?!

4440 Қыз жатыр сөздің бәрін естіп тегіс,  
Қалайша жолаушымен кеңесеміз.  
Маян ауылы дейтұғын қандай екен,  
Құлаққа тимеуші еді бұрын дыбыс.

Таңертең мейманымнан білсем мұны,  
Анығырақ табылар сөздің шыны.  
О, дүние, кіші ағаға серік болса,  
Мен сірә болмас едім малдың құлы.

Таңертең қонақтармен сөзге келді,  
Сұрайды кім екенін, қандай елді?  
4450 – Маян ауылы дейтұғын ауыл бар ма,  
Атағы аймағымен қандай? – деді.

– Белгілі Маян ауылы бұл қазаққа,  
Атағы жеткен шығар осы жаққа.  
Кәрі батыр Бөгенбай бақыт қонған,  
Көз салған төңірегіне ол жан-жаққа.  
Қазақта одан асқан ауыл болмас,  
Лықсып мал мен басы толған баққа.

Ерлікпен маңындағы аймақты алған,

О дағы жеті Кенже жауға аттанған.  
4460 Жау десе жабырқамай атқа мінед,  
Жалынды бәрі батыр сайдақтаған.

Қолбасшы – ер Сарыбай еркін жүрген,  
Ерлігін тұтас елдің бәрі білген.  
Есе алған егескеннен жалғыз өзі,  
Қалмайды құлшылыққа қасына ерген.

Іздесіп қайда жаумен қылады егес,  
Жауларын қарсы келген адам демес.  
Бізбенен он бес күндей бірге жүріп,  
Дарияның бер жағына өтті тегіс.

4470 Ар жағын Сырдарияның көреміз деп,  
Жаудың тапсақ жазасын береміз деп.  
Жау болмаса сайрандап жерді көріп,  
Аттанған еріккеннен келеміз деп.

Аты кім Сарыбайдан өзгелердің?  
Аттарын біз естідік атақты ердің.  
Аттарын атақты ердің біліп алсақ,  
Мейманым, берекелі хабар бердің.

– Бексұлтан, Тыныбек пен ер Айдарқан,  
Бетіне ашуланса қарамас жан.  
4480 Жұманбек пен Құманбек екі батыр,  
Және де ер Садырбек бірге туған.

Қажымас, жаудан қайтпас өңкей сұңқар,  
Мінгені теке жаумыт<sup>12</sup> ылғи тұлпар,  
Нұсқасын бір көргенде көз тоятын,  
Үлгі көп ауылында жұртқа тарқар.

– Жақсы екен бірге туған жақындары,  
Бір жерден табылған соң ақылдары.  
Ерлердің атын естіп таныс болдық,  
Бойдақ па әлде бар ма қатындары?

4490 – Тыныбек батыр деген анық бойдақ,

---

<sup>12</sup> Теке жаумыт – жылқының Түркіменнен тараған асыл тұқымы.

Жүреді қыз алсам деп кеңнен ойлап.  
Қатыны өзгесінің бар деп білем,  
Қиғаш қас бәрі дағы өңшең жайнақ.

Қонақтар қош айтысып болды жүрмек,  
Қыз көңілі қонақтарды аз кідіртпек.  
– Сырдариядан олар қайтар неше күнде?  
Батырлар, қылар ма екен ұзақ ермек?

5000 – Біз айрылып кеткелі бес күн болды,  
Кесуге бола ма екен ұзақ жолды?  
Бір жұманың ішінде қайта айналмақ,  
Ойлаймыз, – деп қонақтар атқа мінді.

Олар кетті, қыз түсті ақыл-ойға,  
Ғашықтық жайлағандай тұла бойға.  
– Әкеп бер, қарала атты, – деп бұйырды,  
Айтқаны жеңгесіне, – барам тойға.

5510 Қасына бір жігітті жолдасқа алды,  
Сауыт киіп, мойнына садақ салды.  
Бір іске жан ойламас барамын деп,  
Малыңа ие бол деп тастап шалды.  
Мінгені екеуінің екі тұлпар,  
Бер жағын Сырдарияның құлдай салды.

Болғандай көрінеді күн де қысқа,  
Жер алыстап кеткендей қыз байқұсқа.  
Жол жүріп бес күн өтіп, алтыншы күн,  
Жетіпті әрең зорға Қарамысқа.

Бейтаныс қызға мынау келген жері,  
Көп жылқы қаптап жатқан баран дені.  
Дариядан өтіп барып, өтіп келген,  
Осы еді батырлардың жатқан жері.

5520 Жайылған қалың малды көзі көрді,  
Қос тігіп жатқан өңшең ерді көрді.  
Жылы ұшырап ен-таңбасы көзге түсіп,  
Өзінің ата малын таныды енді.

Жылқының ішін келіп аралаған,

Қайғысы ет жүрегін жаралаған.  
Қас қарау айғыр салып тоқпышақтан,  
Аттарын тел өсіріп салалаған.

Әкеме қыдыр қонған қайран жылқы,  
Тырнаштап әкем байқұс жиған мүлкі.  
5530 Байлық пен ауыр дәулет арқасында  
Болып ед туған бала көтеріңкі.

Кез бопсың елеулерім шыққан ерге,  
Түстің ғой қуғын көріп қара терге.  
Артыңнан амандаса келіп тұрмын,  
«Ала кет мені дағы» барар жерге.

Киінген еркек киім, қару-жарақ,  
Шалбары қызыл балақ, құндыз манат.  
Астында екеуінің екі тұлпар  
Ерлердей қамал бұзар етер жалақ.

5540 Қостағы біреу тұрып атқа мінді,  
Бұларды «қуғыншы» деп батыр білді.  
Біlmекке кім екенін тура жүріп,  
Екеуге жылқыдағы жетіп келді.  
Астында боз аты бар бір жас жігіт,  
Екен деп, қызды жігіт сәлем берді.

Қарасып тұр жылқыға, келген ерге,  
Аттары малшынып тұр қара терге.  
Жылқының қуғыншысы болар ма екен?  
Өзіне сенген ер ғой бірме-бірге.

5550 – Сіздер кім, мал аралап жүрген келіп,  
Біlmекке келіп едім хабар беріп.  
Рұқсатсыз мал аралап неге жүрсің?  
Айтыңдар жөндеріңді қосқа жүріп!

– Шырағым, кім болады ұран-затың?  
Бар еді жоқ жоғалтқан бір қажатым.  
Үйірін қысырақтың жауға алдырып,  
Болдырды неше күндей мінген атым.

Белгісі қысырағым өңшең шыбар,

- Мойнында барлығының таққан тұмар.  
5560 Шаршадым неше күндей малымды іздеп,  
Қосылып сіздің малға жатқан шығар.
- Бар болса табарсыздар малыңызды,  
Айтыңыз қосқа жүріп барыңызды.  
Белгісіз кім екенің жау секілді,  
Білдірмей кетпеңіздер халыңызды.
- Ілесіп сол жігітпен бірге жүрді,  
Қостағы батырларға сәлем берді.  
Келген соң «Қосмалдақ» деп құрметтепсіп,  
Атынан келген ерді көтереді.
- 5570 Сөйлесті келгеннен соң жұмыстарын,  
Біледі жайын емес, жұмыс барын.  
Өзгесі «еркек» деп біліп отыр,  
Сарыбай танып білді қыз жоспарын.
- Батырлар құрметтеді ас түсіріп,  
Сөйледі батыр Сарыбай сөзді сырып:  
– Бар болса жұмысыңды орындаймын,  
Шырағым, келіп қапсың мойын бұрып.  
Жұмысың мұнда келген қатты шығар,  
Жүруге лайық емес ел қыдырып,  
5580 Батырға ат-қаруың лайық екен,  
Бұл жерге келмейсіз ғой бекер жүріп.  
Қай жақтан, қайсы рудан, қайдан жүрдің?  
Қалайық ат-жөніңді біз де ұғып.
- Батыр, сізден жөн сұраймын әуел бастап,  
Болса да өз жұмысым былай тастап.  
Айбатты арыстандай ер екенсің,  
Кеткендей дұшпаныңды жерге жастап.
- Сарыбай сонда айтады ата затын,  
Мақтан ғып сөйлеп кетті қолғанатын.  
5590 Атам – Маян, әруақты ағам – Бөген,  
Қолбасшы мен Сарыбай білсең атым.  
Ар жағын Сырдарияның аралап ек,  
Түгетіп елге қайттық саяхатым.  
Кісідей сыйласатын көрінесің,

Алып қайт керегінді азаматым.

Білейін өз жөніңді кім екенің,  
Ата-жұрт, ру-туған, жер-мекенің?  
Қаруың бір басыңа түгел жеткен,  
Білінбей белгілі тұр ер екенің.

6000 – Біреу бер ортаңыздан маған арнап,  
Болмаса өзім сұрап алсам таңдап.  
Өзімді, өзегімді жарып сөйлеп,  
Кетейін өз жөніме қылмай салақ.

– Таңдауды келген жанға беруші едім,  
Жақсыны сырттай танып білуші едім.  
Өзіңдей теңдес жандар кез келгенде,  
Қайнатқан қорғасындай еруші едім.

6610 Ала ғой сұрағаныңды, айттым шыным,  
Бар екен өз басыңда анық білім.  
Дейтұғын ала-құла түгі де жоқ,  
Бәрі де бөтен емес – менің інім.

– Бәріңіз бір атадан жалғыз текті,  
Естимін бермейді деп жауға кекті.  
Алыстан ат өксітіп келдім әтей,  
Берсеңіз ортаңыздан Тыныбекті.

– Болады, біраз ғана кеңеселік,  
Тоқтатып сөзді ақылға теңеселік, –  
Мінгізіп Қанышайымды деді атына, –  
Жігіттер, бер келіндер сөйлесейік!

6620 Тыныбек барамысың жекпе-жекке,  
Бұл өзі келген жоқ қой сірә текке.  
Бір сыр бар жүрегінің түкпірінде,  
Сыншы ғой келіп тұрған бір бүлікке.

Деген сөз батыр – аңғал, аптық – палуан,  
Жүйрік бар өз әлінше алуан-алуан.  
Әншейін күшпен ала қоям деме,  
Ұнайды ақылменен ұтып алған.

Тыныбек: – Барам, – дейді, – берсең ерік,  
Адамға, қайрат-күшке ақыл серік.  
6630 Ол сірә менен артық көрінбейді,  
Бар шығар жастықпенен бойда желік.

*Сарыбай сонда айтады:*

– Мынау қалай?  
Осыны сен алуың екіталай.  
Бұл өзі бадырайтып басып алмас,  
Жылым ғой келіп тұрған жанасалай.

Осы қыз бізге бекер келген емес,  
Бұдан бұрын қыз бізге ерген емес.  
Сөзіне сөзді тауып дәл басып айт,  
Көрген жан көрінеді елден егес.

6640 – Бәле, Сәкең жігітті қыз дейді екен,  
Осы келген кім білді, шын қыз ба екен?  
Салтанаты жігіттен артық тұр ғой,  
Қыз жүріп етуші ме ед түзді мекен?

*Бәрі айтты:*

– Осы келген қыз емес деп,  
Жігітті қыз дейтұғын біз емес деп.  
Ду күліп жібереді өңшең батыр,  
Сәкең алжып кетті деп бізге ілесіп.

– Көнсеңсіз батырлықтың жөні осылай,  
Көнбесең өкінерсің қазір балай-ай.  
6650 Ойсыз шіркін көрмейді еш нәрсені,  
Тізгін тартқан бармағы, тұрды қалай?

Тұрмайды тура қарап, тайысып тұр,  
Нұсқасынан төгіліп бетінен нұр.  
Ат үстінде тұрғанда көзім шалды,  
Тізгін тартқан бармағы майысып тұр.

Тыныбек білерміз деп барды жайға,  
Бірі де нанбай қыз деген Сарыбайға.

Айтқаны Сарыбайдың рас екен,  
Таныды қыз екенін барып сонда.

6660 – Тыныбек, бар жайымды сөйлейін мен,  
Емес ед артыңнан іздеп келмегім жөн.  
Дегенге Маян ауылы іздеп келдім,  
Мен дағы өз орнымда емес ем кем.

Сөйледі ортасында барлық халды,  
Тыныбек таза тыңдап құлақ салды.  
– Халымның қабыл көрсең айтам бәрін,  
Әркімнің өзі сүйер теңі бар-ды.

Өз атым – Қанышайым, ағам – Орда,  
Әкем – Алтай, үйсінмін, жатқан қорда.  
6670 Он екі ұл, бір қыз едік бір әкеден,  
Өліп кеткен әке-шешем өткен жазда.  
Үлкен ұл бәйбішеден Қопа батыр,  
Мал үшін бермек болды мені құлға.  
Бере алмай бірге туған ағаларым,  
Олар қалып, біз босып келдік мұнда.  
Екі қатын баласы егер тауып,  
Кек кернеп, жаулық түсті екі араға.  
Бір құлға қызыл құлақ бермек болды,  
Бармаққа көңілім жоқ ондай қорға.  
6680 Сан саңылақ ауылыңа саялаған,  
Бір сорлы болып тұрмын түскен торға.  
Естіп ем атағыңды алыс жерден,  
Қыраным, кез боп тұрсың бүгін таңда.

Айтады төрт шектінің қонғандығын,  
Қонақтың жақсы жайлы болғандығын.  
Тең көрсең өз басым мен ауылымды,  
Болайын жолдарыңа құрбандығың.

Өзіммен бірге туған бауырым бар,  
Өзіңмен малға теңдес ауылым бар.  
6690 Көре кет ауылымды алыс емес,  
Болмаңдар кім екен деп шала құмар.

Ес-дерті Тыныбектің кетті бұған,  
– Қанышайым, сенбеймін бе шіркін саған!

Баруға осы жолы уақытым жоқ,  
Бір мөлшер айтар едім нансаң маған.

Өз басың әйел заттың қара тілі,  
Түрің бар бәйшешектің қызыл гүлі.  
Сөзіңе сенің айтқан әбден сендім,  
Осы айда іздеп табам келер жылғы.

7000 Келіп тұр тілегенім дәл кезінде,  
Қанышайым, анықтап сен бұл сөзіме.  
Осы айда іздеп табам келер жылғы,  
Сертіңнен қайтып кетсең күнә өзінде.

Табылар айтпағанмен сөздің шыны,  
Неге айтты деп ойлама кейін мұны.  
Сертім сол саған айтар бүгін менің  
Осы айда іздеп табам келер жылғы.

Мамырдың туып тұрған міне он бесі,  
Бола ма жақсылықтың ерте-кеші.  
7710 Қыз алман шабындыдан дегенім бар,  
Келер жыл деген ісім – соның ісі.

Келер жыл алыс емес тірі жанға,  
Алды-артын бұл сөзімнің әбден анда.  
«Ел шауып, мал мен қызын олжа қыпты»,  
Деген сөз сүйегіме болар таңба.

Бұл жолы бара алмаймын ауылыңа,  
Бізден сәлем айта бар бауырыңа.  
Осы жолы барсам да болар еді,  
Сәкең рұқсат бермейді баруыма.

7720 Бұл сөзге Қанышайым ойланды көп,  
Сөз арты қалай болар, ұзарды деп.  
Асыққан әйел затқа үлкен ұят,  
Қайырсам енді жауап болар ма деп?

– Жарайды, бұ да болса қанағатым,  
Өзің жет уағдаңа, ей, қанатым.  
Қоспаса бір Тәңірге шара бар ма,  
Кетеді көп сөйлесе сөзден татым.

– Қанышайым, жеткізермін арманыңа,  
Соғыста оқ ілінген бармағыма.  
7730 Қарт бабам қасиетті батыр Бөген,  
Еш дұшпан жүре алмаған жан-жағына.  
Қайнайды майдан болса қанды тамырым,  
Міне серт жолығайын аруағыңа.  
Уақыт боп жыл айналып дәм қосқанша,  
Атаңның өзің жалбарын аруағына.

Келер жыл осы мамыр он бесінде,  
Амал жоқ, өліп кетсем кетті есімде.  
Өлмесем, уағдам сол бір табайын,  
Тыныбек жаны болса кеудесінде.

7740 Осылай серт айтысты бұл екеуі,  
Басқаның жарамайды пәлен деуі.  
Тыныбек мөлшер күнді айтқаннан соң,  
Амалсыз тоқтап қалды қыз көкейі.

Серт байлап ер Тыныбек қосқа кетті,  
Бар жайды Сарыбайға баян етті.  
Ұғынып бастан-аяқ сөздің нарқын,  
Ол дағы бұл айтқаның жарар деді.

*Бексұлтан:*

– Бәлі, оттапсың, ей, Тыныбек,  
Дегеннен қорықтың ба, жүр бірге кет!  
7750 Өзі келген қызды сонша кейіндетіп,  
Айтасың құрбы-құрдас елге не деп?

*Сарыбай:*

– Бәле, – деді, – батыр Сұлтан,  
Ерлерге лайық па екі айтылған.  
Бір сөзді айтып алып қайталаса,  
Сонан соң уағдасыз болады адам.

Тыныбек бір сөз айтты болды уағда,  
Жарамас екі айтылған енді және.  
Лажсыздан күшпен алса амалың жоқ,

Ондасын жолдарыңды жалғыз Алла.

7760 Келермін келер жылы өзім бастап,  
Кетпесең Қанышайым өзің тастап.  
Келер жыл осы мамыр он бесінде,  
Тұрыңдар уағданы мықты ұстап.

Тоқтады сөз аяғы соған байлап,  
Қош десіп жөнелмекші қыз да сайрап.  
Тілесті амандықты бәрі дағы,  
Тілекке жәрдем бер деп «Маянбайлап».

Батырлар қосын артпақ елге беттеп,  
Сұлтан жүр: «Қанышайым ере кет»,— деп.  
7770 Келер жыл келеміз бе, келмейміз бе?  
Одан да бірге жүр деп қазір ептеп.

*Қыз айтты:*

— Нәсіліңе болса дұрыс,  
Тілеуім де сіздерден емес бұрыс.  
Екі айтқан сөзден қайтшы, ей, батырлар,  
Артымда қарамаймын қалса да ырыс.

Іліндім, ей, қырандар қармағыңа,  
Егессе жан жүрмейді жан-жағыңа.  
Қайтуға айтқан серттен дұрыс болса,  
Кетейін, жөн боп тұрса аруағыңа.

7780 — Жарайды деп айтқызшы бауырыңа-ай,  
Екі айтқан сөздің қиын ауырын-ай.  
Армансыз бұл жалғаннан өтер едім,  
Маянның келін болсам ауылына-ай.

Сарыбай, Тыныбекке Сұлтан келді:  
— Құдайым тілегіңді қолға берді.  
Өзі келген бұл қызды кейіндетіп,  
Тыныбек сонша неге делбе болды?

Жүр десе қазір еріп кетем дейді,  
Дүниені артта қалған не етем дейді.  
7790 Айтқызшы жарайды деп туғаныңа,

Армансыз бұл жалғаннан өтем дейді.

– Сұлтан-ау, не қыласың сөзді бұзып,  
Уағда қылды екеуі сөзді үзіп.  
Келер жыл алыс емес тірі жанға,  
Салтанатпен аламыз тойын қылып.

8000 Қайталап біткен сөзді дей бермеші,  
Босайды көп сөйлесе сөз жүйесі.  
Олар да толып жатқан аталы ел,  
Қызын іздеп шықпай ма елдің есі?  
«Асыққан шайтан ісі» деген сөз бар,  
Болмайды игіліктің ерте-кеші!

Тоқтатты Бексұлтанды соны айтып,  
«Кетсін»,– деп Қанышайым үйге қайтып.  
Күн ысып, әуе қайнап шалдығармыз,  
Кетелік аял қылмай елге тартып.

Сарыбай бата берді қолын жайып:  
– Жүрмендер, жас жігіттер, серттен тайып.  
Жаныңа жәрдем берсін Хақ Тағала,  
Жеткізсін мұратыңа Еренғайып!

8810 Тыныбек қайта келіп қош айтысты,  
Айыру қиын болды екі жасты.  
Жалғанның ең қиыны осы болды-ау,  
Екі жас қосқаннан соң ықыласты.

Сонымен қош айтысты екі ғашық,  
Қия алмай бірін-бірі мауқын басып.  
Қайта алмай айтқан серттен арманда боп,  
Тыныбек Қанышайымға жақындасып:

8820 – Сөзімді тоқтатыппын бекер айтып,  
Барасың, Қанышайым, үйге қайтып.  
Басына бір сөзбенен байлап едім,  
Кетемін сені тастап қиып қайтіп?!

– Менің де жүрегімді тұрсың кесіп,  
Таныстық, Тыныбекжан, бір сөйлесіп.  
Жолыңа бабаң салған дұрыс болса,

Байлай кет қанжығаңа басты кесіп.

Барады сенде кетіп менің жаным,  
Күніңді кейін байлап не қылғаның?  
Демесең жан кеудеде, ей, Тыныбек,  
Білмей тұр осы сорлы жығылғанын.

8830 Екі тілек бір жерге сыйысады,  
Ақыры бірін-бірі қиысады.  
Тәңірдің бір жазғаны болады-ау деп,  
Көңілдері осыған тынысады.

Тұрмады аттың басын енді тартып,  
«Барам» – деп жылады, қыз үйге қайтып?  
Басында батылдықпен айтса дағы,  
Барады Тыныбекті қайғы тартып.

8840 Бір сөзінен қайтпайтын ердің ісі,  
Бәрінен қиынырақ жастың ісі.  
Жаны бөлек болған соң жүріп кетті,  
Барады әрең зорға жанып іші.

Қайтады Қанышайым да жылай-жылай:  
«Он екі жылдай болар он екі ай.  
Келмесең келер жылы өшті өмірім,  
Қайтейін жылағанмен, Тыныбек-ай!»

Үйіне амандықпен ерлер барған,  
Ішінде Тыныбектің толы арман.  
Үйдегі қасиетті қарт бабаға,  
Осындай қыздың жайын баяндаған.

8850 Айтады Сырдан өтіп жүргендерін,  
Сөйледі жаман-жақсы көргендерін.  
Жерінен алты қонақ ат өксітіп,  
Сөйледі сондай қыздың келгендігін.

Бөгенбай ұғып отыр сөздің бәрін,  
Не түрлі жақсы-жаман болғандарын.  
– Жылатып жас баланы тастап кетіп,  
Жөн емес, – деді, – обалына қалғандарың.

Ажалдан Тәңір аман сақтап шықты,  
Барындар бойда болса биттей халің.  
8860 Сол жастың көз жасына қаласындар,  
Шықпаса жөнеліндер шыбын жаның.

Өтті ғой сүйегімнен қыздың зары,  
Жөн емес, жас Маянның сұңқарлары.  
Алтын тауып алсаң да аз аялдап,  
Не етер ед орындалса істің бәрі.  
«Маянның ауылына келін болсам»,  
Деген сөз сүйегімнен кетті ары.  
Артымда өзім өлсем қалғаның бар,  
Не қылса орындалсын қыз арманы.

8870 Осы жыл қыстың беті келді зарлап,  
Ілінді сүзек – науқас елді қармап.  
Бексұлтан, Түменбек, Жұманбек, Садырбекке,  
Ауыру тигендей боп анық арнап.  
Екі елдің ортасында егер болып,  
Сарыбай соған кетті елді шарлап.  
Науқас боп жатқан ерлер оңалмады,  
Тыныбек Қанышайымға қалай бармақ?!

Сарыбай сөз бітіре соған кетті,  
Наурыздың аттанатын айы жетті.  
8880 Жігітке қыз қарғысы оңай емес,  
Бөгенбай Тыныбекке: «аттан»,– депті.  
Айдарқан, Тыныбек пен Ақай бала,  
Жетеу боп бұл сапарға аттаныпты.  
Жүрмейді қос-қос атсыз әуел бастан,  
Ақкекіл, Нарқызылды ала кетті.  
Адаспай Қарамысқа барып еді,  
Сол жерде соқыр тұман қаптап кетті.  
Жүргенін қайсы жолмен айыра алмай,  
Қорғаннан шығып кетіп арман етті.  
8890 Ортада күн мөлшерін қарастырса,  
Арада үш күн өтіп маусым жетті.

Толассыз жауды жаңбыр, тұман басып,  
Жол таппай жолаушылар кетті асып.  
Сарыбай болмағаны, амал бар ма,  
Табар ед қара түнде тура басып.

Сөйлейін Қанышайым енді жайын,  
Жаулығы туысқанның тұрған дайын.  
«Елін шауып не қылсам да әперем» деп,  
Қопа да өкімдейді барған сайын.

9000 Бауырында Қорған таудың жалғыз есік,  
Құяды Сырдарияға жалғыз тесік.  
Ешбір жау оны келіп ала алмайды,  
Кірмесе Қорған таудың түбін тесіп.  
Жолда саз табан тіреп ұрысуға,  
Орда да жұбатып тұр пәлен десіп.  
Біткенше мамыр айы тың кеп еді,  
Жолықты қыз науқасқа үміт кесіп.

Мамыр өтіп, маусым туды, келе алмады,  
Тілегі Қанышайымның бола алмады.  
9910 Келгенше сол уақытқа сыр білдірмей,  
Еш адам қыздың жайын біле алмады.

Науқас қыз жеңгесіне айтты сырын:  
(Айтпай-ақ шыдап келген бұдан бұрын).  
«Бір жігітке күн байласқан сертім баред,  
Күн өтті, мынау, – дейді, – менің түрім.

Тірі боп жүре алмаймын қадам басып,  
Жалын шығад «аһ десем аузымды ашып.  
Мамырдың он бесінде келмекші еді,  
Уағда қылып едік сөз байласып.

9920 Жеңеше, Ордекеме айтпа мұны,  
Бұл күнде бір-ақ тай ғой қыздың құны.  
«Арманда еркежаным өтті» дерсің,  
Құрысын төмен етек қыздың күні.

Жігіттің аты – Тыныбек, елі – маян,  
Бұл сөзім серт айтысқан Тәңірге аян.  
Көрмесем Тыныбекті тірілік жоқ,  
Қайтейін, іште дертті кімге жаям?»

Соны айтып нашар халге ілінеді,  
Дерт басып, сырқау күштеп білінеді.

- 9930 Мамыр түгіл маусымның бесі болды,  
Бір сөз жоқ, нарау тартты тілі де енді.
- Әйтеуір жаны жатыр, кірпік қағып,  
Ұзаған науқасты жұрт отыр бағып.  
Ажалға таяулаған мезгілінде,  
Амалсыз кімге айтады мұңын шағып.
- Сонда да үйсін күнде хабар салған,  
Ұзаған науқасынан хабар алған.  
Қасында екі жүздей садақшы бар,  
Өткізбес Орда жауды тас қорғаннан.
- 9940 «Сауықса бір күн барып аламыз»,– деп,  
Үйсіндер сырттан байқап хабарланған.  
Жылқысын бұдан көріп келген кезде,  
Ашумен Қанышайым бір сөз салған.
- Сол сөзі ойында бар ер Қопаның,  
«Қайтсең де алдырам» дер қалса жаның.  
Жылқыңды жау айдаған көрдім деп ед,  
Сол жаумен ақылы бір, білем, мәлім.
- Екі кек көңілімде бірдей бар-ды,  
Тоқалға көрсетермін кең мен тарды.
- 9950 Алдырды Орда бастап бар жылқымды,  
Әйтпесе білмейтін жау қайдан алды?
- Қас болар азарында қарындасы,  
Орданың құлға түспес ықыласы.  
Бір-ақ күнде шауып алып кетер едім,  
Бұларды сақтап тұрған Қорған тасы.
- Сол күнде жеті батыр жүр алыста,  
Көрмеген бір қиын жер жазы-қыста.  
Күн жауып, ат жүрмейтін батпақ болып,  
Жол табар мезгілі жоқ осы тұста.
- 9960 Бір күні күн ашылып бұлт тарады,  
Тұс-тұстап тауға шығып жол қарады.  
Өздері Қорған таудың сыртында екен,  
Ел барын ылди жақта аңғармады.

Түсіп тұр бұлар жолдың әуресіне,  
Көз түсті жаңа күннің сәулесіне.  
Ұмытып өлер халын сонда Тыныбек,  
Түседі Қанышайым қыз есіне.  
Айтқан күн уағдадан өтіп кетті,  
Қайғымен басын қойды тізесіне.

9970    Әзермен жүре-жүре тауға жетті,  
Бір биік үлкен тауға шыға кепті.  
Басынан осы таудың қарап тұрса,  
Қалың ел бауырында көрініпті.

Жүретін жол таба алмай таудан құлап,  
Отырды елді көріп бекер жылап.  
Бір дыбыс «шу-шулеген» естіледі,  
Кеш мезгіл тың тыңдаса салып құлақ.

Бір елудей түйе бар жақын жатқан,  
Түйені бұлар қуып бақылдатқан.  
9980    Елге барар дәрмен жоқ, бүгін мұнда  
Қос тігіп, ас пісіріп, бақыр асқан.

Астыңғы қия тастан біреу келді,  
Астында көк бие бар, анық көрді.  
Тепектеп келіп қалған бір шал екен,  
Алдынан қарсы шығып сәлем берді.

Сұрамақ елдің жайын хабарласып,  
Бұларды көріп шал да қалды сасып.  
Келмеді аузы сөзге кемсең қағып,  
Шал өліп қала жаздап қара басып.

9990    – Шалеке-ау, біз жолаушы жолда адасқан,  
Жарамас үлкен кісі бекер сасқан.  
Түйе ме іздегенің, әне жатыр, –  
Деген соң шал бейшара аузын ашқан.

*Бір қақты сонда иегін:*

– Ие-ие,  
Қарағым, іздегенім менің түйе.  
Ортасы еліміздің жау болып тұр,

Сондықтан қорқып едім жаным күйе.

Шалменен сонда тұрып сөйлесті сөз,  
Бір тілді Құдай айдап келтірді кез.  
1000 Сұрамақ бастан-аяқ елдің жайын,  
Ел не керек, керегі жалғыз-ақ қыз.

– Бар ма екен Қанышайым аман-тірі?  
Не керек үйсін бізге (көптің бірі).  
Алыстан іздеп келген біз жолаушы,  
Шешілсе ризамыз көңіл кірі.

– Ә, шіркін, Қанышайым қарағым сол,  
Дегенге шама да жоқ: сен аман бол!  
Әйтеуір өлгені жоқ тірі жатыр,  
Ол өлсе артта қалар арманы мол.

1110 Сол үйдемін, Қанышайым менің балам,  
Мезгілсіз жүрмін, балам, көңілім алаң.  
Тірі жатыр демесем, тіл қатпайды,  
Ісіне бір Алланың бар ма шарам.  
Сол еді көзіміздің қарашығы,  
Оны сау қоймады ғой Хақ Тағалам.  
Науқасқа айналам деп, түйе іздемей,  
Сол себепті шығып ем кешке таман.

Тыныбек түйе айдасып бірге жүрді,  
Нашар халде екенін енді білді.  
1120 Қалғандары сол жерде қонып қалмақ,  
Әуелі білмекші боп өзі келді.  
«Шу-шулеп» түйені айдап жаяу түсіп,  
Әзермен түн ішінде елге кірді.

Тігілген қатар-қатар ақбоз үйлер,  
Қорада жатын мал көп кеште түнер.  
Еркек кіндік көрінбейді атқа мінер,  
Бала мен қатын-қалаш көп жүргендер.

Қарауылдап күн бойы жауды тосып,  
Түн жарымда еркектер үйге келер.

1130 Шал әкеліп түсірді үйге ерді,

Бөгетсіз Тыныбек жас үйге кірді.  
Қасында екі қатын, бір қыз отыр,  
Өліктей жатқан қызды көзі көрді.

Шал сырттағы тұрып қалды от басында,  
Сөйлесіп бір қатынмен жүр қасында.  
«Аты кім?» деген сөздер естіледі,  
«Жол жүріп алыс жерден кепті осында».

1140 Тыныбекте айтып жатыр соған нақтап,  
Тыңдайды қатын байқұс жүре тоқтап.  
Шал сорлы бастан-аяқ айтып болды,  
Әлгі бір жас қатынға қалбырақтап.

Бұл қатын үйге кірді есік ашып,  
Аз тұрып, артық қарап, маң-маң басып.  
– Иә, мырза, көрісетін жөн бар ғой, – деп,  
Көрісті қолын жайып құшақтасып.

– Тыныбек, аманбысың, айналайын,  
Білдің бе Еркежанның халы-жайын?  
Ертерек келе алмадың, ей, Тыныбек,  
Еркемнің халы осындай болды уайым.

1150 Көрісіп бұл екеуі амандасты,  
Көзінен қатын наркес төкті жасты.  
Тілегі екі жастың болады-ау деп,  
Бейшара төрге таман қадам басты.  
Табыттай құс төсекте жатқан қыздың  
Барды да әлгі қатын бетін ашты.

– Еркежан жан бойында міне жатыр,  
Құрмадым сән-салтанат: кілем, шатыр.  
Сөйлесуге халың бар ма,ей Еркежан?  
Сүйгенің Тыныбекжан келіп отыр.

1160 «Аһ!» – деп кеуде кере аузын ашты,  
Үһілеп лебізінен жалын шашты.  
Өмірден үміт үзген бейшара қыз,  
Көтерді Тыныбекті естіп басты.

Айығып ауруынан тілге келді,

Тілегін көксеп жатқан Тәңір берді.  
Өңім бе, түсім бе деп, аң-таң қалып,  
Төңкеріп қарай берді қара көзді.  
Қасында екі жүздей садақшы бар,  
Үйіне ас ішуге Орда келді.

*Қатыны Ордаға айтты:*

1170 – Келді бір ер,  
Алыстан келген адам көп жүріп жер.  
Құпия бір сыр екен жан білмейтін,  
Кез қылған бұл екеуін Тәңірім шебер.

Еркежан бұл жігітті көрген екен,  
Уағданы бұрын байлап берген екен.  
Алдында ауырардың айтқан өзі,  
Бұл іске сен бір көмек берсең деген.

1180 Сол жігіт іздеп кепті осы күнде,  
Көрсеніз келіп отыр қазір үйде.  
Тұқымы қанжығалы Маянбайдың,  
Алыстан сонша іздеп тапты түнде.

Көрінеді батыр жігіт аты Тыныбек,  
Уағдасы осы айда екен, іздеп келмек.  
Жарқылдап сауыт-сайман, қару-жарақ,  
Жан екен бір келіскен елден бөлек.  
Өзенді өрлеп, тау асып, жол таба алмай,  
Жүріпті неше күндей тауға түнеп.

1190 «Көруге жаным құмар ондай ерді», –  
Деді де қатынымен бірге кірді.  
Орданың салтанатын көріп Тыныбек,  
Иіліп түрегеліп сәлем берді.

Танысып сөздің білді ыңғайларын,  
Сұрасып батырлардың хал-жайларын.  
Қасына шалдың кісі қосып беріп,  
Алдырды кейін қалған жолдастарын.

Тынығып бес-алты күн бұлар жатты,  
Орда да салтанатпен күтіп жатты.

Бақсы ойнап, балгер емдеп жазылды деп  
Үйсіндер қыз жайынан хабар тапты.

*Қона айтар:*

2000 «Құтылмайсың қызды бермей,  
Кете алмайсың сен сірә сөзге көнбей.  
Әуелде айтқанымды қыламын», – деп,  
Олар да кісі сап тұр тыным бермей.

Орда айтты қонақтарға істің жайын,  
Сөйлесіп ақылдасты сөз ыңғайын.  
«Айдарқан, ендігіні сен біл, – деді, –  
Осы итке қорлық қылған не қылайын?»

«Деп айтсаң бере алмаймыз саған қызды,  
Қырсаң да мейлің деші бәрімізді.  
2210 Әуелі өзің бастап қара көрсет,  
Сонан соң көп үйсінге жібер бізді».

Елшіден хабар берді осы сөзбен,  
Мұны естіп ашуланды ақылы кем.  
Елін жиып бір-ақ шауып алмақ болды,  
Өз ауылын өзі шауып, қылмақшы жем.

Аттарын күйлендіріп бұлар баптап,  
Үйсін деп, қолын жиып келді қаптап.  
Қасына екі жүздей кісі ертіп,  
Бұлар да қарсы шықты бойын шақтап.

2220 Ақ туын Маянбайдың тікті апарып,  
«Қолда»,– деп Маян батыр әруақтап.  
Тың күш кеп, Орда бүгін мығым тұрды,  
Тұрғандай бұрын күшін кейін сақтап.

Жекпе-жек шықпақ болды екі жақтан,  
Бұл жерде жеңіп алса болды мақтан.  
Айдарқан Ақкекілмен шықпақ болды,  
Үйсін ер мықты болсаң енді сақтан!

Жас Ақай аттан түсіп тілек тілеп,  
«Рұқсат бер осыған мен шығайын»,– деп.

- 2230 Бармаққа жекпе-жекке бел байлады,  
Бұлардың мықтылығын сынайын деп.
- Береді Орда батыр тілек тілеп,  
Жас сұңқар шыға келді жаңа тілек.  
Баласы Маянбайдың соғыс көрсе,  
Кетеді шыдай алмай қайнап жүрек.
- Қопаның өз баласы шықты бұған,  
Ол дағы жігіт еді ерге ұқсаған.  
Аударып Ақай атын алып еді,  
Үйсіннің беті қайтып тайды табан.
- 2240 Сол күні жекпе-жектен жетпіс бір ат  
Алғаны Ақай жастың болды аян.
- Еш адам жекпе-жекке шыға алмады,  
Ұрысып жас баланы жыға алмады.  
Алатын қанша қайла қылса дағы,  
Дұшпанын жерге жастап тыға алмады.
- Бір ақыл тапты бұлар көбі жақтап:  
«Жекені қой, соғысайық бір-ақ қаптап.  
Бес-алтыдан жабылсақ біреуіне,  
Саны азды кетпейміз бе жерге таптап?!»
- 2250 Сайланып сойыл-шоқпар, найза-қылыш,  
Осы ақыл жақсы деді бәрі мақтап.
- Ат қойды қылыш алып мыңдай кісі,  
Ойлады қан төгер деп найза ұшы.  
Маянның бар баласы атқа мінді,  
Бұл іске қайнап кеткен қайрат-күші.
- Сол күні ұрыс болды кешке дейін,  
Маянбай соғыс десе тұрар бейім.  
Өлімге үйсін жағы қалды батып,  
Қайтысты кеш болған соң үйге кейін.
- 2260 Қопадан қалған кісі қамалып тұр,  
Басына қылыш-найза сабалып тұр.  
Бұрынғы асқандықтан қалды Қопа,  
Қайғыға қайғы келіп жамалып тұр.

Енді үйсін беттер емес ұрысуға,  
Қайрат жоқ табан тіреп тұрысуға.  
Үйіне Орда батыр қайтып түсті,  
Күлісіп, қызығысып айғай-дуға.

Жатыпты он шақты күн дамылдасып,  
Жиылды үйсін елі жабырласып.  
2270 «Бұларға сырттан біреу келген екен,  
Өнері бұл Орданың кетті-ау асып!»  
Естілмей елдің сөзі неғып тұрсын,  
Бір жұмыс таппақ болды ақылдасып.  
Шөлінен Ақкезеңнің тоспақ болды,  
Сол жерге сусын тасып елден жинап.  
«Қырылып әзер болса біз қалармыз,  
Қалайық шөлде, – деді, – бір айқасып».

Сайланып сегіз жүздей кісі аттанды,  
Бұл істен хабарсыз боп Орда қалды.  
2280 «Қарағым, амандықта жөн тапсақ», – деп.  
Айдарқан Тыныбекке ақыл салды.  
Не көрсек те өзіміз көрейік деп,  
Орда да мына сөзді қабыл алды.

Той қылып, бермек болды қарындасын,  
Қапыда хабары жоқ не қыласын.  
Үй тігіп қанша елді айдап бермек,  
Артықша арттырмақшы қазынасын.  
Кейінгі Бөгенбайдан сөз сөйлейік,  
Той тойлап, жырын жырлап бұлар жатсын.

2290 Бір күні қарт Бөгенбай көреді түс,  
Мәнісі көрген түстің бір қиын іс.  
Бір кесел жолаушыға бар екен деп  
Шақырды Маян ұлын, бәрін тегіс.

*Айтады Сарыбайға:*

– Тыңдар сөзім,  
Түс көрдім бір жамандық менің өзім.  
Қапыда жау қолында қап жүрмесін,  
Тез аттан басшы болып, жаным, өзің!

- Шөлін тап Ақкезеңнің тезден барып,  
Түсімді жорып тұрмын ойға салып.  
3000 Мәнісі бұл түсімнің қиынырақ,  
Ойласам өзегімді кетер жарып.
- Сыйынар Маян ұлы Бөгеніне,  
Айтқаны қарияның келеді де.  
«Түс – түлкінің боғы» деп қарамайды,  
Бөгеннің болар мақұл дегеніне.
- Аттанды абыр-сабыр жолдас жиып,  
Тоқталып жата алмады көңілі тынып.  
Жолдас ап, он бес кісі келе жатыр,  
Күн ысып, сол уақытта кетті күйіп.
- 3310 Ақкезең сегіз күндік айналасы,  
Суы жоқ, қураған шөп айдаласы.  
Төте жол жолаушыға болғанменен,  
Бұл шөлде жүрген емес жан баласы.  
Қонбай, түспей келеді Сарыбай да,  
Шөліркеп кебірсіген аузы-басы.  
Қырына Ақкезеңнің шықсам дейді,  
Сол жерде не болды деп бауырласы.  
Осынша қан төгісіп егер болған,  
Бір қыздың алық-берік тайталасы.
- 3320 Жол басып бұлар дағы бара тұрсын,  
Жөнелткен Орда дағы қарындасын.  
Бір сойқан Ақкезеңде болмақ болды,  
Қопаның салуынша ықыласын.
- Жөнелді дүйсенбі күн жүгін артып,  
Разы екі жағы қошын айтып.  
Егесі еліміздің түгегенде,  
Қылармыз барды-келді, дәм-тұз татып.
- Еліңнің үлкен-кіші барлығына,  
Қоярсың дұғай сәлем бізден айтып.  
3330 «Өліспеген көріседі» дейді екен –  
Шығарып, Орда мырза кеткен қайтып.  
Су алды әлдерінше меспен байлап,

Түйеге сыйғанынша алған артып.

Жетекке отыз түйе жүгін артқан,  
Жамылтып жібек кілем арқан тартқан.  
Шөлімен Ақкезеңнің тура аспақ,  
Мөлшермен айтып берген жермен қайтқан.

3340 Жау жоқ деп, келе жатыр жадағайлап,  
Дәл шөлге кіріп келді күліп-ойнап.  
Жау деген батырлардың есінде жоқ,  
Сауытты қанжығаға алған байлап.  
Кезеніп елден жауға шықпаған соң,  
Толықтап ап шықпаған қару сайлап.

Қырына Ақкезеңнің шыққан шақта,  
Мөлшері шалқар түс ед сол уақытта.  
Самсаған сары қолға жолығыпты,  
Мінгені барлығының өңшең лақпа.

3350 Көп кісі көрінеді дабырлаған,  
Ат қойып мың сан адам жабырлаған.  
Қапыда сауыттарын кигізбеді,  
Тоқтатар жері осы ма ердің бағын?

Соғысты бет-бетімен «Маянбайлап»,  
Қор болды Қанышайым соры қайнап.  
Аттан түсіп шеңгелге жасырынды,  
Түйені иіре сап, атын байлап.

3360 Төрт күндей су ішпеген аттың бәрі,  
Маянның енді састы батырлары.  
Танысып Айдарқан мен Тыныбекті,  
Жабылып ұрыс қылған жас пен кәрі.

Найза ұрып, қылыш шауып, садақ тартып,  
Кеткендей үйсіндердің қайраты артып.  
Ақкекіл тұмсығынан шаншылады,  
Болдырып, су ішпеген қаны қатып.

Тыныбек тұрған еді аттан түспей,  
Түсірді атынан да үйсін күштей.  
Күдерін шыбын жаннан үзген мезгіл,

Бұрынғы көрген күні көрген түстей.

3370 Соғысты тауға таман жаяу басып,  
Үйсіндер келе жатыр жабырласып.  
Соғысып бет-бетіне кеткен ерлер,  
Білмейді не болғанын асып-сасып.  
Әзірмен ер Тыныбек тауға шықты,  
Әйтеу бір жан сақтауға барды қашып.

Құтылар көрінбейді қашқанменен,  
Шаң-тозаң араласқан аспанменен.  
Садақтың оғын қолмен қағып алып,  
Өзіне тигізбейді атқанменен.

3380 Сол жерде жиырма жері жараланды,  
Күн ысып, ет жүрегі оттай жанды.  
Қасқыр тартқан қойдай боп отыр батыр,  
Білмейді, не боларын енді халы!

Түс ауып, күн төбеде асқан шағы,  
Бұл жерде төмендеген ердің бағы.  
Маянның іздеп шыққан батырлары,  
Берген соң шын тілекті келді тағы.

3390 Кез болды әуел келіп артқан жүкке,  
Қарамай жетіп келді артқан түкке.  
Таныды ертоқым мен қарала атты,  
Ен бар ма Сарыбайдай шын зерекке.

Жатыр ед Қанышайым өлмей жаны,  
Қалмап ед қорыққанда бетте қаны.  
Бетіне шеңгел тиіп ақ мамықтай,  
Сорлының кетіп жатқан сондай сәні.

4000 Таныды Сарыбайды бұғып жатып,  
Орнынан қыз да тұрды сонда атып.  
Хал-жайды Сарыбайға айтып еді,  
Сұп-сұр боп алды, қанын ішке тартып.  
Қол бұлғап жолдастарын ұмтыл деді,  
Атының аял болмай басын тартып.  
Атылып оқ жыландай кетіп барад,  
Айғайлап ақырады жау мұндалап.

Артынан көк бөрідей келіп тиді,  
Бір салып кез келгенін домалатып.  
Үстіне Ақкезеңнің шыға келсе,  
Ақкекіл сандалып тұр қанға батып.  
Жарадан жануардың сау жері жоқ,  
Ит үйсін әлсіреткен атын атып.  
Тиген соң тыңнан келіп өкпе тұстан,  
4410 Өлімге үйсіндер де қалды батып.

Қалғаны жан сауғалап қашып жатыр,  
Белгілі қу кезеңнен асып жатыр.  
Құтқармай бірде-бірін түгетер ед,  
Қашқан жауды қума деп, бір сөз жатыр.  
Үйсінді көп қуғанмен түк болмас деп,  
Жаралы жатқандарға қайтты батыр.  
Көп екен үйсіндерден өлген адам,  
Жаралы боп бірталай күңіренген.  
Бос аттар ер-тоқыммен тізгін сүйреп,  
4420 Иесіз әр жылғада босап қалған.  
«Бас қайғы, байтал түгіл» болып ақыр,  
Біріне-бірі тоқтап қарамаған.

Жығылған Айдарқанды көзі көрген,  
Қасына тура басып жетіп келген.  
Сабалап өзін-өзі жатыр екен,  
Айғайға қаны қызып түрегелген.

Нарқызыл өлген екен қаны кетіп,  
Есіл ат қаза тапты ажал жетіп.  
Ақылы Айдарқанның дұрыс екен,  
4430 Сөйлесті тілге келіп, сөзін қатып.

Шабысып тауға келді өзі көрген,  
Күш-қайрат кеткен екен Тыныбек ерден.  
Әйтеуір кеудесінде жаны барын,  
Сарыбай өзі жетіп көзі көрген.

Өңгеріп түйе қалған жерге әкелді,  
Меңдетіп тастатыпты есіл ерді.  
Хал-жайын Тыныбектің көргеннен соң,  
Зарланып Қанышайым жылай берді.

Шығыпты бір саладан Ақай бастап,  
4440 Бесеуі тобын жазбай жүрген қостап.  
Олардың денесінде жарасы жоқ,  
Бір бүйірден үйсінді жүрген жастап.

Суы жоқ Ақкезеңді көзі көрді,  
Түйеге жаралыны артып жүрді.  
Күн-түні тыным алмай жүріп келіп,  
Бір соқыр бастауы бар жерге келді.

Сол жерде біраз жатып демалысты,  
Айдарқан өздігінен алар басты.  
Хал-жайы Тыныбектің нашар болып,  
4450 Сол жерде төрт күн күтті бұл науқасты.

Үйіне аман барды өлмей жаны,  
Тоқталып тыйылмады аққан қаны.  
Әйтеуір ұлы дене аман екен,  
Жазылды Қанышайымның сынбай сағы.

Келген соң Бөгенбайға айтты бәрін,  
Шөлінде Ақкезеңнің не болғанын.  
Қапыда білмей қапты үйсіндердің,  
Жол тосып, шөл далада аңдығанын.

Нарқызыл мен Ақкекіл өлді деді,  
4460 Жаралы атақты ерің келді деді.  
Жау сұраған үйсінге жасыл түсіп,  
Әйтеуір қанды қырғын көрді деді.  
Қанша адамы өлгенін өзі білед,  
Қалғаны бас сауғалап безді деді.

– Батырлар, қуаныңдар амандыққа,  
Жолығар ниет бұзған жамандыққа.  
Қанатты құстай едік ат барында,  
Жолықтық енді шындап шабандыққа.

Екі атым екеуіңнен емес арзан,  
4470 Мен шығар күн жоқ екен қайғы-зардан.  
Жарайды, жау болмаса ештеме етпес,  
Жау болса бұрынғыдай жоқ қой шалжаң.

Ер сақтар жауын жеңіп елдің бағын,  
Ат сақтар жау алдында ердің жанын.  
Мекен қып Барқыт белді жүретұғын,  
Бір жаудың тұқымы бар білем мәлім.

Жау жоқ деп жадағайлап жатпандар жай,  
Көрінді маған қиын осы екі тай.  
Ер сақтар ерлік қайда ат болмаса,  
4480   Деп жылап көп қайғырды қарт Бөгенбай!

### *Үшінші бөлім*

Ертеде қалмақ ханы өлген шынар,  
Тұқымы сол қалмақтың кекке құмар.  
Жалғыз ұл тоғыз жаста қалған екен,  
Бұл күнде өз елінде хандығы бар.

Қаранай оның аты, өзі батыл,  
«Қазақтан кек алам»,— деп келе жатыр.  
«Өлтіріп Бөгенбайды кегімді алсам,  
Бойымда арман қалмас», — дейді батыр.

«Бөгенбай жетім қылған күшпен айдап,  
4490   Өлтірген жан әкемді қолмен байлап.  
Кетпейді салған дауысы құлағымнан,  
Ойрандап, ұран салған маянбайлап».

Қасына он тоғыз мың әскер алған,  
Қазаққа тура беттеп келіп қалған.  
Айдыны сондай қатты сұмырайдың,  
Қырғындап жүрген жерін ойран салған.

Бөгенбай түс көріпті сонда тағы,  
(Ат жоқ деп кейіп тұрған бұл бір шағы).  
Түсінің көріп тұрған түсі жаман,  
5000   Осыған Бөгенбайдың сынған сағы.

«Ұйқыда бір дария көрдім бағып,  
Шалқыған бір жағынан отын жағып.  
Ортасында қара төбет арсылдайды»,  
Деп түсін әркімге айтты мұңын шағып.

- «От шалқып суға залал қыла алмай тұр,  
Су толқып от жалынын жыға алмай тұр.  
Қара судың үстінде қара төбет,  
Ол ұлып, арс-ұрс етіп шыға алмай тұр».  
Түс көріп түн ішінде оянғанда,  
5510 Ағыпты қысылғаннан маңдайдан тер.
- «Көретін кәртейгенде ісім бе едің?  
Түс болды-ау бұл не деген Тәңірім шебер.  
Көп екен көргенімнен көрмегенім,  
Мұндай іс ойламаушы ем паруардигар.  
Адам басы Алланың добы екен ғой,  
Не деген сырлы дүние бедер-бедер».
- Шақырып Сарыбайды алды батыр,  
Сарыбай кіріп келсе жылап жатыр.  
«Сарыбай, менің көзім қаран болды,  
5520 Бар екен мені аңдыған бір жау ақыр.
- Бүгін жатып көрдім түс,  
Көргенім қатты қиын іс.  
Еліңнен саңлақ жиғызып,  
Беліңді байлап, түйініс.
- Бір жағымда жанған от,  
Шалқып суға жете алмас,  
Шалқыған оттың жалыны,  
Толқыған судан өте алмас.  
Ортасында бір қара ит,  
5530 Азуын көрдім жеті алмас.
- Жан-жағымнан жабылып,  
Екі дұшпан қысып тұр.  
Осы түсті көрген соң,  
Көңіліме қаяу түсіп тұр.  
Кәртейген шағым, халым жоқ,  
Осыдан жаным шошып тұр.
- От пенен су қабысып,  
Қысып қатты қара итті.  
Байлаулы тұр жұлқынып,  
5540 Үзе алмай тұр ол жіпті.

Қайратым қайтқан кезімде,  
Үзіп тұрмын үмітті.

Босанса елді қырады-ау,  
Шыға алмасын тілеймін.  
Екі көзі қып-қызыл,  
Шошыдым неге, білмеймін?  
Үлкен қауіп төніп тұр,  
Осы бір түсім шын деймін.

5550 Тік шапшып тұр арсылдап,  
Азуын көрдім пышақтай.  
Осыдан зәрем ұшты ғой,  
Қолдамасаң, Маянбай,  
Жетпіске жасым келгенде,  
Қиын іс болды-ау япырмай!»  
Сарыбай мұны естіп жинады елін,  
Ойламас екі айтар деп Бөген ерін.  
Ел жиып күндіз-түні жүргенінде,  
Қалмақ та қусырыпты қазақ жерін.  
5560 Бес күннің бесін шені болған кезде,  
Шапқылап біреу келді телім-телім

Жылады Бөгенбайға келген адам:  
– Түсті, – деп, – ел басына ақырзаман.  
Қасында жер қайысқан лашкері бар,  
Қаранай хан кеп қалды бізге таман.

Қасына он тоғыз мың ләшкер алған,  
Қазаққа тура беттеп келіп қалған.  
Екісін үш есенің қырып келед,  
Дабыл ап, жүрген жерін ойрандаған.

5570 Мал түгіл, жаннан үміт үзіп тұрмыз,  
Тартып ап, айдап кетед малды семіз.  
Айбынын аласатқан айтып болмас,  
Саны жоқ ләшкерінің ұшан теңіз.

Сарыбай елін жиды дамыл алмай,  
Аттанды еркек кіндік адам қалмай.  
Бөгенбай мен де барам деген еді,  
«Барма»,– деп жұрт айтқан соң әзер қалды-ай.

Жанына Абылай ханның кісі барды:  
– Бір тартқан қазақ едің қайғы-зарды.  
Менің де керек болар күнім болар,  
5580 Бірге алыс мынау келген қалың жауды.

*Абылай хан айтты:*

– Көмек бере алмаймын,  
Аталы жау, оны мен жеңе алмаймын.  
Өзің көр, не қылсаң да, менен аулақ,  
Арандасып соғысып өле алмаймын.  
Жатқан жылан құйрығын басып алсам,  
Ақырында бұған дауа таба алмаймын.

Жөн айтып, Абылай көмек бере алмады,  
Естіген көп азамат тұра алмады.  
Сайланып шықты атақты жүздеі кісі,  
5590 Үйінде намысты ерлер қала алмады.

– Қалсаң қал, Абылайжан, үйде өзің,  
Қазақпын, саған айтар менің сөзім.  
Хан едің қазақтарда ең атақты,  
Жөн болса өзің үшін бұл мінезің.

Жүз саңлақ Сарыбайға ерді былай,  
Дұшпанға таба қылма деді Құдай.  
Таусылар аруағыңның мезгілі ме,  
Қиында қолдаушы едің ер Маянбай!

Сарыбай түгел болды елін жинап,  
6000 Батырлар күйзелер жоқ жанын қинап.  
Мінуге Бексұлтанға ат табылмай,  
Жаяудың аз алдында кетті жылап.

Ақкекіл, Нарқызылмен болды керек,  
Өлген жан тірілер ме, неге керек?  
Бөгеннің былтырғы айтқан сөзі келді,  
Тегін емес, қасиетті, еді зерек.  
Ел жиып орта жолдан жарақтанып,  
Қазақ та тең болдық деп келсе керек.

6610 Қалмақтар қазаққа кеп жақындаған,  
Азуы Қаранайдың сақылдаған.  
«Қолыма Бөгенбайды тірі берсең,  
Жауласпай қайтамын», – деп қақылдаған.

Бұл сөзге қазақ неге бассын аяқ,  
Сөйледі өткен күнді бастан-аяқ.  
– Әкемнің қырық тоғызда басын кескен,  
Сол күнде мен бала едім жалаң аяқ.

Әкемнің өз тағында кескен басын,  
Сол кезде тоғызда еді менің жасым.  
Әкеп бер Бөгенбайды тірі қолға,  
6620 Қазағым, сонда өлімнен құтыласың.

Болмаса жоғалтамын түгел қырып,  
Еріңді өлтіремін бір-ақ ұрып.  
Қызынды-қатын, ұлынды-жетім қылып,  
Асырам Барқыт белден төгілдіріп.

Дайын тұр Сарыбай да елін жиып,  
Жауының сөзі жанға батты тиіп.  
Алтын тұғыр Бөгенін қайдан қисын,  
Түгегенше соғыспақ қазақ құрып.

– Біз оған тоқтамаймыз, ұрысамыз,  
6630 Шеп тартып екі жақтан құрысамыз.  
Қаранай, күніңді айт, – деді Сарыбай,  
Біз дайын ертеңгі күн жұлысамыз.

Әуелі соғыс қалай бастайтұғын,  
Соғыстан біз қазақпыз қашпайтұғын.  
Қорыққаннан кісі ұстап бере алмаймыз,  
Күнің жоқ, сен Қаранай аспайтұғын.

– Мен дайын ертеңгі күн келем бетке,  
Сен, қазақ, өзің тағы қашып кетпе?  
Әуелі соғысымыз былай болсын,  
6640 Шығайық екі жақтан жекпе-жекке.

Бұл сөзге Сарыбай да мақұл деді,  
«Жауласып сапар шегіп келдің» деді.

«Ажал айдап кепті екен сені қысып,  
Басайын құмарыңды көргін» деді.

Таңертең майдан тартты сұм Қаранай,  
Қандай жан жанын сақтап құтылар жай?!  
Денесі бар адамнан артық екен,  
Басында дулығасы мұнарадай.

6650 Бұл қалмақ артық туған жуан кеуде,  
Қазақ та кеміте алмас пәлен дейд де.  
Астында қара тұлпар мінген баптап,  
Аттанған жолы екен жауын жеуге.  
Сарыбай көпке айтады «бірің шық» деп,  
Жөні жоқ қолбасшының сен шық деуге.

Бейнесі көрінеді қалмақ өктем,  
Қаруы бір басына түгел жеткен.  
Қайраты артқан біреуі шығар бұған,  
Болмайды сен шық деуге таңдап көптен.

6660 Тұманбек келіп еді бер деп жолды,  
Салайын ата жауға қолдан торды.  
Ақкекіл мен Нарқызыл өлген жылы,  
Жалғыз-ақ болған екен аттан сорлы.

Тұманбек бата алады барайын деп,  
Қалмақтан өлтіріп кек алайын деп.  
Сыйынып Маянбайдың аруағына,  
Жылайды жаратушы панайым деп.

6670 Қасына Қаранайдың жетіп барған,  
Көңілінде қорқу деген болсын қайдан?!  
Ақ сауыт қабат-қабат қос түймелі,  
Шаңырақтай жарқыраған шойын қалқан.

Қазақ қарғап, қалмақ тілейді Қаранайды,  
Ол сұмырай өлемін деп санамайды.  
Астында көк аты бар бір жас жігіт,  
Өзіме тең екен деп баламайды.

Қаранай: – Кімсің, – деді, – жауым қазақ?  
Бейшара өлесің деп қылды мазақ.

Әкеп бер Бөгенбайды тірі қолға,  
Болмаса өлтіремін салып тұзақ.

6680 – Тұманбек менің атым, атам – Маян,  
Туыстым Бөгенбаймен, елге аян.  
Қаранай не десең де қыл ісінді,  
Соғыстан сен айтты деп қалай таям?!

*Қалмақ айтты:*

– Кезекті әуел кім алады,  
Жобасы бұрынғының не болады?  
Ата-баба жосынын білесің бе?  
Мұраға біздің қалмақ бағынады.

6690 – Әуелі, батыр қалмақ, кезек саған,  
Тегінде жол беріпті ата-бабам.  
Сіздің ел біздің елмен соғысқанда,  
Әкеңе кезек берген Бөген ағам.

Әуелі кезек сенен батыр қалмақ,  
Ниетің бар қазақты қырып салмақ.  
Үйдегі қарт Бөгеннен нені аяймын,  
Әйтеуір күн өтеді дүние бейбақ.

7000 Қаранай атқа қамшыны,  
Қабындап салып қабынды.  
Жаусыраған сұмырай,  
Бурадай болып шабынды.  
Алыстан келген айдынмен,  
Соғысуды сағынды.

Сонадай кетіп барады,  
Ат мойнын бұрып алады.  
Тұлпардың бүйірін қыздырып,  
Қамшыны қатты салады.  
Қазақ тұр шулап әруақтап,  
Қаранай шауып барады.

Қалмақ ханы Қаранай,  
Қағынып шапты қарамай.  
Тұлпар атын секіртіп,

7710 Төндіріп найза барады-ай.

Жан шығатын жер сол деп,  
О да тілеп жол бер деп.  
Қарысқан қатты қолымен,  
Сегіз қырлы найзаны.  
Берік ұстап салады,  
Шұрқылтайдан дәл кезеп.

7720 Найзаны ұстап алады,  
Сіресіп қатып қалады.  
Талағың түскір көк сүлік,  
Қарысқан ерге шыдамай,  
Майысып жығылып барады.

Қалмақтың күші білінді,  
Қармаққа Тұман ілінді.  
Тірескен күшке шыдамай,  
Көк ат көттен сүрінді.

Айырылды қолы найзадан,  
Жоғалды Тұман айладан.  
Дәл жиырма екі жасында,  
Қаранай жасты жайлаған.

7730 Бір-ақ салды жүрекке,  
Қалмақ жетті тілекке.  
Дандайсып қалды қалмақтар,  
Қазақ шапты сүйекке.  
Қалмақ та қаптай соғысып,  
Көп тартысты бұл кекке.

7740 Қазақ алып жөнелді,  
Өлгеннің бермей денесін.  
Қазақтан сән кетті ғой,  
Әруақ қолдап жебесін.  
Қаранай көңілі алыста,  
Құртпақ елдің келесін.  
Садырбекке оқ тиді,  
Кіргізді дұшпан шегесін.  
Қаптаған соғыс болған соң,  
Қай өлгенін елесін?!

Екі күн көмді өлігін,  
Көрсетті қалмақ ерлігін.  
Сарыбай мен Бексұлтан,  
Бірге туған бауырлас,  
7750 Жоқтайды екі серігін.  
Үшінші күн түзеліп,  
Қалмақ мінді керігін.  
Қаранайға жазым жоқ,  
Өзінің баспай желігін.  
Сал ұрып қалмақ еліріп,  
Асып тұр көңілі желігіп.  
«Өлім бар» деп ойламас,  
Тұрса да ажал көрініп.

– Ей, Сарыбай, өлейін,  
7760 Өлмесем, қайтып келейін.  
Жаяулықтың жөні жоқ,  
Бір ат тауып беріңіз.  
Жазасын жаудың берейін.

Найзасына сүйеніп,  
Туысқанына күйініп.  
Зар еңіреп Бексұлтан,  
Отыра кетті жүгініп.

*Сарыбай айтты:*

– Қарағым,  
Артымда қару-жарағым.  
7770 Мінетін ат болмай тұр,  
Қолымда бар ма баяғым.  
Әперейін біреуін,  
Өзің таңда лайығын.

*Бексұлтан айтты:*

– Әперсең,  
Ақанайдың ала атын.  
Қалмаққа өзім барайын,  
Ісім жоқ қапыл қалатын.

Ақанайды шақырды,  
Ат бер деп салды ақылды.  
7780 Жаудан аман қалмаймыз,  
Алмасақ мына кәпірді.  
Осы келген Қаранай,  
Дүниені сапырды.

*Ақанай айтты:*

– Бермеймін,  
Астымда жалғыз атымды.  
Қаптаған соғыс боп кетсе,  
Өзім өліп қалам деп,  
Атын бермей шатылды.  
Бексұлтан сонда айтады:  
7790 – Атыңды берсең қайтеді,  
Бәрібір аман қалмаймыз.  
Жиырма бес жасымда,  
Жаудан бекер өлгенше,  
«Сен өлтір» деп ақырды.  
Көп адам келіп жабылып,  
Бер деп айтты ақылды.  
Бәріміз аман қалмаймыз,  
Жеңбесек мына батырды.

Ақанай амалсыздан аттан түсті,  
8000 Біреуден не десең де көбі күшті.  
Мініп ап Ақанайдың ала атына,  
Бексұлтан салмақ болды қиын істі.

– Қош сау бол, мен келмесем бұл барғаннан,  
Құтылдым атсыз болған бір арманнан.  
Аянар осы жолда нем бар менің,  
Айырылдым екі қанат-қос қарғамнан.  
Дауысы қатты шықты «Маяндаған»,  
Соғыста батыр еді аянбаған.

Көзі өткір жігіт еді құбақандау,  
8810 Сұрланып қайрат керіп қатуланған.  
Келбеті Қаранайдай бар деп айтты,  
Сыртынан қалмақ, қазақ баяндаған.

Көз жазбай Қаранай тұр тікірейіп,  
Кеткен жоқ о да қорқып үрейленіп.  
Астында қара тұлпар тік қарғиды,  
Тұқырып тұмсығымен жерді сүзіп.

Қаранай мұны көріп толды көзі,  
Ер ғой деп дәл лайық мұның өзі.  
«Өлгенше кемимін»,— деп кім айтады?  
8820 Артық тұр Қаранайдың айтқан сөзі.

— Ей, қазақ, кепті сені ажал айдап,  
Найзам тұр қос ошақты алған сайлап.  
Жол бер де жеңілдім деп еліңе қайт,  
Құр айғай сала бермей Маянбайлап.

— Қаранай, не қыласың сөзді қуып,  
Көргем жоқ жаудан қорқып өзім туып.  
Бар болса кереметің көрсете бер,  
Төбеме тастасаң да тауды жұлып.

Ер емес екеуі де сөзге бұлтақ,  
8830 Сүйенген қара күшке, сөзге шорқақ.  
Бұйырар қайсысына қайдан білсін,  
Бір ажал екеуіне тұр ғой ортақ.

*Қаранай айтты:*

— Кезек бер маған, қазақ,  
Жүруің алыс емес сенің аз-ақ.  
Ежелден қалмақ, қазақ соғысқанда,  
Кететін қазақты етіп, қалмақ мазақ.

— Ала бер кезегінді, қалмақ батыр,  
Бір ажал екеуімізге келе жатыр.  
Қайтсек те біреуіміз жеңу керек,  
8840 Жүрмеспіз екеуіміз де, білсең ақыр.

Кезекті болды әуелі қалмақ алмақ,  
Жорасын бұрынғының қиын бұзбақ.  
Алдында өлім бар деп ойламайды,  
Қазақты жеке-жеке қырып салмақ.

Қалмақ тұр атын тебініп,  
Қорқыныш жоқ бойында.  
Соғысқа көңілі беріліп,  
Алыстан келген айдынмен,  
Бұқадай бұға семіріп.  
8850 Асығып кезек алам дейт,  
Қабағын қатты түрініп.  
Өлім бар деп ойламас,  
Ажалдың ала арқаны,  
Тұрса да мойнына ілініп.  
Қаранай кешегідей өнер бастап,  
Сұлтанды майдан жерге кетті бастап.  
Құтырған арыстандай аласұрды,  
Көңілінде өлтірем деп жерге жастап.

8860 Қолына ер Қаранай алды найза,  
Батырдан майыс па деп, қанды найза.  
Сұлтан да алтын жүрек ердің бірі,  
Көңіліне кірер емес қорқу қайда?!

Табандап орнында таймай тұрды,  
Қаранай қос қолдап кеп найза ұрды.  
Шап беріп найзасынан ұстай алып,  
Жұлып ап, сонда Сұлтан лақтырды.

8870 Қазағым ер екенсің сен де,— деді,  
Сен ал енді кезекті, кел де,— деді.  
Әуелгі өзіңдей боп мен де тұрам,  
Найзаңды жұлып алам мен де деді.

Бексұлтан Қаралаға қамшы басты,  
Көзінен қан аралас төкті жасты.  
Ұзап барып анадай жерден шауып,  
Қалмаққа енді келіп жақындасты.

Найзасын сол қолына алды ыңғайлап,  
Суырды көк семсерді бауын байлап.  
Қолына Бүлдіргесін іліп алып,  
Келеді бір істеуге амал сайлап.

8880 Оның да күші басым, қаруы артық,  
Найзаға жағаласар қолды қармап.

Қасына Қаранайдың келді жетіп,  
Барынша тұлпар атын екпіндетіп.  
Найзаны көздеп тұрған батыр қалмақ,  
Найзаға қолы ұмтылды қарбаң етіп.  
Найзаны Қаранайға бере салып,  
Семсермен жазым қылды салып өтіп.

8890 Алып қол ұрған қылыш тиді қатты,  
Сыр етіп ақ сауыттан арман батты.  
Желкеден дәлдеп ұрған бар күшімен,  
Ер қалмақ ат мойнынан омақа атты.

Жығылды ер Қаранай омақа асып,  
Бексұлтан ұрып жықты қайраты асып.  
Артында таяу тұрған Ақай бала,  
Сүйегін Қаранайдың қалды басып.  
«Сүйегін ханымыздың бермейміз»,— деп,  
Қалмақтар оңмен-солды даңылдасты.

9000 Атына қас батырлар қамшы басты,  
Іркілген екі жақтың күші тасты.  
Дәл түстің мезгілінде қазақ, қалмақ,  
Қырғынға бір батуға араласты.

Боп кетті қазақ бүгін арыстандай,  
Серпілді қалмақ қашып жарысқандай.  
Екі жұрт араласқан қырғын болып,  
Ажалға ұшырапты жандар талай.  
Есесін әкесінің іздеп келген,  
Мәнісі Қаранайдың болды осындай.

9910 Бер жағы Барқыт белдің қазақ жері,  
Боп кетті шегінгендей қалмақ кері.  
Ел жиып өлгендерін есептесе,  
Болыпты бір мың үш жүз өлгендері.

«Соғыстың не болғанын көремін»,— деп,  
Қосқа да келіп қапты Бөген ері.  
Бөген қарт бұған дағы көп қайғырды,  
Оқыста өлгеннен соң інілері.

Ас беріп өлгендерге, бейіт соғып,

Қазақтың бір қайғырып қайтқан жері.  
Жоңғардың даласында қырғын тауып,  
Қазақта тағы қалды қалмақ кегі.  
Күнгеіін Барқыт белдің қалмақ алып,  
9920 Асқан жоқ көпке дейін содан бері.  
Қазаққа содан бері мекен болды,  
Жоңғар мен Барқыт белдің теріскейі.

### ***Төртінші бөлім***

#### **Жұттан қашқан**

Екі жыл аман тұрды ұрыс көрмей,  
Ерлерде аттаныс жоқ, жүріс көрмей.  
Жазында жауын жаумай, жер шөл болып,  
Қиналды қанжыға елі малы шөлдей.

Қыс қатты, жаз шөлді болды малға жайсыз,  
Малға жайсыз болғаны жанға жайсыз.  
Кей ауыл ақ сүйек боп қалды жұтап,  
9930 Қорасы қозы, бұзау, тайлақ, тайсыз.

Жел болса жер жүзінен шаң шығады,  
Мал сауса сүт орнына қан шығады.  
Жуаны созылып, жіңішкесі үзілген жұрт,  
Малдың сиқы кеткен соң ашығады.  
Бала жоқ Бөгенбайдың өз басында,  
Қайғырып баланы ойлап жан шығады.  
Бөгеннен ақыл сұрап жиылған жұрт,  
«Не деп ақыл айтар» деп асығады.

Бөгенді екі қайғы бірдей күтті,  
9940 Кәрінің қайғыменен күндері өтті.  
Ақыл жоқ бұл кәріде осы күнде,  
Сұмдық деп, бұл не деген есі кетті.

*Бөген айтты:*

– Мен көрген түсім жаман,  
Осы елде мал ұрығы қалмайды аман.  
Сақтауға мал ұрығын ақыл ойлап,  
Шықпаса азаматтар шетке таман.

Мал емес пе қазақтың қазынасы,  
Мал түгесе түспей ме ақыр заман?!

9950 Су шықпай қазған құдық құрып жатыр,  
Бұған да қайғырады Бөген батыр.  
Малды айдап шеттен барып қоныс ізде,  
Бозбала, атқа мінер, тігіп шатыр.

Бөгеннің бір құлы бар Бектар атты,  
Жайлауда отарлатып жылқы бақты.  
Қасында басқа да көп жылқышы бар,  
Су таппай мал да, жан да шаңырқапты.

9960 Салмайды басын жерге малы шулап,  
Тоқтамай жерігендей шұбар шулап.  
Бөгеннен ақыл сұрап Бектар келді,  
Ол жерге мал тұруға болмайды бап.

Бөгенбай Сарыбаймен ақылдасты,  
Қанжыға елін жинап қосты басты.  
Бұл жерде мал ұрығы қалмайды енді,  
«Ойлан» деп, жан сақтауды елге шашты.

*Бөген айтты:*

– Бар еді айғырым бір,  
Оны үйірге салғалы жиырма жыл.  
Біреуің соны барып біліп келші,  
Жер жайын білмес пе екен Көкжал айғыр.

9970 Көкжалым қыдыр қонған білген шығар,  
Көп жолды жер қараумен жүрген шығар.  
Сарыбай, соны барып өзің біліп,  
Сонан соң қайта маған берші хабар.

Сарыбай Бексұлтанмен жүріп кетті,  
Жылқыға екі күнде барып жетті.  
Бәрін де малшылардың ұйықтатып,  
Екеуі көп жылқыны күзетіпті.

Жараған Көкжал айғыр бауырынан,  
Тер аққан айғызданып сауырынан.

9980      Үйірінің ортасында мойнын салып,  
Көргенде бұл екеуін оқыранған.

Жануар айтатұғын тілі де жоқ,  
Жылқының жүретұғын күйі де жоқ.  
Жылқыдан кеш болған соң кетті шауып,  
Кеткенін оның қайда білуші жоқ.

Таңертең Көкжал айғыр қайтып келді,  
Боялған үсті-басы қара терлі.  
Көкжал айғыр осындай күйде екен деп,  
Бөгенге бұлар келіп хабар берді.

9990      Басында Бөгенбайдың жалпы малы,  
Жетеді елу мыңға қосса бәрі.  
Жылқысы жалаң ғана он сегіз мың,  
Қайтпаған ауыл еді малдан бағы.

Егіздің саңлақтарын жиып алды,  
Бөгенге жүр деген соң бәрі барды.  
Үш мыңға бірден қосты тігіп алып,  
Егіздің жүрмек болды батырлары.  
Қар жауып, қыс түспейтін жерді іздеп,  
Артынан Көкжал айғыр ермек болды.

1000      Қос артып, құрбандығын айтып сойды,  
Жайлауда өңшең батыр етке тойды.  
Қамданып ерлер атқа мінгеннен соң,  
Көкжал да бастай берді жүрер жолды.

Үйірі жөнеледі одан қалмай,  
Белгілі тоқтар емес жерге бармай.  
Қоштасып батырлармен кейін қайтты,  
Батасын беріп тағы ер Бөгенбай.

1110      – Жақын болса хабарын берерсіңдер,  
Алыс болса бір-ақ кеп көрерсіңдер.  
Жаудан аман сақтасын Тәңірім бізді,  
Ажал жетсе үйде де өлерсіңдер.

Жүйрік ат, қыран бүркіт қолдарында,  
Жылқының ерлер кетті соңдарында.

Бір жүз он бес жігіт боп аттаныпты,  
Сарыбай ақыл табар жолдарында.

Көкжал кеп кейбір жерге жайын жатар,  
Жылқышы қос тігеді қатар-қатар.  
Көкжал айғыр жөнелсе бетін қойып,  
Жабырласып азамат қосын артар.

1120 Осымен қырық бес күн көшті талмай,  
Кей жерге Көкжал кетер басын салмай.  
Барыпты ашылы құрақ кең салаға,  
Батырлар еріп барды бұдан қалмай.

Жер екен жердің жері бөкен сала,  
Бір жағы биік таулы жазық дала.  
Қоянды, бетегелі бір жағы көл,  
Бағулы бай қонысы деген ғана.

1130 Арықтан әрең барған жылқылары,  
Жай тұрып қанды азамат ұйқылары.  
Көбеңдеп көтерілді арыған мал,  
Жер екен шөбі шүйгін, малға жайлы.

Бір айдай осы арада жатты жайлап,  
Желіні қайта құрып, бие байлап.  
Көкжалдың бастап барған жерін қара,  
Семірді барлық жылқы ақшамайлап.

Бар онда қасқыр, түлкі... аңның бәрі,  
Құтқармас аңға түскен қырандары.  
Жүйрік ат, батыр жігіт бәрі сонда,  
Түзетіп Бөгенбайдың берген сәні.

1140 Жер екен он екі абақ қыс қонатын,  
Жер емес қарастырса қыс болатын.  
Жауынгер өңкей батыр-тастүлектер,  
Кермеге байлап қойған тұлпар атын.

Ел көшіп, келіп қалды күз бетіне,  
Берік боп жауынгерлер күзетіне.  
Жүреді аттан түспей күндіз-түні,  
Шыққан соң тым бекінген ел шетіне.

Кезеніп бір жүз он бес қатар тұрса,  
Түрі жоқ жан шыдайтын келбетіне.

1150 Абақтың билеушісі Садыр төре,  
Құнан би жүреді оған ақыл бере.  
Ел жиып Садыр төре шаппақ болды,  
Жылқыны күзеуінде жатқан көре.

Құнан биге төре кеп ақылдасты,  
Жинаған жауға лайық өңкей жасты.  
– Бір ғасыр олжа болар мал келіпті,  
Көп жылқы қаптап кеткен тау мен тасты.  
Ұстамас кірлі қолмен малдар екен,  
Ойласам көрген сайын қарным ашты.

1160 Қалайша бөтен жылқы бақтырамын,  
Осыны ақыл берсең шаптырамын.  
Абаққа жалғыз күнде таратам да,  
Орнын осы малдың таптырамын.

Сұраусыз неткен адам келіп жатқан,  
Бұл не деген үлгісіз Құдай атқан?  
Ең көп болса адамы жүздей жігіт,  
Мал бағады күндіз-түні түспей аттан.

*Құнан айтты:*

1170 – Бермеймін бұған ақыл,  
Келген қонақ шабылған емес мақұл.  
Өз бойына сенбесе шетке шықпас,  
Байқасам жігіттері өңшең батыл.  
Жатқан жылан құйрығын басып алып,  
Өкініп жүрмегейсің қалып қапыл.

Тұлпар ат барлығының мінгендері,  
Бес қару бойларына ілгендері.  
Жалынды бәрі батыр, өңшең көкжал,  
Сайланып жау бар ма деп жүргендері.

Бәлкім бұл жаудан емес, жұттан қашқан,

Алатын жер кәдесіз қарындастан.  
Қонаққа келіп отыр залал қылма?  
1180 Төре, сөзің бұл болса ақылдасқан.

Бұл жиынға сайланды Сарыбай да,  
Қалуға бір кездесіп осындайда.  
Қасына екі жігіт ертіп алып,  
Іздеп кеп, көремін деп Құнан қайда?

Құнанның ауылына жиылысты,  
Сарыбай сол ауылға келіп түсті.  
Құнан биге кіріп кеп, сәлем беріп,  
Көп ермен атқа мінер жүз көрісті.

– Ассалаумағалейкум, Құнан биім,  
1190 Қабырғаң қалың сере, семіз күйің.  
Жеріміз мал қалмайтын жұт боп кетті,  
Тақсыр-ау, жеріңіздің шөбін қиың!

Құнан би амандасты түрегеле,  
Сәулетті Сарыбайдың түрін көре.  
– Жөніңді баян қылшы, – деді, – қалқам,  
Қай елсің, жатыр едің қайдан келе?

Сарыбай сонда айтады елі жайын,  
Шетқурай, Көксу қияқ жері жайын.  
Атасы Маянбайдың атын айтып,  
2000 Сөйледі содан кейін Бөгенбайын.

Би Құнан екі көзден төкті жасты,  
Шын беріп Сарыбайға ықыласты.  
– Бөгеннің осы күнде өзі бар ма,  
Отыз жыл көрмегелі асыл тасты?

Қазаққа олжа салған қайран Бөген,  
Олжа алдық талай жаудан иен-тегін.  
Шырағым, қалай жатсаң, солай жайла,  
Жоқтап ед Бөген батыр қазақ кегін.

Екі жыл жолдас болдым Бөгенбайға,

- 2210 «Сыйға-сый, сыраға-бал» деген қайда?!  
Бөгеннің ерлігіне ерген қазақ,  
Мал түгіл қылған еді жанын пида!
- Құнан би түгел білді елі жайын,  
Жақындап бара жатыр айтқан сайын.  
Беретін ерулігім осы болсын,  
Қонақ бол біздің үйге, Сарыбайым.
- Құнан би енді ұқты сөздің шынын,  
Таңырқап Сарыбайдың көріп түрін.  
Бір көкжал сайыпқыран кемеңгер деп,  
2220 Адамның айтпай білед ішкі сырын.
- «Досың да, дұшпаның да ер болсын» деп,  
Ойлама бір-бірінен кем болсын деп.  
Соқыр биге барсаң да осыны айтар:  
«Бейкүнә елді шауып не бопты?» – деп.
- Байқады бұл жағдайды Садыр төре,  
Құнан би қолпаштады мұны неге?  
Жер іздеп, шөп тілеген жолаушыны,  
Көрді деп, бізден артық сонша неге?
- Садырдың құты кетті, Құнан көнбей,  
2230 Жылқыны көрген сайын жүрді шөлдей.  
Сарыбай Құнан бимен жақын болып,  
Төрені төмендетті есе бермей.
- Мінгені Бектар құлдың лағи жорға,  
Кигені атлас пенен шағи-торқа.  
Абақтың бір ауылы қонақ қылса,  
Атынан әрең түсед зопа-зорға.
- Осының бәрі мұның малы дейді,  
Бөгеннің жалғыз ұлы, жаны дейді.  
Елу мың ірі қараға ие болған,  
2240 Жұлдызы маңдайдағы – бағы дейді.
- Төренің жалғыз сөзде терістігі,  
Болған жоқ одан кейін керістігі.  
Осыдан қайтіп есе қайтарам деп,

Сарыбайдың төреден жүр кетпей кегі.

2250 Төреде жалғыз қыз бар Хадиша атты,  
Асыл зат, жүріс-тұрыс салтанатты.  
Көл аңдысып, қаршыға қолына алған,  
Белдеуден жібермейді қос жорға атты.  
Төре қызын Бектарға бере ме деп,  
Сарыбай Құнан биге кісі сапты.  
Құнан айтса көнбейтін төре қайда?  
Бөген ұлы деген соң құдаласты.

Мың жылқы бөліп берді қалың малға,  
Аққуды алмақ болды қара қарға.  
Құлға әкеп, төре заттан қыз айттырған,  
Ісіне Сарыбайдың амал бар ма?!

2260 Мал аман қыстай жатып, жазға шықты,  
Ешкімнен сескенбейді бұлар мықты.  
«Бөгеннің ұлы болса бір келер»,– деп,  
Бойжеткен қыз күйеуін күнде күтті.

Айттырғанына мәз болып Бектар сорлы,  
Қыз ауылына баспады аттап жолды.  
Жамандықтың арт жағы шолақ-ақ қой,  
«Күйеу – құл» дегенді қыз естіп болды.

2270 Ақылды өзі зерек адам тіпті,  
Бұл істі не болар деп артын күтті.  
Ортадан қан төгісіп егер туар,  
Жай жүрмей жауласады-ау екі ел мықты.  
Қан төктірмей халімше мен күтейін,  
Тағдырдың бір жазғаны болар депті.

Жаз шықты, Маян ұлы қайтпақ болды,  
Елге аман жетсек деген арман болды.  
«Бұқа буға» дегендей болып қайтты,  
Қыз алам деп, қуанып Бектар сорлы.

Бөгеннен он мың бие құлындапты,  
Аман-сау қайта айналып жерін тапты.  
«Мал аман, азаматтар келеді» деп,  
Бөгенге сүйіншілеп кісі шапты.

2280 Қарт Бөген өзі шықты алдарынан,  
Сағынған батырларын салдарынан.  
Басқа елі қанжығаның ақ сүйек боп,  
Айырылған алал етті малдарынан.

Жылқыны көргеннен соң қуанады,  
Ерлерін аман көріп жұбанады.  
Жылқының амандығын көрсетпекке,  
Малды айдап мөлшер сайға қамалады.

Қарады қарт Бөгенбай көзін салып,  
Үйірін үш айғырдың есіне алып.  
2290 Көк ала, Көкжал менен Жиренқасқа,  
Бірі жоқ үш айғырдың көрді танып.

«Шақырды мұнда кел»,— деп Сарыбайды,  
Елу мың айдап кеттің қолдан малды.  
Жоғалтсаң бәрін бірдей не қылайын,  
Қайда деп Жиренқасқа құлын-тайды?

Қоймады бұлтарғанға Бөген батыр,  
Қоймады жасыруға айтпай ақыр.  
Бектарға қыз айттырған құда болып,  
Бір бастан жайын айтып келе жатыр.

3000 Байқады кәрі Бөген сөздің ізін,  
Біледі айттырғаны төре қызын.  
— Шырағым, айтқан сөздің сыйы кетті,  
Бұл істің аяқ жағын тоқтат өзің.

Бөгенге қайғы түсті уайымнан,  
Көрмесем кімнен көрем Құдайымнан.  
Құлымды ұл дегізген Тәңірім-ай,  
Тың едім, айырылдым ғой мен жайымнан.

Сарыбай, айтқан сөзің бұл бола ма,  
Құл шіркін жеті қойлық пұл бола ма?!  
3310 Ақкуды қарға баптап алдырмақсың,  
Бұл ісің нәсіліңе жөн бола ма?

Садырбек он екі абақ ел төресі,

Бір құлға қызын малға сатқан несі?  
Әкемнің аруағына берген екен  
Деген соң Маянбайдың немересі.

Маяннан бірін алсаң нең кетеді?  
Түбіңе артқандығың бір жетеді.  
Жолықпа мұндай іске ендігәрі,  
Шырағым, бүйте берсең ар кетеді.

3320 Малымды арман қылып мен не етейін,  
Бұл малға сендер ие менен кейін.  
Артымда ұлым түгіл қызым да жоқ,  
Бермейді жылағанмен кешке дейін.

Сол қызды не қылсаң да біреуің ал,  
Шықпасын сілекейі шаян боп мал.  
Тез барып бұл жұмысты бітірмесең,  
Көресің менен бір іс көңілім қатал.

3330 Сарыбай жолдас жиып қайта жүрмек,  
Бұл жерде бола алмады жай кідірмек.  
Жүз жылқы, елу түйе малды айдап,  
Алуға барарында той мал бермек.

Екі күн дайындалып жүріп кетті,  
Он екі күн жолы жүріп барып жетті.  
Той қылып неше күндей елін жинап,  
Күйеуге төре қызын бермек бопты.

Күтуші Хадишаның бір қызы бар,  
Онаша оған жылап қылады зар.  
«Ел ортасы жау болып кете ме?» – деп,  
Ойлайды ақылменен сабыры бар.

3340 – Бұл сөзді сеніп айттым, Жамал, саған,  
Бір хабар қонақтардан әпер маған.  
Алдымда баратұғын ием қандай,  
Ол адам тәуір ме екен, әлде жаман?

Оны естіп Жамал кетті сылдыр қағып,  
Отырды жақсы-жаман сөзді бағып.  
Сарыбай Жамалменен сөйлеседі,

– Ей, Жамал, бұл араға келдің нағып?

– Келіп ем қонақтарды көрейін деп,  
Артынан жақсылардың ерейін деп.  
Күйеуі Хадишаның қандай екен,  
3350 Әдейі соған келдім білейін деп.

– Қарап көр енді, Жамал, біздің жайды,  
Танып ал қайсымыз сізге ұнайды.  
Бәріміз бір кісінің баласымыз,  
Сол болсын кім ұнаса басыбайлы.

Елудің қырық тоғызы бір атадан,  
Жалғыз-ақ Бектар сорлы бір атадан.  
Баласын Маянбайдың кеміте алмас,  
Қаракөк үзілмеген жеті атадан.

Осының бәрін тегіс Жамал білді,  
3360 Жамал да зерек еді, сөзді, тілді.  
Бір кісіден басқаңыз жарайсыздар,  
Шөл болып, өшірмесін қызыл гүлді.

– Жамал-ау, сен де сөйле, рас жайды,  
Айта бар Хадишаға барар жайды.  
Біреуі осылардың күйеу болар,  
Қайсысына жіп тақса, сол ұнайды.

Жақсылық бізден болмас шағып айтсаң,  
Екі жақ ел бұзылар өтірік айтсаң.  
От алып қоя берме қопаға өрт,  
3370 Хадиша разы болар жөнін айтсаң.

Жамал естіп бұл сөзді қызға барды,  
Көңілінде ойлап барды қайғы-зарды.  
Қадиша қор боп құлға кете ме деп,  
Жылаумен жеткенінше көз қызарды.

Сөйлемес Жамал байқұс әңгімесін,  
Ойлайды айтамын деп оны несін.  
Қадиша менен өзі аз біле ме?  
Өзі де ойлайды ғой бір өлмесін!

- Отырды өз орнына Жамал барып,  
3380 Бір нәрсе ойлағандай көңілін жарып.  
Жамалға жабырқаған жетіп барды,  
Қыз Хадиша орнынан тұра салып:
- Жамал-ау, сен отырсың мені бағып,  
Айтпайсың келгеніңді маған неғып?  
Жақсы десең қуантар жөнің бар ед,  
Жаман болса айтсаңшы мұң қып шағып.
- Бөтен жоқ құдалардың арасында-ай,  
Бәрі де жігіт екен жарасымды-ай.  
Кісіні лайықсыз көре алмадым,  
3390 Ойладым бір кісінің баласындай.
- Жамал-ау, есек қандай, қашыр қандай,  
Танисың, тәуір қандай, нашар қандай?  
Маған айтар сөзіңді жөннедің бе,  
Жыладың ба, екі көзің қызарғандай?
- Сұрама менен оның әңгімесін,  
Өзің де білесің ғой сөз жүйесін.  
Тәңірдің бір жазғаны болады ғой,  
Көрерміз тірі болсақ сөзге иесін.
- Жарайды, Жамал досым, бар ақылың,  
4000 Сен едің қасымдағы ең жақыным.  
«Сабыр түбі – сары алтын» деген бар ғой,  
Ұмытпай ойға алып жүр, осы ақылым.
- Сен едің кішкентайдан қолғанатым,  
Жанымдай жақсы көріп жүрдім жақын.  
Құлға сатпай, мені әкем малға сатты,  
Тыңдайтын бір адам жоқ айтсам дәтім.
- Қарасам жау көрінед жан-жағыма,  
Қарайтын жан көрмедім бет-сағыма.  
Үйде бір Бөген деген кәрі бар дейд,  
4410 Барамын тірі отырған аруағына.
- Он отау, жүз түйе артып жасау берді,  
Байлығын келген елдің бәрі білді.

Тамаша неше күндей тойын қылып,  
Шешесі қыздың бірге жанына ерді.

Қыз мінді Алаяқты ырғақтатып,  
Үкілеп, құйрық-жалын бұлғақтатып.  
Шыққан соң жол үстіне сөз бастады,  
Батырдың әрқайсысын сөзбен тартып.

4420 – Бізде жоқ айтатұғын, жаным, бір сөз,  
Мүдіріп сен сұрасаң бөгелеміз.  
Батырдың аруағына келеміз ғой,  
Қай түрлі шығарады батыр мінез?

Өзіңді үйде жоқтап, бізді айдаған,  
Қондырмай үйде үш күн жүзге айдаған.  
Әмірінен ол адамның жан артпайды,  
Жөн табар бір лайық, жаным, саған.

4430 Келіпті елге таман жақынырақ,  
Шауыпты «сүйінші» деп біреу сұрап.  
Алушы табылмайтын іс бола ма,  
Кетіпті түстік жерден ол зымырап.

Бір адам шауып барды «сүйіншілеп»,  
Алардың жолын іздеп, ақы тілеп.  
Бөгенбай отыр екен өз үйінде,  
Қайғыға тағы түсіп аһ-үһілеп.

– Құл қатыны келін боп келе ме екен,  
Осындай қорлыққа жан көне ме екен?  
Оңбасын жас сұлудың ата-анасы,  
«Құл шірікке апарып берсін» деген.

4440 Қорлыққа тірі отырмын өлмеген соң,  
Артымнан бір шыр еткен ермеген соң.  
Құлымды ұл дегізген Құдайым-ай,  
Немене көздің жасын көрмеген соң.

Келтірме маңайыма кетсін аулақ,  
Ордамды сөз басады, өсек қаулап.  
Бір тұлды алып келіп бейнетіме,  
Жолатпа маңайыма, аулағырақ.

4450      Әлгі адам шауып барып айтты тағы,  
Ала алмай сүйіншіні сынып сағы.  
Жайнаған жабырқамай Хадиша қыз,  
Басынан кетіп қалды күн баяғы.

Атынан түскені ме, құлағаны?  
Талықсып жын соққандай сұлағаны.  
«Жолықтым қандай күйге, Тәңір-ау», деп,  
Жырменен қыздың сонда жылағаны.

4460      Бөген, Бөген, Бөгенге,  
Бөген ұлы дегенге,  
Әруақты атадан,  
Қасиетті туылған –  
Немересі дегенге;  
Ен салмаған енсіз бұл,  
Ен сал осы дегенге;  
Енсіз кеткен көп тайға,  
Таңба бассын дегенге;  
Иесіз кеткен көп малға,  
Ие болсын дегенге;  
Ақ сұңқар едім аспанда,  
Ұша алмайтын кез болдым  
Асусыз асқар белеңге,  
Қайтіп қана шыдаймын,  
4470      Тұлпардан туған құлынды,  
Есекке әкеп телуге.  
Жеделі судың бойында,  
Балық пенен шортанның,  
Ішін жарсын дегенге.  
Жан беруші жасаған,  
Көз жасымды көрмей ме?!  
Бөгенде әйел көп дейді,  
Тілегім қабыл дәл болса,  
Бір шыр еткен бермей ме?!

4480      Күтер едім өтсем де,  
Жалғаннан байсыз кетсем де.  
Ардақты басым азайып,  
Басымнан бақыт кеткен бе?  
Құрып кетсін құл құрғыр,

Көрінбесін көзіме!

Шешесі басын сүйеп жасын тыймай,  
Отырды «жаңылдым» деп қызын қимай.  
– Қарағым, мұндай күйге жолықтың ба?  
Құлыным, «арпа ішінде жалғыз бидай».

4490 Бір адам бәйбішеге айтқан барып,  
Осындай қыз зарынан хабар алып.  
– Адасқан Бөген тұрсын өз жайына,  
Көрейін Қадишаны өзім барып!

Алдына шашу шаша бармақ болды,  
Айтұяқ, екі қоржын жамбы салды.  
Жақын жер, алыс емес, ауыл маңы,  
Алдынан келінінің жетіп келді.

Жылауы Хадишаның жан күйдіред,  
Батырлар бәрі де отыр өзі білед.  
5000 Бәйбіше батыр сөзін қойшы әрі деп,  
Түйені жүргізеді бұрып түзеп.

Хадиша жылап жатыр естен танып,  
Бөгенге тағы біреу айтқан барып:  
– Бұл ісім рас пенен ағат кеткен,  
Көрейін, – деді, – енді өзім барып.

Өткен іс қайта басқа қайдан қонар,  
Берген жоқ түк жақсылық қайғы мен зар.  
Өзімде жоқ болғанмен туысқан көп,  
Біреуі келген жанға ие болар.

5510 Бәйбіше алып келді кит-шапан,  
Құдағи батырменен қылады аман.  
– Әруақты қасиетті атаңызға  
Бір балам келді, – дейді, – сізге таман.

Адыра, құлың кетсін бізден аулақ,  
Бөгенбай қылмақ бізді елге мазақ.  
«Тас ауыр болар, – дейді, – түскен жерге»,  
Жат елде біз ұялдық жерге қарап.

Бөгенбай, құтты болсын келініңіз,  
Алыстан біздің қалай келуіміз.  
5520 «Келген дәулет – кеткен сор» дейтін қайда?  
Жөн бе екен бізді сыртқа тебуіңіз!

– Бұл сөзге мойындаймын жазам таяр,  
Мынау жазым жалған ғой жолдан таяр.  
Құдағи, мен сорлыда не жазық бар,  
Жасырын не сырым бар сізден аяр.

Отауын тікті ауылға жақынырақ,  
Той қылды неше күндей ақыр бірақ.  
Той қылып ойындарын ойнаса да,  
Бөгенбай қайтемін деп отыр бірақ.

5530 Бектар құл кете берді өз үйіне,  
Көнер меө төре қызы құл күйіне.  
Біреуді-біреу әкеп теліп қойған,  
Жалған ғой жазымы көп, ит дүние!

Бөгенбай ой ойлайды жалғыз өзі,  
Жалғыз-ақ күш әкелер-екі көзі.  
Біріне де осы иттердің бермеймін деп,  
Айтады құдағиға осы сөзді.

– Бар еді бір әпкем бірге туған,  
Ақшалбай деген менен отастырған.  
5540 Тоғыз ұлы бар еді бір өзінен,  
Біреуін әкелейін барып содан.

Лайық сол жиенім қызыңызға,  
Күтіп тұр мен келгенше көңіл бұзба.  
Ақым дейтін жиенім ең кенжесі –  
Батыр деп естуші едім, өзі мырза.

Құдағи мына сөзге: – Мақұл, – деді, –  
Өзім барда қызыма көрсет белгі.  
Дені сау, таңдаулының өзі болса,  
Жөн көрсең жиеніңді алдырт, – деді.

5550 Жылқыдан тақыр атты алдырыпты,  
Көңілін жас маяндар қалдырыпты.

Қасына бір-ақ жолдас ертіп алып,  
Ауылына Ақшалбайдың жолға шықты.

Барыпты әпкесіне ер Бөгенбай,  
Барғаны бекер емес, бала сұрай.  
Бар екен тоғыз ұлы бір өзінен,  
Ақымнан алмақ емес басқа ұлды-ай!

5560 Көрісті әпкесі бауырына,  
Келмеген он жыл болған ауылына.  
Ақымның жасы келген жиырмаға,  
Салмақшы бала қылып бауырына.

Бөгенбай осы деді келген жұмыс,  
– Дейтұғын жиендерім Ақым, Қылыш,  
Ақымды бала қылам, маған берсең,  
Қалғаны өздеріңе болар дұрыс.

Ұстасаң өз қолыңа Қылышыңды,  
Айттым мен әдей келген жұмысымды.  
Бермесең Ақымыңды кетем үйге,  
Шығарма бауырым деп дыбысыңды.

5570 – Қарағым, ішке сыймай жыламасаң,  
Ақымнан басқа бірін қайтеді алсаң.  
Суалтқан ақ сүтімді кенжем еді,  
Разы бол, Ақымды сұрамасаң.

Ақшалбай жылап тұрды кемсең қағып,  
Кімді алсаң да алшы деп, көңілін бағып.  
Мұң-зар көп Бөгенбайда бала десе,  
Шыдасын естіген жан бұған нағып.

5580 Таласып екі туыс Ақым жасқа,  
Бөгенбай тоя алмай тұр ықыласқа.  
«Құдайдан бала тартып алып па ең?» деп,  
Ақшалбай бәйбішесін салды басқа.

Кемпірін тақ еткізіп салып қалды,  
Бөгенбай разы боп қанып қалды.  
Алты күн аунап-қунап сонда жатып,  
Ақымды бала қылып қолына алды.

Ақым да өз елінің гөзәлі еді,  
Ерлігі Бексұлтандай кемел еді.  
Мал сойып ықыласпен баталасып,  
Бөгенбай жетінші күн жөнеледі.

5590 Таңертең елден шығып жүріп кетті,  
Бойына бір өзеннің келіп жетті.  
Астында қара ала атты жалғыз адам,  
Артынан елден шығып қуып жетті.

Қараса бір сұлу қыз мінген жорға,  
Бөгенбай кім екенін білген қайда.  
Ақымға келе сала сөз қатады:  
– Ермін деп маған айтқан сөзің қайда?

Ей, Ақым, қой тоғыта бармап па едің,  
Әуре сонда мені қылмап па едің?  
6000 Бай, мырза, батырлармен келсе дағы,  
Сені күтіп уағдада қалмап па едім?!

Мен сені қуып келдім сөз салмаққа,  
Серттескен уағдаң бар, мені алмаққа.  
Үш жылдай сені тосып күнім өтті,  
Барасың мені тастап, сен қай жаққа?

Мойнына Ақым жастың қойды сөзді,  
Су бойы төрт-ақ кісі келген кезі.  
Мінеки қыздың айтқан соңғы сөзі:  
– Жауап бер, қайтпекшісің енді бізді?

6610 Сен кетсең мен боламын әуре-сарсаң,  
Шегінбеймін осы жерде өліп қалсам.  
«Ердің екі айтқаны өлгенмен» тең,  
Өзің жет уағдаңа мені алдасаң!

Не дерін біле алмай тұр Ақым сасып,  
Ақымды қыздың сөзі тұрды басып.  
Бөгенбай қыз сөзіне разы болып,  
Ақымға жауап айт деді ақылдасып.

*Ақым айтты:*

- Әзір жоқ менде ерік,  
Байлаған едік рас сөзді берік.  
6620 Не десеңіз өзіңіз тиянақтат,  
Мойынға сөз түскен соң неге керек?
- Ер Бөген ұғып отыр сөздің астын,  
Ер жігіт шындық істен неге қашсын?!  
Тоқтамы тұжырымды ақыл тапты,  
«Қалмайын,– деп,– обалына екі жастың».
- Қысылып қиын екен қыздан сасқан,  
Бұл күнде ерік кеткен біздің бастан.  
Шырағым, маған таман жақын кел деп,  
Қызбенен сонда Бөген ақылдасқан.
- 6630 Әуелі жарықтығым апарайын,  
Салқын үй алдында тұр бұның дайын.  
Сөзіме менің айтқан тоқта, жаным,  
Қайта кеп, құдаласып алдырайын.  
Бала десем бойымда күй қалмайды,  
Сөзіме тоқта, балам, айналайын!
- Бөгенмен уәделесіп тоқтады қыз,  
Боп қалды бостығы жоқ нөқталы қыз.  
«Күтемін, тірі болсаң келерсің»,– деп  
Үйіне қош айтысып қайтады қыз.
- 6640 Қыз кетті нанар-нанбас үйге кейін,  
Ауылына әрең жетті кешке дейін.  
Бөгенбай Ақымды алып үйге келіп,  
Той қылды ат шаптырып ұлы жиын.
- Қуанды інілері бәрі де енді,  
Ақымды қыз Хадиша байқап жүрді.  
Жасынан бақыт қонған жас екен, – деп,  
Аңсап жүрген тілекті тәңірім берді.
- Сөйледі Бөген сонда қалған қызды:  
– Түстік жер артымыздан қуып келді.  
6650 Тоқтаттым құдағиым сенің үшін,  
Қылмаймын сөзге сынық енді сізді.

Бұл жайды естіпті екен Хадиша да:  
– Апыр-ай, болар ма екен мұндай дана.  
Тойымызды екеуміздің бірге қылсын,  
Әкелсін осы қызды не қылса да.

Мен разы болдым ғой ата-екеме,  
«Апа-еке-ай, неге айтты?» – деп пәлен деме.  
«Тәңірім берген бақты біреу алмас»,  
Деген сөз – ертедегі алтын кеме!

6660 Бейшара ол да мендей қыз емес пе,  
Біреуі зарланғанның біз емес пе?!  
Осы ауылдың үш-төрттен қатыны бар,  
Мұрасы – атасының ізі емес пе?!

Бұл сөзді Бөгенбайға анық айтты,  
Ер Бөген разы болып қалды қатты.  
Батасын көп қайтара берді білем,  
Ер Ақым төрт жолдаспен қайта қайтты.

Сарыбай Ақымды алып бірге барды,  
Еліне сегіз күнде жетіп барды.  
6670 Сөз қосар ел басымен ақылдасып,  
Сол қыздың әкесіне кісі салды.

Сарыбай бітірмейтін жұмыс қайда,  
Күштен ақыл пайдалы осындайда.  
Артықша қалыңмалды айдап бермек,  
Саудаласып отыру болсын қайда?!

Бөтен ой қыз әкесі көрсеткен жоқ,  
Бағалап қалыңмал деп отырған жоқ.  
Разы екі жағы болғаннан соң,  
Той қылды, кешіктірмей көңілді боп.

6680 Жиылып Маянбайдың ұрпақтары,  
Той қылып той үстіне жатты бәрі.  
Арманы Хадишаның орындалып,  
Болғандай көрінеді сәтті бәрі.

Бала боп Бөгенбайға Ақым қалды,

Қолына екі асылды бірдей алды.  
Ақым ұл, Бөген әке болып тұрып,  
Бөгенбай сексен жаста дүние салды.

Талайлар бізден бұрын өтіп кеткен,  
Баянсыз дүние еді мынау неткен.  
Бұрынғы өткен ерлердің қылған ісі,  
Ұрпақтан-ұрпаққа қап бізге жеткен.

Бұл емес білгендерім жалғыз ғана,  
Ғұмырым болса жалықпай жазам және.  
Көресіндер қарыстап артық-кемін,  
6695 Ұрпақтарым тиісті берсін баға.

## КЕНЕСАРЫ

Адам бір дүниеге келген қонақ,  
Өлдің біттің, жоқ екен қайта оралмақ.  
Өмірің бірде олай, бірде бұлай,  
Жақсылық пен жамандық болған ортақ.

Замана түнеп өткен бір керуен,  
Бүгін жоқ қолыңдағы кеше көрген.  
Біреуден біреуге өтіп шыр айналған,  
Тұрақсыз пәни жалған бұл не деген?!

10 Дүние қызықтырар адамды алдап,  
Әр іске соқтырады бойыңды арбап.  
Болсаң да қанша мықты тоса алмайсың,  
Қолыңнан кетерінде қырын қарап.

Бақыт емес арамға мәңгі жолдас,  
Кімде бар мәңгі бақыт қолдан таймас.  
Арманнан арман туып жетектейді,  
Арман қуып тірлікте адам тынбас.

20 Білмеске білгенді айту бір аманат,  
Білместі сұрау керек болса қажат.  
Сөйлейін Кенесары біраз жайын,  
Болса егер кешіріңдер сөзде ағат.

Батыр да, хан боп өткен Кенесары,  
Орта жүз Сарыарқаның білер бәрі.  
«Ұғымды жамағатқа бола ма?»— деп,  
Былай айтар бар еді біраз жайы:

Білеміз Абылайды хан боп өткен,  
Атағы мұсылманға түгел жеткен.  
Өзі өлсе де үлгілі істері өлмей,  
Бүгінде аруағын ел тербеткен.

30 Қасым хан Абылайдың жалғыз ұлы,  
Одан басқа жоқ еді ұлы-қызы.  
Бір болса да бірегей болып туған,  
Қарапайым хан емес көптің бірі.

Баянсыз байқасаңыз мынау жалған,  
Жарлының малын, жалғыздың жанын алған.  
Қасым хан отыз жаста дүние салып,  
Төрт баласы артында жетім қалған.

40 Саржан мен Есенкелді, Кенесары,  
Тетелес үш жастардан аралары.  
Аттарын төртеуінің түгел айтсам,  
Төртінші – ұл ең кішісі Наурызбайы.

Өзы ұлық шетінен бағлан бәрі,  
Артық тұр құрбысынан асыл жаны.  
Асқан зейін, ақылды, қайратты боп,  
Үшінші ұл хан боп өтті Кенесары.

Кенемес кенже дейтін әуелгі аты,  
Баламның кенжесі деп осы арты.  
Түсі сары күреңдеу болғандықтан,  
Кенесары деуге де түскен сәті.

50 Кенедей шықшытында болған меңі,  
Кенедеп қалар елдің көрсе көзі.  
Үлкен де, кіші де емес күрең қызыл,  
Жабысып тұрған бейне кене өзі.

Деп қаласың жабысқан кене ме екен,  
Көрген жан кене десе сенеді екен.  
Нышсаны бірге туған кене тектес,  
Балалар Кене десіп, күледі екен.

60 Біреу Кенже дейді екен, біреу Кене,  
Екі аты ортақ болып бір өзіне.  
Төртінші ұл – Наурызбай туылған соң,  
Кенже деу лайықсыз өз көңіліне.

Орынсыз үшінші ұлды кенже деуге,  
Күлкілі естір құлақ, көрер көзге.  
Төртінші ұл Наурызбай тағы тұрса,  
Кенже деп, ат қойды дер бұған неге?

Кенжеден Кенесары аты бопты,  
Кейбіреулер дәл десіп, күліп кетті.

Кене десе кенедей өзі-дағы,  
Кенедей жабысады іске орнықты.

70 Аты боп сіңіп кетті Кенесары,  
Өзі де разы боп басқалары.  
Кененің кереметін сөйлеу үшін,  
Біле кетер тағы бар мұндай жайы:

Бір мең бар оң көзінің құйрығында,  
Көрінбес жайшылықта қарағанда.  
Таңырқап, я сұқтанып тесірейсе,  
Нұрланып көрінеді ар жағында.

80 Тігіліп басқа жанға сұқтанбайды,  
Тамсанып көзі түссе сау қалмайды.  
«Көз түсті, тілі тиді» дейді қазақ,  
Кейінірек айтармын осы жайды.

Жалтылдар түн шамындай көзқарасы,  
Жетімдікке көңілінің жоқ аласы.  
Бөрінің құнан көкжал арланындай,  
Қасымның артта қалған төрт баласы.

Тағылым ап жақсыларды жүрген жақтай,  
Кішіні аяп, үлкенге құрмет сақтай.  
Атаның абыройы, дәулетімен,  
Келеді шаужайынан адам қақпай.

90 Саржан мен Есенкелді үлкендері,  
Кене мен Наурызбайы кішілері.  
Бұларға ақыл айтып, жол көрсетер,  
Қарақас алдындағы шешелері.

Қарақас хан нәсілі, байдың қызы,  
Сұлулықта әйелдің нұр жұлдызы.  
Қасымның таңдап алған асыл жары,  
Басы артық – әйел заттың кемеңгері.

100 Келіскен сұлулықтың әрбір сәні,  
Бәріне қанағатшыл – жоқ арманы.  
Мал-мүлік, дүниеге өзі қожа,  
Тәңірім артық жаратып, туған бағы.

Жас әйел әрбір істе ар сақтаған,  
Нәпсіге еріп, жан емес жалтақтаған.  
Ер өліп, жас та болса тілге ермей,  
Бет бұрмас әрбіреуге ыржақтаған.

Қасымхан Қарақасқа көңілі тоқ,  
Тарыдай тал бойында олқылық жоқ.  
Өзі іскер, өзі сұлу, парасатты,  
Қосалқы қатын алу ойында жоқ.

110      Әкесі Абылай да өткен солай,  
Мұратқа бір қатынмен жеткен солай.  
Жақсы бала әкенің жолын қуып,  
Мұрагер әр ісіне болған долай.

Аттадым осы арада сөзден – сөзге,  
Қатысы болғаннан соң алдым тілге.  
Абылай хан дүниеден қайтқаннан соң,  
Хан болды Құбайдолла Орта жүзге.

120      Кезінде Әбілмәмбет ханның басы,  
Абылайдың немере өз ағасы.  
Дұға қып Абылайға атап берген,  
Құбайдолла сол ханның өз баласы.

Осылай тұқым жалғап нәсіл қуған,  
Бұрыннан елдің салты әдет қылған.  
Қасым хан жастай өліп арты жетпей,  
Себеп сол Құбайдолла хан боп тұрған.

Хан болып Құбайдолла тұрды дербес,  
Айдыны Абылайдан төмен емес.  
Әр елдің абыройлы жақсыларын,  
Өзіне өнеге қып қылар кеңес.

130      Қасына жинап алды муралыны,  
Қақпайлап қайырады шүбәліні.  
Жарамды жарлық айтып оң мен солға,  
Біртіндеп жөнге салды күнәліні.

Атағы шығып тұрды дәурен сүріп,

Алдыңғы Абылайдың жолын қуып.  
Ақыл-қайрат, зейіні кемел жеткен,  
Көрген жоқ заманында сағы сынып.

Досқа адал, жауға қатал жалынған жоқ,  
Күштіге жағатсынып бағынған жоқ.  
140 Аспан түсіп кетсе де айнымастай,  
Басқаға арын сатып табынған жоқ.

Орта жүз тұрған жері – жер ортасы,  
Ұлы жүз шығысында кең даласы.  
Батысын Кіші жүз деп атайды екен,  
Кең алқап құба жонды айналасы.

Қазақ, қалмақ, қырғыз бар мекен еткен,  
Сонау бір кең деңгейде өсіп жеткен.  
«Жер дауы, жесір дауы» үзілмейді,  
Өзара жаңжал, соғыс әр себеппен.

Кейде кетер қазақты қалмақ шауып,  
150 Қазақ қайтар күш жетсе кегін алып.  
Қырғыздар қырғикабақ болған кезде,  
Тап берер Алатаудан қаруланып.

Қазаққа қалмақтың көп кегі кеткен,  
Шаршы үшін соғыста өліп кеткен.  
Тағы да талай жерде есесі қап,  
Кек алмаққа көз тігіп тұрар шеттен.

Қырғыздың ол кегі бар тым бұрыннан,  
Абылай мен Қабанбай заманынан.  
160 Өтеке мен Садырдың кегін жоқтап,  
Қазақтан кек алуды қылған арман.

Кейде олар жеңеді, кейде бұлар,  
Тып-тыныш кейде тату бола қалар.  
Ақсақал үлгі айтатын хан мен билер,  
Кеңеспен келістіріп бітіре алар.

Бұлары қатар жүрген елдің ісі,  
Онымен бұзылмайды ел үлгісі.  
Кейде жау, кейде тату бола қалып,

Алыстап кете алмайды ел іргесі.

170 Көшпенді ел сырттан көрсең тең тұлғасы,  
Ежелден қатар жүрген бір поrmасы.  
Сыртқы жауға келгенде тізе бүкпес,  
Үш елдің бұзылмаған ықыласы.

Қауіпті жау бар үлкен сырттан келер,  
Әр елдің жақсылары түгел білер.  
Батыстан баяу басып келе жатқан,  
Жау дүбірі құлаққа күнде тиер.

180 Қалмақтан орыс жауы барады артып,  
Жақындап келе жатыр қала тартып.  
Жаз жайлау, қыс қыстауы, көгал жері,  
Кездей ме, мертлей ме арқан тартып.

Осы жау ойлағанға ең қауіпті,  
Ниеті бізді жалмау анық депті.  
Байырғы атамекен жерін тастап,  
Мекенсіз талай қазақ ауып кетті.

Келеді ығыстырып тауға таман,  
Соны шөп, жазық қоныс кейін қалған.  
Қорлыққа көнбегендер қарсыласса,  
Шап беріп бір күн түнде байлап алған.

190 Әуелі кең сахара жерін алмақ,  
Амалдап аялаған малын алмақ.  
Қатты, жұмсақ тәсілін бірдей жұмсап,  
Бар қазақты өзіне бағындырмақ.

Қор жинап келе жатыр арттан тасып,  
Алаяр ары жүр десең тісін басып.  
Сары бел бесатары, салаң қылыш,  
Көрдің бе дегендей боп жүрер асып.

200 Шақырып ел басшысын дүкен құрған,  
Барғандардан жоқ болды қайта оралған.  
Түкті ауыздан шыққан сөз түкке тұрмай,  
Жақсы сөз бүгін айтсаң ертең танған.

Хан еді Құбайдолла бар қазаққа,  
Қарысты көнбейміз деп бұл азапқа.  
Ел қозғап, шерік жинап даярланды,  
Сиынып бір Құдайға соғыспаққа.

Ел болған соң дұрдараз аласы бар,  
Кикілжің кейбір істе таласы бар.  
Күштіңнің қолтығына тіреу тіреп,  
Есесін қайтаратын шарасы бар.

210 Елдегі қоян жүрек бұла көтен,  
Зәре жоқ көрген сайын алар секем.  
«Сен тимесең мен дағы тимеймін» деп,  
Жарауға бір кереке уағда берген.

Мұндайлар ел ішінде әр жерде бар,  
Жауына жағымсынып тұрар даяр.  
Елдегі болып жатқан құбылысты,  
Құпия ат шаптырып қылар хабар.

220 Тілмаштар, тыңшылар бар ел күзеткен,  
Қит етсе дереу барып хабар еткен.  
Қиын іс Құбайдолла қылады деп,  
Жауына сол күні түн хабар жеткен.

Орыс та оңға келсе тұрмас ойлап,  
Бұрыннан қауіпті деп жүрген болжап.  
Хан қозғалса қарасы әскер болар,  
«Кеңес бар» деп шақыртқан адам сайлап.

Әуелі кеңес бар деп алып кеткен,  
Хабарсыз екі жылдай, қайда кеткен.  
Ауырды ма, жоқ әлде қас қылды ма,  
Ірбіттен өлді деген хабар жеткен.

230 Аяқсыз қалған әуел қылған ісі,  
Басым боп барған сайын жаудың күші.  
Хан өліп елі түсті күйзеліске  
Алауыз алтыбақан елдің іші.

Баяғы Абылай ханның хан ордасы,  
Жоқ болды Құбайдолла ел тұлғасы.

Серпіліп орда атынан біреу шықпай,  
Белгісіз кім болары елдің басы.

240 Қасымның артта қалған төрт баласы,  
Батырлық болса дағы нысанасы.  
Сенім бар ата жолын қуар деген,  
Бірақ әлі жетпеген жас шамасы.

Ересегі Саржан мен Есенкелді,  
Бұлар әлі білмейді істі жөнді.  
Он бестен он алтыға Кенесары,  
Наурызбай тоғыз жасқа биыл келді.

Қарақас шешелері ақылшысы,  
Жол тауып тоқтау айтар болса ісі.  
Орда иен, ел де жиын емес кезде,  
Арыстар арқа сүйер жоқ тынысы.

250 Заты әйел демесең асып туған,  
Ақылы дариядай тасып тұрған.  
Бала жас, жесір-жетім болса дағы,  
Ойы жоқ қайтемін деп жасып тұрған.

Кемітпес қайғыменен асыл затын,  
Күтеді тым алыстап істің артын.  
Сұңғыла өзі зерек, көңілі дана,  
Сақтайды ақылменен орда салтын.

260 Өкініп өткен іске арман етпес,  
Ауыр қайғы болса да естен кетпес.  
Ат жалын тартып мінсе төрт түлігім,  
Дұшпанға деп ойлайды есем кетпес.

Абылай әуелден-ақ жауына өш,  
Жүрмеген жетегіне қылып егес.  
«Тұқымын Абылайдың құртсақ» деген,  
Жауының айтқаны да тегін емес.

Нәсілі Абылайдың жұртқа дағдар,  
Жауына тізгін бермей жүрген жандар.  
Жауласу мен жарасу осыдан деп,  
Дұшпанның себебі сол көптен таңдар.

270 Естіген Қарақас та бұл сұмдықты,  
Айтпаса жауы солай қайдан ұқты.  
Бір түнде басып келіп қыра ма деп,  
Бір амал ойлануға кезек күтті.

Саржан мен Есенкелді сүйенері,  
Бірақ жас қолдарынан не келеді.  
Төртеуі-төрт арыстан болғалы тұр,  
Әзірше өз ақылы бар сенері.

Бір жаққа бас сауғалап бара тұрсақ,  
Арқа тіреу, баспана таба тұрсақ.  
Төрт ұлым аман-есен ержеткенше,  
280 Хан болмай қара болып тұра тұрсақ.

Тәшкентте естуші едім бар Балаған,  
Абылай арашалап жаудан алған.  
Айтамыз Абылаймен дос боп өткен,  
Барайын пана тілеп соған таман.

Сарт деуші ед, оның өзін өзбек тектес,  
Жауына ежелден өш тізгін бермес.  
Жайымды айтып, жайылып келдім десем,  
Тұқымын Абылайдың сыртқа теппес.

Дос өткен атамызбен ол тегіннен,  
290 Хан құрған Абылайдың көмегімен.  
Тұқымын Абылайдың олар білсе,  
Қайтпайды доспын деген серт сөзінен.

Саржан мен Есенкелді мақұл көрді,  
Кене мен Наурызбайы қасына ерді.  
«Тау асып, жұрт жаңалап қонамыз» деп,  
Жөнелді солай бастап бір топ елді.

Саржан мен Есенкелді жол бастады,  
300 Бірталай қасына ерген жолдастары.  
Атамекен, туған жер кейін қалып,  
Белгісіз бақ па, әлде сор бастады.

Келеді жүгін артып, малын айдап,

Кез боларлық әр іске ақыл ойлап.  
Үріккен елдей емес, жап-жадағай,  
Сөйтсе де қорқыныш бар, жүр абайлап.

Кез болды абайсызда көп әскерге,  
Қатандау түсі суық көрер көзге.  
310 Сыр бермей сыпайылау жөнін айтпақ,  
Жөн сұрап, үдірейіп келгендерге.

«Алдымен біреу келді сіздер кім?»— деп,  
Қайдан келдің, барасың кімдерді іздеп.  
Ана топтың ішінде басшымыз бар,  
«Барып айт жөндеріңді, бірің жүр»?— деп.

Ілесіп хабаршымен кетті Саржан,  
Кезікпек бастығына жөн сұраған.  
Месқарын, кеспелтектеу бір қараны,  
Осы деді, шақыртып сізді алдырған.

Бұрылып жалт қарады көре сала,  
320 Алақан көз, жалпақ бет, шойын қара.  
Үріктің бе, аудың ба ел-жер жақтан?  
Сендер кім, жатырсыңдар қайда бара?

Саржан айтты сөйлейін шынымызды,  
Айтпасақ сіз танысыз қайдан бізді.  
Самал айдап, шаң басып көшіп жүрміз,  
Босып жүріп өткіздік күнімізді.

Қасым хан – әкем аты, атым – Саржан,  
Арғы атам хан боп өткен Абылайдан.  
330 Атамыз, әкеміз де дүние салып,  
Келеміз Орта жүзде Сарыарқадан.

Кіші атам хан боп тұрған Құбайдолла,  
Алдаумен жау қолына түскен торға.  
«Ірбітте съез бар» деп шақыртылып,  
Жауымен қарсыласып өлген сонда.

Пана қып, қалып едік шешемізді,  
Жеткізбей жау қимақшы желкемізді.  
Жан сауғалап қашып ек осы жаққа,

Күн туса қайтармаққа есемізді.

340 Алдыңғы айбаттылар өліп кеткен,  
Жау жағадан алып тұр, бөрі етектен.  
Тұқымын Абылайдың құртсақ деген,  
Сумандап суық хабар бізге жеткен.

Күн түсті, хандық тайып басымызға,  
Қайғырамыз кәрі мен жасымыз да.  
Іздейміз Балағанды арманымыз,  
Кеше дос, бүгін біздің қасымыз ба?!

350 Біз дағы мұсылманның баласымыз,  
Досқа дос, жауына тек алашымыз.  
Жау басып жерімізді құртпақ бізді,  
Балаған болар ма екен арашымыз?

Абылай Балағанмен дос боп өткен,  
Көрген сайын көңілі хош боп өткен.  
Айырып Балағанды жаудан алған,  
Өмірлік досы болып, сол себептен.

Қасқа қас, достыққа дос дегізгенбіз,  
Сыйға сый, сыраға бал жегізгенбіз.  
Атақты Бұхар Ташкент ханы ғой деп,  
Саясын Балағанның іздегенбіз.

360 Құдай бір, пайғамбар хақ ниетіміз,  
Құдайға құл, Мұхаммед үмметіміз.  
Өлсек шейіт, тіріде қазы болар,  
Өлмек парыз, туылмақ сүннәтіміз.

Май тамызып сөйледі мүдірткендей,  
Тілімен қара тасты жібіткендей.  
Осылай баян етіп жайын Саржан,  
Сұрады өз жөнін де күдіктенбей.

370 Білейін өз жөніңді кім екенің?  
Атажұрт, ру, туған жер мекенің.  
Бейтаныс түсің суық болғанменен,  
Байқалды мұсылманның бірі екенің.

Бектербек деді атым әлгі қара,  
Жер шолып, ел қорғаймын кезіп дала.  
Айтайын ата жөнді мен де саған,  
Жау ма екен деп ойлама көңілі ала?

Біріміз мұсылманның – өзбек затым,  
Өзіме жарасқандай осы салтым.  
Сөзіңе сенің айтқан әбден қандым,  
Тайындай арыстанның азаматым.

380 Інісі Балағанның Бектербекпін,  
Әр іске, қиын – қыстақ болар еппін.  
Атақты Ақмешітті қорғайтұғын,  
Мыңбасы боп, көп қолды арттан ерттім.

Тел емген бір емшекті інісімін,  
Жау десе өткір семсер қылышымын.  
Ел қорғап жайшылықта сайрандаған,  
Жал-құйрық Балағанның інісімін.

390 Әскердің осынша көп жол басымын,  
Ташкентте тұратын қолбасымын.  
Жауымның ойлағанын келтірмейтін,  
Атақты Ақмешіттің молдасымын.

Білемін хан боп өткен Абылайды,  
Билеген әділ тұрып мұсылманды.  
Өзінің болып тұрған заманында,  
Аяғы басқан жерден қашан тайды?!

Белгілі бұл өңірге менің бағам,  
Балаған алтын қазық менің ағам.  
Сіздерді мен қорғайын, сыйымда бол,  
Ес жиып, ер жеткенше біраз заман.

400 Жайлау-қыстау берейін малдарыңа,  
Азық-түлік қам қылма адамыңа.  
Мал-мүлік, дүниенді кепілге бер,  
Сенімді бұл өңірді таңдарыңа.

Жүріңдер, ханзадалар, сарайыма,  
Қарарсың ертелі-кеш аужайыма.

Мал бағулы, отың да жағылады,  
Жан шықпас қағатұғын шаужайыңа.

Жылы сөз медеу болып арығанда,  
Шаққаннан қаш, бар деген шақырғанға.  
Саржан да басқа жауап қайтарған жоқ,  
410 Қуанғандай баспана табылғанға.

Мал-дүниесін аманат болды бермек,  
Кепіл боп бір ақсақал көріп жүрмек.  
Өткізіп аралықта біраз заман,  
Кезінде кейінгі істі ойлап көрмек.

Апарып сарайына құрметтейді,  
Қисайып әмірінен бір кетпейді.  
«Бұлардың тышқақ лағы шықпасын» – деп,  
Әскерін бөлек-бөлек міндеттейді.

Сарайы саңғырлап тұр, кең бөлмелі,  
420 Пиала есік, шарайна терезелі.  
Арнап салған әдейі салтанатқа,  
Қыс жылы, жазда салқын түбегейлі.

Жібек кілем әртүрлі салғандары,  
Әр тұста ілулі тұр қалғандары.  
Сатылап жиып қойған қазына жасау,  
Асады бір басынан жиғандары.

Ташкентте бір өзі екен байлығы артқан,  
Бәсеке қып басқамен қылар мақтан.  
Қала халқы ежелден әдет қылған,  
430 Там салып бақша құрар ақша тапқан.

Осының бәрі Бектер дүниесі,  
Басқаның дауа қылар жоқ үлесі.  
Әлі жеткен нашардан тартып алған,  
Дүниеқор өзінің ережесі.

Батырлық-байлығына масаттанған,  
Екі иықтан дем алып әрең тынған.  
Аңғалдық, абыройшыл әдеті екен,  
Тілге еріп, мақтануға зиыны ауған.

440 Жақсыға жақсы сөзді қию қандай,  
Саржанның сөзіне Бек ұйығандай.  
Жабады әр күні асыл бір киімді,  
Қиылып тілі майда, сыры қандай?!

Тамағы неше алуан түрлі-түсті,  
Құрметтеп асты-үстіне бұлар түсті.  
Бұлар келіп, біз қалдық абайсыз деп,  
Қызғаныш кейбіреуге қайғы түсті.

«Апырай, бұларды әкеп баққанын-ай,  
Ерітіп тәтті сөзбен жаққанын-ай.  
Ежелгі елеулілер естен шығып,  
450 Жаңғыртып жаңа тату тапқанын-ай».

Әуелі мұны ойлаған Мұхтар залым,  
Қызғанып іші күйді көріп бәрін.  
Камал менен Керімге айтып отыр,  
Белге түйіп оп-оңай беттің арын.

Келгендер игілікті бізден бұзды,  
Бек ескеріп-елемес болды бізді.  
Байырғы атақ та жоқ, абырой жоқ,  
Бұларға күтуші қып қойды бізді.

460 Байқасақ бұл қатынның төрт баласы,  
Бектердің болғалы тұр төрт арысы.  
Бірі – оңы, бірі – Бектің солы болып,  
Онда біз боп қаламыз малшы-жалшы.

Бұлардың арасына от жағайық,  
Амал тауып, бұл жерден тайдырайық.  
Бірін-бірі кескілеп қырылатын,  
Бір амал тез арада ойланайық.

Мұхтар деген Бектердің бір арысы,  
Камалжан Бектен кейін қолдың басы.  
Керім деген тағы бір батыры бар,  
470 «Шаш ал десе, бас алар» сойқаншысы.

Осылар Бектербектің қолғанаты,

Ташкенде елге мәлім болған аты.  
Біреуі жала жапса, бірі куә,  
Өрқандай залымдыққа жетер дәті.

Бұларға аңғалдықпен Бектер нанар,  
Тақыстық екі сөзбен бұлар жағар.  
Мұхтар, Камал, Керімдер оңашада  
Ақылдасып бір амал тапты даяр.

480 Саржанның бірге келген аңғалдары,  
Құпия мұндай істен жоқ хабары.  
Ойланып күні-түні әлгі үш залым,  
Мынандай іс бастамақ болды ақыры.

Сыртынан орысқа деп хат жаздырсақ,  
Саржан деп қолын қойып мөр бастырсақ.  
Біріміз хатты алып жөнелгенде,  
Ұстап алып Бектербекке айдап барсақ.

490 Орысқа өш балаған Бектербек те,  
Ызғарлы көңілінде бар ескі кек те.  
Орысқа Саржан жазған хатты көрсе,  
Бұларды Бектербегім қоймас текке.

Дегенді Мұхтар залым ойлап тапқан,  
Камал мен Керімжандар мақұл тапқан.  
Қан кешіп қырылыспай бітім болмас,  
Бұл іске амал болмас бұдан артқан.

Мұхтар мақұл болды хат жазбаққа,  
Керім даяр болыпты апармаққа.  
Керім алып жөнелсе Камал ұстап,  
Алдына Бектербектің ұсынбаққа.

500 Бектербектің алдына айдап бармақ,  
Ұмытпай айтар сөзін сайлап алмақ.  
«Саржан жазып, орысқа жіберді,»— деп,  
Алдында Бектербектің мойындамақ.

Ақша беріп біреуге жаздырыпты,  
Басқа қып хат поэмасын аздырыпты.  
Мұхтар, Камал, Керімдер бірауыздан,

Бір әдіс тапты осындай лайықты.

Саржанның хат бергенін көрдім демек,  
Бір сұмдық хатта барын білдім демек.  
Мұхтар көріп Камалға айтқан болып,  
510 Көрсеткелі Бек сізге келдік демек.

Осылай алдыменен порымдапты,  
Ойлағанын дер кезде орындапты.  
«Ашпадық, мазмұны не көріңіз?» – деп,  
Хатты алып, Бектербекке апарыпты.

Хатты оқып қайта-қайта Бек тесіліп,  
Кілт тоқтап қуарады бірде ісініп.  
Шапыраш алакөзі сыртқа теуіп,  
Кейде кетер қабағын қарс түйіп.

Тақсыр-ау!, не болды деп Мұхтар сұрай?  
520 Кеткендей жаны аши жылы ұшырай.  
Тұнжырап Бектер біраз төмен қарап,  
Дауыстап оқып берді хатты мұндай:

«Мен Саржан Абылайдың немересі,  
Бұзылды жаудан қорқып ел іргесі.  
Орысқа елді бастап көшіп едік,  
Басталды Бектербектің ерегесі.

Інісі Балағанның Бектербегі,  
Бұрыннан орысқа өш, іште кегі.  
Талап алып, мал-мүлкімді қамап қойды,  
530 Бір залым сұрқия екен арғы тегі.

Бектербек адыраңдаған өзі сотқар,  
Орыс деп, иянаттап күнде боқтар.  
Сыйынар сенен басқа иеміз жоқ,  
Бұрыннан бұқараң ек, бізді құтқар.

Ташкенттің қойды қамап қорасына,  
Қалдырып басқа жұрттың табасына.  
Орыспен соғысуға тағылым берер,  
Он бестен өрге қарай баласына.

- 540 Әуелі әскер жібер, бізді алып кет,  
Бұрынғы бізге деген сертіңе жет.  
Сенен опа табам деп, көшіп едік,  
Зынданда біз жатырмыз қайғылы дерт.
- Нақ қазақ Абылайдың тұқымымыз,  
Сенсеңіз Қасым ханның төрт ұлымыз.  
Ордамыз ойран болды, жиған мүлік,  
Шашын жайып жылайды, тұл шешеміз.
- Тарайды зынданында кең тынысым,  
Жоқ еді Бектербекке еш қылмысым.  
Өзіңнен пана тілеп көшіп едік,  
550 Осы еді Бектербекке бар қылмысым.
- Бектербек безген екен ұят-ардан,  
Емес ем алты алашта құным арзан.  
Төрт көзбен зынданында тұрмын күтіп,  
Мөр басып, қолды қойдым, атым «Саржан».
- Бектербек терлеп-тепшіп оқып берді,  
Сұрланып, аз тұнжырап ойлап көрді.  
Бұл хатты қалай берді, кімге апармақ,  
«Керімді дереу мұнда шақыр», – деді.
- Мұхтар барып Керімді ертіп келді,  
560 Селкілдеп шошынғандай Керім келді.  
Бұл хат не, кімнен алдың, кімге бермек?  
Жаның барда расын сөйле деді?
- Кінәлі бола қалып басын иіп,  
Тұтығып сөзге келмей тіл күрмеліп.  
Ойбазарда тұратын бір орысқа,  
Апар деп, Саржан берген жасырынып.
- Бергенін не себепті білгенім жоқ,  
Мазмұнын хаттың ашып көргенім жоқ.  
Бұларға қызмет қыл деп қойған өзің,  
570 Сізден қорқып бармауды айтқаным жоқ.
- Апарғалы жатыр ем, атқа мініп,  
«Қайда жүрдің?» – деп келді Камал кіріп.

Саржаннан хат апарам деген едім,  
Қолымнан жұлып алды көрейін деп.

Оқып болып, бермекке кеткен алып,  
Мен тостым, келем деген сөзге нанып.  
Көрген, білген істерім осы Бегім,  
Шақырғанға таң қалам қайран қалып.

580 Керімге Бектербегі отыр деді,  
Сұрайтын сенен жұмыс осы деді.  
Ас атсам, олар маған тас атыпты,  
Түбінде жақсылық жоқ маған депті.

Апыр-ай, қорлық деді мынау неткен,  
Қылған қайыр, жақсылық селге кеткен.  
Майталман айтқан сөзі бәрі жалған,  
Неме екен ғой, орысқа көзін тіккен.

590 Жамандап мені орысқа жазылған хат,  
Дегенге сыйлап едім төре асылзат.  
Сөйтіп жүрсем өзіме дұшпан болды,  
Сұм екен суық бауыр қылығы жат.

Орыстың тыңшысы екен, ауып жүрген,  
Сырымды білмек үшін іштей кірген.  
Күніне осы көрген зар қылайын,  
Болмаса мені құртар мынау бір күн.

Мен ақымақ қасқырды қолда баққан,  
Ұлиды тауға қарап Тәңір атқан.  
Ебін тауып жым-жыртта өлтіріңдер,  
Болмасын көп дабыраң сыртқы жақтан.

600 Көңілім бола кетті пара-пара,  
Тас болды ет жүрегім, қаным қара.  
Түбіме жету үшін ор қазыпты,  
Таппадым өлтіруден басқа шара.

Мен білейін, біліңдер сендер үшеу,  
Қайлаға емессіңдер сендер мешеу.  
Саржан мен Есенкелді өлтірілсін,  
Кенесін зынданға сап, қылсын тергеу.

Тимендер шешесі мен інісіне,  
Абайлаңдар көз салып жүрісіне.  
Жас бала мен қатынның кәрі шағылық,  
610 Қоя бер кетем десе өз ісіне.

Емес ол екеуі де осал жандар,  
Біліп қойса Ташкентті ойран қылар.  
Қаруларын белінен тастамайды,  
Біле алмадым аяғы немен тынар.

Қарулы жиырма адам тұрсын бұғып,  
Дабыраң салсаң қалады олар ұғып.  
Олар сезсе сендерге алдырмайды,  
Сол уақытта пайдасы қалар тиіп.

Әлгі үші іштей күліп қыбы қанды,  
620 Өзі тағы бір амал ойлай қалды.  
Қапыда сездірместен өлтірмесе,  
Шығарады деп қорықты көп жанжалды.

Қауіп шықса алармын арашалап,  
Білмеймін кетіп ем деп тамашалап.  
Бұзықтардың ісі деп құтылармын,  
Өзінен кешірім сұрап жанасалап.

Тың – тыңдап мен тұрайын білмеген боп,  
Сыртқа кеткен десеңдер жұмысы боп.  
Біліп қалса, қан төгіп, қырғын салар,  
630 Боп қалса істен бұрын хабары боп.

Қойыңдар тағы да бір амал істеп,  
Ет асып, палау басып, тамақ істеп.  
Бектербек сауық кешке шақырды деп,  
Шығарсаң бірің бастап, тамақ іш деп.

Күндіз де сырттай байқап бағыңыздар,  
Жақсы сөзбен жанасып жағыңыздар.  
Қолында қару болса есе бермес,  
Бір амалмен қаруын алыңыздар.

Ішкі үйден шақырыңдар, бірің барып,

- 640      Босағада екін тұр қылыш алып.  
Белгілеп кімді – кімнің ұратынын,  
Есіктен шыға бере кетсін салып.
- Қас қарайып, қараңғы ымырт болсын,  
Шам-шырақ бәрі бірдей өшірілсін.  
Сездірмей істің артын тірі жанға,  
Құпия бір үңгірге көмдірілсін.
- Жендеттер бір ауыздан қосты сөзін,  
Алаңсыз қызмет қылды бүгіп сырын.  
Оқитын ақшам намаз мезгілінде,  
650      Қаруын бойдан алар күтті кезін.
- Саржанның атқосшысы Сәлім деген,  
Ертеден үйір болып сіңіп жүрген.  
Алдыңғы өткен Абылай заманынан,  
Киім мен аттан ешкім шектелмеген.
- Болса да өзі ноғай қазаққа ауған,  
Барына қанағатсыз дүние жиған.  
Артыққа ана, ақшаға арын сатар,  
Жендеттер осы сырын біліп алған.
- Сәлімді Мұхтар сол күн қылған ермек,  
660      Көп әңгіме айтысып сынап көрмек.  
Саржан мен Есенкелді құралдарын,  
Көп ақша берсе бопты, ұрлап бермек.
- Саржан мен Есенкелді намаз өтер,  
Дәрет ала құман ап, сыртқа кетер.  
Сол кезде бойдан шешіп қаруларын,  
Сәлімге әдетінше қойып кетер.
- Жендеттер осы жайды талай көрген,  
Сәлімге құнына жақын ақша берген.  
Саржандар дәрет ала кеткен кезде,  
670      Қаруын жендеттерге ұрлап берген.
- Саржан келсе құрал да, Сәлім де жоқ,  
Селк етті табанына басқандай шоқ.  
Кеш болып, түн қараңғы, көз байланған,

Кез болды бір пәлеге ойында жоқ.

Таппады сасқалақтап не қыларын,  
Айтады асығыста кімге жайын.  
«Сендерді Бектербегім шақырды»,— деп,  
Босағаға біреуі кеп болды дайын.

680 Есіл ерлер ашу мен батты терге,  
Қауырсындай қару жоқ бір сермерге.  
Қару ап, қатуланып тұрған жауға,  
Құр жұдырық ұрғанмен жарар неге?!

Көрінбес кеш қараңғы тірі пенде,  
«Тез шық»,— деп ақырып тұр, бір жар кеуде.  
«Намаз оқып алайық»,— деді Саржан,  
Бір амал табам ба деп кідіргенде.

690 Алайық намаз оқып екі ракағат,  
Құдайға құлшылыққа қылма бөгет.  
Ауыр ғой ақшам намаз қаза кетсе,  
Сонан кейін саған да уақыт жетед.

«Бұрынғы намазың да жетеді»,— деп,  
Шаяндай улы тілін тұрды кезеп.  
Нағыз есек өзі екен бір алкеуде,  
Көнбеді дегеніне сөзбен жебеп.

Жүр, Саржан, өлмек болдық мен де, сен де,  
Болдық қой қапылыста шын шерменде.  
Алдырдық аңғалдықпен қару қайда,  
«Өлімге өзі келер, деген пенде».

700 Арқадан Балаған деп көштік шөлдеп,  
Шақырған осы ажал ғой бізді кел деп.  
Бармағын екеуі де шайнап алды,  
Дариға-ай, қапыда өлдік дұшпанды ел деп.

Болжаусыз ажал осы келіп тұрған,  
Дәм-тұз түгеп тірліктен уақыт толған.  
Армансыз алысатын жауымменен,  
Қаруым-ай, ит Сәлім ұрлап алған.

Бар ма екен шерменде жан біздей өлген,  
Адам боп, ит қорлыққа мұндай көнген.  
Есікке қадам қойды екеуі де,  
710 Осылай болса әуелде белгіленген.

Тұрыпты босағада қылыш алып,  
Тас қараңғы, екі адам тұрған бағып.  
«Алдын сен, артын мен» деп белгілеген,  
Мөлшермен дәл желкеден кетпек салып.

Шығып келе жатқанда салып қапты,  
Басы ауып жерге түсіп, дене қапты.  
Алмадай желкесінен басы үзіліп,  
Саржанның асыл жүзі топырақ қапты.

Шаптырды Есенкелді оң иығын,  
720 Бұздырмай жағаласты ер сиығын.  
Бас салып сол қолымен бір-ақ тартып,  
Мұхтардың суырыпты кеңірдегін.

Қан жамылып қатулы сыртқа шықты,  
Қылышты өзін ұрған ала шықты.  
Таласып қараңғыда тұрған жерден,  
Он-жиырма жасауыл жиылыпты.

Сегізін қылышпенен бір-бір сапты,  
Қалғаны үрейі ұшып кейін қайтты.  
Сейпілге кем иығың қарғып шықса,  
730 Сол иық бар, оң иық жерде қапты.

Жасауылдар сейпілде тұрды қамап,  
Сау болса соғысар ед жүзге жарап.  
Ақыры ақ тұйғының қаза тауып,  
Қансырап иығынан қалды сұлап.

Қос батыр қаза тапты жалғыз түнде,  
Күйзелді атын естіп білген пенде.  
Қараңғыда қапыда қаза басты,  
Толмаған ақылы камал, жас қой мүлде.

Бекзаттың екі бірдей басын жойды,  
740 Дұшпанның көре алмаған көңілі толды.

Жас Кенені зынданға салып қойып,  
Наурызбай мен шешесін сыртта қойды.

Қарақас әйел заттың сұңғыласы,  
Заты әйел демесең мыңның басы.  
Қару ап, сауыт киіп жауға шаппас,  
Еркек болса болар ед елдің басы.

750 Төрт ұлдың екеуі өлді, ержеткені,  
Қайғының осы болды меңдеткені.  
Ақылды арбап, қайратты қайыстырды,  
Қайғының қайта-қайта меңдеткені.

Қайғысы екі ұлының жанға батты,  
Бұрынғы қасіретінен мынау артты.  
Қайғыға – қайғы жамап, шөгіп,  
Дәм татпай, жер бауырлап үш күн жатты.

760 Аузынан жалын шығар іші күйіп,  
Өткен іс көрген түстей тұр тізіліп.  
Көңіл айтып жұбатар бір адам жоқ,  
Бір кезде түрегелді есін жиып.

Жата берсем қайғыдан өлмеймін бе?  
Не көрер өлген кісі білмеймін бе?!  
Кенем шығып зынданнан, Науам жетсе,  
Бектерден кек алғанын көрмеймін бе?!

Басын орап, белін де буып мықты,  
Наурызбайын ес қылып жанына ертті.  
Қаладан қырға шығып сұрай-сұрай,  
Қарақас келіп тапты Сағындықты.

770 Бұларда қайыршыдай қалмады күй,  
Адасып ақылынан тұнжырап ми.  
Келгенде жанды малын кепілге алған,  
Үйсіннің ақсақалы ед Сағындық би.

Жанашыр деп біледі Сағындықты,  
Бар істі бастан өткен баян қыпты.  
– Қоқанда Балағанға бар,– деді би,  
Тентекті тезге салар ол бір мықты.

Қарақас енді ойлады сөйтеіін деп,  
Қоқанның шаһарына жетейін деп.  
Басында Балаған деп көшіп едік,  
780 Қаңғырып құр тентіреп не тейін деп.

Қарақас Наурызбайын ертіп алған,  
Байқаса көрген жанның көзі аларған.  
Жол сұрап, арыз айтар адам іздеп,  
Кезіккен әрбіреуден жөн сұраған.

Қайрылар бұл жақта жоқ жанкүйері,  
Кезектің болар ма екен бір тиері.  
Өзі жаяу Ташкенттен Бұқар келді,  
Іздемеқ Балағанды бар білері.

Қоқанның жетіп келді шаһарына,  
790 Бере көр Алла жәрдем сапарына.  
Сөйлесіп, жөн сұрасқан еш адам жоқ,  
Кімсің деп жан алмайды кәперіне.

Шаһарда арлы-берлі талай жүрді,  
Ордасын Балағанның сұрап білді.  
Алар деп азар болса қаһарына,  
Кіруге рұқсатсыз таяу келді.

Балаған үйінде екен осы кезде,  
Шай ішіп самаурынмен төргі үйінде.  
Қыр мұрын, ашаң жүзді биік қабақ,  
800 Сыпайы, ширақтық бар мінезінде.

Астында шағи көрпе неше қабат,  
Шынтақтап мамық жастық бір ғанимат.  
Қалы кілем жайылған әр алуан,  
Үй іргесі тартылған қызыл манат.

Асты-үсті үйлерінің сырлы тақтай,  
Басуға аялайсың кірсең батпай.  
Дөдегесі оюлап нақыш шапқан,  
Көрген жанның қалмайды көзін тартпай.

Терезе-есік, мыс шеге, жезден топса,

- 810 Перделері шашақты өзбек нұсқа.  
Салқын үй, жұпар иіс тұрған аңқып,  
Күн нұры шағылысып түспес тұсқа.
- Көресің әр нәрседен өнегені,  
Қай жерден табылады мұның теңі.  
Құдайым бас пен малды берген үйіп,  
Білмейсің кем екенін әлденені.
- Сан жетпес мал-мүлік пен қазынасы,  
Құс сайрап, құбажелді бау-бақшасы.  
Өзі ғадыл, дәулетті, пейілі кең,  
820 Халқына абыройлы ғазиз басы.
- Момын мен нашарларды дос деп білген,  
Сотқар мен залымдарға жаза берген.  
Кедей мен мүсәпірдің көңілін алып,  
Қолын тартпай керегін текке берген.
- Атақты мұсылманда ханның өзі,  
Халқына қадірлі екен айтқан сөзі.  
Жауға-қатал, досқа-адал қайырымды,  
Құрметті өз еліне басқан ізі.
- Бір қатын бір баламен келген кіріп,  
830 Әдеппен ханға лайық тағзым қылып.  
Затын танып, жаны ашып құрмет қылды,  
«Аты-жөнін сұрамай, сен кімсің?» – деп.

*Хан айтты:*

- «Ас-су ішіп тынығындар,  
Байқасам баста үлкен жұмысың бар.  
Айтар арыз бар болса, тыңдау міндет,  
Бар болса баста қиын жұмысындар».
- Ей, тақсыр, ас-су ішпек кеңшілікте,  
Тез күнде Тәңірім салды кемшілікке.  
Өзіңдей бір жақсының жұбайы едім,  
840 Мұндай болам демеп ем тіршілікте.
- Сұрасаң арғы атамыз Абылайдан,

Қасым хан жалғыз ұл ед одан туған.  
Мына мен Қасым ханның қатыны едім,  
Айтпасам сіз білесің мені қайдан.

Абылай атам да өлді, байым да өлді,  
Суалтты патша Құдай терең көлді.  
Артында тақты да иен қалмап еді,  
Кіші атам Құбайдолла ие болды.

850 Сол атам Құбайдолла хан боп тұрды,  
Қылғаны күнде орысқа даң боп тұрды.  
«Шақырып, кеңес бар» деп сотқа айдалып,  
Келмеске мәңгі кетіп өмірі сөнді.

Төрт балам, байым өліп, жетім қалған,  
Жасымнан бағым тайды дүние – жалған.  
«Тұқымын Абылайдың құртамыз» деп,  
Орыстар съезінде ауызға алған.

860 Біз едік жетім бала, жесір қатын,  
Сабыр қып күте алмадық істің артын.  
Төрт балам Абылай ханның немересі,  
Жеткізу осыларды аманатым.

Іздеуім мені сіздің достық ісі,  
Төрт балам ержеткенше деп тынысы.  
Жауына тең бола ма, жем бола ма?  
Ержетсе осылардың өз жұмысы.

Сонан соң сізге қарай көшіп едік,  
Жауменен ат кекілін кесіп едік.  
«Атақты мұсылманның ханы ғой» – деп,  
Тиянақ сізде болар десіп едік.

870 Бар екен орта жолда Бектербегің,  
Білмедім бар екенін неден кегін.  
Жауынан Ақмешітті қорғайды екен,  
Ташкенде қолдың басы бір тірегің.

Шақырып қорғаймын деп қасына алды,  
Бір өсек пайда бопты тасымалды.  
Тексеріп, я болмаса сізге айдамай,

Бір кеште екі ұлымның басын алды.

Жауым бұзып шығып ем хандығымды,  
Сотқа айдап жіберген соң алдыңғымды.  
Екі ұлды Бек өлтіріп, бірін қамап,  
880 Бір Алла кетіріп тұр сәндігімді.

Атыңыз жүгіріп тұр қамшыламай,  
Тұрғанда зардабыңа жан шыдамай.  
Ханның қаны судан да арзан екен,  
Тастаса ханның құнын хан сұрамай.

Көзінен осылай деп ағады жас,  
Бұл сөзге әркім жібір болса да тас.  
Қылыш жұмсап бас алған Бектербекке,  
Еш жамандық қылмадық елге де рас.

Ханның қара болмағы оңай екен,  
890 Қол астыңда тұрмақшы ем, аз жыл мекен.  
Ойлаңыз, ей, патша, басыңыз жас,  
Шындықтан айтқан сөзім емес бөтен.

Маған не бар деуші едім, болдым ойран,  
Айтпасам сіз білесіз мұны қайдан.  
Атамыз өзіңізбен дос боп өткен,  
Біз келдік өзіңізден тілеп қайран.

Өзіңмен дос боп өткен Абылай бабам,  
Сөз жоқ еді арада жамандаған.  
Тентекті тый телміртіп бізді қырған,  
900 Бектен өлді күнәсіз екі балам.

Балаған ашуланды көзі жайнап,  
Көрген соң бейшараға рақым ойлап.  
Шыдамай затты жаны отқа түсті,  
Ашумен зығырданы кетті қайнап.

Жасауылын шақырып әмір етті,  
Бір-бірден нақтап айтып бұйрық етті.  
Жалаңбас, жалаңаяқ, байлап-матап,  
Айдап кел деп жіберді Бектербекті.

910 Жол жүріп әскерлері дамыл таппай,  
Әкелді жаяу айдап сусындатпай.  
Қылмыссыз ханзадаға қылыш шаптың,  
Сені хан аман қоймас дарға тартпай.

Қоқанға алып келді айдап жүріп,  
Қамшылап бұйрық қатты байлап жүріп.  
Қылмыссыз қырғын салған Бектербекті,  
Балаған отырғызды жүгіндіріп.

Ақырды айбатымен ашуланып,  
Қабағын қарс түйіп қатуланып.  
Жазықсыз кісі қанын төктің неге?  
920 Болмайды тастамасам басыңды алып.

Қайтіп қиып өлтірдің жас ұланды,  
Кешпеймін тірі күнде бұл күнәнді.  
Қылмысың жетіп асты бір басыңнан,  
Өлтіру-дарға асып сол ұнамды.

Шақырды Наурызбайды мұнда кел деп,  
Бұл дүние, о дүниеде куә бол деп.  
Бабаңыз ақыреттік достым еді,  
Қалсын деп аруағы разы боп.

930 Анасы шыға келді түпкі үйінен,  
Малынып үсті-басы асыл киген.  
Дәті шыдап тұра алмай даусын естіп,  
Ұл қылып емшек беріп, бетін сүйген.

Сен ағасы ақыл қып батырып айт,  
Сен інісі ағат іс, қапылыңды айт.  
Ашық айт кейбір істі жасырмастан,  
Кейбірін басқалардан жасырып айт.

Бұл рет үлкен ағат сенен балам,  
Адам қанын төккенің бопты жаман.  
Бұл дүние, ол дүниеде сұрағы бар,  
940 Не сұмдық бұлар қылған еді саған?

Жастар екен ол өзі, жаңа түлек,  
Хан екен нәсілі таза, заты дерлік.

«Дүние ісі-дүниеде қайтар» деген,  
Өзіңе қас тауыпсың ең қатерлік.

Көңіліне шешесінің жара түсті,  
Жүзіне Бектербектің қара түсті.  
Термелеп өткендерден мысал айтып,  
Шешесі ортасына ара түсті:

950 «Ініңе қанша айтсаң да ашуыңды айт,  
Қатты айт, батырып айт, ақылыңды айт.  
Мұсылман қанды қанмен жумайтұғын,  
Ей, балам, қанжар алған қолыңды тарт.

Мен үшін қылмысын кеш, өссін бағың,  
Көрерсің игілігін мал мен жанның.  
Жолыңа құрбандығың мен болайын,  
Қиыңыз Бектербектің қасық қанын».

– Ей, ана, болыспаңыз жарамасқа,  
Бұл ақымақ ит екен ғой қарақасқа.  
Бейкүнә ханзаданың қанын төккен,  
960 Өлімнен лайықсыз шара басқа.

Екеуің – бір анаға көп пе, балам?  
Қылышты қынапқа сал, серппе балам.  
Көрмесем жылап-жылап қояр едім,  
Көзімше қанын жерге төкпе балам.

Шыбындай жанын сұрап тұрмын қалап,  
Алаштың әр ісіне жүрсің жарап.  
Кешірмесек анаңыз разы емес,  
Сауамын ақ сүтімді көкке қарап.

970 Анасы сөйтіп жылап еңіреді,  
Төрімнен қалды жуық көрім деді.  
Тілеймін бір өлімнен деді бұл жол,  
Сығымдап тұрып жасын көзіндегі.

Жолында шарифаттың ана күту,  
Ананы жоқ қой бала ренжіту.  
Балаған анасының тілін алып,  
Өлтірмеу Бектербекті қылды беку.

Сонымен өлмей қалды Бектербегі,  
Айығып өлім қаупі жүректегі.  
Балаған анасының тіліне еріп,  
980 Тоқтапты осы арада ашу шегі.

Бектербек ағасына айтты кеңес:  
«Ағат іс менен кеткен жөнді білмес.  
Қанқұмар осылардың арғы тегі,  
Түбінде өзіңізге пайда бермес.

Белгілі мұсылманға мұның жайы,  
Өзер жүр, жасы жетпей болып тағы.  
Көрдің бе, көзі жайнап бара жатыр?  
Жетпегір мынау тұрған Наурызбайы.

Зынданда бірі жатыр жастауырақ,  
990 Аз ғана жетпей жатыр күші бірақ.  
Жайнайды пиаладай екі көзі,  
Бар ойы күндіз-түні жанжал қылмақ.

Саған дос болғанменен, маған дұшпан,  
Шешесі ана тұрған ол бір мыстан.  
Бос сөзге болжауы жоқ ере қалып,  
Айдаған бір ажал бар мені қысқан».

Балаған сонда тағы ашуланды,  
Ақырып өңін бұзып қатуланды.  
Басыңды алмақ едім аман қалдың,  
1000 Анамыз жылпй тұрып, алып қалды.

Бұлардың шайқай алмас орыс бағын,  
Бүкіл қазақ қорғайды шаңырағын.  
Ойнама айғырменен арқанды алар,  
Бір күн тартар алдыңа сый табағын.

Бектербек, былжырамай Тәшкенге қайт,  
Зынданда жатқан жанның бәрін босат.  
Мал-мүлік, қазына-жасау бәрін қайтар,ъ  
Төлеуге кем-кетігін бер, маған-ант.

Бұларға жаман оймен жақын келме?

1110 Келсең де жамандыққа көңіл бөлме?  
Атақты Абылайдың тұқымы бұл,  
Жазатайым боп кетсең менен көрме.

Сонымен Бектербектің соты тынды,  
Көңілсіз, бірақ күшпен басын иді.  
Жаны аман қалғанға қуанғанмен,  
Түбі қауіп деп, ойлар бұл тұқымды.

Қарақасқа Балаған сыйын тартқан,  
Мінгізді қара арғымақ күйме тартқан.  
Алтын-күміс беріпті керегінше,  
1120 Қазына-жасау тағы бар түйеге артқан.

Бұйырып Бектербекті қосып берді,  
Жасауыл бақылайтын қасына ерді.  
Шашылып кеткен екен қазына-жасау,  
Бір сабақ жібін қоймай жиып берді.

Жоғалған төлеп берді, сынғандарын,  
Санасып бірден-бірден алғандарын.  
Шештіріп қол-аяқта кісендерді,  
Босатты зынданға айдап салғандарын.

Қиссаның темасы еді Кенесары,  
1130 Қатысты істер көп болып кеттім ары.  
Демендер уақыт алды құр сөзбенен,  
Болмайды бас-аяқсыз істің бәрі.

Кенеге жаңа келді сөз кезегі,  
Зынданнан әрең шықты қайнап кегі.  
Қапыда өлген Саржан мен Есенкелді,  
Соларды ойлап езілді ет-жүрегі.

Биыл келді он жеті жарым жасқа,  
Жетіскен қолғанат жоқ тағы басқа.  
Бектерден екі ағаның кегін алу,  
1140 Әзірше ойлары жоқ одан басқа.

Қайнайды жасы жетпей іште жігер,  
Кене ағаң не қыларын өзі білер.  
– Кегімді Бектербектен алып бер,— деп,

Кімдерге ағатайлап ол жүгінер.

Опық жеп әттеген-ай қағар санын,  
Шыбындай бағаламас өлсе жанын.  
Күнәсіз сабаздарды қырып салған,  
Әуелі төксем дейді Бектің қанын.

1150 Тайынан таңдап мінген құбақан ат,  
Тіл білгендей жануар қылығы жат.  
Жүрсе жорға, адуын мінсе мықты,  
Шапса құстай ұшады бардай қанат.

Басса жерге тұяғын ілдірмейді,  
Биік шоқтық, ұзын бел иілмейді.  
Сауыры төңкерілген тай қазандай,  
Дауылдай шапса боран гүрілдейді.

1160 Құбақан жүріпті екен баққан жерде,  
Лайық бір жылқы еді жаққан ерге.  
Тәуекел деп, Кене ағаң мініп алды,  
Болса да қатуланып жасы кенже.

Сұрланып ішке тартып алған қанын,  
Бойына іліп алды бар қаруын.  
Істерін бастан кешкен ойлап көрді,  
Кімге айтар алдыменен не қыларын.

Баяғы қару тыққан Сәлім ноғай,  
Оның да қорлығы өткен емес оңай.  
Екі ағам қапыда өлді сол себепті,  
Ауады ақырында көңілі солай.

1170 Уағдамен Бекке Сәлім барған екен,  
Берсеңші береріңді маған деген.  
Қызығып берем деген көп ақшаға,  
Антұрған алданғанына нанған екен.

*Бектер айтты:*

– Ей, Сәлім, Құдай атқан,  
Залымсың жолдасыңды боққа сатқан.  
Сен кімге серік болып жарасасың,

Ханыңды қандай қылдың, тұзын татқан?

Жоғал, аулақ, көзіме көрінбе сен,  
Менен жақсылық саған жоқ, сөзіме сен.  
Маңыма баспа сен де, мен де көрмен,  
1180 Шүкір қыл қаларыңа өлмей есен.

Сонымен Бектен Сәлім аяңдапты,  
Қиянат қылғанына ұялмапты.  
Ертеден дәм-тұз татып үйреніскен,  
Кәрі ордаға қайта кеп баяндапты.

Кене ағаң Сағындықты тапты сұрап,  
Малымды жиып бер деп маған құрап.  
Белгілі қосып қойған жерлерінен,  
Сағындық бермек болды малын жинап.

Сағындық жүр деген соң жүрмек болды,  
1190 Санасып малын жиып бермек болды.  
Кене ағаң Сағындықпен атқа мінсе,  
Әлгі Сәлім бұларға ермек болды.

Кененің ойында бар қылар ісі,  
Сәлімге жететіндей қаптал күші.  
Үндеспей Кене, Сәлім келе жатыр,  
Сағындықтың бұлармен жоқ жұмысы.

Жетуге таяп қалды малы жаққа,  
Кез болды ағып жатқан бір бұлаққа.  
Көгалға аттан түсіп, дәрет алды,  
2000 Сағындық бесін намаз оқымаққа.

Сағындық намаз оқып отырды ұйып,  
Тәубасын білетұғын бойға иіріп.  
Осы кезде Сәлімді Кенесары,  
Бас салып, алып ұрды қылқындырып.

«Алла» деген дауысы бір-ақ шығып,  
Қырылдап, сұлап жатты бойы суып.  
Бұлқынуға шамасы келмей қапты,  
Кеңірдек, қызыл өңеш суырылып.

- 2210 Сағындық намаз оқып сасқалақтап,  
Жаңылып дұғасынан көп қайталап.  
Сәлімді сұлатып сап отыр еді,  
Ер Кене түсі суық, көзі шатынап.
- Намазын сонда дағы оқып бопты,  
Дұға оқып, таспиығын тартып бопты.  
Жия сап жайнамазын жетіп келсе,  
Ит Сәлім әлдеқашан өліп бопты.
- 2220 Қария қарап қапты тамашалап,  
Алуға уақыт өткен арашалап.  
Қабағы тас түйіліп, жүзі сұп-сұр,  
Ер Кене жүресінен отыр қарап.
- Ей, балам, мұның қалай, не қылғаның?  
Келіспепті шатақты сағынғаның.  
Зынданнан жаңа босап шыққаныңда,  
Болмайды мұндай сенің қағынғаның.
- Кене айтты Сағындыққа: – Осыным жөн,  
Кетті өліп қапылыста екі ағам тең.  
Қару-жарақ қылышын осы ұрлаған,  
Қалайша сол қылығын ұмытам мен.
- 2230 Қарусыз құр қол қалған тең келе алмай,  
Алып қолын бір рет сермей алмай.  
Майданда қылыштасып өлген болса,  
Жайыма кетер едім құн сұрамай.
- Енді арманым Бектербектің қанын шашсам,  
Ат тұяғын Ташкентте бір ойнатсам.  
Өз қылғаныңды өзіңе қыламын деп,  
Қасқайып қарсы алдында өзіне айтсам.
- 2240 Сағындық жауап қатпай қалды сасып,  
Жан тумас осы күнде бұдан асып.  
Кенекең малын жинап үйге қайтты,  
Қастасқан бір дұшпанның қанын шашып.
- Ер Кене балалығын енді тастап,  
Сабырлықпен әр іске көңіл бастап.

Шашылған мал-мүлкінің бәрін тапты,  
Ұсақ малын түйеге айырбастап.

Бытырап кеткен елдер бас құрапты,  
Теңдерін буып-түйіп, жүгін артты.  
Жұма күн Ақмешітте намазда екен,  
Бектерге іздеп келіп мынаны айтты:

2250 «Бектербек, іс қылмадың сен маған аз,  
Қазаққа Сарыарқада айтармын наз.  
Қаның жерге төгілмей қалмас сенің,  
Кегімді қайтарамын биылғы жаз.

Келермін алыс емес, қойғын біліп,  
Бір шабам Ташкенінді ойнап-күліп.  
Өтпейтұғын тесемен басыңды алып,  
Қанжолда тораңғыма кетем іліп.

2260 Өзің айт уағдаңды тоқтайтын дәл,  
Қуып жет күшің жетсе, мұқатып қал.  
Бойында ақ өлкенің үш күн тосам,  
Жеңіп кетсең сұраусыз олжаңды ал».

Кенекең осыны айтып кетті көшіп,  
Ташкентте ел алдында желдей есіп.  
Үндемей кетіп қалса ар емес пе,  
Қылыштай Бектербекті сөзбен кесіп.

Кене батыр сол көшкеннен тынбай тартып,  
Түйенің қомын шешпей жүгін артып,  
Рүстем батыр кезікті жүз кісімен,  
Сайрандап кең далада жүрген шалқып.

2270 Рүстем батыр еді елден шыққан,  
Тегінде Абылайдан өнеге ұққан.  
Кенекең Рүстемге жылап тұрып,  
Өлген жан, көрген қорлық, бәрін айтқан.

Зынданнан қуанады босандым деп,  
Енді ақылды өзіңмен қосамын деп.  
Дамылдап осы арада үш күн жатып,  
Уағдам Бектербекті тосамын деп.

Балаған Бұқардағы ел атасы,  
Шапағат бізге тиді ықыласы.  
Ташкенттегі бүкіл ел жауым емес,  
2280 Дұшпан сол Бектербектің қара басы.

Өлтірсем Бектербекті кері іс емес,  
Қаныма қанын төксем теріс емес.  
Қала шағып, жер өртеп, ел қырмасам,  
Естісе Балаған да пәлен демес.

Жекеге шықпақ Бектер қуып жетсе,  
Кеп қалар деп ойлаймын ажал жетсе.  
Арам ойлы аңғалдау бірдеме екен,  
Сақтап та тұра алмаймын үш күн өтсе.

Рүстем, араласып жақын келме?  
2290 Қылыш ап, маған еріп жауға кірме?  
Бар қазақ қаптап келіп өлтірді деп,  
Қазақ-өзбек жау болып кетер мүлде.

Бұл ісім-тілегенім өз басыма,  
Бектердің қаным қайнар өз басына.  
Бір Бектерге бөлініп кетсе екі ел,  
Қалмай ма, басқа жұрттың табасына.

Бірталай жасауылмен келмек олар,  
Сіздерді сырттан келген білер олар.  
Ат қойып айқасатын болса екі жақ,  
3000 Талай жан қаза тауып, шығын шығар.

Келіп қалса айтарым Бектербекке,  
– Өзің шық,– деп, шақырам жекпе-жекке.  
Соғыстың пірісі екен Абылай бабам,  
Шақырсам аруағын бұл серттікке.

Бектердің жауым еді қара басы,  
Басқаның жоқ менімен бақталасы.  
Әлім келмей әлсіреп бара жатсам,  
Боларсың осы кезде арашашы.

Рүстем көп тыңдады басын изеп,

- 3310 Доғарды сөз аяғын өзің біл деп.  
Егер болса екі елден ұрыс шығар,  
Арандаспа араға қазақпын деп.
- Қайғырды қапылысқа Рүстем де,  
Көңіл айтты дұға оқып өткендерге.  
Тұқымы Абылайдың асыл затың,  
Қолқабыс тигіземін кел дегенде.
- Кененің айтқан сайын сөзі өктем,  
Әуелгі қайтар емес айтқан серттен.  
Жас бала жау көрмеген дегенменен,  
3320 Алыстап болжайды деп мынау неткен.
- Ақыл деген көңілде жанған шырақ,  
Арымас алты ай жүрсе, мінсе пырақ.  
«Ойы жоқтың көзі жоқ» дейді екен ғой,  
Жинамаса не пайда естіп құлақ?
- Бүгін жас болғанменен ертең жетер,  
Сенбесе өз бойына айтпас бекер.  
Қансоқта қатты қырғын болып қалса,  
Арашалап аламыз болса қатер.
- Шіркін-ай, туар ма, жан тап осындай?  
3330 Болар ма бір кемеңгер Абылайдай?  
Ой-қырын алты алаштың түгел кезсем,  
Сандалармын осыған тең таба алмай.
- Көргендей болды Рүстем Абылайын,  
Тіледі бір Құдайдан Кене бағын.  
Өлгенім тірілгендей көрдім сені,  
Сынбасын жау алдында сенің сағың.
- Сөйлейін Бектербектен қайта оралып,  
Алыстап бара жатыр кейін қалып.  
Кене тоспақ, ол қумақ уағда бар,  
3340 Аяғы тоқтар екен неге барып?
- Кене ағаң қайтар емес уағдадан,  
Таймаған жас жолбарыс көңілі жаудан.  
Бектер де ертең түсте аттанбақ боп,

Жиып ап кеңесіп тұр сексен палуан.

Жарандар бір жауым бар кетті көшіп,  
Қылыштай айтқан сөзі батты кесіп.  
«Еркек болсаң, тұрамын кел,— деп кетті,  
Қатын болсаң жүн саба, арқан есіп».

3350 Сексен палуан бәрің де естідіндер,  
Ташкентте естімеген қалды кімдер?  
Жұма күн Ақмешітте ұлы бесін,  
Намазға кірген жанның бәрі білер.

«Бармасаң келем»,— деді келер жазда,  
Кереметті көрсетем деді сонда.  
Боятып қызыл қанға ат тұяғын,  
Бастарың байланад деп қанжығамда.

3360 Бармасақ шақырғанда қорықты дер,  
Сауыт киіп сайланып қайта келер.  
Атақты мұсылманда қала атасы,  
Ташкентті ойран қылса, ел түнерер.

Айтқан сертте біз тұрып ертең кусақ,  
Жер орта ен далада қырып салсақ.  
Қазақ келсе шабынып сұрау салып,  
Орысқа жала жауып бұра салсақ.

Орысқа олар өш боп жүрген көптен,  
Қашқын боп, көшіп жүрген сол себептен.  
Әрқайсың өз аузыңа берік болып,  
Орыс деп, біз куәші болсақ шеттен.

3370 Арнап мені шақырды жекпе-жекке,  
Естіртіп дауыстады барлық көпке.  
Жас бала он сегізге жаңа келген,  
Қайдан тең келе алады Бектербекке.

Барасың сексен батыр маған еріп,  
Тұрасың тамашаны шеттен көріп.  
Желкесінен жеткізбей қиып салам,  
Жастықпен жүрген болса жаннан жеріп.

- 3380      Өліктерін бір сайға кетсек үйіп,  
Қарға-құзғын жеп болар сасып-шіріп.  
Мал-мүлкін жиып-теріп олжа қылсақ,  
Сұрау салып келгенше кетер сіңіп.
- Қазақта Абылайдың хан ордасы,  
Сансыз көп алтын-күміс қазынасы.  
Бәріңе теңбе-тең қып текке берем,  
Бір сабақ жіп те алмаймын, сөзім рас.
- Қолда бар қазынам да жетеді ғой,  
Жауды жеңген абырой жетеді ғой.  
Мал-мүлік, дүниені сендер алсаң,  
Өмірлерің байлықпен өтеді ғой.
- 3390      Бектербек міне осындай серт беріпті,  
Уағда сексен палуан қол беріпті.  
Соғысқа қатынаспа, өзім жетем,  
Топ жайып сендер айбар көрсет депті.
- Ташкентте ел біледі Бектербекті,  
Ауызда орақ орса, белі мықты.  
Аспандағы ақ қазды атып алып,  
Сорпасын бәріне тең бермек бопты.
- Бас иді сексен палуан ереміз деп,  
Ерлігін Бектербектің көреміз деп.  
Жеңіліп жекпе-жекте өліп қалса,  
4000      Ойлайды қайта қашып келеміз деп.
- Абылай хан олардың арғы тегі,  
Ежелден кетпей жүрген жауға кегі.  
Бектербек бұл сапардан қайта алмайды,  
Айдай ма екен өлімнің есірігі.
- Тәуекел, не болса да болды қумақ,  
Таңдаулы сексен палуан бірге бармақ.  
Қару-жарақ асынған түсі суық,  
Ат мінді екі-екіден өңшең саңлақ.
- Сексен палуан бәрі батыр, бір жаркеуде,  
4410      Мықтылар да аз емес қара сөзде.

Тегін олжа дегенге бара жатқан,  
Жоқ емес қоян жүрек ергендер де.

Қаладан шықты бұлар дүрілдесіп,  
Қара көрмей мақтанып желдей есіп.  
Он күн жүрген көш жолын бір күн баспақ,  
Аспанда емес жүрсе егер жерде көшіп.

4420 Келеді көштің сүрлеу ізіменен,  
Күндіз жетпей асығып түніменен.  
Төтелеп ізді тастап кетер кейде,  
Бастаған Бектербектің қолыменен.

Бәрінде бірден қосар жетектеген,  
Шаба-шаба семіз ат кекіректеген.  
Үнемі ат мінбейтін қаладағы ел,  
Асты ойылып, ат соғып өбектеген.

Тізгін бос, ерден ұстап өбектейді,  
Қамшылар шама да жоқ, тепектейді.  
Айыл тартып, ат жалын ұстап мінбей,  
Жар іздеп, қия жерге жетектейді.

4430 Қараға еріп кейбірі келед талмай,  
Қап-қалсам адасам деп, жол таба алмай.  
Қарны ашқан, сусын да жоқ әлі құрып,  
Мең-зең боп ұйқылы көз шырын алмай.

Біреу айтар шаршадық, қайтамыз деп,  
Біреу шығар Бектерге айтамыз деп.  
Бұларды қызықтырған дүние шіркін,  
Жауды алсақ көп олжаға батамыз деп.

4440 Топ-топ боп арты қалған алыс маңда,  
Бектербек үздік келед жалғыз алда.  
Жанында келе жатқан үш палуаны,  
Керім, Камал тағы бар бір палуаны.

Ашуланар артына жүрмедің деп,  
Кейде кетер келе бер тосамын деп.  
Кейбірі қырсық мінез, қияңқылар,  
Бұлданар асықсаң сен кете бер деп.

Ат мінген күрең қасқа қарабайыр,  
Енесі арғымақтан, қашар айғыр.  
Зоркеуде, сиыр жота, сымпыс құйрық,  
Адымы алты құлаш арам қатқыр.

4450 Тоса-тоса Бектербек сабыры қалмай,  
Созылды әскер арты ілесе алмай.  
Алауыздық тағы бар топ ішінде,  
Тегін олжа бар деген сөзге нанбай.

Бектербек үш адаммен бұрын кеткен,  
Кене ағаң қарауылда тұрып көрген.  
Құбақан атын мініп жекпе-жек деп,  
Қасқайып қас батырдай қарсы төнген.

4460 Бектербек жалт қарады бір селк етіп,  
Айбарлы ашты даусы кеткен өтіп.  
Бір суып, бір қуарды сом денесі,  
Тер басты өне бойын дір-дір етіп.

Жалтақтап қарай берді жан-жағына,  
Батырдың шыдай алмай айбарына.  
Өзімен жанындағы төрт-ақ адам,  
Ызалы тобы кейін қалғанына.

Жау тосар деп, ойлаған жері де емес,  
Шығатын жекпе-жекке кезі де емес.  
Ат соғып шаршап-шалдығып дел-сал болған,  
Әйтеу бір үрей ұшты, тегін емес.

4470 Шықпасам жекпе-жекке қорықты дер,  
Қорку да бар көңілінде емес бекер.  
Саспаған сан соғыста сабаз едім,  
Мезгілі жетті ме деп ажал келер.

Қайдасың сексен палуан маған ерген,  
Бірге келмей мен неге тастап келгем.  
Осы жол сау қалмағым екіталай,  
Ажал ма мені алдына жетектеген.

Әскердің арттан ерген қарасы жоқ,

- 4480 Ажалдың жер талғайтын таласы жоқ.  
Жас бала кеше көрген бүгін мұндай,  
Ақырар арыстандай көңілі тоқ.
- Ер Кене тағы ақырды шапшаң бол деп,  
«Еркек болсаң шық»,— дейді, міне мен деп.  
Үш күн тостым жолыңа көзді қадап,  
Бектербек, жауым, сені келмеді деп.
- Ташкентте жүруші ең ғой алшаң басып,  
Бір сенің айбарыңнан көштік қашып.  
Көкек ұшсаң аяғыңнан, жерде төбең,  
Басыңды алып кетемін, қаның шашып.
- 4490 Айыпсыз зынданыңда жаттым шіріп,  
Күн көрмей көлеңкеде сағым сынып.  
Жумасқа қанды қанмен ойлап едім,  
Алдыма өзің келдің жан ұшырып.
- Бұл дүниеде кешпеймін, ол дүниеде,  
«Өлімге өзі келер,— деген,— пенде».  
Қапыда өлген екі ағам — қос арысым,  
Сол үшін өлесің сен осы жерде.
- 5000 Ташкентте есінде ме айтқан сөзім,  
Қан төгіп жаныңды алар келді кезім.  
Шендесіп, иянаттап отырмаймын,  
Кезек ал, әуел бұрын айтар сөзім.
- Әуелі Бектербегім кезек саған,  
Қазақта бір мақал бар өзбек ағам.  
Кіші тұрып үлкенге жол береді,  
Жасы үлкенді біз қазақ дейміз ағаң.
- Қарт батыр көпті көрген қалма танып,  
Арманда өлдім деме қапыл қалып.  
Аянба да, алданба айтарым сол,  
Әдіс, амал күшсерік қайраттанып.
- 5510 Найзаңды ұр, қылышыңды шап, садағың тарт,  
Аударысып түсе қап жағалас шарт.  
Бұрынғы батырлардың жолы солай,

Бірінде жеңе алмасаң иманыңды айт.

Менікі содан кейін алар кезек,  
Білгенімді істеймін, бол тезірек.  
Жеңу-менің болады, өлу-сенің,  
Сені ажал бастап кепті болып серік.

Өзбекше алсаң өзің біл, қалмақша алсаң,  
Мені жеңу дәл саған әуре-сарсаң.  
Қапыда қалдым деме Бектер батыр,  
5520 Осы жолы мен болам саған қайқаң.

*Күбірлеп Бектер айтты:*

– Кене батыр,  
Бір ажал екеумізге келе жатыр.  
Ажалдың шайтаны ғой күтіп тұрған,  
Шыдамай кезек алды былай ақыр.

Ер Кене бермей тұрды сөзден тыныс,  
Сілкініп Бектербек те бастады ұрыс.  
Атына жирен қасқа қамшы салып,  
Көк найза көлбей ұстап, келді қырыс.

Кезеді дәл жүректен саламын деп,  
5530 Өткізіп өңменінен жарамын деп.  
Көк найзасын көлбете қағып қалды,  
Ер Кене қорыққаны жоқ баламын деп.

Қатты қол, ауыр найза тайып кетті,  
Мықынынан сауытын жарып кетті.  
Қайтарып қайта найза дәлдегенше,  
Ер Кене дәл желкеден салып кетті.

Омақасып жығылды, мойны үзіліп,  
Салақтап желкесінен қалды ілініп.  
Сүйретіліп салақтап түскен кезде,  
5540 Осқырып жирен аты кетті жүріп.

Жығылды Бектербегің қара басып,  
Қорқырап ысылдады қанын шашып.  
Ақырып жолдасына тап бергенде,

Барады ағатайлап олар қашып.

Аттандырмай Камалды ұстап алды,  
Қайырып тап жүректен қылыш салды.  
Саржанды қылышпенен шапқан гөзал,  
Атынан сол арада-ақ ауып қалды.

5550 Жан ұшырып қалғаны қашқан болды,  
Белестен алдындағы асқан болды.  
Тулақтай аралығын алты-ақ аттап,  
Ер Кене құбақанмен бір-ақ ілді.

Ол баяғы қылышты Керім екен,  
Саржанның хатты орысқа берді деген.  
Өз қылғанын өзіне оған да қып,  
Қашқанын тағы қуды жетер ме екен?!

5560 Оны да бел асырмай ұстап алды,  
Көтеріп ат үстінен алдына алды.  
Тақымға басып тұрып, ерге қысып,  
Шыңғыртып мынадай бір уәде алды:

– Үй, батыр ойбайлама,  
Серттессек тұрамысың уағдаңа.  
Бектербектің өлгенін көрдім деп бар,  
Кейінгі келе жатқан палуандарыңа.

Соғысар болса тез келсін тұрам сақтап,  
Жанынан тойған болса ажал жақтап.  
Бірін-бірі қалдырмай қырып салам,  
Естіртіп барлығына айтқын нақтап.

5570 Сенсе егер өз күшіне келе берсін,  
Кетірем бір ақырсам берекесін.  
Әлін білмей әлекке қалам десе,  
Қүдіретін Кененің келіп көрсін.

Бектердің өз басы еді маған дұшпан,  
Құтыртып осы ажалы оны қысқан.  
Басқасымен ежелден егерім жоқ,  
Ол тимесе мен тимен, сертім айтқан.

Сөзімді бастан-аяқ алғын ұғып,  
Болмаса өлтіремін бір-ақ ұрып.  
Айтарым көп досыңа осы ғана,  
5580 Тоқтасын тұжырымға өзі біліп.

Қадірлі сәлем дерсің Балағанға,  
Көне дос жаңа дос деп санағанға.  
Ғұмырым болса құрметті сыйым да бар,  
Осындай үлкен іске жарағанға.

Бектербек өліп кетті қаза тауып,  
Кеткен жоқ басқасына найзам ауып.  
Өлген жан, төгілген қан, аққан жастар,  
Тоқтады айналып кеп өзін тауып.

Айтам деп әлгі палуан кетті жүріп,  
5590 Қуанып өлмегенге іштей күліп.  
Ағызбастан тамызбай бәрін айтпақ,  
Мейлі деп қоя берген жанын қиып.

Барыпты алдыменен қашқан бірі,  
Қан-сөл жоқ қорыққаннан сары жүзі.  
Өлгенін Бектербектің оларға айтқан,  
Осыдан мәлім болды Бектің сыры.

Топ-топ боп тозған кезде үдірейіп,  
Кейінгі тағы барған сүмірейіп.  
Үрейлі, тілі күрмеліп айтар сөзге,  
6000 Көргенін баян қылды есін жиып:

«Ажал тура алдарыңа барғаныңа,  
Қуанам өлмей аман қалғаныма.  
Қырып сап, олжа әперем деген Бектер,  
Шыдамады бір қылыш ұрғанына.

Өлгенін көрді көзім Бектербектің,  
Камал, Керім тағы өлді, өңкей мықтың.  
Басқадан көретұғын іс емес бұл,  
Ей, Бектер, өз түбіңе өзің жеттің.

Тегін олжа әпермек болған еді,  
6610 Егін сап, ауызда орақ орған еді.

Айтқаны арымайтын жалған екен,  
Аман қайтсақ, жан бізге сауға деді».

Тамсанды япырмай қайтеміз деп,  
Талайы шықты топтан қайтамыз деп.  
Сандарын бір-ақ қағып, опық жеді,  
Келгендер тегін олжа аламыз деп.

Жан тәтті жаласы жоқ тірі жанға,  
Аман жетсем деп ойлар ертең таңға.  
Атының басын бұрды кейін қарай,  
6620 Өкініп келгеніне батып шаңға.

Бектерді қайтты бұлар боқтай-боқтай,  
Олжадан көңілі суып қалды тоқтай.  
Андыздап өрген қойдай кетті бұлар,  
Тоқтатып береке айтар адам шықпай.

Қарайды арт жағына көңілі суып,  
Жау жетіп қала ма деп, бізді қуып?  
Қашқаны жарысқаннан бөтен емес,  
Шаң қалды арт жағында жерді буып.

Жол да алыс көрінеді қарысқандай,  
6630 Бірінен-бірі озып жарысқандай.  
Мал-бақыт көңілге тоқ құмар адам,  
Сонда да тәтті болмас шыбын жандай.

Біреуді біле алмады біреу біліп,  
Салы селге кеткендей сағы сынып.  
Бес күн жүрген жолдарын үш күн басып,  
Ташкентке түн жарымда кеткен кіріп.

Ер Кене жаудың көрді қашқандығын,  
Шаңы қап Ақөлкеден асқандығын.  
Үрейсіз Рүстемге айтып отыр,  
6640 Бектердің қанын судай шашқандығын.

Тағы да Камал менен Керім де бар,  
Бас алған, қылыш шапқан күнәлылар.  
Олжа алмаққа келгендер кетті қашып,  
Кезінде олар маған күнәсыздар.

Жаратып Рүстем де бәле-ай деді,  
Істеген істерінің саны-ай деді.  
Томырық қара көшке ақыл пана,  
Күш пенен ақыл-қайлаң дәл-ай деді.

6650 Кененің ерлігіне көңілі тойып,  
Сыналап көп қарайды көңіл қойып.  
Қол жайып дұға қылып өз аузымен,  
Қосары көк қасқа атын айтып сойды.

Кененің Бектербектен кегі бітті,  
Арқалап көптен жүрген ауыр кетті.  
Өзін арыс санаған Бектербектің,  
Түбіне ақырында барыс жетті.

6660 Ат-тонын алған еді олжа қылып,  
Беріпті Рүстемге бәрін қиып.  
Ташкентте тасып жүрген Бектербегің,  
Құзғын жеп, айдалада қалған шіріп.

Рүстем көп рахмет десіп кетті,  
Көңілі ер Кененің өсіп кетті.  
Орнығып оншақты күн дамылдап ап,  
Сайрандап Сарыарқаға көшіп кетті.

Тігіліп Абылайдың хан ордасы,  
Баяғы атамекен жер ортасы.  
Рүстем ат шаптырып хабар салып,  
Үш жүзде Кене деді ханның басы.

6670 Хан болды сонан былай Кенесары,  
Қиыннан қиыстырып келген сәні.  
Атақты әрбір елдің би-сұлтаны,  
Кенеге жылы ұшырай келді бәрі.

Кенесары Кене хан болып тұрып,  
Бабасы Абылайдың жолын қуып.  
Елдегі ер жүректі, сом білекті,  
Сұрыптап батырларды алды жиып.

Шешен де, шежіре де өз қасында,

Ақын менен дұғагөй молдасын да.  
Кенеден ақыл сұрап тұрды келіп,  
6680 Атақты данышпандар ел басында.

Талапты тағылым алған жастар да бар,  
Көп жасап көпті көрген қарттар да бар.  
Бұлардың ортасында Кене ханы,  
Не түрлі қиын іске ақыл табар.

Хан болып Кенесары тұрды шалқып,  
Үш жүзден атағы асып кетті қалқып.  
Кененің кереметі толып жатыр,  
Өмірім болса тағы берем айтып.

Жасымда бұл қиссаны жаттағанмын,  
Қатысты кітап оқып сақтағанмын.  
Еске алып ұмытқанды қайта жазған,  
Шериаздан Сұлтанбайдың баласымын.

Осымен Кенесары тұра тұрсын,  
Қызықса естіген жан мойын бұрсын.  
Мұнымен таусылды деп ойламаңдар,  
6696 Тағы айтам Наурызбай да кейінгісін.

## ҚАРАҚАС – КЕНЕСАРЫ

Хандығы қалды Абылай інісіне,  
Ағаның ол да тартты жүрісіне.  
Ол өзі Құбайдолла деген кісі,  
Сиынған бұрынғы өткен пірісіне.

Інісі Құбайдолла хан болған соң,  
Салғаны күнде орысқа даң болған соң.  
Қонаққа орыс алдап шақырады,  
Адамнан қапы өтпей ме жан болған соң?!

10 Барған соң сотқа айдалды Құбайдолла,  
Үркітте дүние салды орта жолда.  
«Орыстан қайтсек кекті аламыз»,— деп  
Саржан мен Есенкелді қалды ойға.

Баласы Абылайдың Қасым еді,  
Барында Абылайдың өліп еді.  
Саржан, Есен, Наурызбай бәйбішеден,  
Тоқалдан Кенесары жалғыз еді.

20 Ересек Саржан менен Есенкелді,  
Білмейді інілері істі жөнді.  
Орыстан іргелерін аулақ салып,  
Басқа елге көшпек болды бастап елді.

Ақылшы сонда оларға шешелері:  
— Патшаға көшсек, — деді, — өзім теңді.  
Қоханда сарт<sup>13</sup> халқының хандығы бар.  
Дос болған хан атаммен бұрын оңды.  
Сарттарды орыс шауып кетерінде,  
Атамыз арашалап алған еді.

30 Сонымен Қохан жаққа көшті елі,  
Шыдатпай көрген зәбір, іштің кегі.  
Бас болды Саржан менен Есенкелді,  
Екі жүз әскер екен қалған шебі.

Кез болды келе жатып көп әскерге,

---

<sup>13</sup> Қохандағы өзбектің Омар ханы меңзеліп отыр.

Ұлы жүз, үйсін екен қолдың көбі.  
Қарсы алды сыйлап олар босқан елді,  
Байқалды жылы-жылы сөздің лебі.

– Бектербек менің атым қол бастаған,  
Алмақ боп Ақмешітті жол бастаған.  
Ұрпағы екенсіңдер Абылайдың,  
Сендерді сыйламасам болмас маған.

40 Шөлдеген, шаңырқаған сұлтандар-ай,  
Етіңіз біздің Ташкент жерде тұрақ.  
Орыстан қайта барып кек аларсың,  
Сарт, қырғыз, қазағыңнан әскер құрап.

Қохандық інісімін Бала ханның,  
Бір өскен ортасында алақанның.  
Туылған бір сұңқардан қос түлекпіз,  
Бірімін егіз туған балапанның.

50 Сондықтан сендер менің сыйымда бол,  
Зияпат-құрмет еткен жиында бол.  
Тынығып, сауық-сайран жасаңыздар,  
Азапты тартыпсыңдар қиырға жол!

Бектербек деп осылай құрметтеді,  
Қисайып әмірінен бір кетпеді.  
«Бұлардың бір тоқтысы шықпасын»,– деп,  
Әскерін алды-алдына міндеттеді.

Жақсылар жақсы сөзін қию қандай!  
Саржанның сөзіне тек ұйығандай.  
Жабады күнде асыл бір киімді,  
Ақаусыз шын құрметтің сыйы балдай!

60 Үйсіннің көре алмады аңғалдары,  
Сыйлауды бұдан бұрын алғандары.  
Қонақпен қыжалдасып күндес болды,  
Тізесін баса отырып қалғандары.

Тарылды ол сұмдардың пейілдері,  
Аунады қастандыққа зейілдері.  
Атынан ер Саржанның қағаз жазды,

Қастықты білмей қалды көрімдері.

70 Саржанның сөзі қылып бермек бопты,  
Сыртынан оны біреу көрмек бопты.  
Саржанның мынау жүрген адамы деп,  
Оны ұстап Бектербекке бермек бопты.

Оны ұстап ұрып-сабап байлап келді,  
Сөйле деп шындығыңды сұрақ берді.  
«Мен Саржанның адамымын» деп сөйледі,  
Нахақтан жоқ пәлені әбден терді.  
«Орысқа бар»,– деп «Саржан жұмсады»,– деп,  
Қолына Бектербектің хатты берді.

80 Оқыса: хат – орысқа жазылған хат,  
Жамандап Бектербекті айтылған дәт.  
«Төре деп сыйлап едім, нағыз бегзат,  
Өзіме сөйтіп жүрсем дұшпан екен,  
Қу екен, суық бауыр, тұқымы жат!»

Бұл хатқа Бектербектің қаны қозып,  
Бектербек сеніп кетті ақылы азып.  
Күндес боп көре алмастар айла істеді,  
Түсірді жала жауып, орды қазып.

Үйсін, сарт дараланып құрды кеңес,  
Саржан мен Есенкелді мұны білмес.  
Айламен өлтіруге мақұлдасты,  
Ит екен әділетсіз, ұлық емес.

90 Сыртында бұлар тағы жылтырапты,  
Қонаққа тағы бір күн шақырыпты.  
Ет асып, палау басып сыйлап жатыр,  
Құпия құрып алған дайындықты.

Білдірмей Бектербекке қойған ымдап,  
Қазасын жеткізіп тұр Тәңірім шындап.  
Бермек боп ақша мен шен айналдырды,  
Саржанның атқосшысын – ноғайды алдап.

Сол кезде намаз уақыты құптан екен,  
Далаға дәрет ала шыққан екен.

100 Ұрлап ап, осы орайда атқосшысы,  
Қанжарын басқа жерге тыққан екен.

Ұққан соң бұл хабарды шақыр деді,  
Қайғысыз ұйқыда олар жатыр деді.  
Қарудан қолындағы айрылған соң,  
Қайтеді болғанменен батыр деді.

Шақырды бек айтқан соң екеулерін,  
– Аялсыз тек шақырды жылдам жүргін.  
Саржан мен Есенкелді қатер ойлап,  
Қарайды қанжарының қойған жерін.

110 Қараса қанжары жоқ қойған жерде,  
«Жүр, шық!» деп ақырады келгендер де.  
Амал не, ел бастаған қас батырлар,  
Қапыда, қапияда түсті торға.

*Сонда олар:*

– Сабыр, тақат айла деді,  
Біз түстік жазатайым торға деді.  
Сендер де мұсылманның әулеті ғой,  
Алдымен шәугім берші қолға деді.

Шәугім бер намаз парыз екі ракағат,  
Құдайға жалынғанның несі ағат.  
120 Дәрет ап тазаланып, намаз оқып,  
Баруға онан кейін қылғын тағат!

Десе де, көнбей қойды, ана кезеп,  
Алкеуде екен өзі нағыз есек.  
«Жүр-жүрлеп» тыншымайды жанталасып,  
Су түгіл, шәугім бермей қойды кекеп.

Саржан айтты: – Өлеміз сен де, мен де,  
Болдық қой қапылыста шын шерменде.  
Алдырдық абайламай аңдаусыздан,  
«Өлімге өзі келер, – деген, – пенде».

130 Арқадан көшіп едік қорлық көріп,  
Бұл күнде тұрмыз мына күнді көріп.

Бармағын екеуі де шайнап қалды,  
Дариға, алдырдық деп сақсыз жүріп.

Бар ма екен шерменде адам біздей өлген,  
Адам боп итқорлыққа мұндай көнген.  
Есікке қадам қойды: «Я, Алла» деп,  
Кек қайнап, ашу-ыза көкірек керген.

140 Есіктен шыға бере қалды шауып,  
Жығылды батыр Саржан есі ауып.  
Алмадай денесінен басы үзілді,  
Былғанды аылс жүзі топырақ қауып.

Атылып үйден шыққан тауып ығын,  
Шаптырды Есенкелді оң иығын.  
Сонда да жалғыз қолмен араласып,  
Суырды сегіз ердің кеңіредегін.

Саржандай тірек етіп ер күйігін,  
Сейпілге ырғып шықты керме иығың.  
Сыртынан он бес батыр кеп соғысты,  
Сол жерде қаза тапты ақ тұйғының.

150 Сонымен қаза тапты ол екі ер,  
Қайысты адам түгіл топырақ жер.  
Айырылған арыстандай батырынан,  
Сорлы елдің көз жасынан жөңкіді сел.

Бекзаттың екі бірдей басын жойды,  
Үйсіннің көре алмаған көңілі тойды.  
Зынданға еркектердің бәрін салып,  
Кісендеп, шынжырменен матап қойды.

160 Басында қайыршыдай қалмады күй,  
Адасып ақылынан ашыды ми.  
Мал-жан мен әйелдерді кепілге алды,  
Үйсіннің ақсақалы Сағындық би...

Тоқалы Қасым ердің Қарақас-ты,  
Көргенде бұл сұмдықты қаны қашты.  
Қарақас заманында хан қызы еді,  
Бел буып бұл іске енді араласты.

Қарақас енді ойлады етерін бек,  
Қаңғырып не тентіреп кетейін деп.  
Басында Бала хан деп көшіп едік,  
Қоханның шаһарына жетейін деп.

170 Наруызбай сол заманда тоғыз жасар,  
Өссе ол жаудың қанын судай шашар.  
Зынданға оны салмай бос қойыпты,  
«Жас бала жөн білмейтін қайда қашар?!»

Қайрылар бұл жақта жоқ жанкүйері,  
Кезектің болар ма екен бір тиері?  
Ташкеннен өзі жаяу Бұқар кетті,  
Ардақты Қасым ердің нақсүйері.

Қоханның жетіп келді шаһарына,  
Бере көр, Алла, жәрдем сапарына!  
180 Сөйлесіп жөн ұғысқан еш адам жоқ,  
Кімсің деп жан алмайды кәперіне.  
Ордаға рұқсатсыз кіріп келді,  
Алар деп азар болса қаһарына.

Бір қатын, бір баламен келді кіріп,  
Әдеппен ханға лайық тағзым қылып.  
Хан дағы затын танып қылды құрмет,  
Сұрамай аты-жөнін сен кімсің деп.  
– Дем алып, ас-су ішіп тынығыңдар,  
Айтатын арызыңыз маған міндет.

190 – Ей, тақсыр, ас-су ішпек кеңшілікте,  
Тым тез-ақ Тәңірім салды кемшілікке.  
Өзіңдей бір жақсының жолдасы едім,  
Мен мұндай болар деп пе ем тіршілікте?!

Сұрасаң арғы атамды Абылайдан,  
Басымнан мен бір сорлы бағым тайған.  
Маған не бар деуші едім, мұндай болдым,  
Айтпасам, сіз білесіз мені қайдан?

Абылай атам да өлді, байым да өлді,  
Суалтты мырза Құдай терең көлді.

- 200 Артында тағы иесіз қалмап еді.  
Інісі – кіші атама кезек келді.
- Кіші атам Құбайдолла хан болған соң,  
Қылғаны күнде орысқа даң болған соң.  
Бір күнде алдап шақырып сотқа айдады,  
Адамнан қапы өтпей ме жан болған соң.
- Сонан соң сізге қарай көшіп едік,  
Орыспен ат кекілін кесіп едік.  
Белгілі мұсылманда патша ғой,  
Тиянақ сізден болар десіп едік.
- 210 Бар екен орта жолда Бектербегің,  
Білмедім бар екенін қандай кегін?!  
Жауласып Ақмешітке барады екен,  
Тәшкеннің бір бастығы асқан серік.
- Алдаумен жақындатып қасына алды,  
Бір өсек пайда болды тасымалды.  
Тексермей, не болмаса сізге айдамай,  
Бір түнде екі ұлымның басын алды.
- Шығып ем орыс бұзып хандығымды,  
Сотқа айдап жіберген соң алдыңғымды.  
Екеуін онан кейін бек өлтірді,  
220 Естиін енді сенің жарлығыңды.
- Атыңыз жүгіріп тұр қамшыламай,  
Бетіңе уәлаяттан жан шыдамай.  
Адам қаны судан да арзан екен,  
Кім сұрар бұл қорлықты сіз сұрамай.
- Атамыз атаңызбен болған жолдас,  
Біз келдік өзіңізден жәрдем сұрай.  
Көзінен осылай деп ағады жас,  
Бұл сөзге әркім жібір, болмаса тас.
- Бас алды қылыш жұмсап Бектербегің,  
230 Қылмадық оған зиян, елге де рас.  
Ханның қара болмағы оңай екен,  
Ойлаңыз, ей патша, басыңыз жас.

Балахан ашуланды көзі жайнап,  
Көрген соң бейшараға рахым ойлап.  
Шыдамай шыбын жаны отқа түсті,  
Ашумен зығырданы кетті қайнап.  
Антұрған апиыншы Бектербекті,  
«Әкел!» деп әмір қылды жаяу айдап.

240 Жол жүріп әскерлері дамыл таппай,  
Келіпті жаяу айдап жүр деп шатпай.  
– Қылмыссыз ханзадаға қылыш шаптың,  
Сені хан аман қоймас, дарға тартпай.

Қоханға алып келді айдап жүріп,  
Қамшылап бұйрық қатты байлап жүріп.  
Бейуазға қылыш шапқан Бектербегі,  
Балахан жанабына келді кіріп.

Деді хан Бектербекке ашуланып,  
Ақырып, тісін қайрап қатуланып:  
– Жазықсыз кісі қанын төккен қудың,  
250 Болмайды тастамасам басын алып!

Болады ғадыл десе жас ұлады,  
Шақырып Наурызбайды қасына алды.  
Әкесі Балаханның Омархан-ды,  
Бектербек баласы екен асыранды.

Анасы шыға келді түкпір үйден,  
Малынып, үсті-басы асыл киген.  
Көрген соң дәті шыдап тұра алмады,  
Ұл қылып, емшек беріп, бетін сүйген.

– Ағаңа ақыл қылып ақырын айт,  
260 Өзіңнен ағат өткен ғапылыңды айт.  
Ашық айт өз ісіңді болса тұрлау,  
Ондайды жалтақтамай батырып айт.

Көңіліне шешесінің жара түсті.  
Жүзіне Бектербектің қара түсті.  
Термелеп тағы-тағы өткендерді,  
Шешесі Бектербекке ара түсті.

– Ініңе қанша айтсаң да ашуыңды айт,  
Қатты айт, қатуланып басуыңды айт.  
Сұрадым, адам қанын төкпе балам,  
270 Ей, балам, анаң үшін сертіңнен қайт.

– Ей, ана, болыспаңыз жарамасқа,  
Бұл іске әуреленіп араласпа.  
Қылмыссыз ханзаданың қанын төккен,  
Бұл итті серт етемін аямасқа.

– Бір кісі анаңызға көп пе балам?  
Сұраймын адам қанын төкпе, балам.  
Сөзіме егер менің тоқтамасаң,  
Сауамын емшегімді көкке, балам!

Ананың Балаханға сөзі батты,  
280 Көнбеуге анасының ділі қатты.  
Балаға жоқ қой ана ренжіту,  
Балахан білетін бұл шариғатты.  
Сондықтан ана тілін аттай алмай,  
Алғашқы өлтіретін серттен қайтты.

Сонымен өлмей қалды Бектербегі,  
Айықты қайғы-мұңнан көкірегі.  
Сондағы Бектербектің жылап тұрып,  
Сөйлеген Балаханға мынау гәбі:

– Түбінде өзіңізге пайда бермес,  
290 Қан төгер осылардың кейін тегі.  
Көрдің бе көзі жайнап бара жатыр,  
Наурызбай мына тұрған жүгермегі!

Зынданда бірі жатыр жастауырақ,  
Аз ғана жетпей жатыр уақыты бірақ.  
Жайнайды пияладай екі көзі,  
Жатады өз-өзінен жанжал сұрап.

Балахан сонда тағы ашуланды,  
Ақырып өңін бұзып қатуланды.  
– Басыңды алмақ едім, аман қалдың,  
300 Анамыз жылап тұрып алып қалды.

Бектербек, былжырамай Тәшкенге бар,  
Бұлардан алғаныңды қолына сал.  
Үй-сайман, төрт түлігін түгел жинап,  
Кісісін зындандағы бәрін шығар.

Сый берді алтын-күміс Қарақасқа,  
Мінгізді арғымақты тарантасқа.  
Бұйырып Бектербекті қосып берді,  
Жарлықтан осы айтқан бұрылмасқа.

310 Тәшкенге келіп берді алғандарын,  
Жинады бірін қоймай мал-жандарын.  
Үй-сайман, аяқты мал түгел беріп,  
Босатты зынданына салғандарын.

Сол кезде он алтыда Кенесары,  
Байқалар кемелденген жігіт нәрі.  
Кешегі Есенкелді, Саржанды ойлап,  
Болыпты запырандай жүзі сары.

320 Кенекең не қыларын өзі білер,  
Қайнайды асып-тасып іште жігер.  
Тайынан таңдап мінген Құбақанын,  
Жүр екен аман сақтап үйдегілер.

Мініпті «Я, Алла» деп Құбақанын,  
Бір тартым шылым құрлы көрмей жанын.  
Ішінен Кенесары кектенеді,  
Қайтармақ Есенкелді, Саржан қанын.

Баяғы қанжар ұрлап алған ноғай,  
Оның да қылған ісі емес оңай,  
«Қаныңды сенің дағы судай төгем»,  
Аунайды оған дағы көңілі солай.

330 Уағдамен бекке ноғай барған екен,  
Ноғайдың бектен көңілі қалған екен.  
Басында шен алам деп қанжар ұрлап,  
Ант атқан, алдағанға нанған екен.

Қуыпты: – Ит ноғай, – деп, – Құдай атқан,

Залымсың жолдасыңды пұлға сатқан.  
Сен кімді жолдас қылып жарытасың,  
Ханыңды қандай қылдың тұзын татқан?

340 Сонымен бектен ноғай аяңдапты,  
Бұрынғы қылғанынан ұялмапты.  
«Үйренген жастайымнан орным ғой»,– деп,  
Қайта кеп ескі ордаға аялдапты.

Шақырды Сағындықты Кенең қалап,  
Қаныңды кепілге алған бер деп санап.  
Басына бүкіл Тәшкен пана болмай,  
Жүреді ескі орданы ноғай жанап.

Сағындық шақырған соң келмек болды,  
Өткізіп малы-жанын бермек болды.  
Кенекең Сағындықпен атқа мінсе,  
Оларға әлгі ноғай ермек болды.

350 Жөнелді үшеу болып малы жаққа,  
Кез болды келе жатып бір бұлаққа.  
Түсе қап сол бұлақтан дәрет алды,  
Сағындық бесін намаз оқымаққа.

Сағындық намаз оқып тұрды ұйып,  
Тәубасын білетұғын бойға жиып.  
Ноғайды осы кезде Кенесары,  
Жіберді бұлқындырмай бір үйіріп.

360 Тамаққа сертті семсер кетті тиіп,  
Қорылдап жатты ноғай жерді сүзіп.  
Шамасы бұлқынуға келмей қалды,  
Қап-қара қаны жерде жатты ұйып.

Сағындық қалды сонда сасқалақтап,  
Намазда екі көзі тұрды алақтап.  
Кенеңнің қос жанары от шашады,  
Бығатын емес, сірә жасқанақтап.  
Ағы – ақ, қызылы – қызыл екі беттің,  
Қанжардың отыр батыр қанын жалап.

*Сағындық айтты сонда:*

– Не қылғаның?  
Шатақты келіспеді сағынғаның.  
Тұтқыннан жаңа босап шыққаныңда,  
370 Болмайды бұлай сенің қағынғаның.

*Кенекең айтты сонда:*

– Осыным жөн,  
Кетті өліп қапылыста екі ағам тең.  
Қылышын ұрлап алған осы ноғай,  
Қалайша сол қастығын ұмытам мен?!

Сағындық жауап таппай қалды сасып,  
Жалғанда кім жаралсын бұдан асып.  
Кенекең малын айдап үйге қайтты,  
Қас болған бір дұшпанның қанын шашып.

Кенекең Қохан елін енді тастап,  
380 Сарыарқаға болды көшпек елді бастап.  
Қолдағы ұсақ малды түгел беріп,  
Алады ат пен түйе айырбастап.

Кетуді үнсіз-түнсіз ар санады,  
Соларды бек болса да қор санады.  
Үй жығып, шеру тартып көшпес бұрын,  
Әшкере Бектербекке жар салады.

– Бектербек, іс қылмадың сен маған аз,  
Қазаққа Арқадағы айтармыз наз.  
Төгілмей қаның жерге қалмас сенің,  
390 Кегімді қайтарамын биылғы жаз.  
Арманда өкінішпен қалып жүрме,  
Бойында ақ өлкенің тосамын аз.

Кенекең осыны айтып кетті көшіп,  
Білдіріп Бектербекке желдей есіп.  
Жолықты жол үстінде Рүстеммен,  
Олар да Сарыарқаға бармақ көшіп.

Жолықты Рүстемге тосын жерден,  
Жылайды ол зар еңіреп қайғы-шерден.

- 400 «Орыстан Сарыарқаға көшемін»,— деп  
Бір емес, әлденеше тізе көрген.
- Тұтқыннан сен де, мен де босадым деп,  
Ақылды Рүстеммен қосамын деп.  
Үй тігіп, қойын сойып, жатып алды,  
Бұл жерде Бектербекті тосамын деп.
- Қайту жоқ Кенекенде айтқан серттен,  
Іштегі өлгелі жүр қайғы дерттен.  
Күндіз-түн көкке шапшып тіс қайрайды:  
«Сұм қанын Бектербектің төкпей кетпен!»
- 410 Тынығып олар мұнда тұра тұрсын,  
Ақылды Үрістеммен құра тұрсын.  
Кейінгі Бектербектен сөз сөйлейін,  
Аз ғана қандырайын құлақ құрышын.
- Бектербек кеңеседі ерте тұрып,  
Жолдас ап сексен палуан ақыл құрып:  
— Жібермей Сарыарқаға ойрандайық,  
Жетейік арт жағынан тездеп қуып!
- 420 Ат мінді өңкей жүйрік жер баспаған,  
Бектербек ол да батыр жан аспаған.  
Бекпенен сексен палуан серт жасады,  
«Ер емес бүгінгі күн қан шашпаған!»
- Жөнелді күпіршілік сөзіменен,  
Қарамай алды-артына тезіменен.  
Үш көшкен жерді бір күн басып өтіп,  
Бұлар да қуып жетті ізіменен.
- 430 Кенекен бұрын көрді қарауылдап,  
Ақ үй мен қызыл үйді тіккен санап.  
Тағдырдан жазуда жоқ сірә қашпақ,  
Әкелді бар дұшпанын Құдай айдап.  
Еркектер тауға шығып жасырынды,  
Мал-жанды, ауыл-аймақты иен тастап.
- Бектербек ереуілдеп келді жетіп,  
Сыбызғы-сырнай тартты күңіrentіп.

Ауылды қамап алып қарап тұрды,  
Еркек жоқ қару қылар қарсы келіп.

Алдайды қорыққансып қатын-қалаш,  
Бұлар да ұрғашыға қылмады қас.  
– Ордаңды кешке таман көшіреміз,  
Барлығың етінді асып, палауды бас!

440 Бектербек сырнай тартты әбден меңіп,  
Осы деп алғанымыз мүлдем жеңіп.  
Далаға қару-жарақ құрал үйді,  
Қашқан деп қорыққандықтан бізді көріп.

Барлығы қызыл үйге кіріп кетті,  
Кенекең біразырақ сабыр етті.  
Қайрап ап, қылпылдатып наркескенін,  
Батырдың қимылдайтын кезі жетті.

450 Есіктен кіріп келіп қалды шауып,  
Қаперсіз отыр еді қылмай хауып.  
Ішінде қызыл үйдің қан толқыды,  
Жауының санамастан басын шауып.

– Әп-сәтте сексенінің алды жанын,  
Төгіпті қызыл үйге судай қанын.  
Сонда да қанға тоймай алақтайды,  
Ол әсте ұмытпай ды ағаларын!

Қолы қан, қаһарланып салған айғай,  
Бір кезде сыртқа шықты жау таба алмай.  
Тау жақтан өз әскері келе жатқан,  
Ұмтылды оларға да бассалардай.

460 Қып-қызыл екі көзі қанға толып,  
Жүгірді өз әскерін дұшпан көріп.  
Рүстем қалған еді сасқалақтап,  
«Тоқтал!» деп дауыстады жарлық беріп.

– Шырағым, тоқта, Кене, аш көзіңді,  
Құлақ сал, есің жиып, ұқ сөзімді.  
Жауыңды бірін қоймай қырғындадық,  
Қайт бері, қырамысың өз қолыңды!

Кенекең сонда барып есін жиды,  
Қираған дұшпандарын көзі көрді.  
«Үһ!» деп, ғұзырлана отыра кетіп,  
470 Жауыққан өз әлпетін көңілі түйді.

Кенекең бұл орында бір күн тұрды,  
Жолдасы Рүстеммен ақыл құрды.  
Жаулардың ат-сайманын жиып алып,  
Сағынған Сарыарқаға бетін бұрды.

Осы еді қайтарғаны басқы кегін,  
Қағынған жер қаптырып Бектербегін.  
Қарақас, Кенекеңдей асыл қайда?  
Тағы да құрды мықтап жасақ шегін.

Әңгіме аяқталып болды тәмам,  
Осындай неше түрлі өтті заман.  
Қатесі болса егер жөндеп жазсын,  
482 Көреген, тарихшыл, өткір қалам!

## АҒЫБАЙ БАТЫР

Жақсы ауыл, жаман ауыл – Баянаулы,  
Өзара елдерінің аты даулы.  
Қызылшілік осы өңірдің сол жағында,  
Бір жылы ел қонысы соған ауды.

Сыртында сол шіліктің қаптаған мал,  
Қойшының даусына келіппін дәл.  
Көп қойдың ортасында бір түйеде,  
Кеңескен екі қойшы, біреуі – шал.

10 Жас қойшы тыңдап отыр қасындағы,  
Тымағын қолына алып басындағы.  
Шынтақтап қатқан тонды кәрі қойшы,  
Айтады әңгімесін жасындағы.

Ертеде болған екен ер Ағыбай,  
Ол күнде ер болмаған Ағыбайдай.  
Ағыбайдың алты алашқа аты шығып,  
Ерлігін ол көрсеткен елге талай.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,  
Теңесіп қарсыласар ер болмаған.  
20 Ағыбайдың алты алашқа аты шығып,  
Сол кезде ол бармаған жер болмаған.

Батырда бес жүз кісі нөкер болған,  
Соғысқа шеттерінен шебер болған.  
Шықпаған айтқанынан жолдастары,  
Ағыбай не бұйырса соны қылған.

Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы.  
Теп-тегіс бар оларда қыс пен жазы.  
Айтыс, той, ойын-сауық жоқ ол білмеген,  
Және көп неше түрлі өнерпазы.

30 Жүреді қару асып жігіттері,  
Шорлатқан алтын-күміс белдіктері.  
Сап қанжар, айбалта мен қылшы екен,  
Жауына көрсететеін ерліктері.

Асынған жіне белге қорамсақтар,  
Жайы жоқ жауды көрсе жарам сақтар.  
Бәрі әзір күндіз-түні өздерінде,  
Ерлері меншіктенген елін сақтар.  
Ол кезде жаугершілік заман екен,  
Әдеті халқының да жаман екен.  
40 Күшті елдің батырлары одақтасып,  
Егескен елін шауып алады екен.

Қапияда дұшпанына кез боп қалса,  
Тоқталып жүрдай болып қалады екен.  
Кез болып бір жорықта қалың дұшпан,  
Ағыбай соны есіне алады екен.

Кез болып, қалың дұшпан қамап алып,  
Жолдасы қолға түскен жараланып.  
Жолдасы Ағыбайдың ер Көлебе,  
Келгенде жеке дара жекпе-жекке.

50 Жекпе-жек Ағыбайдан кем соқпаған,  
Сүйсінген елі талай ерлігіне.  
Туысы сұлу еді, сұңқар қабақ,  
Айдыны Ағыбайдан артығырақ.  
Жерінде жолдастары байқаушы еді,  
Өрт мінез, аңғал еді батыр бірақ.

Атақты Алтай аты таудан арман.  
Бар еді қалың қалмақ қоныс ауған.  
Бастығы сол қалмақтың Құлаба батыр,  
Сол еді Көлебені байлап алға

60 Бар еді ол қалмақтың жалғыз қызы,  
Ізіндей құмырсқаның басқан ізі.  
Аспанның астында жоқ ондай сұлу,  
Мөлдіреп қарақаттай екі көзі.

Сыртынан талай қалмақ болған ғашық,  
Бата алмас ешбір адам аяқ басып.  
Бір күні жұртын жиды әлгі Ағыбай,  
Келіпті жиылған жұрт бірі қалмай.  
Ұнатып жиылған жұрт ақылдасып,  
Батырға ерсін деді ер Таңбай.

- 70       Іріктеп сексен жігіт нөкер алып,  
          Жөнелді сол қалмаққа содан былай.
- Көлденең көк найзасы, белде садақ,  
          Кигені үстіндегі күміс жарақ.  
          Басқасы жолдастардың қос-қос атты,  
          Ішінде дара мінген Ағыбай-ақ.  
          Баянның мына тұрған бауын құлай,  
          Асыпты кәрі Шыңғыс тауға қарай  
          Ертеде түік кезген Сарыарқаны,  
          Кезіпті ең соңында ер Ағыбай.
- 80       Шырылдаған бозторғайға әнін қосып,  
          Ән салған сексен жігіт дала шулай.  
          Жеке жұмбақ, ер жұмбақ, ертек жұмбақ,  
          Ғұмыры керуен боп өтті солай.
- Батырлар сол бетімен он бес қонып,  
          Кендірлік өлкесіне келді жетіп.  
          Төрт-бес арада демін алып,  
          Қалмақты қарауылдап жатты күтіп.
- 90       Ағыбай сол арада жата тұрсын,  
          Қызыққа, ойын-күлкіге бата тұсын.  
          Қолаба Көлебені байлап алған,  
          Солардың аз сөйлейін әңгімесін.
- Қолаба Көлебені байлап алған,  
          Мақтанып ол еліне алып барған.  
          Бекітіп қол-аяғын әлгі қалмақ,  
          Шынжырлап, терең қазып орға салған.
- Көлебе бірнеше күн сонда жатты,  
          Болғанда бес-алты күн бір дәм татты.  
          Құдықта Көлебедей батыр бар деп,  
          Қара көз бағана айтқан іздеп тапты.
- 100      Қара көз біледі екен Көлебені,  
          Жас сұлу ғашық екен бір көргелі.  
          Құдықтан Көлебені шығарып ап,  
          Отырды төмен қара сөйлегелі.

Сен рас Ағыбайдың жолдасы ма?  
Атақты ер Көлебе қолбасы ма?  
Сені мен шығаруға ант беремін,  
Төгілген қараймысың көз жасыма?

110 Қиямын бір сен үшін ел-жұртымды,  
Ойлама өтірік деп бұл сертімді.  
Неғылсам да шығаруға көңілім хақ,  
Жалғыз-ақ білдір маған ниетінді.

Көлебе жауап берді Қаракөзге,  
Бар сөзін айтып сұлу болған кезде.  
Сен сүйсең, мен де сені қабыл алдым,  
Абылайдың әруағы – айғақ осы сөзге.

Үндемей түні шықты жым-жырт болп,  
Сүйісіп екі жастың көңілі тынып.  
Құшармын Қаракөзді деген шақта,  
Бал дағы Қаракөздің кетті үзіліп.

120 Екеуі кетпек болды осы түнде,  
Қалмақтан құтылуға сәтті күнде.  
Қаракөз екі тұлпар алып келді,  
Тастамай қару-жарақ, киімін де.

Екеуі мініп екі ақбоз атқа,  
Білдірмей кетіп қалды көп қалмаққа.  
Арқаның күнбатысын бетке алып,  
Бастады Көлебе енді елі жаққа.

130 Шаң қайтып екі ақбоз ат ынталанып,  
Үміті екі жастың жүрегінде.  
Алтайдың ақтау алға асуынан,  
Тоқтамай тағы да өтті ертеңінде.

Еліне қыз әкесі бүлік салды,  
Кеткенін жалғыз қыздың біліп қалды.  
Кетті деп, дұшпан менен дұшпан болып,  
Қасына сегіз жүз кісі нөкер алды.

Қос жирен қос алғанның қос бедеуі,  
Ішінен арша көкті таңдап алды.

Жарысты ұшқан құспен арам қатқыр,  
Жетпеген Көлебеге несі қалды.

140 Жан өтпес жартастардан кетті қарғып,  
Тау жарып жалғыз қалмақ асыр салды.  
Бұлдырап сағым қуып Қолаба ұшты,  
Артынан қарасын жұрт көре алмады.  
Мінгені олардың да сондай жүйрік,  
Сонда да жолдастары ере алмады.

Ағыбай үш күн жатып демін алған,  
Жан-жаққа қарауылдап қарап тұрып,  
Алыстан бір қараны көзі шалған.  
150 «Аттан» – деп батырларды өзгерткенше,  
Жақындап екі құйын келіп қалған.  
Таңбай тағы байқап қара тұрып.  
Дәл осы Көлебе деп айтып салған.

Көтерді ала туын Ағыбайдың,  
Биікте қолында еді Таңбайдың.  
Көлебе Таңбайға қарсы жүрді,  
Көрген соң қарауылын Ағыбайдың.

Батырлар аман көріп көңілі тынды,  
Қаракөз аттан түсіп сәлем қылды.  
Ағыбай Қаракөзге риза болып,  
160 «Жарқыным, көп жаса!»- деп бата берді.

Таңбай таңғы байқап айналаны,  
Көреді келіп қалған бір қараны.  
«Аттан» – деп батырларға хабар беріп,  
Майдан қып тұра қалды бір қараны.

Қалмақ та тұра қалды жақын келіп,  
Сайдағы Ағыбайдың туын көріп.  
Ең мықтың жекпе-жекке тезірек кел,  
Шашайын қандарыңды ұрттап төгіп.

Ағыбай күреңшеге өзі мінді,  
170 Шақырып ескі әруақ, кәрі жынды.  
Көлебе: «мен барайын кегім бар» -деп,  
Өтініп Ағыбайға жол бермеді.

Қаракөз сонда айтады Ағыбайға,  
Ініңнің айлалары түспеді ойға.  
Әкемнің ашуланған кейпі жаман,  
Қоймайды Көлебені енді жайға.

Айтқанша осы сөзді бітті жұмыс,  
Сілкісіп батырлардан басталды ұрыс.  
Сұм қалмақ қылышпенен қағып өтті,

180 Әйткенмен сұм қалмақтың беті дұрыс.  
Көлебе тигізбеді қағып қалды,  
Ол қалмақ қайта айналып найза салды.  
Әлеуетті алып қолдық қаруымен,  
Өкпеге сағасынан найза барды.

Көлебе жер бауырлап аттан түсті,  
Сұм қалмақ кегін алып қанын ішті.  
Ес кетіп Ағыбайдың әскерінен,  
Қаракөз жансыз тәнді келіп құшты.

190 Ағыбай ол қалмаққа өзі барды,  
Қалмаққа өзіндей қып найза салды.  
Қорқырап аттан қалмақ құлағанда,  
Қаракөз ақ семсермен басын алды.

Басынан Қолабаның дәурен өтті,  
Кешікпей көп әскері келіп жетті.  
Таңбай Қаракөзді сақтап тұрып қалды,  
Соғысқа басқалары кіріп кетті.

200 Қалмақтың қашқандары қашып кетті,  
Қашпаған мықтыларын қырып болды.  
Найзаның қылышпенен қанын сүртіп,  
Ағыбай Қаракөзге қайтып келді.  
Құныңды өлгеніңше жоқтармын деп,  
Құшақтап Көлебені зар еңіреді.

Еліне сөйтіп қайтып келді Ағыбай,  
Бір жыл қатты қайғы көрді Ағыбай.  
Тетелес Көлебенің ағасына,  
Таңбайға Қаракөзді берді Ағыбай.

Сан сорлы сол секілді өткен талай,  
Күн жоқта жетім болған әлем мен ай.  
Жазықсыз сан сорлыны отқа салған,  
Рақымсыз қара пейіл сұм жалған-ай.

Құдай-ау, айналайын Алла Тағалам,  
Ғаламаға он сегіз мың жеткен панаң.  
Жарандар аз айтты деп ғайып етпе,  
214 Қиссасы Ағыбайдың болды тамам.

## ЕСЕНКЕЛДІ

Көпшілік, құлағың сал кеңесіме,  
Кеңеске пейіл салып келесің бе?!  
Не істеп, ата-бабаң қайдан келді,  
Білгенің толық жауап бересің бе?  
Азырақ бұл туралы сауатыңды аш,  
Білмесең мен айтайын, сенесің бе?  
Көктеген тарихыңды ұқпай жүріп,  
Дүниеге босқа келіп, өлесің бе?  
Білгенді айтып, білмеске үйреткенді,  
10 Аруағы атасының жебесін де.  
Қызайдың от маздатқан жері қайсы,  
Білетін бар ма, жұрттың көнесінде?  
Білгенін айтса екен деп, үміт етем,  
Бір ауыз болса дағы сөз есінде.  
Құрасақ бір ауыздан тарих болар,  
Көне сөз көп болады, ел есінде.  
Сол үшін көпшіліктен сұрамақпын,  
Болғанын мен жазайын, өз есімде.  
Керек қып ауыздағы аңыздарды,  
20 Ел үшін еңбек етіп тересің бе?  
Өзінен көпшіліктің үйренгенді,  
Өзіне қайта өңдеп бересің бе?  
Көп сөзді көнелерден естіп едім,  
Қалмапты осы күнде көбі есімде.  
Сонда да көрге апармай білгенімді,  
Берейін көпшіліктің үлесіне.  
Ендеше тарту етем бір қазына,  
Осы елдің қарасы мен төресіне.  
Еске алып, ата тарих елес берем,  
30 Баға бер оқығаның кеңесіме.  
Тоқтамай зырла жүйрік қарт қаламым,  
Өзіңді қолыма алсам шаттанамын.  
Жасымнан көне жолдас жан серігім,  
Шын сөзді тыңнан алып тарт қаламым.  
Сүйсініп естіген жан тыңдағандай,  
Үлгілі, жүйелі сөз тап қаламым.  
Жазайын білгенімді бүкпей ішке,  
Жетерлік елден естіп жаттағаным.  
Азырақ ой тоқтатып толғанайын,  
40 Қай сөзден тақырыбын ақтарамын.

Көп сөзді көнелерден көріп едім,  
Несіне енді бүгін жасқанамын.  
Артыма ата мирас тарих қалсын,  
Көңілге сары алтындай сақтағаным.  
Ендеше қайсы сөзден бастамақсың,  
Қай жерге сөз түйінін тастамақсың.  
«Қызайдың тарихы» деп сөз бастайын,  
Сынасын сыншылары жас талаптың.  
Жататын Ұлы жүзге үйсін қандай?!  
50 Үйсіннің туажаты Бәйдібек бай.  
Күнбүбі Бәйдібектің күндей қызы,  
Атанған кейін келе анам Қызай.  
Кіреді Орта жүзге найман елі,  
Найманның туажаты Матай еді.  
Матайдың шөбересі Шағыр ерге,  
Бәйдібек тойын жасап, қызын берді.  
Шағырдың жан жұбайы Қызай анам,  
Тарихтан естуімше былай анам.  
Жасынан шарапатты болған үшін,  
60 Әлемге аты шығып болған аян.  
Ол дәуір ХҮ ғасыр екен,  
Білмеймін ортасы ма, басы ма екен?  
Өз аты ерден бұрын ерек шыққан,  
Басқадан шарапаты басым екен.

Мекені «Қызай тауы» атаныпты,  
Ұрпағы сонда өсіп жатыр екен.  
Алтайдан арғы Алатау, Бота, Мойнақ,  
Сол жерге Қызай тауы жақын екен.  
Хамсеке<sup>14</sup> бұл жерлерді бір жазыпты,  
70 Тәрізі бір желілес асу ма екен?

Қызайдың осы жерлер – өрісі екен,  
Шағырдан Итемген мен Меңіс екен.  
Шағыр өліп, Қызайды Қойшы аға алып,  
Бегімбет одан туған Дербіс екен.  
Меңістен Тәңірберді, Тілеуберді,  
Қызайдың немересі сол кісі екен.

Баласы Тәңірберді Құдайназар,

---

<sup>14</sup> Тауарих Хамсе – «Шығыстың бес тарихы» атты Құрманғали Халиттің 1910 жылы Қазан баспасында басылған кітабы.

Осыдан сөздің басы өрбісе екен.  
Аға-іні Құдайназар тоғыз туған,  
80 Мекені Қызай тауы кірін жуған.

Құдекең басқасынан ер болыпты,  
Жау десе жан аямай қарсы тұрған.  
Сол кезде қазақ, қалмақ қан төгісіп,  
Жатыпты ел мезі боп айғай-шудан.  
Бұтаға жеңілгені тығылыпты,  
Мысалы шылдай болып, тұйғын қуған.

Осындай жаугершілік заманда жат,  
Жүріпті ат үстінде ер-азамат.  
Ол кезде қолда бардың бәрі қару,  
90 Батыры сауыт киер неше қабат.  
Кейде жеңіп, кей кезде жеңіледі,  
Соғыста көп адамдар қаза табад.  
Ұраншыл ер жігіттің әдеті сол,  
Айғайлап аттан шықса қалмай шабад.  
Жалаңаш тұра сала жүгіреді,  
Киімін киюге де қылмай тағат.

Соғысып жауға қарсы ұрысады,  
Немесе ұрлап жылқы қуысады.  
Екі жау бірін-бірі жеңе алмаса,  
100 Кей кезде бітім жасап шығысады.  
Ол бітім көп ұзамай бұзылады,  
Қайткенде жаугершілік тынысады?!

Кенеттен қазақты кеп, шапты қалмақ,  
Жеңетін бір орайын тапты қалмақ.  
Топтаған қарулы күш қосынымен,  
Мал шауып, садақтарын тартты қалмақ.  
Жылқыны жайына алып кете бермей,  
Түзеді шебін құрып сапты қалмақ.

Шыдамай соғысуға үрікті жұрт,  
110 Жасақ сап күш артына бірікті жұрт.  
Көшіріп қатын-бала, кемпір-шалды,  
Қайрылып талай боздақ тұрыпты жұрт.

Не қалды, жау қолында жылқы қалды,  
Асқар тау, атамекен жұрты қалды.  
«Жаудың ісі – жау жалам» деген мақал,  
Тігулі үй ішінде мүлкі қалды.  
Іркітпен саба толы, асқан қазан,  
Жаюлы өресінде құрты қалды.  
120 Қой шулап, түйе боздап көшпен кетті,  
Жұртта ұлып кей ауылдың иті қалды.

Ығыстап қазақ үркіп қашпақ болды,  
Бір қысаң тар асудан аспақ болды.  
Асудан көшті асырып жіберген соң,  
Батырлар жауды тұрып тоспақ болды.  
Асудан тосып жауды қиратуға,  
Құрыпты ақылмен бас қоспақ болып.  
Батырлар жан пидаға шықпақ болды,  
Қорқақтар қорқып көшке ықтап болды.  
Тоғысып тар кезеңде сайысуға,  
130 Көпшілік күш-жігерін мықтап болды.  
Сын болды екі жаққа осы кезең,  
Жауларын жерге таптап тықпақ болды.

Кезеңде көпшілік боп ақылдасты,  
Жауменен сайысуды мақұлдасты.  
Кезеңнен кезеп жауды тосып алып,  
Келгенін қызыл қанға батырмақшы.  
Сөйтсе де жаудың беті өте суық,  
Жазықтан жау аузына жақындасты.

Батырлар сол арада бірікті енді,  
140 Перінің жігітіндей іріктелді.  
Жібермей сол асудан алдын тосып,  
Соғысып салмақ болды бүлікті енді.  
Жарқылдап көк найзасы, ақ балтасы,  
Садағын белдеріне іліпті енді.  
Талапты, ер жүректі азаматтар,  
Ел үшін жан пидаға шығыпты енді.

Айтайын Құдайназар батырды енді,  
Ағасын: – Бері кел, – деп, шақырды енді.  
Құттымбет тоғызының ең үлкені,

150 Салады ағасына ақылды енді:  
– Тоғыздан мен шығайын жан пидаға,  
Қараңыз бала мен сіз қатынға енді.

*Ағасы айтты:*

– Жас қой, – деп балаларың,  
Сен едің ақыл тауып паналарым.  
Онан да бұл жорықта мен қалайын,  
Тура ғой бір керекке жарағаным.  
Ер жетіп балаларым, ес тоқтатты,  
Мен сенен осы жолды қалағаным.  
Інісі сонда ибамен: – Ағай, – деді,  
160 Беріңіз рұқсатты маған, – деді.  
Мен өлсем арт жағымда сіз барсыз ғой,  
Аманат қатын-бала саған, – деді.  
Қайтарма көңілімді, рұқсат бер,  
Жауға ойран осы жолы салам деді.  
Үш ұлым ержеткенше тірі болсаң,  
Кім түртіп қабағына қағар, – деді.  
Біраз жыл ержеткенше пана болсаң,  
Өз жанын аз жылдан соң бағар, – деді.  
Ер жеткен бір қызым бар ұлдан артық,  
170 Шешесін сол бағуға жарар, – деді.

Үш ұл – жас, ер жеткені – бір қыз еді,  
Шаруасын басқарғаны сол қыз еді.  
Өзінде білім де бар, өнер де бар,  
Мақтасам сол заманның дүлдүлі еді.  
Үш ұлға үлгі үйретер осы қызы,  
Шолпандай таңғы туған жұлдызы еді.  
Өнері ұлдан артық садақ атса,  
Мінезі қызыл жібек қырмызы еді.  
– Сізбенен мен де бірге қаламын, – деп,  
Тілегін әкесіне білгізеді.  
180 – Өнерім бір кісіден кем емес, – деп,  
Ішіне сөз түйінін кіргізеді.

Сол кезде он сегізге келген еді,  
Үлгіні атасынан көрген еді.  
Аспанға лақтырған тақияны,  
Садақпен ұшыратын мерген еді.

Кем емес бір кісіден күш-қуаты,  
Қысқасы өзіне-өзі сенген еді.  
– Біреуге сізден қалсам әйел болам,  
Сол ма? – деп, бар тапқаным жеңген еді.  
190 Қызының жауабына жауап таппай,  
Әкесі көп ойланып сенделеді.  
Баласы сөзбен буып, болмаған соң,  
Қабылдап қыз мақсатын жөн көреді.

Бұл қыздың айтқан сөзін ойлап көрсе,  
Қандай жан ұлдан қызды кем көреді.

Соғыста қалды батыр қызыменен,  
Ел кетті жаудың ығып жүзіменен.  
Қош айтып қатын-бала көшпен кетті,  
Үріккен қалың елдің ізіменен.  
200 Мақсаты батырлардың жауды қырмақ,  
Көптің күші, қылыштың жүзіменен.

Батырлар ұран салды, ту ұстады,  
Көңілі жаудан қорқып суыспады.  
Қынама, тар асуды тосқаннан соң,  
Азырақ жау қайрылып, ығыстады.  
Бір сөтке екі жақ та атыспады,  
Сөйтсе де бекер қарап жатыспады.  
Қарауыл күзет қойып, екі тарап,  
Соғысқа бір күн, бір үн қатыспады.  
210 Үріккен ел ұзасын деген оймен,  
Аңдысып амалменен тақыстады.

Екі жақ екінші күн салысты ұрыс,  
Айғай-шу жер күңіренді тарс-тұрс.  
Өлгені өліп, кейбірі жаралы боп,  
Екі күн болды ұдайы алыс-жұлыс.

Жау үдеп, шабуылдап басылмады,  
Сөйтсе де жауды асудан асырмады.  
Екі жақ әлі қырғын тауып жатыр,  
Не жеңіп, жауды кейін қашырмады.  
220 Үдеді тағы соғыс манағыдан,  
Асудың жау аспады қабағынан.

Жүргенде араласып Құдайназар,  
Торы аттың садақ тиді сағағынан.  
Кезеңнің дәл үстінде мірдің оғы<sup>15</sup>,  
Бауыздап кетті кенет тамағынан.

Асқынып бұрынғыдан соғыс қатты,  
Көп адам екі жақта өліп жатты.  
Елі үшін көп азамат құрбан болып,  
Жазуын бір Алланың көріп жатты.  
230 Жау қашты, кешке таяп үрейленіп,  
Жазасын қашқан жаудың беріп жатты.  
Кімнің бар, кімнің жоғын біле алмастан,  
Кеш болып, сол асуда қонып жатты.

Таңертең батыр тұрса ел кетіпті,  
Қашқан жоқ, жау кетті деп жөн кетіпті.  
Бірақ та жаралы боп қалғандарды,  
Әлсіреп сусын жағы меңдетіпті.  
Оларды бірден жиып сусын тауып,  
Су беріп, Құдайназар емдетіпті.  
240 Ұйықтап, бір орында қызы қалған,  
Оятып ұйқысынан тербетіпті.  
Жарадар жанды тастап кете алмастан.  
Қысылып маңдайынан тер кетіпті.

Аты жоқ, баласымен жаяу қалды,  
Көңілі әр жағынан қаяуланды.  
Қысылып сасқалақтап тұрғанында,  
Сайды өрлеп тағы жаулар таяулады.  
Бәрібір жаяу қашып құтылмайды,  
Сондықтан жауды тосып аялдады.  
250 Бір істі тағдыр есте пендесіне,  
Ерік жоқ жазған істі көрмесіне.  
Өлген менен жаралы болғандардың,  
Шашылған оқ-садағын термесін бе?!  
Әйтеуір жанталасып жүргенінде,  
Бір далбас қысылғанда келді есіне.  
Кешегі өліп қалған торы азбанның,  
Екеуі паналады кеудесіне.

---

<sup>15</sup> Мірдің оғы – алысқа тиетін түтінді садақ оғы.

Сол жерде соңғы лебіз шертіседі,  
Тағдырдың кез болдық деп кермесіне.  
260 Мен өлсем, сен артымды жөндер едің,  
Апыр-ай, қалдың, балам, сен несіне?

*Қыз айтты:*

– Шейіттікті жазса тағдыр,  
Бола ма, жаным ата-ау, көнбесіме.  
Онан да қалған оқпен атысалық,  
Естіген, ең болмаса ер десін де.

Ал енді жатсақ та өлдік, тұрсақ та өлдік,  
Жан ата-ау, жаудың түрін көрмейсің бе?!  
Дұшпанға алдын-ала оқ аталық,  
Садақты маған жөндеп бермейсің бе?!  
270 Сонымен жауға қарсы садақ тартты,  
Паналап өлген аттың кеудесінде.  
Садақты бірі оқтаса, бірі атып,  
Кезеңнен жібермеді өрлесінге.  
Сығалап түс мезгілде бір қараса,  
Өлген жау жеткен екен он бесіне.  
Көппенен кешке дейін атысқан соң,  
Көлігіп оқ таусылды сол бесінде.  
Дұшпандар ызаланды жеңбеген соң,  
Көп адам екі адамнан өлгеннен соң.  
280 Қаптады қарғадай боп сол сағатта,  
Жарағы таусылғанын көргеннен соң.  
Тірі ұстап екеуін де шейіт қылды,  
Аяй ма, Құдай қолға бергеннен соң?  
Ісіне қырғыншылық шара бар ма?  
Осылай ажал тура келгеннен соң.  
Жау жатыр өлген жанды тонап алып,  
Олжаны аз ғана емес, молаң алып.  
Жаралы бірі кеше қалған екен,  
Басында қайтпақ еді соны-ақ алып.  
290 Қазақты жараланған қойша қырып,  
Жау қайтты бір батырын қонаға алып.  
Тірісін бұлар келіп, алып кетті,  
Біз неге кейінгіге қарамадық?  
Қырылды осы жолда нелер саңлақ,

Жеңілдік бұл сапарда қараң қалып.

Ал енді бұл сөз, мұнда тұра тұрсын,  
Аяғы бұл соғыстың тына тұрсын.  
Ілгергі үріккен ел тиянақтап,  
Алды-артын кім бар, кім жоқ жия тұрсын.  
300 Елі үшін ері өлсе де ел құрымас,  
Көз жасын сабыр етіп тия тұрсын.  
Сүйегін өлгендердің көму үшін,  
Кеңесті ел жиылып, құра тұрсын.

Сонымен сүйек іздеп, халық жүрді,  
Жау бар деп, қару-жарақ алып жүрді.  
Қайғырып шейіттерге азаланып,  
Көз жасы көпшіліктің ағып жүрді.  
Айрылып елден, жерден қырғын тауып,  
От болып, іште жалын жанып жүрді.

310 Сонымен үш күн жүріп белге келді,  
Баяғы соғыс болған жерге келді.  
Ит-құс жеп, саудырап, бос сүйек қапты,  
Келгендер танымапты өлгендерді.

Кескен бас, жұлын-жота сайда қалған,  
Қабырға, басқа сүйек қайда қалған?  
Атырап аппақ сүйек болып жатыр,  
Бір кезде міне осындай жай да болған.  
Жақсылық, жамандықтың бәрі де өрнек,  
Кімнен зиян, кімдерден пайда қалған.

320 Келгендер оқиғаны көріседі,  
Әр жерден сүйек-саяқ теріседі.  
Сүйектің бірін қоймай жинастырып,  
Бір жерге жаназа оқып көміседі.  
Батырдың Құдайназар бір белгісі,  
Екі елі жалпақ еді қасқа тісі.  
Қыз танылды әйелдік белгісінен,  
Шашының бұрап өрген өргісінен.  
Қос сүйек әбден танып, алынған соң,  
Бірыңғай бөлек қойды, көп кісіден.

330 Қызға арнап және ерекше ақым ойды,

Жанынан атасының жақын қойды.  
Осылай елі үшін шейіт болды,  
Жан еді, екі батыр ақыл-ойлы.

Көмді де шейіттерді кетті халық,  
Еліне аман-есен жетті халық.  
Енді бір иен жерден қоныс ізде,  
Кеңесін ақылдасып етті халық.

Ол кезде батыр бастап жер салады,  
Жерді де толық миы ер салады.  
340 Жауға жері беріктеу көлемі кең,  
Жағдайлы жақсы жерге зер салады.  
Бір ғасыр иен тұрған ту жер екен,  
Тауыпты Аякөз бен Көксаланы.

Осылай Аякөзге келді Қызай,  
Қалдырып кіндік кескен жерді Қызай.  
Суы бал, желі жұпар, шөбі дәрі,  
Қызығын Аякөздің көрді Қызай.  
Тай құлындап, ешкісі үшем тауып,  
Байыды жылдан-жылға енді Қызай.  
350 Тобылғысы болыпты үйге тіреу,  
Иті таңғыт, ыдысы алтын болды Қызай.  
Қызыры анасының бастап келіп,  
Төгіпті осы жерге қорды Қызай.  
Кешегі Абылайдың заманында,  
Көксала, Аякөз боп орны Қызай.  
Тоқтайды осы жерде сөз аяғы,  
Жазылар кейінірек соңғы Қызай.

Келеді басқа бір сөз жаңасынан,  
Үш жетім Құдайназар баласынан.  
360 Бір үйде үшеуі де жетім бала,  
Төрт жан боп айырылмапты анасынан.  
Қарабас – Құттымбеттің үлкен ұлы,  
Жан екен, жас басынан аласұрған.  
Шешесін үш жетімнің аламын деп,  
Айғырдай азынады таң асырған.  
Бұл сөзге ызаланды жесір әйел,

Ағайын жөн көрмеді жаны ашыған,  
Қазақтың әменгерлік бір жолы бар,  
Бұл өзі-ата салты бабасынан,  
370 Көнсе де, көнбесе де алатұғын,  
Табатын солай пайда таласудан.

Нашарға осы емес пе, бас мұңшылық?  
Есерге ес таптырмас асқыншылық.  
Жабығын жарып түсіп бір күн түнде,  
Жасауға ұрыныпты басқыншылық.  
Шыдай ма, тірі пенде бұл қорлыққа,  
Япыр-ау, бұл не деген қасқыршылық?

Бір түнде міне осындай ыза болды,  
Ызамен жын соққандай қызады енді.  
380 Кей кезде өзін-өзі билей алмай,  
Ниетін өлейін деп, бұзады енді.  
Үш жетім жас баланы тағы қимай,  
Сау да емес, ауру да емес, сызады енді.  
Жеткен жоқ, бұл оқиға бір жұмаға,  
Уақыт кетпесінші ұзап енді.  
Даяр мал, даяр төсек, даяр үйге,  
Тағы бар құрып жүрген тұзағы енді.  
Қорытып бар, қиялын біріктіріп,  
Кетудің бір жобасын сызады енді.

390 Бір түнде тұлыпқа айран құйып алды,  
Азыққа құрт, ірімшік түйіп алды.  
Ақтарып теңді шешіп, көтергендей  
Жеңілдеп бір кісілік киім алды.  
Өзінің басын қорғап қашып шықты,  
Бар малы, тіккен күй-үйі қалды.  
Қазақтың әменгерлік дәуірінде,  
Жесірдің қай жерінде күйі қалды.

Кіші ұлы Сұлтекеңді<sup>16</sup> көтереді,  
Ортаншы Есекеңді<sup>17</sup> жетеледі.  
400 Жолымбет екеуінен үлкен екен,  
Артынан өзі жүріп кете берді.  
Төркіні сары үйсін деп, бұрынғы айтар,

---

<sup>16</sup> Солтанкелді.

<sup>17</sup> Есенкелді.

Сол жаққа бетін түзеп төтеледі.  
Түнімен ел ішінен шығып кетті,  
Таң ата елсіз жерге жетеді енді.

Таң атып, жерді болжап, біліп алды,  
Бір сайға бекінуге бұрылады.  
Сусындап, демін алып, ұйқы қанып,  
Күн бойы сол арада тынығады.  
410 Кеш батса, бетін түзеп, кеткелі отыр,  
Бұл жерде бір әңгіме туылады.

*Ортаншы Есенкелді:*

– Апа, – дейді,  
Болмаңыз айтқан сөзге қапа,– дейді.  
Шұбыртып қайда апарып өлтіресің,  
Іздедің неге мұнша жапа?– дейді.  
Мал қайда, үйің қайда, бұйым қайда,  
Бағатын не бізде жоқ ата?– дейді.  
Шешесі оқиғаны ашып айтпай,  
Сауалын баласының қате дейді.  
420 Сөйтсе де көңіліне сөзі жағып,  
Ішінен қуаныш қып бата берді.  
Шешесі сөзін сонда бастайды енді,  
Бір нұқып, ұлын жерге тастайды енді.  
Өртердей қу жанымды жолай балам,  
Жоқ сөзді, қайта маған айтпа?– дейді.  
Анасының сонда үш жетімге айтқан зары:

– Ағайынды үшеусің,  
Жал-құйрығың келте ме?!  
Осы күнді іздерге,  
430 Жазған Алла ертеде.  
Өлмей тірі жүрсеңдер,  
Бір шығарсың желкеге.  
Айналарсың құлыным,  
Ел бастайтын серкеге.  
Өлмеген құл ас ішер,  
Дәм татып алтын табақтан.  
Сабыр сақта, құлыным,  
Тастамас құры Жаратқан.  
Тірі жүрсең үшеуің,

- 440 Қалтырмас Алла санаттан.  
Оңдай гөр Алла жолымды,  
Қазіргі минөт-сағаттан.  
Оқиды ана бір намаз,  
Қолда деп, ием Жаратқан.
- Құдайға мінажат қып зарланады,  
Біресе қиял жеңіп сандалады.  
Ілгергі болып өткен оқиғаны,  
Айтуға балаларға арланады.  
Үшеуін дарғайыңа паналат деп,  
450 Жалынып жаратқанға жалбарады.  
Жер жібіп, тастар балқып көз жасына,  
Жаны ашып, жан-жануар таңғалады.  
Ал енді отырудың қажеті жоқ,  
Тағы да түн қатуға қамданады.
- Күн батқанда жылжиды,  
Түн қатып, тағы Алла деп.  
Сендер де балам жалбарып,  
Жаратқанға зарла деп.  
Етегімнен ұстап жүр,  
460 Айырылып менен қалма деп,  
Анда-санда дыбыстап,  
Артымда бар ма, жоқ па деп,  
Қырқадан-қырқа жол жүріп,  
Тоқтады бір күз жарға кеп.
- Табандарын ойдырып,  
Жүре алмай әбден болдырып,  
Тар шатқалға жетті кеп.  
Жер сүзе бәрі жығылып,  
Мұрттай ұшып жатады.  
470 Ұйқы қанып ертеңі,  
Дәл түсте көзін ашады.  
Ойылған тегіс аяғы,  
Қайтіп жерге басады.  
Шәйіп ішіп шалабын,  
Бір белден әрең асады.  
Жетімді қинап осынша,  
Ырызғысын түзге шашады.  
Дәрмені қалмай жүруге,

Сонда қатты сасады.  
480 Әменгер әдет болмаса,  
Бұлардың бар ма жазығы?  
– Осы ма,– деп зарлайды?  
Алланың бізге жазуы.  
Басуға аяқ келмейді,  
Таусылды сусын – азығы.  
Қауіп келді өлімнен,  
Ұзап жерге қаша алмай.

Болдырып келіп отырды,  
Аяғын жерге баса алмай.  
490 Көрінді тағы бір асу,  
Әлсіреді аса алмай.  
Жүре алған кісі әрине,  
Бір сағатта асардай.

Көнбесіне шара не?  
Көрсетті тағдыр бұл істі.  
Отырып бекер өле ме?  
Ілбіп әрең жүрісті.  
Жүре алмаса еңбектеп,  
Асуға таман тырысты.  
500 Бесінде шығып жотаға,  
Тағы да алды тынысты.  
Ел көрінді етекте,  
Қуанып біраз тұрысты.

Отырған қалың ақ үйлер,  
Жайылған малы өрісте.  
Қиыншылық, ғаріптік,  
Жоғалды, елді көрді де.  
Бір жығылып, бір тұрып,  
Домалады еңіске.  
510 Ымыртта келіп отырды,  
Бір ауылдың шетіне.  
Ит қорып үйге кіргізді,  
Қарайды бәрі бетіне.  
Аз-аздан беріп сусынды,  
Келсін деп жатыр есіне.  
Демін алып болған соң,  
Ұқтырды жайын шешіле.

Бай екен үйдің иесі,  
Айдап кепті несібе.  
520 Рулас екен өзімен,  
Төркіннің келді шетіне.  
Ауылына кісі шаптырды,  
Таң атпай күннің кешінде.  
Ат алып жетті төркіні,  
Ертеңгі күнгі бесінде.  
Әке-шеше, бауыры,  
Шұрқырап келіп көрісті.  
Балаларын құшақтап,  
Беттерінен өбісті.  
530 Уатып жатыр бай бәрін,  
Көне екен көрген көп істі.  
Аман-есен жеткен соң,  
Қайтсе де бәрі келісті.  
Қарабасты қарғасты,  
Кім оң дейді терісті?  
Бұлардың көрген қорлығы,  
Жылатты сонда көп елді.  
Аялдамай келгендер,  
Ауылына алып жөнелді.  
540 Жорға-жүйрік мінгендер,  
Аяңдамай желеді.  
Бесінде шығып түнімен,  
Ауылына жетіп келеді.  
Әкесі асқан бай екен,  
Баласы да ер еді.  
Үй тұрғызып басына,  
Енші бөліп береді.  
Қорасына қой салып,  
Өрістен жылқы бөледі.  
550 Жылдан-жылға үш жетім,  
Ержетіп өсіп келеді.  
Нағашы ата бөлекше,  
Үшеуін жақсы көреді.  
Тәрбиелеп әлпештеп,  
Үлгілі нұсқа береді.

Артық көрген ұлынан,  
Үйретті жастан өрнекті.  
Ұядан ұшқан сұңқардай,

- Тәртіпті болып ержетті.  
560 Ықыласпен берген еншісі,  
Өсіп-өніп өрлепті.  
Жайлы жиен болған соң,  
Бөтен деп, ешкім бөлмепті.  
Үшеуі тең ержетіп,  
Жігіт бопты көрнекті.
- Жолымбет мал иесі момын болды,  
Мінезі қойдан жуас қоңыр болды.  
Сенімді, тиянақты ел-жұртына,  
Кәдімгі қариядай порым болды.  
570 Ел сүйген Есенкелді серке болды,  
Кенжесі Сұлтанкелді ерке болды.
- Жақсылық жамандықпен екеуі егіз,  
Бұл бақыт үш жетімге ерте қонды.  
Құйрығы жамандықтың бір-ақ тұтам,  
Қастығы Қарабастың келте болды.
- Бұл елдің биі болды Есенкелді,  
Ел қамын бірден шешер десең болды.  
Қақ жарар қара қылды әділетті,  
Қаратқан елді аузына шешен болды.
- 580 Сол кезде ер Матайдың Қайып биі,  
Құн даулап келген екен осы елге енді.  
Қайып би елді сөзбен буса дағы,  
Бермеді Есенкелді есені енді.  
Үйіне кешке Қайып келгенінде,  
Оқиға болды осында шеше деді.  
Мен әлі танысқам жоқ сырттап жүрмін,  
Келгені Қайып бидің кеше деді.

*Шешесі айтты:*

- Ол кісі келсе,— деді,  
Бұрылмас қисық сөзге елше,— деді.  
590 Ол елдің қасиетті бір кісісі,  
Сенімен танысады көрсе,— деді.  
Жолықпай назасына батасын ал,  
Егерде ел тіліңе көнсе,— деді.

Қайтарда, таныспаса шақыр үйге,  
Жөн болар, солай болса менше,— деді.

Қайып би өзі қонған ауылда еді,  
Бұл жерде бұл оқиға табылды енді.  
Би айтты жолдастарға ойланды да:  
— Кешегі сары жігіт не қылды енді?  
600 Сүйеніп құрығына тұрғанында,  
Кеңесіп елі сонда жабылды енді.

Үстінде тай жағалы ұзын сары,  
Мен білсем осы ел соған бағынды енді.  
Сонымен кеңескен соң сөз бұзылды,  
Мен жорып тұрмын солай сарынды енді.  
Сол жігіт кім екенін білу керек,  
Іздеңдер шалымдырақ бірің, — деді.

Іздейді Қайып бидің жігіттері,  
Дерегін сары жігіттің білуге енді.  
610 Құдайназар батырдың баласы екен,  
Деп біреу Қайып биге жүгірді енді.

Жігіттер бұл хабарды біліп келді,  
Қайып би көздің жасын ірікті енді.  
Бар екен құлағында бұрыннан-ақ,  
Шынында сол ма екен деп, тұрыпты енді?  
«Өлгенді не қылайын, тірімді алмай»,—  
Деп, жылап Қайып атқа мініпті енді.  
Жаюлы дастарханы қала берді,  
Туралап сол ауылға жүріпті енді.  
620 Елендеп отыр екен замандасы,  
Алдынан қызша жылап шығыпты енді.  
Көрісіп, жамырасып, жадырасып,  
Хал-жайын екі жақтың біліпті енді.  
Даулаған ердің құны былай қалсын,  
Бұлардың хал-жағдайын ұғыпты енді.  
Үш жетімді нағашы ел-жұртымен,  
Қайып би сөзбен жеңіп буыпты енді.  
Есекең ары-бері бұлтарса да,  
Кәрі би сөзден бермес ырықты енді.  
630 Ақыры олай тартып, былай тартып,  
Қайыптың айтқанына көніпті енді.

Келген соң екі жағы бір ниетке,  
Жыртығы қам көңілдің кірікті енді.  
Жіберді қос атпенен елге кісі,  
Орнына саламын деп сынықты енді.  
Іздеген ердің құнын Қайып биді,  
Есекең ақылменен тұнытты енді.

*Қайып би:*

640        – Сәлем айтты ата ұлына,  
              Бұл істі салсын Қызай ақылына.  
Жоқтаусыз үш жетімді жіберіпті,  
Осы ма, қылған сыйы батырына?

Кәделі кәриясы тегіс келсін,  
Бұл істі сүйретпесін тақымына.  
Көлікті аялдамай тез әкелсін,  
Себеп сол, менің тосып жатуыма.

650        Сәлемін алып Қайыптың,  
              Келді жігіт Қызайға.  
Жиылып Қызай кеңесті,  
Қайыптың сөзі ұнай ма?  
Жүрмек болды қамданып,  
Тура деп сөзі Құдайға.  
Жібермес Матай намысты,  
Бұзуға сөзді шыдай ма?!

Ата ұлынан Қызайдың,  
Атақтылар жүріпті.  
«Орындар,» – деп, ол жерде,  
Қайып өзі жұмысты.  
Тікелей барып тауыпты,  
Тым-тырыс жатқан бұл істі.

660        Айтпаған білді Қайып сырды дейді,  
              Іштегі жуар дейді кірді дейді.  
Үш жетім Құдай қосса келер елге,  
Болады кейінгіге үлгі дейді.  
Сонымен жетті бұлар көлікті алып,  
Жыласты үш жетімді көріп халық.  
Қойдай шулап, қозыдай маңырасып,

Тынықты бірнеше күн қонып халық.  
Ақсарбас, көк қасқасын айтып сойып,  
Жиылды екі жаққа толып халық.

- 670 Деді Есекең: – Нағашы өскен елім,  
Өткізсем кемшілікті кешкен елім.  
Жиеннің нағашыға қиығы жоқ,  
Мен билеп елі-жұртын төстеп едім.  
Келіпті ата жұртым көшіргелі,  
Жасымда бір себеппен кеткен едім.  
Паналап жетім-жесір кең саянда,  
Желкілдеп мұратыма жеткен едім.  
Сұраймын кішілікпен ілтипатты,  
Бір шыбық бұтағындай көктеп едім.
- 680 Көпшілік мына сөзді аңғарады,  
Жауапқа жауап таппай таңғалады.  
Көп сөздер ары-бері болып жатыр,  
Қия алмай бірін-бірі сандалады.  
Батасын, рұқсатын берді жұрты,  
Көшуге енді олар қамданады.  
Біреуге берсе Құдай алапатты,  
Пешене-маңдайынан шам жанады.  
Үш жетімді рулы елдей қылып,  
Шығарып салды үйсіннің бар манабы.
- 690 Көшіріп үш жетімді келді халық,  
Аямай жақсылығын берді халық.  
Бұрынғы өткен істің бар билігін,  
Айтатын Қайып биге сенді халық.  
Мойнына Қарабастың құрым іліп:  
«Күнәсін өзің біл»,– деп жөнді халық.

*Бәйбіше:*

- Күнәнді мен кештім, – дейді,  
Мойныға құрым іліп кепсің,– дейді.  
Бұрынғы олжалаңған мал-мүліктер,  
Бір тиын керегі жоқ кетсін,– дейді.
- 700 Кешегі жақсылардың аруағы үшін,  
Кешірім көпшілік те етсін,– дейді.  
Қайып би деді ұрпағың өспесін,– деп,

*Бәйбіше айтты:*

- Өспесе де, өшпесін, – деп.  
Тағы да жақындық қып жаны ашыпты,  
Қарғысқа көп жолығып кетпесін,– деп.  
Қазаққа қандай Құдай үйретті екен,  
Жесірді әменгер қып шектесін,– деп.  
Немесе шарифаттан тапты ма екен,  
Қой сойып ықтиярсыз ет жесін,– деп.  
710 Қазақи салттағы осы теріс жерін,  
Айтпапты бұрынғылар екшесін,– деп.  
«Аға өлсе, ініге мұра» деген сөзін,  
Қазақтан өтінемін өйтпесін,– деп.  
Жесірдің көз жасына жолығады,  
Секілді Қарабастай<sup>18</sup> жетпесін,– деп.  
Кеңесті кешікпестен енді Қызай,  
Пікірді бір-біріне берді Қызай.  
Қуанып үш жетімнің келгеніне,  
720 Бір үлкен той қылмақшы болды Қызай.  
Бегімбет, Дербіс, Итемген, меңіс болып,  
Бір жерге иін тірей қонды Қызай.  
Ел жиып, ат шаптырып той жасады,  
Аумаққа атты-жаяу толды қызай.  
Бұл тойға ер Қабанбай батыр келді,  
Өтейлеп ол кісіні шақырды енді.  
Жауына арыстандай айбат шеккен,  
Найманның алтын туы асыл келді.  
Үйіне батыр келіп қонған күні,  
730 Бабамның<sup>19</sup> ұл туыпты қатыны енді.  
«Баланың атын өзім қоямын» – деп,  
«Қабанбай, Қабанбай» деп атын қойды.  
Ешкімге өз атымды қойғызбаушы ем,  
Көңілім тартты саған жақын дейді.  
Үйіне қайтқанында ер Қабанбай,  
Бабамды Қайып бимен шақырды енді.  
Барады ата ұлынан жұрт бастығы,  
Абылай елді жиып жатыр дейді.  
Қалайша жаудан аман ел қорғаймыз,  
Сол жерде қорытамыз ақыл дейді.  
740 Мезгілін жиылыстың айтып кетті,

<sup>18</sup> Қарабастың шын аты Елдай екен. Мойнына құрым кигізілгендіктен Қарабас атаныпты.

<sup>19</sup> Бабам дегені – Есенкелді. Ақын Доспер Есенкелдінің баласы Қабанбай руынан шыққан адам.

- Қалмаймыз уағынан мақұл дейді.  
Батырға, Қайып биге Есенкелді,  
Сый тартып атан және атын берді.  
Қазақта Қызай сонда татымды еді,  
Жастары бір-бірінен асуда еді.  
Біреуі жал, біреуі құйрық болып,  
Бабамның атақ-даңқы артылды енді.  
Қоңырбай немерелес Қазымбетпен,  
Сыйласып бірін-бірі тағам еткен.
- 750 Байназар, Құдайназар аты ұйқас,  
Қос алмас туыпты деп, әзіл еткен.  
Немере, туған-туыс, бауырларды,  
Ойлайды елдің көркін әділетпен.  
Жолболды шөберелес Торғайменен,  
Жауына ерегескен болмай келген.  
Бұрынғы Қарабастың оқиғасы,  
Амал жоқ бұлар жасқа толмай келді.  
Бұлардың дәуренінде қиянат жоқ,  
Болыпты қаны қарсы ондайлармен.
- 760 Біреуі – біреуіне сүйенеді,  
Әр істі кеңеспенен иеледі.  
Шақырған Қабанбайдың жұмысына,  
Топ бастап Есенкелді жүре берді.  
Найманның игі адамы басын қосып,  
Батырдың ордасына түнеді енді.  
Барлығы қадыр тұтып сыйлаған соң,  
Еріді елін көріп, сүйегі енді.  
Сол жерде бар найманның жақсылары,  
Батырмен бірге атқа мінеді енді.
- 770 Шақырған адамдармен басын қосып,  
Әл болды Абылайдың тілегі енді.  
Мақсаты – ата жаумен бір айқасу,  
Кеңестің негізгі бір тиегі еді.  
Үш жүз боп, Ұлытауда бас қосуға,  
Бекітіп қарарларын тізеді енді.  
Танысып бабамменен хан Абылай,  
Ел-жұрттың хал-жағдайын біледі енді.  
Сынасып әр жақтылы ақылдасса,

- Ішіне айтқан сөзі кіреді енді.  
 780 Жарар деп, жолдастыққа баға беріп,  
 Қосылды екеуінің жүрегі енді.  
 Абылайдың бір баласы Қасым еді,  
 Өнері өзге ұлынан басым еді.  
 Ауылына бабам қонып жатқан күні,  
 Қасымның ұл туыпты қатыны енді.  
 Ырымдап Есекеңе қойғызыпты,  
 Абылай немеренің атын енді.  
 Саржан мен Есенкелді кітабы бар,  
 Оқысандар, білесің затын енді.
- 790 Абылай ордасынан топ тарқады,  
 Бас қоспақ Ұлытауда боп тарқады.  
 Ендігі келер жылда басшы адамдар,  
 Қалмасын әр рудан деп тарқады.  
 Елді жаудан қорғауға жоспар жасап,  
 Қысқасы жұрттың қамын жеп тарқады.
- Жазында Ұлытауға жүрді тағы,  
 Кеңесті жүрерінде құрды тағы.  
 Ұлы жүз, Орта жүздің бастықтары,  
 Барлығы атын ерттеп мінеді енді.  
 800 Кеңесте бірге болды Әбілмәмбет<sup>20</sup>,  
 Мақсаты, ойлағаны жұрттың қамы.  
 Жаудан қалай сақтану үшін барған,  
 Қарайды аузына жанның бәрі.

*Әбілмәмбеттің сөзі:*

- Ел болмас ережеге кірмегендер,  
 Қазақтың қатарында жүрмегендер.  
 Түбінде берекеңді сол бұзады,  
 Топқа кеп, елдің ісін білмегендер.  
 Көк тасқа қашап тұрып таңбаңды сал,  
 Белгі үшін әр руды билегендер.  
 810 «Тасқа басқан таңба» деп мақал болсын,  
 Реттеп қалғандарын кір демендер.  
 Және де Ұлытаудың ұларын ат,  
 Етін жеп, сол ұлардың қыламыз ант.

---

<sup>20</sup> Әбілмәмбет – сол кездегі Орта жүз сұлтаны.

«Жеп пе едің Ұлытаудан ұлар етін?»  
 Дегендей кейінгіге болады салт.  
 Екі шартты орындап кеңес баста,  
 Үш жүздің басшылары деп айтты қарт.  
 Қабылдап қарттың сөзін бас-басына,  
 Таңбасын қашап салды көк тасына.  
 820 Әр рудың өз таңбасы осы күнде,  
 Көрсек егер біздікі деп, таппасын ба?  
 Ұлардың екінші шарт етін асты,  
 Ойлады ел: – Бұл ұларды несін асты.  
 – Бұл еттен шыдағаны ауыз тисін, –  
 Деп, қария сөзінің бетін ашты:  
 – Бұл жерге келгендерің міндетті боп,  
 Серттесіп бір-біріңе қылма қасты.  
 Екінші, жаудан жанын аямасқа,  
 Шартпенен шақырамын келген жасты.  
 830 Үшінші, әділетпен іс басқар,– деп,  
 Қысқаша сөз аяғы тәмамдасты.  
 Ал енді үш жүз болып ақылдасты,  
 Кеңесіп пайдалы істі мақұлдасты.  
 Неше жыл күшін топтап, жатыр қалмақ,  
 Қазақты шабар кезі жақындасты.  
 «Қалмақтан бұрын барып шабамыз»,– деп,  
 Кейбіреу шолақ ойлап шақылдасты.  
 Қариясы үш жүздің жақтырмады,  
 Кеңінен жоспар алмай тақымдасты.  
 840 Сол кезде Әбілмәмбет былай деді:  
 – Үш жүзден келген өңкей батырларым,  
 Шолақ ойлап қалмаңдар, қапыл бәрің.  
 Хандығы Жоңғарияның осал емес,  
 Біліңдер, күшін топтап отырғанын.  
 Әлі де біз тимесек, ол тимейді,  
 Жеңесің, амалыңды асырғаның.  
 Олар да әзірленіп жатыр,– дейді,  
 Оларды жеңем десең ақыр,– дейді.  
 Орыс пенен Қытайдың хандарына,  
 850 Алдымен біз салалық ақыл,– дейді.  
 Бұлармен тату емес Жоңғария,  
 Түбінде солар бұған татыр,– дейді.  
 Екі жақта екі ұлы патшаға,  
 Арқа сүйеп, қазаққа мақұл,– дейді.  
 Батырлар алуан түрлі кеңес құрып,

Ақыры осы сөзді асыл,— дейді.  
 Орысқа бармақ болды Кіші жүзден<sup>21</sup>,  
 Қытайға бармақ болды кісі бізден.<sup>22</sup>  
 Екі хан екі жаққа өзі барсын,  
 860 Жолдасын таңдап алсын ішімізден.  
 Тоқтам қып, осы сөзге ел тарқады,  
 Жиылған Ұлытауға ер тарқады.  
 Жиылып бүкіл қазақ жоспар жасап,  
 Бұл жолда көңілдегі шер тарқады.  
 Қазақтың үш жүз болып жиылғанын,  
 Ханы естіп, Жоңғарияның жөн тартады.  
 Бірінен қазақ, қалмақ бірі қорқып,  
 Безбеннің екі басы тең тартады.  
 Мирас боп, үлгі сөзі бұрынғының,  
 870 Ежелден ел қайғысын ер тартады.  
 Ал, енді сөз бастайын Абылайдан,  
 Көп сөздің жаза берем бәрін қайдан.  
 Таңдады серік болар жолдастарын,  
 Оты бар жүрегінде жалындаған.  
 Қызайдан Есенкелді батырды ертті,  
 (Ақылға ақыл қосар адам лепті.)  
 Ертіпті дөртуілден Төбет биді,  
 Жолдасты тағы талдап алам,— депті.  
 Қос сандық, алпыс атанға жүгін артып,  
 880 Бейжіңге дәм бұйырса барам,— депті.  
 Ұлы жүз, Орта жүздің адамдары,  
 Бата бер жолға салып маған,— депті.  
 Әуелі Құдай, екінші сіз ие бол,  
 Қабанбай, халық аманат саған,— депті.  
 Абылай жүрмек болды азық артып,  
 Керекті қаражатқа қазына артып.  
 Атан түйе, атақты ат жіберіп,  
 Халыққа аяма деп базын айтып.  
 Бабам мен Төбет биді таңдап ертті,  
 890 Өзгесін өз жұртына таңда депті.  
 Әр ру өз ішінде кеңес құрып,  
 Бір-бірден адам қосты қабілетті.  
 Қайратты батырлардан ертті бұлар,  
 Қиындық жол азабын жолда тартып,  
 Бейжіңге алты ай жүріп жетті бұлар.

<sup>21</sup> Сол кезде Кіші жүздің ханы Әбілхайыр болатын.

<sup>22</sup> Орта жүздің ханы Абылай болатын.

- Дем алып, бірнеше күн тыныққан соң,  
Алдына Ежен ханның кепті бұлар.  
Қарсы алып келгендерді Ежен хан да,  
Мәжіліс бірнеше күн етті бұлар.
- 900 Қазақтың жай-жағдайын ұғындырып,  
Шығарды көңілдегі дертті бұлар.  
Өштесіп қазақ, қалмақ ел шабысқан,  
Қан төккен түгел айтты, өртті бұлар.  
Жабайы Жоңғария шонжарлары,  
Білмейді ғылым, білім депті бұлар.  
Жеңгеннің желкесіне мініп алар,  
Жеңілсе қорқады деп, соқты бұлар.  
Мақсатын Ежен ханға түгел айтты,  
Қалмақтан алайық деп кекті бұлар.
- 910 Ежен де ол тілегін қабыл алып,  
Жасады уәделі сертті бұлар.  
Білемін жоңғар солай халық,— деді,  
Сөздерің рас бәрі анық,— деді.  
Бірігіп қазақ түгел аттаныңдар,  
Сапардан тура қайтып барып,— деді.  
Хандығын Жоңғарияның жоғалтыңдар,  
Басына ақырзаман салып деді.  
Көмекті әр жақтылы біз береміз,  
Қарсылас керегіңді алып деді.
- 920 Не жеңіп, не жеңілмей құтылмайсың,  
Боласың босқа жатсаң ғаріп,— деді.  
Жалынын жанған оттың өшірмесе,  
Шашырап көлем алар жанып,— деді.  
Билетпей байтақ елді, жердің шетін,  
Әкесі кім екенін таныт деді.  
Барады бір жағынан бізден әскер,  
Тынысын екі жақтап тарылт,— деді.  
Халықтың тыныштығын кетірмей-ақ,  
Хандығын Жоңғарияның арылт,— деді.
- 930 Сонымен дайындалды қайтуға енді,  
Қалмастан мақсаттары айтылды енді.  
Бекітіп Ежен патша Абылайды,  
Шен беріп дәрежесін артылтты енді.  
Ұсынды Есекеңе асыл көк тас,  
Сыйлықтың дәрежесі әртүрлі еді.  
Қайтарда Ежен ханның ордасында,  
Әртүрлі асыл тағам тартылды енді.

Көрсетті сән-салтанат рияпатта,  
Бәрі де ыдыс-аяқ алтын еді.  
940 Алдында патшаның Есенкелді,  
Бір күліп, бір қызарып алқынды енді.

*Хан айтты:*

– Неге күлдің, Есенкелді?  
Жасырмай сырынды өзің айтшы деді.  
Сол кезде ханға жауап берді бабам,  
Тарқатты ішіндегі шерді бабам.  
Жасында бастан кешкен мехнатты,  
Еженге баяндады енді бабам.  
Әкесі жаудан өліп, қорлық көрген,  
Тарихын бірден санап терді бабам.  
950 Баяғы шешесінің айтқандарын,  
Айтуға ыңғайланып келді бабам.  
Босқында айтқан бір сөз анам еді,  
Сол сөзге міне бүгін нанам,— деді.  
Жүргенде қашып-пысып жылап едім,  
Желкеме бір қойды да: – Балам, – деді,  
Ас жейсің алтындаған табакпен бір,  
Жаратқан өмір берсе саған,— деді.  
Анамның бес жасымда сол айтқаны,  
Көрінді міне бүгін маған деді.  
960 Бір күліп, бір қызарған себебім сол,  
Табактан таттым алтын тағам,— деді.  
Ежен хан мына сөзді аңғарады,  
Қазақтың әдетіне таңғалады.  
«Әр елде түрі ерекше әдет бар»,— деп  
Талай сөз сараланып талданады.  
Қайтты енді Абылай хан жолдасымен,  
Еженнен сыйлық алып олжасымен.  
Қалмақпен соғыспақшы болып қайтты,  
Көрсеткен Ежен ханның формасымен.  
970 Шен алып бастарына тас тағысып,  
Қайтады хандық ұлы өр басымен.  
Көп жүріп аман-есен елге келді,  
Асқар тау, асыл өзен жерге келді.  
Әл болып, барған ісі келгеннен соң,  
Шақырды төменгі мен өрдегі елді.  
Найманның алапаты асқар белі,

- Қабанбай ел қамқоры ер де келді.  
«Қалмақтан енді кекті аламыз»,— деп  
Қазақтың қам көңілі өрледі енді.
- 980 Тағы да қазақ болып бас қосалық,  
Жиналып Зайсаң деген жерге,— деді  
Татымды миы болып сарқасқалар,  
Отырсын бұл сапарда төрге,— деді.  
Тіресу кезеңіне жеттік міне,  
Бас қатыр ер Қабанбай сен де,— деді.  
Боласың не болса да осы жолы,  
Кең жайып құлашыңды серме деді.  
Ал енді ата жаумен айқасасың,  
Хабар қыл өзің теңдес ерге,— деді.
- 990 Зайсаңға қазақ болып басын қосып,  
Қасқалар елдің қамын сөйледі енді.  
Қазақтың тыныштығын ойламаған,  
Жатпайды өлсе тыныш көрде,— деді.  
Мақсаты бұл сапарда әскер жию,  
Кім батыр, кім білімді елде,— деді.  
Ақ туы Қабанбайдың көтерілер,  
Астына ұйысындар кел де,— деді.  
Уақыт мөлшерленіп болған кезде,  
Келгенің міндетті бұл елге,— деді.
- 1000 Осындай бірлік жасап ел тарқады,  
Реттеп қызметін бөлмеледі.  
Берілген міндеттерге бөлінсе кім,  
Орның бар, орындасаң төрде деді.  
Ал енді ер Қабанбай қол жинады,  
Қазаққа хабар айтып мол жинады.  
Тағы да қарап жатпай хан Абылай,  
Керекті бұл соғысқа қор жинады.  
Өзіне ақыл қосып, ес қататын,  
Ішінен әр рудың топ жинады.
- 1110 Бұл жолға лайықты азық-түлік,  
Керекті қару-жарақ көп жинады.  
Қарарға съездегі қылап қылмай,  
Мерзімді уағында ел жинады.  
Ту тігіп, тұлпар мініп, әскер бастап,  
Атақты әр рудан ер жинады.  
Алтыбай, ер Еспенбет, Ақтанберді,  
Қол бастап батыр деген атпен келді.  
Матайдың бір батыры Шөңкей деген,

- Жәнібек қалың керей жақтан келді.  
1120 Тағы да қанжығалы ер Бөгенбай,  
Білмедім бұлар қайсы жақтан келді.  
Бурадан тағы келді ер Қабанбай,  
Бәрі де әскер ертіп саппен келді.  
Және де Бесентиін, Малайсары,  
Мұнымен бірге келді талай сары.  
Көрінді бұл жорықтың түрі бөлек,  
Бұрынғы мұндай емес жанай салы.  
Ұқсамайтын сияқты әдеттегі,  
Жылқы алып елдің шетін талай салы.  
1130 Батырлар қолды бастап жүрді,— дейді,  
Ту ұстап, тұлпарына мінді,— дейді.  
Қазақтың істеп жатқан әрекетін,  
Қалмақ та хабар алып білді,— дейді.  
Шыңғыстың бөктеріне қорған салып,  
Бұлар да дайындықты қылды,— дейді.  
Жабдынып әскері мен батырлары,  
Қалың қол сабын түзеп тұрды дейді.  
Екі жақ көптен бері күшін жинап,  
Соғысты қазақ, қалмақ құрды,— дейді.  
1140 Қазақты алғашында жан таптырмай,  
Шейіт қып талай жанды қырды,— дейді.  
Қазақ жақ қанша қайрат етсе дағы,  
Қорқыныш ойларына кірді,— дейді.  
Тауаны алғашында қайтып қалып,  
Ішінен хан Абылай тынды,— дейді.  
Бәріне көпшіліктің білдірместен,  
Айтады бастықтарға сырды,— дейді.  
Қайрат қып, қайсы батыр қамал бұзса,  
Ел даңқын көтереді, туды,— дейді.  
1150 Сөзіне Абылайдың қарап тұрып,  
Қабанбай, ер Еспенбет күлді,— дейді.  
Абылай екі ерге жарыс депті,  
Қорғаны берік жаудың алыс,— депті.  
Қабанбай қасиетің бар еді ғой,  
Талқандап тасташы бір жарып,— депті.  
Ал енді барам десең кешікпей бар,  
Бойыңа Ғайып пірің қонсын,— депті.  
Бір Алла, Абылай ғып жаратып ең,  
Жолдарың, екі батыр, болсын,— депті.

- 1160 Бұзбақшы болды, бұлар қамалды енді,  
Сайлады ақыл, қайрат амалды енді.  
Киініп сауыт-сайман әзірленіп,  
Екеуі жан пидаға жүрді дейді.  
Жабдығын жауға керек тізді дейді,  
Анамыз ұл деп тапқан бізді дейді.  
Қайраттанып перісі бойға түсіп,  
Қызарып екі көзі қызды дейді.  
Жау жабылып қарсылық істесе де,  
Қамалды талқан етіп бұзды дейді.
- 1170 Бұзатын бір әдісті тапты батыр,  
Бұзғанда айғайлады қатты батыр.  
Неше мың болса дағы кейінгі әскер,  
Қаптады «Қабанбайлап» артқы батыр.  
Ішіне қамалының кіргеннен соң,  
Қамалдан қан дариясы ағып жатыр.  
Қысқасы қазақ жеңіп қалмақты алды,  
Қабанбай хандай болып ардақталды.  
Абылай Қабанбайды «хан» деп қақты,  
Қымбатты Еспенбетке тонын жапты.
- 1180 Бұл соғыс мұныменен тынбайды енді,  
Тағы да тұзағы бар әр жақтағы.  
Бір сапар жеңіске сол жеткенменен,  
Бұл істің арты алуан тармақталды.  
Бірақ та қытайменен біріккен соң,  
Қазақтың осал емес салмақтары.  
Неше ата моңғұл халқы торғауытпен,  
Қазақты екі орайтын салмақ тағы.  
Қалмаққа келді сойқан таяуланып,  
Қайғырды қам көңілі қаяуланып.
- 1190 Көрсеткен ғасыр бойы кегін алып,  
Қайтқанын батырлардың баяндалық.  
Қисапсыз мал, дүние былай тұрсын,  
Қайтыпты қыз-келіншек, әйелді алып.  
Сол жолда алып келген аналардан,  
Көктеді өсіп-өніп талай халық.  
Келген соң, ел шетіне хан Абылай,  
Тарқамай тағы да ақыл қорытты енді.  
Тастамай ренжітіп батыр бәрін,  
Олжасын үлестіріп бөліп берді.

- 2000 Батырлар елдің қамын сөйлегенде,  
Қазақтың сай-сүйегін ерітті енді.  
Тағы бар алдымызда талай асу,  
Қойыңдар бір жолғыға желіккенді.  
Сай тұрсын ат-тұрманың, жау-жарағың,  
Кейінгі жолда көрсет ерлікті енді.  
Бұл жолда әрең жаудың бетін бұрдық,  
Әлі де алғамыз жоқ теңдікті енді.  
Хандығы Жоңғарияның біткен күні,  
Аласың сонда қазақ теңдікті енді.
- 2210 Тағы да батырларға ерік берді,  
Бәріне еңбегінен бөліп берді.  
Сол жерде ер Бөгенбай қалжың айтып:  
«Қабанбай хан болуы керек» деді.  
Абылай Бұқар деген жырауға сап:  
– Бересің бұған жауап не деп?,– деді.  
Баға бер батырларға іркілместен,  
Айтқаның сенің тура келед,– деді.  
Хан демей, батыр демей, расын айт,  
Түбінде бәрін шындық жеңед деді.
- 2220 Сонда Бұқар жыраудың айтқаны:  
– Сен, Абылай, Абылай,  
Түркістаннан келген ұл едің.  
Ұлы жүзге келген соң,  
Түліктей болып түледің.  
Басында сен байлардың,  
Түйесін баққан құл едің.  
Дәулет қонып басыңа,  
Бақ дүниеге тірелдің.  
Хан боп, жайқап, бұл күнде,
- 2230 Ақ сұңқардай түледің.  
Сен қанжығалы Бөгенбай,  
Тұқымың кеппес ұры едің.  
Қай жерден олжа түсер деп,  
Түн қатып жаңа жүр едің.  
Қабанбайдан бұрын найзаңды,  
Жауға қашан тіредің?!  
Ел әзілмен күлісті,  
– Айтты,– деп, тауып бұл істі.  
Жауды жеңіп алған соң,
- 2240 Елге қарай жүрісті.

- Келістіріп ата жаудан кегін алды,  
Қалыңсыз қатын-қызды тегін алды.  
Ел бейбіт, жау бетінен жер таза боп,  
Осымен уақыттық демін алды.  
Жабдынып жау жарағын, күшін жиып,  
Атының бір-екі жыл ерін алды.  
Ығысып бір-бірінен жылжи көшіп,  
Иесіз екі ортаның жері қалды.  
Сол кезде Құлжа шары пайда болып,  
2250 Шығыстан қытай әскер әкеліп алды.  
Абылайдың Ежен ханмен тоқтамы сол,  
Шығысып қазақпенен сеніп алды.  
Келсін де қытай әскер жата тұрсын,  
Қазақтың соғысының кемі қалды.  
Қазақтан екінші жыл жиылысты,  
Көреміз қамданбасақ қиын істі.  
Тағы да бір соғысар кезі келді,  
Ізденіп өшіккен ел қырылысты.  
Қалмақтан бес мың әскер аттанады,  
2260 Бар күшін бір-ақ салып ақтарады.  
Қазақтар қалмақтарға қарсы тұрып,  
Олар да өз борышын атқарады.  
Тауына Қоңыр шәулі келгенінде,  
Қалмақтың ізін көріп тоқталады.  
Біз кетсек бұлар елді шабады деп,  
Сол жерде ақылдасып топталады.  
Айқаспақ екі жағы жол ортада,  
Жерге енді жеңілгені тапталады.  
Қалмақтың жатқан жерін біліп келу,  
2270 Міндетін Шөңкей батыр басқа алады.  
Көрініс беріп қайта қашпақ болды,  
Бір жүйрік топтан таңдап, атты алады.  
Түнімен жүріп, Шөңкей жауды тапты,  
Төбесін бір көрсетіп, қайта қашты.  
«Еліне хабар берер ұстаймыз»,— деп,  
Қалмақтар атқа мініп тұра шапты.  
Жол тосып жасырынып, жата беріп,  
Келгенін қазақ бірден бас салады.  
Алдыңың не болғанын білмейді енді,  
2280 Бұрылуға шамасы келмейді енді.  
Арты келіп болғанша, алды бітіп,  
Өлігі кешке дейін төбе болды.

Неше мың болса дағы қырды дейді,  
Бәрін де жермен-жексен қылды дейді.  
Боялып жердің беті қызыл қанға,  
Бір де бір тіл жібермей ілді дейді.  
Бастығы торғауыттың Қандыжап хан,  
Ол да өліп осы жолда тынды дейді.  
Бір төре, тоғыз қазақ шейіт бопты,  
2290 Түгендеп өлгендерін білді дейді.  
Қайтеді қарсыласар қаруы жоқ,  
Иен ел өзің біл деп тұрды дейді.  
Еріксіз қыз-келіншегін таңдап жүріп,  
Еркінше малмен бірге алды дейді.  
Заманда жаугершілік ата-анадан,  
Айрылып кім болмаған зарлы дейді.  
Олжалап қалмақ бұрын алып кеткен,  
Бірнеше танып алды жанды дейді.  
Бір қызы Қандыжаптың Шаған деген,  
3000 Он бесте туған айдай жамалы еді.  
Билікті келелі іске сол айтатын,  
Білімді ел-жұртына бағалы еді.  
Шағанды батыр Барақ төре алды,  
Тимеске бар ма мұның амалы енді.  
Шапқан жері Үржар мен Еміл еді,  
Қайтеді шабылған соң еңіреді.  
Ілгергі болып өткен бір шабынды,  
Ырысты Шұға дейтін жері еді.  
Қандыжап ханды елімен жайғастырып,  
3110 Батырлар қайтып келді еліне енді.  
Қазақтың қалмақтардан амалы асып,  
Осымен Жоңғария жеңіледі.  
Абылай хан атымен мәлім болып,  
Еженге расымен беріледі.

Ілеге сонда Доржы дарын екен,  
Бітімге бұйрықпенен барыпты екен.  
Мың әскер Аякөзге ертіп барған,  
Ақылды бір кемеңгер сарынды екен.  
Елдесуге екі мың қалмақ келді,  
3320 Бітпесе көретіні шабынды екен.  
Қазақтан мың кісімен барды Абылай,

- Бәрі де жолдасының шалымды екен.  
 Танысты қара Доржы Абылаймен,  
 Еженнің барғанында жанында екен.  
 Қалмақты қазақпенен шығыстырып,  
 Жұңгоға бағындырмақ бәрін бекем.  
 Өзгеше бұл съездің бағасы еді,  
 Көрілмек көп істердің шарасы еді.  
 Осылай қазақ, қалмақ татуласты,  
 3330 Мың жеті жүз елу жыл шамасы еді.  
 Аякөзге құятын бір бұлақта,  
 Жиын орны – лай су жағасы екен.  
 Қызай елі үй тігіп қызмет қылған,  
 Съезге жақын ауыл жанасы еді,  
 Ғасыр бойы шулатқан азан-қазан,  
 Тоқтады қазақ, қалмақ таласы енді.  
 Көк қасқа айғыр сойып, қазақ халқы,  
 Жазылды көңілдегі жарасы енді.  
 Екі жақ қолын қанға матырысты,  
 3340 Бұрынғы қумаймыз деп, қапыл істі.  
 Екінші бір-біріне қас қылмасқа,  
 Серттесіп қызыл қанмен ант қылысты.  
 Ғасырдан ғасыр бойы қан төгістік,  
 Көрелік мұнан былай жан тынышты.  
 Лай суға ат қойды Әмірсу деп,  
 Ел енді жадырап бір ал тынысты.  
 Ат қойды лай суға «Әмірсу» деп,  
 Жақсылық Әмірсудан табылсын деп.  
 Жұңгоға: – Жоңғария бағынсын,– деп,  
 3350 Съезді тоқтатыпты жабылсын,– деп.  
 Осы істің барлығында бабам да бар,  
 Жайылған аңыздағы хабар да бар.  
 Ержеткен бұл уақытта балалары,  
 Кененбай, Қабанбай мен Маман да бар.  
 Қызайдың бас көтерер батырлары,  
 Тарихи әрбір үлкен тарауда бар.  
 Дәлелі осы күнде ел ішінде,  
 Жорықтан алып келген адам да бар.  
 Бабамнан бері көп жыл өтсе дағы,  
 3360 Хан берген тас қазіргі заманда бар.  
 Дұғамыз аруағына тие берсін,  
 Өлмеген асыл ұрпақ анам да бар.  
 Жұңгоға Қызай келген бабам бастап,

- Тауарих Хамсадағы<sup>23</sup> хабар да бар.  
Жұңгоға сол жыл келген Қызайды қарап,  
Келеді содан бері ұдай қарап.  
Бақытты, бейбіт, тыныш тұрмыс өтті,  
Келгендей Қызыр бастап, Құдай қалап.  
Бітімге қазақ, қалмақ қуануда,  
3370 Көзінен жас тыйылып уануда.  
Дөртуыл қызайменен бірге өткен,  
Тағы да Ұлы жүздің суаны да.  
Қытайға осы үш ру ел қарады,  
Сол кезгі бітім шарттың уағында.  
Сол жылы Аякөзден көшті Қызай,  
Үкіметтің солай ма екен планы да.  
Қырық жыл жайлап, қыстап отырыпты,  
Мекендеп Тарбағатай тұрағында.  
Барлық пен суан келді Емілге енді,  
3380 Көп емес, бір ру ел жеңіл келді.  
Дөртуыл қай араға отырғаны,  
Тарихтан іздесем де көрілмеді.  
Мекендеп бірнеше жыл осы араны,  
Ілеге суан көшер кезі келді.  
Суан көшсе орнын аламыз деп,  
Құлағын тігіп қызай көңіл бөлді.  
Сонымен қотарыла бір күндері,  
Ілеге суан көшті өңірдегі.  
Бос қалды босқын елден шұрайлы жер,  
3390 Орнын қызай алды көңілдегі.  
Тоқта-Барлық, Қарашыға осы кезде,  
Қызайдың іргетасы көмілді енді.  
Артынан байғана мен тоқпақ келіп,  
Көп жылдар бірге өткізді өмірді енді.  
Қазақтан сол мезгілде кәрі кетті,  
Бұрынғы басты адамның бәрі кетті.  
Абылай өлгеннен соң, хандықтың да,  
Баяғы ерлігі жоқ, сәні кетті.  
Сол кезде Рүстем деп, төре шықты,  
4000 Үйсін мен ер найманды бөле шықты.  
Орысқа ел жамандап, шен алмақ боп,  
Найманға қарсы тұрып өре шықты.  
Үйсінге көшіп барған садыр, матай,

---

<sup>23</sup> Тауарих Хамсаның 463-бетінде осы тарихи шындық жазылған екен.

Солардың жазасын да бере шықты.  
Жамандап үкіметке ел бүлдіріп,  
Рүстем сұмдық сайлап көре шықты.  
Бір күні найман жақты шақырады,  
Қастығын қалтарысқа жасырады.  
Тай сойып қонағына қой орнына,  
4410 Құлықпен сый-сияпатын асырады.  
Қонағы жиырма неше адам екен,  
Ұйқыда түгел қырып басын алды.  
Адамын атқамінер қырып тастап,  
Матайды садырменен шаптырады.  
Мал-мүлік, қатын-қызын олжа қылып,  
Қалғанын өз еліне қашырады.  
Осылай қонақ қырып, көрші шауып,  
Атының аяғымен бастырады.  
Іргелес Шу өзені бойында еді,  
4420 Тұйықсыз жақын жерден қас қылады.  
Орнатып заманақыр бастарына,  
Жүрегін қан, көздерін жас қылады.  
Найманның сүйегінен өтті бұл іс,  
Қалайша бұл Рүстем асқынады.

Ал енді болып кеңеседі,  
Жиылып кеңескенде не деседі.  
Кешегі өткен батырлар заманында,  
Маңайға жау жақындап келмес еді.  
Жас болса да халыққа бас болғандай,  
4430 Найманның батыр Барақ төресі еді.  
Сол кезде жасы келген он тоғызға,  
Жігіттей отыздағы денесі еді.  
Кешегі жақсы атаның ұрпағы деп,  
Көтеріп ақ киізге сөйлеседі.  
Үйсіннің жолы сонда болар еді,  
Ұлытаудан ұлар етін жемесе еді.

*Барақ айтты:*

– Үйсіннен кек аламыз,  
Аруағы ата-бабам жебесе еді.  
Дүр етіп, сол жерде ел бата берді,

- 4440 Тигендей болып көкке төбесі енді.  
Найманнан үш мың әскер жиып алып,  
Алдында жүрді Барақ келесі енді.  
Жабдынып бір жыл ұдай жүрді найман,  
Күні бар астамшының көресі енді.  
Түйеге қамыс теңдеп өтіпті әскер,  
Іленің жоқ болса да кемесі енді.  
Іленің өзенінен өткенінде,  
Дүңгеннен Бөр батырды соңына ертті.  
Бу беріп қарсылармен егестіріп,  
4450 Қызайды жұмылдырып тобына ертті.  
Бірлесіп тату-тәтті қосын құрып,  
Қосылып ұйғырлар да, о да кетті.  
Мың сегіз жүз алпыс үш жыл кезінде,  
Бар Қызай Қара сұлтан қолына өтті.  
Сол кезде әр жағынан көшіп келіп,  
Біраз жыл Бұраталаны мекен етті.  
Үй басы бір тақия тары салып,  
Ең алғаш Қаракемерге егін екті.  
Бекініп мал ұрлаған бұлап-талап,  
4460 Тоқпаққа ар жақтағы кегі кетті.  
Сұрапты Қара сұлтан сегіз-ақ жыл,  
Сонан соң орыс алар жөні кепті.  
Ілені бір түнде кеп, басып алып,  
Қайтерін біле алмастан жөні кетті.  
Алматыдан генерал Калпаковски<sup>24</sup>,  
Екі жүз әскерімен бірге жетті.  
Бағынды Қара сұлтан тілге келмей,  
Іленің орысқа өтіп жері кетті.  
Қайтеді барар жері болмаған соң,  
4470 Қызайдың бірге қарап, елі кетті.  
Жаңа ұлық генералға жолығуға,  
Қызайдың жұрт бастығы – ері кетті.  
Қарсы алып келгендерін генерал да,  
Бір рет амандасып, көріп өтті.  
Кісідей көңілінде кінәмі бар,  
Қызайға бір сұрауды беріп өтті.  
Орыстың генералы Колпаковски,  
Көрсетті сұрауында мыналарды:  
– Қытайды қалап Қызай кетіп едің,

---

<sup>24</sup> 1871 жылы 6-айда Шаррусияның Жетісудағы командирі Калпаковски тұйықсыз Ілені басып алып, он жыл үстемдік жүргізген.

4480 – Таптым,— деп, басы биік мұнараны.  
Мінеки нәсіп болып қайтып келдің,  
Қайсысы жақсы екен,— деп – сұрау салды.  
Байболат тұрды сонда орынынан.  
Кекеген сескенбеді порымынан.  
Тартынбай сұрауына жауап берді,  
«Қытайдың май ағад,— деп қойынынан».  
Шапаны жануарларды кең, енді екен,  
Қолтығы қолқылдаған көлемді екен.  
Кең етек қайта пішсең бір шапанын,  
4090 Басқаға екі шапан келеді екен.  
Орыстың тым тапшы екен, тар мешпеті,  
Екеуін бір шапанға теңер ме екем?  
Қытайдың бір мешпетін екеу киген,  
Орысқа осы дағы өнер ме екен?  
Тастаған сұрауыңа жауап осы,  
Сөзімді тақсыр дұрыс көрер ме екен?

Генерал сырт айналып үндемеді,  
Немесе ашу қылып мін демеді.  
Бұл жолы осыменен қайтысыпты,  
5000 Міндеттеп тапсырмапты бірдемені.

Орысқа Қызай қарап он жыл тұрды,  
Демейді онан артық мол жыл тұрды.  
Орыстың қытайменен шекарасы,  
Бөлініп тоқтам болып, сол жыл тынды.

Өзара екі патша сеніседі,  
Шарасын әрбір істің көріседі.  
Сондағы екі елдің тоқтамымен,  
Қазіргі шекараны бөліседі.  
Сызығы жер шегінің жақындықтан,  
5510 Жұңгоға Қызай қайтып келіседі.  
Ілеге сонан кейін көшіп келіп,  
Іргесін орын алып көміседі.  
Мың сегіз жүз тоқсанның тоғызында,  
Реттеп тарихтардан көріседі.  
Қас, Күнес, Текес пен Көкқамырдан,  
Еркінше алды Қызай қоныс енді.  
Бейжіңнен Жаң -Жұң деген ұлық келді,  
Аймақтың бастығы екен онысы енді.

5520 Бәйеке, Сасан, Боқаш ел қамқоры,  
Сайлапты үш кісіні болыс енді.  
Төре боп Құдайменде қасиетті,  
Үстінде үш болыстың сол кісі еді.  
Бәйеке, Сасан, Боқаш, Құдайменде,  
Жоқ дейді мансаптысы бұдан өзге.  
Осылар елдің қамын ойлаған соң,  
Қарапты Қызай елі айтқан сөзге.

5530 Жұрт бағып, бастығы елді қорғап,  
Дәулеті жылдан-жылға өсті дейді.  
Құлашын қызай өрге сермепті енді,  
Істепті мал шаруаға еңбекті енді.  
Атанып Іледегі Қызай қазақ,  
Шиңжаңда халық бопты көрнекті енді.  
Бастығы елдің қамын ойлаған соң,  
Жұрт байып, еш кемшілік көрмепті енді.  
Ілеге ата-бабам ырым қылып,  
Жері деп, жеті әулие атап келді.  
Текес, Күнес, Қас пенен Көкқамырға,  
Мал сыймай өсіп-өніп жата берді.  
5540 Жетім ұл, жесір қатын мың қой айдап,  
Еріне елі алқап бата берді.

Бaq қонып, Қызыр дарып бай болыпты,  
Көңілі байлықпенен жай болыпты.  
Қызайдың алды айдапты бес мың жылқы,  
Қысқасы төрт түлігі сай болыпты.  
Заң Баңнан<sup>25</sup> алып келген сандығымен,  
Ішкені божу менен шай болыпты.  
Ырысқа бас-аяғы бірдей болып,  
Ішінде кедейі жоқ бай болыпты.  
Тай сойып қонағына қой орнына,  
5550 Мақтанып қонақ күту-салт болыпты.  
Бақташы өз ішінен табылмайды,  
Табылса сырттан келіп мал бағыпты.

Ілеге төккен Қызай қорды,— дейді,  
Құт болды өрістегі орны,— дейді.  
Есепсіз төрт түлік мал өрістегі,

---

<sup>25</sup> Заң Бан деп Шизанды айтады.

Кенедей кемдігі жоқ толды,— дейді.  
 Әр нәрсе қалыбынан асқаннан соң,  
 Шайқалып төгілер кез келді,— дейді.  
 Бақталас, рушылдық деген қырсық,  
 5560 Қызайға қоғамнан қонды,— дейді.  
 Мансапты, нарықты қып пұлға сатып,  
 Еліртті үкімет те елді,— дейді.  
 Мансапқа сатты Қызай малды аямай,  
 Үкімет көрсеткен соң жолды,— дейді.  
 Қоғамы тас қараңғы надан халық,  
 Дәуірдің ағымына ерді,— дейді.  
 Тағы да қазынадан сауда беріп,  
 Қайнатты қарыздар қып, сорды,— дейді.  
 Басынан өсімі артық неше есе,  
 5570 Шығын деп, ізі жоқты салды,— дейді.  
 Май ақша осыменен қойға шағып,  
 Жүзден қой осыменен алды,— дейді.  
 Жаз шықса үй тіккізіп, сойыс жинап,  
 Желкеге жыртқыш залым мінді,— дейді.  
 Тыным жоқ ала жаздай шабуылда,  
 Қиындық тағат таппай көрді,— дейді.  
 Десіпті бұл не деген заман болды,  
 Қанды сорып терісін іремеген.  
 Мал берсе алушы ұлық жаратпады,  
 5580 Бақыртып алып соғып дүрелеген.  
 Торыққан қазақ ат пен жамбы тартса,  
 Сонда алып берген малын жүре берген.  
 Таласып келеді екен шалғайдан ел,  
 Жер бар деп мал табатын Іле деген.  
 Өз малын пәре беріп өткізеді,  
 Бермесе қиын азап шектіреді.  
 Алушыға жамбы мен ат тартпаса,  
 Таяқты сүйегіне жеткізеді.  
 Сатып берген мансабын қайтып алып,  
 5590 Иттей қып кісілігін кеткізеді.  
 Аңшының итіндей қып шабарманын,  
 Артынан ырылдатып ерткізеді.  
 Жолықты енді Қызай қайғы-зарға,  
 Қайтсе де қылған ісі баспады алға.  
 Халықтың хал-жағдайы нашарлады,  
 Басқадай кәсібі жоқ, сенген малға.  
 Бұрынғы мың қойы бар-бай баласы,

Айына серкеш алып жүрді жалға.  
Тағы да кедейліктен жан баға алмай,  
6000 Амал жоқ қызды сатты кәрі шалға.  
Не оқу, не өнер, не кәсіп жоқ,  
Бейне бір ұқсап кетті таудағы аңға.  
Мың тоғыз жүз қырқыншы жылға дейін,  
Аз қалды жер бетінде көрмегені.  
Өткендей жақсы тұрмыс бола ма деп,  
Қызайдың еңіреумен шөлдегені.  
Гоминдаң азаппенен қинағаны,  
Өз жанын халықты езіп сыйлағаны.  
Бейне аққан дарияға топырақтай,  
Халықтың қолдан кетті жинағаны.  
Біз дағы шет жағасын көріп қалдық,  
Көзге тура, көңілге сыймағаны.  
Аяғына жазыңдар білгендерің,  
6014 Тарихта болып жатыр сыйлар әлі.

# **ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР**



## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

### Абылай хан

Жыр алғаш 1985 жылы Қытайдағы қазақ зиялыларының әзірлеуімен «Қазақ қиссаларының» жинағында<sup>1</sup> басылған. Кейін Қазақстанда республикалық «Жас Алаш» газетінде (1991 жыл, № 25) және «Абылай хан»<sup>2</sup> атты кітапта, сондай-ақ қазақтың халық әдебиетіне арналған көп томдықтың 1-томында (1995, 88-128 беттер) жарияланды. Жыршысы – Қытайға қарасты Алтай өлкесінде туып-өскен үрімжілік азамат Шерияздан Сұлтанбайұлы (1933-2005). Көлемі 1656 жолдан тұратын жыр мәтінін төте араб әрпінен қазіргі әліпбиге түсіріп, аталған нұсқа мен оның айтушылары жөнінде толық мәлімет беруші Шыңжаң қазақтарының арасынан шыққан белгілі қаламгер, фольклор жанашыры – профессор Оразанбай Егеубаев.

«Абылай хан» жырының негізгі сюжеті осы тақырыптас өзге нұсқалармен ұқсас болғанымен, бірқатар эпизодтық айырмашылықтары бар. Шығарманың мұндай ерекшеліктері жырдағы өлең өлшемі, кісі аттары, көлемдік жақтарынан ғана емес, оқиғалардың композициялық құрылымынан да айқын көрініс тапқан. Мысалы, «Ер қормалы – ер Абылай» жырында болашақ ханның ата-тегі туралы деректер қара сөзбен берілсе, мына нұсқада түгелдей өлең түрінде өрілген. Екіншіден, А.Татанайұлы вариантында Үргеніштің елін жау шауып, он екі жастағы Әбілмәнсұрды бір адал төлеңгіті амалдап жүріп, ұлы жүзге жеткізіп тастайды. Айдалада ұйықтап жатқан баланы сапардан келе жатқан Төле бидің өзі тауып алады. Ал Шерияздан нұсқасы бойынша, Абылай өгей әкесі мен ел-жұрттың табасына қорланып, ата-тегі мен қонысы туралы шешесінен сұрап білгеннен кейін Төле биді өзі іздеп келеді. Алғашқы вариантта Сабалақтың өсіп келе жатқан беделін Төле бидің бәйбішесі күндей бастағасын, әрі Темір байдың өзі сұраған соң би ауылынан кетсе, мұнда болашақ хан жоңғар шабуылына байланысты, Төле бидің рұқсатын алмастан жаяу-жалқы аттанып, Темір байдың үйін өзі табады. Есесіне бұл арада бидің күншіл бәйбішесін байдың тоқалына қатысты «өсек» ауыстырады. Мұндай ұсақ-түйек эпизодтық айырмашылықтар. Абылай жайындағы барша нұсқаларға тән құбылыс десек, қателеспейміз. Десек те осы жырлардың негізі сюжеттік фабуласын құрайтын Сабалақ (Абылай) пен қалмақ батыры Шарыштың жекпе-жегі екендігі даусыз. «Аңырақай» шайқасында болған делінетін аты-шулы жекпе-жекте жеңіске жетіп, жанкешті қалмақ баһадүрінің басын алғаннан кейін Сабалақтың – Абылай

<sup>1</sup> Қазақ қиссалары. 4-том. Абылай – Бейжің «Ұлттар» баспасы, 1985, 1-84 б.б.

<sup>2</sup> Абылай хан. Алматы, жазушы, 1993, 183-228 б.б.

атанып, елге даңқы жайылғаны, ата-тегін жұртқа танытып, төре-сұлтан лауазымын ресми түрде иеленгені белгілі.

«Абылай хан» жырының біздегі басылымдары мен Қытайдағы «Қазақ қиссалары» жинағында жарияланған түпнұсқа мәтіндерінің арасында пәлендей айырма жоқ. Тек 1995 жылғы көп томдықтың 1-томында жарық көрген вариантта Тианшан – Тянь-Шань, Үгедей – Өгедей, Галден – Қалден болып аздаған фонетикалық өзгерістерге орын берілген. Сонымен бірге, түпнұсқада:

Мұнайды шешен менен шежірелер,

– деп келетін жол көп томдықта (1995ж.):

*Мұндайды* шешен менен шежірелер (128-бет),

– деп қате басылғанын көреміз. Бұл жолғы жарияланымда осы тектес олқылықтар қалпына келтіріліп, жырдың басқа нұсқаларымен фольклорлық сипаттағы салыстырулар мен талдаулар жүргізілді.

Қытайдағы қазақ фольклорының кезекті томына «Абылай хан» жырының Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасынан жарық көрген («Қазақ қиссалары», 4- том, 1-84 беттер) мәтіні әзірленіп, ұсынылып отыр.

## **Ел қормалы – ер Абылай**

Қазақ мемлекеті тарихындағы аса көрнекті тұлғалардың бірі – Абылай хан жайында ел аузында сақталған көптеген аңыз әңгімелер, жыр-дастандар бар. Олардың бірсыпыра нұсқалары ҰҒА-ның ОҒК және ӘӨИ-дің қолжазба қорларында жинақталған. Жалпы саны оннан асатын бұл шығармалардың мазмұндық ұқсастықтарымен қатар, әрқайсысының сюжеттік, стильдік және тілдік жақтарынан өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Сондай-ақ, Абылай хан туралы тарихи жырлардың атаулары, жазылған, көшірілген мезгілі, жырлаушылары мен жинаушылары, қолжазба табылған аймақтардың әр алуандығы да аталған тақырыптағы фольклорлық туындылардың қазақ арасында кең таралғанын көрсетсе керек.

Абылай жөніндегі тарихи жырларды мол жинаған және алғаш қағаз бетіне түсірушінің бірі – М.Ж.Көпейұлы. ОҒК сирек қорында жырдың Мәшһүр Жүсіп жазып алған бес бірдей нұсқасы (ОҒК, ҚҚ: Ш. 1176., 1177-бумалар) сақталған. Фольклоршы ақынның аталған нұсқаларды өткен ХХ ғасырдың 20-жылдарында Баянауыл (Арқа) мен Жетісу өңірлерінен жинап алып, өзінің «қара сия, қауырсын қаламымен сарғыш қағазға араб әрпінде жазып қалдырғаны» жөніндегі мәліметтер «Қазақ қолжазбалары ғылыми сипаттамасының» 3-томында (Алматы, «Ғылым», 1981, 16-30 б.б.) берілген. Бұл қатарға Төлеуов Қаскен Көкбай Жаңатайұлының, Зияш Алдабергенұлы тапсырған Тілеубай Кенесарыұлының, Салық Жаяумусин

көшіріп сақтаған Жаяу Мұсаның, Бозтай Жақыпбаев өткізген Дәдет Шақанұлының, қаламгер А.Сейдімбек жинаған Олжабай Нұралыұлының, сондай-ақ кезінде Ш.Уәлиханов ел аузынан жазып алып, кейін академик Ә.Марғұлан тауып, жариялаған<sup>3</sup> Абылай туралы жыр нұсқаларын және олардың әр түрлі көшірмелері мен вариацияларын да қосуға болады.

Жалпы алғанда, Абылай хан туралы тарихи жырлардың көпшілігіне тән тұрақты сюжет-мотивтердің барлығы аңғарылады. Әдетте, мұндай канондық сюжеттерге «Абылайдың бала кезі, яғни оның Үргеніштегі нағашысы Хиуа ханы Қайыптың елінде өсуі», «Абылайдың қашып келіп, Төле бидің қолында түйе бағуы және қалмақ батырын өлтіріп, алғаш рет халық пен ханның назарына түсуі», «Абылайдың Сарыарқаны жаудан тазартуы», «Қалмақтардың тұтқынында болуы», «Абылайдың Қытаймен арадағы елшілігі», «Ханның орта жүз арғын руының елімен араздасып, оңтүстікке қоныс аударуы», «Абылай ханның қырғыз елін шабуы», «Ханның ажалы жетіп, бақиға аттануы» секілді тақырыптық оқиғалар жатпақ. Мұның өзі, бір қарағанда Абылай жөніндегі тарихи жырлардың әр кезеңде, әр түрлі өлкенің ақындары жырлауына қарамастан, әуел бастан-ақ өмірбаяндық сипат алғанын байқатса керек.

Абылай хан хақындағы тарихи жырлардың бірқатары зерттеліп, жарияланғаны мәлім. Олардың арасында жоғарыда аталған жергілікті нұсқалармен қатар «Абылай ханның» шыңжаң (Қытай) өңірі қазақтары жырлаған варианттары да бар. Көп Томдықтың (1995) Абылай хан жайындағы тарихи жырлар топтастырылған бірінші томына Қытайдағы қазақ жыршыларының аузынан жазып алынған «Абылай... Ақ атан» және «Абылай хан» атты жаңа нұсқалар енгізілген болатын.

Қытайдағы қазақ фольклорының тарихи жырларға арналған кезекті жинағына.«Ер қормалы – ер Абылай» және «Абылай хан» атты екі жыр нұсқасы ұсынылып отыр.

«Ер қормалы – ер Абылай» жырының негізгі айтушыларының бірі Қытайдағы қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, олардың қайсыбірін жаңғырта жырлап, баспаға ұсынуға көп еңбек сіңірген белгілі қаламгер – Асқар Татанайұлы (1906-1994). Жырдың қолжазбасы кейін<sup>4</sup> қарт фольклоршының ұлы Көбеннің қолына өтеді. Шығарманың мәтіні алғаш рет К.Асқарұлының ұсынуымен «Мұра» журналының 1994 жылғы №3 санында жарық көрген.

«Ер қормалы – ер Абылай» жырының басқа нұсқалардан өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, Шыңжаң қазақтары арасында көп айтылатын «Абылай хан... Ақ атан» (Ә.Нәбиұлы нұсқасы) жырына ханның қасында ылғи еріп жүретін ақ бас атанның (бура болуы керек. – С.Қ.) достығы мен ғажайып көріпкелдігі жайындағы халық аңыздары арқау болған. Ал осы

<sup>3</sup> Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 1961. – 172-187-б.б.

<sup>4</sup> Тарихи жырлар. Бірінші том – Алматы, «Білім», 1995. – 288 б.

өлкедегі танымал жыршы – Шерияздан Сұлтанбайұлының нұсқасында («Абылай хан») қазақ ханының бала күнінен өмірден қош айтысқан шағына дейінгі басынан өткен сан қилы оқиғалар тізбектеле баяндалады. Мұнда шығарма бастан-аяқ қара өлеңмен өрілген. Ал А.Татанайұлы нұсқасының он бір буынды өлшем тек жырдың кіріспесінде ұшырасады да, қалған бөлігінде қара сөз араластырылған 7-8 буынды жыр үлгісі қолданылады. Сондай-ақ бұл варианттың соңы Абылайдың қазасымен емес, ханның «үш жүзге даңқы жайылып», кемеліне келген тұсымен бітеді. Жыршы «Абылай осындай батыр, ардақты хан еді. Ол II Екаторинаның іріткішілігі мен қақпайын ерте сезініп, кең қолтық қытай елін тыныс көруді мұрат санап келді. Сол үшін қыруар еңбек сіңірді. Бұл – «Абылай» жырының келесі тақырыбы болмақ» деген сөздері арқылы өзінің шығарманы әрі қарай толықтыру жайындағы ниет-жоспарымен хабардар етеді.

Жалпы айтқанда, «Ер қормалы – ер Абылай» жырының тілі таза, шұрайлы, өзге тілдік қоспалар жоқтың қасы. Оқиғасы бірсыдырғы қызықты оқылатын халықтық жәдігерлердің қатарына жатады.

Жырдың толық мәтіні Қазақстанда алғаш жарияланып отыр. Бұрын соңды зерттелмеген.

Томға ұсынылып отырған нұсқа «Мұра» журналынан (1994, № 3) алынып, фольклорлық варианттарымен салыстырылып берілді.

*С. Қосан*

## **Бөгенбай батыр**

Жырдың сюжетіне қазақ халқының тарихындағы белгілі тұлғалардың бірі, көрнекті қоғам қайраткері әрі ержүрек қолбасшы – Бөгенбай Ақшаұлы мен оның ұрпақтарының ерлік істері арқау болған. кезінде Қытайдағы қазақ арасына кең таралып, 1984 жылы Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақ қиссаларының» 2-томына (74-287 беттер) енген көлемді жырдың бұл нұсқасын жаңғырта орындаушы ілгеріде есімі аталған – үрімжілік Шерияздан Сұлтанбайұлы болса, шығарманың мәтінін араб әліпбиінен қазіргі қазақ әрпіне түсіруші белгілі қаламгер, шыңжаңдық алаш азаматы – Оразанбай Егеубаев.

Жалпы, қазақ ауыз әдебиетінде Бөгенбай батырға арналған бірнеше жыр үлгілері ұшырасады. Олардың кейбіреулері жайында «Сипаттамада»<sup>5</sup> толық мәлімет берілген. Батыр өмірі мен оның жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен ерлігін дәріптейтін бұл шығармаларды

---

<sup>5</sup> Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 3-том. – Алматы: «Ғылым», 1981. – 71-75 б.б.

мазмұнына қарай екі тақырыпқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы, керекулік Бозтай Жақыпбаев (Баянауыл), Т.Ерғалиевтер жинаған жыр нұсқаларында (ОҒК, ҚҚ: Ш.517, Ш.326) Бөгенбай батырдың жастық шағындағы және Абылай хан тұсында қалмақтармен арада өткізген жорық – жортуылдары мен ерліктері жырланады. Ал Мұқаш Байбатыров (жыршысы – өзі), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құсайын Мүсәпірұлы жинаған варианттарда (ӘӨИ, ҚҚ: Ш.356; ОҒК, ҚҚ: Ш.1176; ӘӨИ, ҚҚ: Ш.692) Бөгенбайдың қартайып, жортуылды қойған шағы мен оның туыстарының, немере інілерінің әр алуан іс-әрекет, ерліктері бейнеленген.

Біз сөз етіп отырған шынжандық «Бөгенбай батыр» жырының мәтіні мен сюжеттік мазмұнын жоғарыда аталған жыр варианттарымен жан-жақты салыстырып қарағанда, Шерияздан Сұлтанбайұлының өз репертуарындағы нұсқаны сонау өткен ғасырдың 30-жылдары белгілі тіл маманы Сәрсен Аманжолов баспадан кітап ретінде бастырған Құсайын Мүсәпірұлы вариантының<sup>6</sup> мәтіндік, сюжеттік құрылымын негізге ала отырып жырлағанын һәм түпнұсқадан онша алшақтай қоймағанын аңғардық.

С.Аманжоловтың жазуынша, фольклор жинаушы аталған жыр нұсқасын қазір жасы алпыс шамасында. Бұдан елу жыл бұрын бір қартқа бәйек болып жүріп, жазып алысымен жаттаған екен. Қазірде жазбасы жоқ. Есінде қалғанын айтқаны – осы. Мен 1927 жылы жаздығүні үш күн алдын ала тыңдап, үш күн отырып жазып алдым. Әңгіменің қызықтығы, сөзінің тазалығы, өлеңінің кестелілігі біз көріп жүрген өлең жырлардың көбінен артық»<sup>7</sup> деген пікірі «Бөгенбай батыр» жырының тарихи-көркемдік маңызына берілген әділ баға деп санаған жөн. Жоғарыдағы дерекке сүйенсек, Құсайын нұсқасы Алтай өңірінде туып таралған.

Демек, күні бүгінге дейін әрі-бері сан рет қатынасып отырған Алтайдың арғы бетіндегі қазақ жыршыларының «Бөгенбай батырдың» 1935 жылы латын харпімен басылған кітабын оқуына немесе жырдың осы нұсқасын Құсайынның, яки басқа бір қиссашының өз аузынан естіп, жаттауы, қолжазбаға түсіруі де әбден мүмкін.

Біз салыстырып қараған екі нұсқаның бірен-саран мәтіндік өзгешеліктері мен құрылымдық айырмашылықтары бар. Мәселен, С. Аманжолов жариялаған басылымда жырдың кіріспесі «Сөз басы» деп аталып, алғашқы екі шумағы:

Өтіпті-ау біздің қазақ жақсы жайдан,  
Естіген тамаша етіп, қалар қайран.  
Қазақтың құба қалмақ заманында  
Сөйлейін қанжығалы Бөгенбайдан.

<sup>6</sup> Бөгенбай батыр Құрастырушы: С. Аманжолов. – Алматы: Қазкөркембас, 1935.

<sup>7</sup> Сонда, 2-бет.

Өтіпті қанжығалы қарт Бөгенбай,  
Мекені көшіп қонған Шет қурайда-ай.  
Қазақ пен қалмақ атыс қылған кезде  
Әкесі аруақ қонған ер Маянбай, – деп басталса,

Шерияздан нұсқасында кіріспенің орнында бірінші бөлім – «Қыз Зейнеп» деген тақырыппен ашылады:

Өтіпті біздің қазақ жақсы жайдан,  
Естіген *тамашалап* қалар қайран.  
*Жасаған* құба қалмақ заманында  
Сөйлейін қанжығалы Бөгенбайдан.

Өтіпті *қанжығада* қарт Бөгенбай,  
*Кезінде сонау ерте хан Абылай.*  
*Елін, жерін, мекенін жаудан қорғап,*  
*Көрсеткен ол ерлігін елге талай...*

Кейінгі екі шумақтағы курсивпен терілген өлең тармақтары мен жекелеген сөздер жыршы тарапынан қосылған тың жолдарды яки өзгертілген сөз тіркестерін көрсетіп тұр. Сондай-ақ Құсайын жырлаған «Бөгенбай батырдың» кіріспесінде: Егізден – Маян, Жоян деген кісілер туып, Маяннан – Бөгенбай, Жоянбай, Егінбай тарайтыны баяндалады. Ал Шерияздан нұсқасында батырдың арғы атасы Шағатай нәсілінен өріп, өз әкесі Маянбайдан – Жоянбай, Егінбай, Бөгенбай және Халифа атты қыз туғандығы айтылған. Мұндағы «қыз» алдыңғы түпнұсқа вариантта аталмайды. Жалпы осы тектес ұсақ-түйек деректердің сәйкессіздігін ескермегенде, жаңа нұсқаның (шыңжаңдық) өн бойында толып жытқан қосымша эпизодтық детальдар мен артық, яки кем эпостық түйдек-тирадалардың кездесуі – фольклорға тән қалыпты құбылысқа саналуы кәміл. Бұған қоса, Құсайын нұсқасында жыр жеке тарауларға бөлініп берілген. Барлық тарау саны – он тоғыз. Шерияздан нұсқасы бойынша шығарма: 1) «Зейнеп», 2) «Сырға сапар», 3) «Қаранай», 4) «Жұттан қашқан» атты 4 тарауға бөлінеді.

Тағы бір айырмасы кітапқа басылған нұсқа (1935ж) бойынша Сарыбай батыр мен Қадиша сұлудың арасындағы «әңгімені» жеткізуші – Тоты құс. Кейінгі шыңжаңдық басылымда (Шерияздан нұсқасы, 1984ж) қыздың сәлемін жеткізуші – Жамал атты көмекші әйел.

Қысқасы, Шерияздан Сұлтанбайұлы жаңғырта жырлаған «Бөгенбай батыр» жыры өз алдына дербес нұсқа ретінде жариялануға лайықты, тілі

айшықты, эпикалық қуаты мол, сюжеті қызықты тарихи шығармалардың бірі.

Бұл томға Бейжіңде басылған жыр мәтіні («Ұлттар» баспасы, 1984ж) әзірленіп, ұсынылды.

## **Кенесары, Қарақас – Кенесары**

Бұл жырдың бірнеше нұсқалары сақталған. Олардың бірқатары Қазақстанның көптеген өңірлерінде бұрыннан айтылып келсе, Қытайдағы қазақтар арасында тараған нұсқалар кейінірек, түпнұсқа жырдың мәтінімен ауызша яки қолжазба негізінде танысқаннан кейін туған сияқты. Солардың біреуі үрімжілік Шерияздан Сұлтанбайұлы жырлаған «Кенесары» болса, екіншісінің айтушысы белгісіз, ел ішінде «Қарақас – Кенесары» деген атаумен тарағаны мәлім.

Аталған екі нұсқаның сюжеттері ортақ, мазұны да ұқсас. Негізгі айырмашылығы – алғашқы нұсқаның көлемі соңғысына қарағанда анағұрлым үлкен, соған сәйкес оқиғасы да толығырақ баяндалған. Қолда бар нұсқаларды салыстырып қарағанымызда, Қытай қазақтары арасына кең жайылған «Кенесары», «Кенесары – Қарақас» жырларының сюжеттік желісі Көкбай Жаңатайұлының атынан айтылатын «Абылай ханның әңгімесі» атты шығарманың оқиғасымен орайластығын аңғардық.

Көкбай бұл жырды қазақтың ұлы ақыны «Абай Құнанбайұлының ұсыныс – қолқасымен шығарыпты» дейтін мәліметтер<sup>8</sup> ұшырасады. Мұнда жырдың басты тақырыбы Абылай хан туралы болғанмен шығарманың екінші бөлігі соңына шейін түгелдей Кенесары мен Наурызбайдың және олардың анасы – Қарақастың басынан кешкен тарихи оқиғаларға арналған. Міне, осынау өткен дәуірдің аңызға айналған қаһармандарының жырда көрініс тапқан барлық іс-әрекеті Қытайдағы қазақ жыршыларының репертуарында аз ғана өзгерістермен жаңғырта орындалғанын көреміз. Оған осы оқиғаларды «Кенесары» деген атпен қайта жырлаушы Шерияздан ақынның:

Жасымда бұл қиссаны жаттағанмын,  
Қатысты кітап оқып сақтағанмын.  
Еске алып ұмытқанды қайта жазған,  
Шерияздан Сұлтанбайдың баласымын.—

деген сөздері айқын дәлел. Сондай-ақ жыршының есінде қалған жекелеген шумақ, сөз тіркестері де шыңжандық нұсқаның әр тұсында-ақ

---

<sup>8</sup> Тарихи жырлар. Көп томдық. 1-том. Алматы: «Білім», 1995. – 285 б.

көзге шалынады. Сірә, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы нәубет кезінде Арқадан Алтайдың арғы бетіне ауған қазақтар «Көкбай шығарыпты» делінетін «Абылай хан әңгімесін» өздерімен бірге ала барған болар. Оның үстіне Абай мектебінен өткен ақындардың көпшілігі, әсіресе, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім, Әріп сынды таланттардың жыр-дастандары қолжазба – кітап күйінде, елге тарағаны, бұлардың кейбіреулері Қытайдағы қазақ оқығандарының қолына түскені бұрыннан мәлім.

Біз сөз етіп отырған «Кенесары» және «Кенесары – Қарақас» атты екі нұсқаның сюжетінде пәлендей айырмашылық жоқ екендігін жоғарыда айтқанбыз. Бір айта кетерлігі, бірінші нұсқада Ташкент ханының (анығында Қоқан ханы болса керек – С.Қ.) Ақмешітте қалдырған Бектер бегінің үш көмекшісі: Мұхтар, Камал, Керім дегендердің есімі екінші нұсқада аталмайды. Екіншіден, алғашқы Шерияздан жырлаған вариантта Саржанның атынан орыстарға жалған хат жазып, Бектер бегін азғырып жүрген жаңағы аталған сарттар болса, белгісіз жыршының репертуарындағы «Кенесары – Қарақас» атты жырда бекті азғырушы – үйсін руының жергілікті билеушілері. Бұл орайда екінші нұсқаның Көкбай вариантымен үндесетінін көреміз. Яғни «Абылай хан» әңгімесі атты жырдағы:

Сонан соң Бектер бегі болды дұшпан,  
Оған кеп тамам үйсін қосылысқан.  
Білдірмей төрелерді өлтіруге  
Жиналып, андысып жүр іші-тыстан<sup>9</sup>, – деген

жолдар осындай ойға жетелейді. Қытайдағы қазақтар арасына жайылған Кенесары туралы жыр нұсқаларында Абылайдан тараған әулеттің ел еркіндігін аңсаған ең белгілі өкілдері – Қасым, Ғұбайдолла, Саржан, Есенгелді, Наурызбай сұлтандар және Қасымның батыр қызы Бопай ханша мен кіші әйелі Қарақас ханымның аңызға айналған ерен ерліктері дәріптелген. Дегенмен бұл айтылған екі нұсқада Көкбай жырында баяндалатын Наурызбайдың солтүстіктегі Ресейдің Ортау, Ақтау бекіністерін шауып, орыстардан Ғұбайдолла ханның кегін алуы жөніндегі эпизодтар түсіп қалған. Мәселен, Шерияздан нұсқасында жыр соңы Кенесары сұлтанның Бектер бегін өлтіріп, мал-мүлкін олжалаумен бітеді.

---

<sup>9</sup> Сонда, 74-б.

Жыршының:

Осымен Кенесары тұра тұрсын,  
Қызықса естіген жан мойын бұрсын.  
Мұнымен таусылды деп ойламаңдар,  
Тағы айтам «Наурызбайда» кейінгісін, –

дегеніне қарағанда, оның Кенесары мен Наурызбайдың ерлік істерін жеке тақырыппен жырлауды мақсат тұтқаны аңғарылады. Алайда Шерияздан Сұлтанбайұлының бұл ниеті орындалды ма, әлде жоқ па, ол жағы бізге беймәлім.

Шыңжандық нұсқаларды жырлаушылардың шығармада сөз болатын кейіпкерлердің кейінгі тағдырымен онша таныс еместігі көрініп тұр. Мысалы, мұндағы жыр кіріспесінде Ғұбайдолла хан орыстардың тұтқынына түскеннен кейін соңындағы ел-жұртына Ірбіттен (Үркіт Иркутск – С.Қ.) «өлді» деген хабар келеді. Көкбайда ханның өлімі туралы мәлімет жоқ. Шынында, Ғұбайдолла ханның тұтқыннан босанып, елге оралатыны жөнінде тарихи деректер кездеседі. Ал Көкбай мен Шерияздан жырлаған Кенесары оқиғалары тұсында Ғұбайдолла сұлтанның Омбыға алдап шақырылып, ұсталатыны рас. Бірақ қазақстандық нұсқадағы. *«Жоғалтты ішкері айдап оның көзін, // Қазақтан жоғалтам деп ханды мүлде»*, – деген мәліметті арғы беттің жыршылары тікелей түсініп, ханды «өлдіге» санауы мүмкін.

Жалпы алғанда Қытайдағы қазақ фольклорының көрнекті үлгілері қатарынан лайықты орын алатын «Кенесары» және «Кенесары – Қарақас» жырларының тілі көркем, кестелі, айшықты образдарға бай. Екі нұсқа да бұрын соңды зерттелмеген. Қазақстанда алғаш жарияланып отыр. Алғашқысы – 1600 жолды құраса, соңғы нұсқаның көлемі – 480 тармақтан тұрады.

Шерияздан жырлаған «Кенесары» вариантын жыршының көзі тірісінде өз қолынан жазып алып, төте араб әліпбиінен қазіргі әріпке түсірген – фольклоршы, белгілі қаламгер Оразанбай Егеубаев. Жыршысы белгісіз «Кенесары – Қарақас» нұсқасын ел арасынан жазып алып, Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасында жарық көрген «Қазақ қиссаларының» IV-томына<sup>10</sup> дайындаған Іле аймағының қазағы, ағарту орталығының қызметкері – Исахан Рақымжанұлы.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіндері аталған екі нұсқа бойынша әзірленді.

---

<sup>10</sup> Қазақ қиссалары. 4-том. – Бейжің «Ұлттар» баспасы, 1984. – 85-110 б.б.

## Ағыбай батыр

Жырдың бірқатар нұсқалары Шыңжаң қазақтары арасына кең тараған. Солардың бірін Алтай аймағы, Алтай ауданы, Әуитан ауылының тұрғыны Қайса Қауданұлы мен Дөнеш ел аузынан жинап, жазып алып, 1991 жылы «Алтай қаласының қисса – дастандары» атты жинақта жариялады. Екіншісі – Сапан Шәкерұлының (1911-1990) қолжазба дәптерінен аудандық мәдениет отауының қызметкері Әлімнасар Әбдікерұлы көшіріп алып, даярлаған нұсқа 1995 жылы Тарбағатай аймағы, «Шағантоғай ауданының қисса-дастандары» атты жинаққа «Ағыбай мен Ақсұр жігіт» деген атпен енген болатын.

«Ағыбай батыр» атты бұл нұсқаның көлемі өте шағын. 214 өлең жолынан ғана тұрады. Құрылымы жағына келсек, Ұлы Абайдың «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» дегеніндей, тілі шұрайлы, әуезді, өлең ұйқастары шебер қолданылған. Көнерген сөздер, араб-парсы элементтері жоқтың қасы. Жырда фольклорға тән әсірелеу, салыстыру әдістері орынды пайдаланылған.

Шығарманың сюжеті тарихи шындыққа құрылған. Жырдың мазмұны: Ағыбайды таныстыру; жолдасы Ер Көлебенің тұтқынға түсуі; тұтқыннан Қаракөздің көмегімен шығуы; оны алып қашуы; соңында қыз әкесі Қолабаның Көлебені өлтіруі; оны Ағыбайдың өлтіріп, қызды Көлебенің тетелес ағасы Таңбайға қосуымен жыр аяқталады.

Енді жырдың варианттарын салыстырар болсақ, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Қытайдағы жыр варианттарына қарағанда қазақстандық нұсқаларда тарихи шындық көріністері, елге танымал батырлардың есімдері көп аталады және көлемі де үлкен. Өйткені сол жорықтарға Нысанбай жыраудың өзі қатысып, көзімен көрген, болған оқиғаны бүге-шігесіне дейін жырлап отырған.

Кенесарының әскери кеңесшісі әрі бас батыры болған Ағыбай тапқырлығы мен алғырлығы арқасында елінің ұранына айналды. Кенесары әскерінің бір шеті «Абылайлап» шапса, екінші шеті «Ағыбайлап» шабатын болған. Нысанбай жыраудың жырында:

«Әуелі а, Құдайлап, Абылайлап, // Сосын әрең құтылды Ағыбайлап» – дегені осының айқын дәлелі.

Иса Байзақов жырлаған «Қойшының ертегісі» поэмасы мен шыңжаңдық қазақ Қайса Қауданұлы жинаған «Ағыбай батыр» атты нұсқасын салыстыратын болсақ, екі сюжет те тарихи шындыққа құрылған, оқиғасы бірдей. «Қойшының ертегісі» жырының экспозициясында Баянауыл тауының көркемдігін бүкіл адам баласы мен төрт түлік малдың сол таудан нәр алып тұрғандығын шебер суреттейді. Содан келе екі қойшының әңгімесі басталады. «Ағыбай батыр» оқиғасы да дәл осы қойшыдан басталады. Бұл екі шығарманың өзара өзгешеліктері бар. Атап

айтсақ: сөзбен сөздің орын ауыстыруы; не сол сөздің орнына басқа сөздің қолданылуы; өлең жолдарының бір-бірімен орын ауыстыруы. Бұл өзгешеліктердің барлығы көбінесе ақын-жыраулардың сөз саптаудағы шеберліктеріне байланысты.

Иса Байзақовтың «Қойшынын ертегісі» атты жырында:

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,  
Тең келіп қарсыласар ер болмаған.  
Ағыбайдың үш жүзге даңқы кетіп,  
Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.

Батырда бес жүз кісі нөкер болған,  
Соғысқа шеттерінен шебер болған.  
Шықпайтын нояндары айтқанынан,  
Ағыбай не қыл десе соны қылған,  
— деп келсе, бұл шумақтар

Қайса Қауданұлы жиған «Ағыбай батыр» нұсқасында:

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,  
*Теңесіп* қарсыласар ер болмаған.  
Ағыбайдың *алты алашқа аты* шығып,  
Сол кезде ол бармаған жер болмаған.

Батырда бес жүз кісі нөкер болған,  
Соғысқа шеттерінен шебер болған.  
Шықпаған айтқанынан *жолдастары*,  
Ағыбай не *бұйырса* соны қылған.

Бұл салыстыруларға қарағанда, шынжаң қазақтары жоғарыда аталған иса Байзақовтың поэмасын сәл ғана өзгертіп, сөз, өлең шумақтарын Құбылту рқылы жаңаша жырлауға талпыныс жасаған сияқты. Бір қызығы осы жырдың «Ағыбай батыр» деп аталатын тағы бір нұсқасы (ӘӨИ, ҚҚ: Ш. 301.) сақталған. Жинаушысы – Жұматай Мәдиұлы (1923-1965).

Жыр мәтіні Көкшетау облысы, Қызыл жұлдыз ауданы, «Жаңа ауыл» кеңшарында тұратын Нұрғали Бейсеновтен 1949 жылы жазылып алынған. Жырдың бұл нұсқасы да шынжаңдық Қайса Қауданұлы жинаған вариантқа көп ұқсас: *Жаңа ауыл, Баян аулы, Жаман аулы...*» деп басталады. Бұл

орайда «Ағыбай батыр» жырының аталған нұсқалары мен Исаның «Қойшының ертегісі» поэмасын әлде де зерттей түссе, авторлық шығарма мен фольклор туындысының қайсысы түпнұсқаны меңзейтінін табудың сәті түсері даусыз. Әзірге Қытайдағы қазақ жыршыларының аузынан жазылып алынған «Ағыбай батыр» жыры халық ауыз әдебиетінің үлгісі, жырдың бір нұсқасы ретінде бағаланып отыр.

Бұл томға ұсынылған жырдың мәтіні алтайлық нұсқа (1991ж) бойынша әзірленді.

*С. Қосан,  
Қ. Тастанов*

### **Есенкелді**

Бұл нұсқа Шыңжаң қазақтары арасында ақын Доспер Саурықұлы (1894-1971) жырлауында «Қызай тарихи», «Қызай ауған» деген атпен де тараған. «Есенкелді» жыры 1984 жылы Бейжің «Ұлттар» баспасында «Қазақ қиссалары жинағының» 1- кітабында «Қызай тарихы» деген атпен жарияланды. Бұл екі басылымның сюжеттік құрылымында айтарлықтай өзгешеліктері жоқ.

Екі нұсқа да араб әліпбиімен жарық көрген. Бұлардың сюжеттерін салыстыратын болсақ, оқиғалары ұқсас. Ішінара сөздердің, өлең жолдарының орын ауыстырулары кездеседі. Қытайдағы қазақтар ақындары жырлаған «Есенкелді» нұсқасының тілі аса көркем, ұйқастары кестелі, қанатты сөздерге бай. Бұл шығармаларды салыстырып, тексергенде бұлардың мәтіндері бірін-бірі толықтыратынын, желісінде оқиға пәлендей айырмашылықтар жоқтығын көреміз.

*«Есенкелді» жырында:*

Кезеңде көпшілік боп ақылдасты,  
Жауменен сайысуды мақұлдасты.  
Кезеңнен кезеп дауды тосып алып,  
Келгенін қызыл қанға батырмақшы.  
Сөйтсе де жаудың беті өте суық,  
Жазықтан жау аузына жақындасты.

*«Қызай ауған» жырында:*

Кезеңде көпшілік боп ақылдасты,  
Тосып жаумен ұрысуды мақұлдасты.

Сөйтсе де жаудың беті өте суық,  
Жазықтан жау аузына жақындасты.

«Есенкелді» жырының бір вариантын әдебиетші Сәрсенбі Дәуітұлы мен Мақсұт Шафиғи бірге әзірлеп, баспаға ұсынған (С.Дәуітұлы. «Алмас қылыш», Алматы, «Жалын», 1993, 8-41б.б.). Бұл нұсқа Доспер Саурықұлы жырлаған «Қызай ауған» яки «Есенкелді» жырымен ұқсас шықты. Айырмашылығы – кейбір сөздер мен өлең жолдарының орын ауыстыруы.

*Доспер нұсқасында:*

Асудан көшті асырып жіберген соң,  
Батырлар жауды тұрып тоспақ болды.  
Асудан тосып жауды қиратуға  
Құрыпты ақылмен бас қоспақ болып.  
Батырлар жан пидаға шықпақ болды,  
Қорқақтар қорқып көшке ықтап болды.  
Тоғысып тар кезеңде сайысуға,  
Көпшілік күш-жігерін мықтап болды.

*1993 жылғы басылымда:*

Асудан көшті асырып жіберген соң,  
Батырлар жаудың қолын тоспақ болды.  
Асудан тосып жауды қиратуға  
Қорытып, ақылмен бас қоспақ болды.  
Көпшілік күш-жігерін мықтап болды,  
Батырлар жан пидаға шықпақ болды.  
Тұрысып тар кезеңде сайысуға  
Қорқақтар қорқып, көшіп ықпақ болды.

*(Дәуітұлы, «Алмас қылыш», 11-бет).*

Профессор Сәрсенбі Дәуітұлы жариялаған нұсқада «Абылай өлгеннен соң хандықтың да, Баяғы ерлігі жоқ, сәні кетті» деген жерден бастап, 217 өлең жолы қысқартылып кеткен. Ал бұл жолғы жаңа басылымда «Есенкелді» жырының толық мәтіні ұсынылды.

Жырдың сюжеті тарихи аңызға құрылған. Ұлы жүз, үйсін елінің биі – Бәйдібек байдың қызы Күнбүбі мен орта жүз, найман елі, Матайдың шөбересі Шағырдың үйлену тойы суреттеледі. Күнбүбі жастайынан шарапатты, білгір болғаннан соң елге танымал бола бастайды, Мекені – Алтай жағындағы, Алатаумен іргелес жатқан Қызай тауы. Осы уақытта

қазақ пен қалмақ жауласып жатқан кез. Бір соғыста қазақтар жеңіліп, Қызай елі мекенін тастап Аягөзге, Көксалаға көшіп келеді. Ендігі оқиға араға үш ғасырға жуық үзіліс тастап, жырдың басты кейіпкері Есенкелді туралы өрбиды.

Жырда қазақ билерінің үлгілі істері, әділетті әрекеттері мен келелі өсиеттері кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде баяндалады.

Бұл томға «Қазақ қиссаларының» 2-томында жарияланған (1990ж) жыр мәтіні әзірленді.

*С. Қосан,  
Қ. Тастанов*

## Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер

**Абылай хан** (1711-1781) – қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломаты. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Өз-Жәнібек, кейін ер Есім хан, Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгірдің екі әйелі болған: біріншісі – қазақтан Уәлибақы, қалмақтан –Тәуке хан туады. Уәлибақыдан Абылай. Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болған. Тұтқындарды аямай жазалағандықтан «қанішер Абылай» атанған. Абылайдан – Көркем Уәли, одан – Абылай (Әбілмансұр) туады. Ол «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Жаугершілік заманның талабы Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, Абылай хан жиырма жасында қан майданда ерлігімен көзге түскен. Қалмақтың батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіругі абыройының өсуіне себепші болады.

«Абылайлап» жауға қарсы шыққан Әбілмансұрды жеңістен кейін Әбілмәмбет хан шақыртып алып танысады. Таныса келе туысқан адам болып шығады да, кейінірек хандық тағын Абылайға (Әбілмансұр) береді. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани мұрасынан еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Оның «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық», т.б. күйлері сақталған. Жетпіс жасында жорықтан келе жатып, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген.

**Әбілқайыр хан** (1693-1748) – Шыңғыс хан әулеті, Өсеке ұрпағы, Қажы Әжі сұлтанның баласы. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен кіші жүздің ханы болды. 1730 жылы Аңырақай соғысында жоңғарларды талқандауда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді. Әбілқайыр хан қазақ-қалмақ қарым-қатынастары шиеленісіп тұрған кезде Ресей империясынан көмек алу мақсатымен Сібір губернаторы князь М. Гагаринге хат жазады. Әбілқайыр Ресеймен одақтасуды жақтағандықтан, патша тарапынан Тевкелеев бастаған елшілік келіп, келіссөз жүргізді.

Хан 1731 жылы қазанда Ресей империясына боданы болу жөнінде ант береді. Ант беру арқылы ол Ресеймен тату тұруды, оның қарамағына өткен башқұрттар пен Еділ қалмақтарының қазақ қоныстарына шапқыншылығын тоқтатуды, Ресейдің көмегімен жоңғарлардың қол астында қалған қазақ жерлері мен қалаларын қайтарып алуды, империя әкімшілігіне сүйеніп, қазақ арасындағы беделін арттырып, үш жүздің басын біріктіріп өзі

билеуді, хандықты балаларына сайлау тәртібімен емес, мұрагерлік жолымен қалдыруды көздеді. Сөйтіп жеке мүддесімен бірге халықты апаттан сақтауды да ойлады. Әбілқайыр хан – қазақ тарихындағы аса ірі қоғам қайраткерлерінің бірі.

**Әбілмәмбет хан** (1690-1771) – Болат ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Шыңғыс әулетінің аға тармағы – Жәдік әулетінен. Абылайдың билікке жетуіне себепші болған. Жоңғар шапқыншылығы елге қауіп тудырып тұрған жылдарда елдің басын қоса алмаған ол, Абылайдың қазақ руларын қалмақтарға қарсы ұйымдастыруына кедергі жасамады. 1744 жылы Әбілмәмбет хан өзінің жақтастарымен бірге Түркістанға көшіп кетті. Орта жүз Абылайдың билігінде қалды. Әбілмәмбеттің ұлы Әбілпейіз ұрпақтары кейін ұлы жүзде билік құрғаны мәлім.

**Бөгенбай** (1630-1708) – Батыс Сібірдегі Шетқурай деген жерде қазіргі Екатеринбург қаласының шетіндегі Шатрово қонысында дүниеге келген. Орта жүз арғынның қанжығалы руынан. Өз Тәуке заманында қазақ, қарақалпақ, ноғайдың біріккен әскерлерін басқарып, ордабасы сайланған (1668 ж) Бөгенбай қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат ету жолындағы бірқатар шайқастарды басынан кешіріп, Сібір татарларын Еділ бойы қалмақтарының шапқыншылығынан қорғауда үлкен үлес қосқан. Бөгенбай 1688 жылы қалмақтардың шабуылына тойтарыс беріп, өзі осы соғыста жараланады. Бөгенбай батыр алғырлығымен, жеңімпаздығымен көзге түскенде Абылай хан оған «хан» атағын да береді. Қазақ әскерінің тарихындағы даңқты қолбасшылардың бірі.

**Есім хан** – Шығай сұлтанның ұлы. Қазақ хандығының астанасы Түркістанда тұрып билік (1558 – 1645) жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ, ағасы Тәуекел ханмен екеуі Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді қазақ хандығы құрамына қосқан. 1598 жылы ағасы қайтыс болған соң, хан тағына отырады. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алады. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығы билігінде болды. Есім хан билік құрған заманында өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей отырып, заң-ережелерін шығара бастады. Бұрыннан келе жатқан «Қасым ханның қасқа жолы» атты ережелерді басшылыққа ала отырып, заңды одан әрі толықтыра түсті. Күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда «ата-баба жолы» басшылыққа алынды. Есім ханның бұл ережелері халық көкейінен орын тепкендіктен, «Есім ханның ескі жолы» деп атап кетті.

**Жантай батыр** – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық қозғалысына белсене қатысқан батыр. Орта жүз арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан.

Абылай хан 1771 жылы Ресейден Қытайға қарсы ығысқан қалмақ әскерін барлауға әрқайсысына 500 әскерден беріп, Бөгембай мен Жантайды жіберген. Жантай батыр қолға түсіп қалған інісі Арқандарды құтқармақ болып, 10 мыңдық жау шебіне басып кіріп, осы соғыста ерлікпен қаза табады. Батырдың сүйегі Есіл өзенінің бойындағы Жантай ауылының жанында жерленген.

**Кенесары (1802-1847)** – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдар арасындағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ жұртының соңғы хандарының бірі. Кенесары Шыңғыс ханның жиырма жеткінші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында І Петр билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланысты болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан байтақ өлкені, күллі Азия елдеріне бастар «қақпа» деп есептегендіктен, қазақ жерін күштеп қоса бастады. Патша үкіметі 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» арқылы қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді.

Кенесары 1841 жылы хан болып сайланады. Халықты ұйымдастырып, Ресей отаршыларына қарсы соғысады. 1847 жылы өзімен бірлесіп соғысудан бас тартқан қырғыздарға да қарсы шабуыл жасаған еді. Өйткені, қырғыздардың Сібір әкімшілігімен астыртын байланыстары болады. Өз жақтастарының опасыздық жасағандары себепті, Кенесары інісі Наурызбаймен бірге дұшпандарының қолына түседі. Қырғыздар Кенесарыны айуандықпен өлтіріп, басын кесіп алып, Омбыдағы орыс үкіметінің өкілі генерал М. Горчаковқа табыс етеді.

**Керей хан** – Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі. Ақ Орда ханы Орыстың (Өріс) ұрпағы. Керей хан туысы Жәнібек сұлтан екеуі Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойына келіп қоныстанады. 1458 жылы Қазақ рулары Керейді хан етіп көтереді. Керей мен Жәнібектің бөлінуімен көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі басталады. Бұрынғы Дешті Қыпшақ сахарасында Қазақ хандығы орнап, өз алдына орда тігеді.

**Қабанбай (1692-1770)** – Азан шақырып қойылған аты – Ерасыл. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше көзге түсіп,

талантты қолбасшы ретінде аты шыққан. Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. Ерасыл Зайсандағы әпкесі Меруерттің қолында жүріп жылқы бағады. Жылқыға шапқан қабандарды жайратып, «Қабан батыр» атанған. 1723 жылы Түркістан қорғанысына, 1730 жылы «Аңырақай – Алакөл» шайқастарына қатысып, Абылай ханның бас батырына айналды.

Қабанбай батырдың ерлік өмірі бірқатар халық эпостары мен фольклорлық аңыз әңгімелерге арқау болған.

**Қасым хан (1445-1518)** – қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның баласы. Анасы Жаған бегім – Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмуд сұлтанның шешесінің туған сіңлісі. Қасым ханның ішкі және сыртқы саясаты, ел басқару әдістері жөнінде мәліметтер өте аз. Ол жайында М.Х.Дулаттың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде біраз дерек бар. Қасым хан билеген кезеңде қазақтар мен Шайбани әулеті арасында Сырдария маңындағы қалалар үшін соғыстар жалғаса береді. Қасым хан өз заманында еліне сай заңдар қабылдайды. Осы заңды қазақ елі «Қасым ханның қасқа жолы» деп атаған. Бұл заң әдет-ғұрыптық және билік ережесінің жиынтығы болғандықтан ел басқару ісінде кеңінен қолданылған.

Оның негізі орта ғасырдағы қыпшақ, шағатай ұлыстары қолданған «Ярғу» (жарғы) заңынан алынған. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтады. Мысалы жеті атаға дейін қыз бермеу, әмеңгерлік, қазылық билік. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүрді, әдет-ғұрыптық «жарғыны» жаңғыртып күшейтті. «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз XVII ғасырға жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598-1645) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа тәртіпке ұласып кетті.

**Маянбай** – Бөгенбай батырдың әкесі. Маянбай қазақ хандығын сақтап қалуда көп еңбек сіңірген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ қолын бастаған қолбасшылардың бірі. Шетқурай, Көксуқияқ жайлауларын мекендеген Маянбай батыр 76 жасында өзі туып өскен өңірде қайтыс болған. Өз кіндігінен үш ұлы (Жоянбай, Егінбай, Бөгенбай), бір қызы (Халифа) болған.

**Тәуке ханның (1678-1718)** – Жәңгір ханның баласы. Оның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп тұрған кезі болатын. Ресей империясымен дипломатиялық, сауда байланыстарын түзеуге күш салды. Жоңғар шапқыншыларынан қорғану үшін ел тәуелсіздігін қорғайтын, билік иелерін қолдайтын заңдар шығара бастады. Тәуке хан

тұсында Қарақұмда Бүкіл Қазақ Құрылтайы өтті. Осы кезеңде билердің беделі өсіп, ел басқару ісіне белсенді араласты.

Ол Күлтөбенің басына үш жүздің игі жақсыларын жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. «Жеті жарғыға» сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдарды, саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. XVII ғасырдағы кейбір хан-сұлтандар өз ұлыстарын жеке-дара билеуге ұмтылуы Қазақ хандығының ыдырап кету қаупін туғызуына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, билікті нығайтуға күш салды.

**Шұбыртпалы Ағыбай батыр (1802–1885)** – Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Сарбаздары Абылай есімімен қатар Ағыбай батырды да ұранға айналдырған. Он үш жасынан бастап қолына қару алып, 1824 жылы Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. Ағыбай батыр бастаған қол 1826-1849 жылдар аралығында Ресей әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Ресей империясының Қазақстандағы тірек-орталықтары – Қарқаралы, Ақтау, Ақмола, Екатеринин бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін Ырғыз, Тобыл өзендері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жеңген. 1847 жылы Кенесары ханның Кекілік тауындағы қырғыздармен айқасында Наурызбай батырмен бірге қарсыластар шебін бұзып өткен.

Кенесары өлгеннен кейін де Ресей өктемдігіне қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төре қолы құрамында соғыс жүргізген. 1849 жылға дейін Ресей өкіметінің қамалдарына өз бетінше шабуыл жасаған. Өмірінің соңғы жылдарында егіншілікпен, балық аулаумен айналысқан. Дүниеден қайтқан соң Ресей үкіметі оның мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кешеніне жерлеуге рұқсат етпей, Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен Тайатқан-Шұнақ қонысына жерленген. Кенесарының бас батыры Ағыбайдың өмір жолы бірқатар қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің шығармаларына арқау болған. С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» деген роман жазған.

**Шыңғыс хан** – моңғол ханы, XIII ғасырдың басында Қазақстан, Орта Азия елдеріне шапқыншылық соғысын бастайды. Жолында кездескен ұлыстармен ру-тайпаларды жаулап алып, өз әскерлерінің қатарын толықтыра отырып, оларды кезекті жорығына пайдаланады. Ғалымдардың зерттеулері Шыңғыс әскерінің басым көпшілігі осы түркі тектес ру-тайпалардан құралғанын көрсетті. Тіпті, ол Орта Азияны жаулап алып,

енді Солтүстік Африкаға қол сұға бастайды, осы кезеңде Мысыр елін (Египет) басқарып отырған Бейбарыс сұлтан Шыңғыс хан жорығының бетін қайтарып, Мысыр еліне аяқ бастырмай қояды. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт ұлына (Жошы, Төле, Шағатай, Үгедей) бөліп беріп, олар өздері жаулап алған елдерде хандық құрады.

## **Сөздік**

**Адырна** /к.с./— садақтың оқ салып тартатын қайысы.

**Ақым** – қабірдің батыс жағынан кеулеп қазылған қуыс.

**Андыз** – күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.

**Әйтеу** /ж/ – әйтеуір

**Әтей** /ж/ – әдейі

**Бесін** /д/ – түскі намаз

**Барша** – ширатпалы алтынмен не күміспен кестеленген мата.

**Божу** /ж/ – бөсу, мақтану

**Гөзел** /а/ – сұлу

**Далбас** /ж/ – далбаса, босқа әлек

**Даргайыңа** /п/– құзырыңа

**Далбайкіреуке** /к.с./ – сауыт үстінен киетін, болат сымнан өріп жасайтын торлы сауыт.

**Дәп** – нақ, сол

**Дөдеге** – киіз үйдің сыртын айналдыра үзік етегіне салатын әшекейлі киіз

**Жасыл** – найзағай

**Жақұт** – қымбат бағалы асыл тас

**Жамбы** – әр түрлі формада құйылған таза күміс. Ақша, бәйге орнына жүрген.

**Жесекші** /ж/ – жасауыл

**Жінікті** /ж/ – жындану, нақұрыстану

**Жұңго** – қытай

**Иянат** /ж/ – балағаттау

**Кез** – өлшеу, қазақтың ескі өлшемі

**Қайла** /а/ – айла, амал

**Қоңтайшы** – жоңғар билеушісі

**Құрым** – күн қақтап, ыс сіңген, қарайған киіз

**Құптан** /д/ – жатар уақытында оқылатын намаз

**Құба қалмақ** – ойраттардың бір тайпасы

**Лази жорға** /ж/ – су жорға

**Ләшкер** /к.с./ – әскер

**Манап** – Қырғыз ақсүйектерінің лауазымы

**Матай** /ж/ – мақпал, барқыт тәрізді бағалы қызыл шұға

**Майырылған** /ж/ – қайырылған

**Мехнат** /а/ – бейнет

**Мір оғы** /к.с./ – алысқа тиетін түтінді садақ оғы

**Нарау** /ж/ – әлсіз, нашар

**Нәубат** /а/ – кезек, рет

**Паруардигар** /п/ – Жаратқан ие, Құдай

**План** /о/ – жоспар

**Пүліш** – түкті, бағалы барқыт мата

**Сайлауыт** /ж/ – сайлы, іріктелген

**Сайқал** – алдамшы, сиқыршы

**Саңы** – ес, көңіл, ықылас

**Сиез** /о/ – съезд

**Сүрең** – кескін, өң, ажар

**Тарантас** – төрт дөңгелекті, жақтаулы жеңіл арба

**Теке жәуміт** – түркімен жылқысының тұқымы, текті тұлпар.

**Тесе** /ж/ – кетпен, өндіріс құралы

**Тема** /о/ – тақырып

**Тораңғы** – шөлейт аймақта өсетін көп жылдық қатты ағаш

**Тоқнышақ** /ж/ – жылқының шөлге шыдамды жүйрік тұқымы.

**Форма** /о / – үлгі, қалып, түр

**Хайла** – айла, амал

**Шаужай** – аттың шылбыры мен тізгінінің түйіскен жері

**Шағи** /ж/ – жұқалаң, жұмсақ, таза жібек мата

**Шар** /к.с./ – дау-дамай, шатақ

**Шейіт** /а/ – дін жолында өлген адам

**Шорлатқан** /к.с./ – аптаған

**Шырыш** – таулы аймақтарда өсетін, сабағы жапырақсыз шөптесін өсімдік.

**Іркіт** – жинаған сүтті пісіп, майын алғаннан кейінгі қалған ақ, сүт.

## Жер-су атаулары

**Алтай** – Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 км-ге созылып жатыр. Алтай солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік-шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады.

**Аягөз** – Жетісу, Шығыс Арқа аумағы арқылы ағатын өзен. Тарбағатай жотасының солтүстік сілемдерінен бастау алып, Балқаш көлінің солтүстік-шығыс бөлігіне құяды. Үлкен Аягөз және Кіші Аягөз өзендерінің қосылуынан кейін Аягөз аталады. Аягөздің ұзындығы 450 км-ге созылады.

**Бейжің** – Пекин, Қытай мемлекетінің орталық қаласы.

**Бұхара** – Өзбекстан Республикасындағы қала, Бұхара облысының орталығы. Қызылқұм шөлінің оңтүстік шетінде, Заравшан өзені аңғарының батысында орналасқан. 709 жылы арабтар жаулап алған кезде, Орта Азиядағы ірі сауда және мәдениет орталығы болған. 1220 жылы Шыңғыс хан әскерлері жаулап алды. Бұхарада әлемдік ғылым мен мәдениетке үлкен үлес қосқан Әбу Әли Ибн Сина, Бұхари, Рудаки секілді оқымыстылар өмір сүрген.

**Еділ** (Волга) – Европадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530км. Еділ бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге 200-ден астам сала құяды. Еділ өзенінің әдеби – тарихи деректердегі орны ерекше. Оны барша түркі халықтарының ақын – жыраулары құрметпен атап, өз шығармаларына арқау еткен.

**Еміл** – Алакөл алабындағы өзен. Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы ауданынан ағып өтеді. Шығыс Тарбағатайдың сілемі Ұрқашар баурайындағы (Қытайда) бұлақтардан басталады да Алакөлге құяды.

**Ертіс** – Солтүстік Мұзды мұхит алабында жатқан өзен, Обь өзенінің солтүстік саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Ұзындығы 4248 км, оның 1698 шақырымы Қазақстан жерінде. Бастауын Алтай сілемдерінен алады. Зайсан көліне дейінгі бөлігі – Қара Ертіс, көлден төменгісі Ақ ертіс деп аталады.

**Жұңго – Қытай.**

**Көксала, Көксуқияқ, Шетқурай, Сарышоқы, Қынаменде, Ақкезен** – бұлар тарихи жырларда ұшырасқан, Қытайдағы қазақтар мекендеген жайлау, төбе, өзендердің атауы.

**Қашғар** – Қытайдың батысындағы, Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданындағы қала. Қашғар өзенінің бойында, Тянь-Шань тауларының оңтүстік баурайында орналасқан. Қашғар – ертедегі «Ұлы Жібек жолындағы» ірі сауда орталықтарының бірі. Қалада ауыл шаруашылығының машиналарын жасау, тоқыма, ұн тарту т.б. өнеркәсіп орындары шоғырланған. Қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов (1858-1859) Қашғарға ғылыми саяхатқа барып қайтқан.

**Самарқанд** – Өзбекстанның Самарқанд облысының орталығы, қала. Заравшан өзенінің аңғарында орналасқан. 1868 жылы патша әскерлері басып алды да, Ресей империясының құрамына енді. 1924-1930 жылдары Өзбек ССР-ның астанасы, 1938 жылдан облыс орталығы. Самарқанда тарихи ескерткіштер өте көп: Шаһи Зинда, Бибі ханым мешіті, Регистан т.б.

**Сырдария** – Орта Азиядағы ірі өзен. Арабтар өзенді – Сейхун деп атаған. Арал теңізіне құяды. Ферғана аймағы егістіктері осы Сырдария суын пайдаланады. Фархад тауын жарып өткен жерінде 1948 жылы Фархад СЭС-ы салынған.

**Тарбағатай** – Зайсан және Балхаш – Алакөл арасындағы су айырық жота. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерінде орналасқан. Жота ендік бағытта батыстан шығысқа қарай 300 км-ге, ені 30-50 км-ге созылып жатыр. Аягөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

**Ташкент** – қала, Өзбекстан Республикасының астанасы, Ташкент облысының орталығы. Шыршық өзенінің жағасында орын тепкен. Өткен ғасырларда Ташкент – Қазақ хандығының ордасы болған.

**Түркістан** – қала, орта ғасырдағы Йасы деп аталған. Мұнда XIV ғасырдағы шығыс сәулет өнерінің тамаша туындысы – Қожа Ахмед Йасауи кесенесі сақталған. Шараф ад-дин Әли Йездидің деректерінде Йасы XIV ғасырларда осы өңірдің үлкен қаласы екендігі айтылады.

**Ұлытау** – қыстақ Жезқазған облысындағы Ұлытау ауданының орталығы. Іргесі 1846 жылы қаланған. Төңкеріске дейін Ұлытау Ақмола губерниясының Атбасар уезіне қараған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде

үш жүз басшылары осы жерде бас қосып, алқалы жиын өткізгені туралы деректер сақталған.

**Үржар** – Алакөл аймағындағы өзен. Ұзындығы 206 км. Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейінен басталып, Алакөлге құяды. Шығыс Қазақстан облысының бір аудан орталығы Үржар атауын иеленген.

**Хиуа** – Өзбекстанның Хорезм облысындағы қала, Амудария өзенінің сол жағалауында. Хиуа туралы деректер X ғасырдағы араб географтарының шығармаларында кездеседі. Хиуа хандығы – XVI ғасырдың бас кезінен XX ғасырдың басына дейін Орта Азияда өмір сүрген феодалдық мемлекет.

**Шу** – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км. Тянь-Шань тау шатқалдарының арасымен өтеді. Жамбыл облысындағы қала; темір жол торабы. Шу өлкесі қазақтың ерте заманнан қоныстанған, мал бағуға аса қолайлы, тоғайлы, сулы өңірлерінің бірі.

**Іле** – Қазақстан мен Қытай жеріндегі өзен. Текес аңғарынан басталып, Балқаш көліне құяды. Іле бойында Қапшағай қаласы орнағаннан кейін, онда Су электр станциясы салынып, жасанды көл пайда болды.

**Үркіт** – Ресейдегі елді мекен, қазіргі Иркутск қаласы.

## **Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет**

**Асқар Татанайұлы** (1906-1994) – ҚХР фольклор қоғамының, жазушылар одағының және ШҰАР фольклор қоғамының, Жазушылар одағының мүшесі. Бала кезінде ауыл молдаларынан сауатын ашқан. 1933 жылы Алтайда ұйымдастырылған мұғалімдерді тәрбиелеу курстарында оқып, жаңа біліммен сусындаған.

1934-1982 жылдары оқытушы, мектеп бастығы және баспагерлік жұмыстармен шұғылданған. 1953 жылдардан Алтай аймақтық ойын-сауық үйірмесінің бастығының орынбасары және бастығы, Алтай аймақтық мәдениет отауының меңгерушісі міндетін өтеген.

1930-дан бастап өмірінің соңына дейін қазақ фольклорының әр жанрындағы мұраларын мұқият жинап, баспадан шығаруға, жаңғырта жырлауға ерекше еңбек сіңірген. Тарихи аңыз, деректерді негіз ете отырып жырлаған «Арқалық», «Ел қормалы – ер Абылай», «Малбикенің өмірі», «Қалың мал», «Құлдықтан құтылғандар», «Тарихи дерек, келелі кеңес», «Бір ғасыр», «Қарасеңгір оқиғасы», «Керейдің билік заңы» қатарлы қисса-дастан, қара сөзбен жазылған хикаялық шығармалары ел ішіне кең тараған. Қытайдағы «жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күрес», «мәдени зор төңкерісі» солақайлық нәубет кезеңінде саяси қудалауға ұшыраған. 1979 жылы толық ақталды.

**Доспер Саурықұлы** 1894 жылы Іле аймағы, Нылқы ауданы, Қарасу елді мекенінің Жалынқол кентінде дүниеге келіп, 1971 жылы өз атамекенінде дүние салған. Жастайынан діни мектепте оқып, араб, парсы тілін меңгереді. Он бес жасында ауылдық мешітке имам болады. Осы тұстан бастап, ауыз әдебиеті мұралары мен елдің, жердің тарихына ден қояды. Әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, ақындар айтысына қатысады. Қисса-дастан, өлең-толғау шығарады. Оның ел арасына кең тараған «Доспер мен Алтынның айтысы», «Сақау қыз», «Алдаркөсе», «Есенкелді» («Қызай тарихы», «Қызай ауған» деп те аталады), «Сәдуақас-Жомарт» қатарлы оннан астам қисса-дастаны, 100-ге жуық өлең-толғаулары бар

**Шерияздан Сұлтанбайұлы** – 1933 жылы 20-желтоқсанда Алтай аймағының Сарысүмбе қаласында туып, 2005 жылдың желтоқсанында Үрімжі қаласында қайтыс болған.

Шерияздан орта мектепті туған қаласында бітіреді. 1952-1954 жылдары Үрімжі кооператив кадрлар курсына, 1955-1956 жылдары ШҰАР партия мектебінде оқыды. 1962 жылға дейін ШҰАР кооператив мектебі мен қазына институтында оқытушы болып қызмет істейді. 1963

жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін Шыңжаң жергілікті жеміс-жидек серіктестігінде бөлім меңгерушісі, серіктестік бастығының орынбасары міндетін атқарған.

Шериязданның әкесі Сұлтанбай жыршы, қиссагер-әңгімешіл, шежіреші, тарихшы адам болған. Бала Шерияздан жастайынан әке жолын қуып, қисса-дастан, эпос жаттаған. Өз ұлтының тарихына, шежіресіне, әсіресе, батырлар жайындағы ертек, аңыздарға ерекше құмартқан. Олар жөніндегі тарихи кітаптарды құныға іздеп оқып, есте сақтаған. Өлеңмен жазылғандарын жаттап алуды, ұққандарын, жаттағандарын ел алдында әңгімелеуді, әндетіп айтуды, өз бетінше қисса-дастандарды құрастыруды дағдыға айналдырған. “Абылай”, “Бөгенбай батыр”, “Кешубай”, “Еспенбет”, “Ер Тарғын”, “Қобыланды”, “Ер Тәуке”, “Сәтбек”, “Қыз Жібек”, “Қалқаман – Мамыр” сияқты эпос-жырларды мәнерлеп, жаңғырта жырлаған. Оларды “Шалғын”, “Мұра”, “Алтай аясы”, “Қазақ қиссалары”, “Қазақтың ғашықтық жырлары” сияқты басылымдарда әр кездері жариялаған.

ШҰАР-дың және Қытай Халық Республикасы фольклоршылар қоғамының мүшесі болған.

## Шартты қысқартулар

**ӘӨИ** – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

**ОҒК** – Орталық Ғылыми кітапхана

**ҚҚ** – Қолжазба қоры

**Ш** – шифр

**дәп.** – дәптер

**/д/** – діни

**/а/** – араб

**/о/** – орыс

**/п/** – парсы

**/тат/** – татар

**/т/** – түркі

**/ж/** – жергілікті

**моңғ.** – моңғол

**/қ/** – қытай

**/к.с./** – көнерген сөз

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлтаев А. Ақжолтай Ағыбай батыр. – Астана: «Фолиант», 2004.
2. Байзақов И. Поэмалары. – Алматы, 1950.
3. Дәуітов С. «Алмас қылыш». – Алматы: «Жалын», 1993.
4. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» 3-том. – Алматы: «Ғылым», 1981.
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 1-5-томдар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998.
6. Тарихи жырлар. 1-том. – Алматы: «Білім», 1995.
7. Тарихи жырлар. 3-том. – Алматы: «Білім», 1996.
8. Арабско-русский словарь. Составитель Х.К.Баранов. – М., 1968.
9. Древнетюркский словарь. – Л, Наука, 1969.
10. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Жаманбаева, Қ.Күдерінова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
11. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.
12. Персидско-русский словарь. Под ред. Ю.А.Рубинчика. I-II т. – М., 1970.
13. Турецко-русский словарь. Под ред. Т.Е.Рыбальченко. – М., Русский язык Медиа, 2005.

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора “Бабалар сөзі”, выполняемого в рамках государственной программы “Мәдени мұра”(“Культурное наследие”).

По состоянию на сегодняшний день институтом подготовлено и издано 28 томов фольклорных текстов, в том числе: одиннадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, восемь томов романических дастанов и два тома поэмы (жыр) исторического содержания.

Предлагаемый вниманию читателей 29-том свода включает в себя фольклор казахов, проживающих в Китае. В Китае проживает около полутора миллиона казахов. Волею судьбы оказавшиеся на чужбине, они сохранили свой язык, обычаи и фольклор. В репертуаре тамошних сказителей сохранились почти все сюжеты общеказахского эпического, сказочного, песенного и др. творчества. Наряду с ними бытуют сюжеты, возникшие в других историко-социальных условиях.

Данный том включает в себя поэмы исторического содержания, это такие произведения, как: «Абылай хан», «Ел қормалы – ер Абылай», «Бөгенбай батыр», «Кенесары», «Кенесары – Қарақас», «Ағыбай батыр», «Есенгелді».

Сюжеты некоторых из них восходят к произведениям народной литературы, другая же часть их сложена по следам региональных легенд и преданий. Всего планируется подготовка и издание нескольких томов образцов фольклора казахов, проживающих в Китае.

В соответствии с принципами издания “Бабалар сөзі” том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах их; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, старокыпчакских, а также арабских и персидских слов, терминов. В приложениях имеются также указатель географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Тексты, печатаемые в данном сборнике в свое время издавались в Китае. При этом тексты некоторых фольклорных произведениях подверглись в определенной степени, редакции, литературной обработке. Это происходило, по всей вероятности, как на стадии записи текстов от исполнителей, так и в процессе переписки рукописей, а также и в ходе

подготовки текстов к изданию. Вместе с тем в них сохранены особенности фольклора казахской диаспоры Китая.

В Казахстане большинство текстов данного тома публикуются впервые.

Объем тома – 25 п.л.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series “Babalar sozy” in the frame of the State program “Medeni Mura” (“Cultural heritage”).

By present time the Institute staff have prepared and published 28 volumes of folklore texts including: eleven volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious-moral content, eight volumes of romantic dastans and two volumes of poems (zhyr) of historical content.

The proposed 29th volume includes folklore of Kazakh people who live in China. About million and a half Kazakh people live in China. Historically it happened so that Kazakh people have left to China, lived there and preserved their native language, customs and folklore. The repertoire of the narrators have preserved almost all plots of common Kazakh epic, tale, song and other creative work. Alongside with them there the plots that have originated in new conditions, in different historical-social environment.

This volume includes historical poems such as “Abylai Khan”, “El kormaly- er Abylai”, “Bogenbai batyr”, “Kenesary”, “kenesari-Karakas”, “Agybai batyr”, “Essengeldi”.

Some of their plots are based on regional legends and tales. In total it is planned to prepare and publish several volumes of the samples of folklore works of Kazakh people living in China.

According to the principles of the edition “Babalar sozi” the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Texts published in this volume have been published in China. Regretfully they have been subject to editing and literary processing. Possibly this happened both on the stage of recording texts from the narrators and in the process of re-writing of the manuscripts (possibly several times) as well as during preparation of the texts for publishing. However they have preserved the peculiarities of the folklore of Kazakh people who live in China.

In Kazakhstan all texts of this volume are being published for the first time.

Volume includes 25 p.p.

## Мазмұны

|                         |   |
|-------------------------|---|
| Құрастырушылардан ..... | 5 |
|-------------------------|---|

### Мәтіндер

|                             |     |
|-----------------------------|-----|
| Абылай хан.....             | 8   |
| Ер қормалы – ер Абылай..... | 58  |
| Бөгенбай.....               | 98  |
| Кенесары.....               | 226 |
| Қарақас – Кенесары.....     | 274 |
| Ағыбай батыр.....           | 289 |
| Есенкелді.....              | 296 |

### Ғылыми қосымшалар

|                                                                             |     |
|-----------------------------------------------------------------------------|-----|
| Томға енген мәтіндерге түсініктеме.....                                     | 338 |
| Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер.....                         | 352 |
| Сөздік.....                                                                 | 358 |
| Жер-су атаулары.....                                                        | 361 |
| Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы<br>һәм жинаушы туралы мәлімет..... | 364 |
| Шартты қысқартулар.....                                                     | 366 |
| Пайдаланылған әдебиеттер.....                                               | 367 |
| Резюме.....                                                                 | 368 |
| Summary.....                                                                | 370 |

Научное издание

**БАБАЛАР СӨЗІ**

**29 том**

**ИСТОРИЧЕСКИЕ ПОЭМЫ**

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О.Ауэзова

*Компьютерге терген* Сманова Елмира Айтбайқызы

